«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2004

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Хикаялық дастандар

FOLIANT

ББК 82.3 (2 Каз)
Б12

«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:
Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төраганың орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Егеубаев А., Қасқабасов С.,
Рақышева Ж. (*жауапты шығарушы*)

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
Ақан А., Әзібаева Б., Рақышева Ж.

Б12 **Бабалар сөзі:** Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004.
Т. 9: Хикаялық дастандар. — 2004. — 396 бет, суретті.

ISBN 9965-619-99-9

«Бабалар сөзі» сериясының тоғызыншы томына «Бақтияр қиссасы», «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Ғашым балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып», «Қисса Ғамра, Хұсрау патша», «Қисса мәлік Хасен» атты хикаялық дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-05}$ ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-619-99-9 (т. 9)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2004
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2004

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

Оқырманға ұсынылып отырған «Бабалар сөзі» сериясының тоғызыншы томы алғашқылары сынды хикаялық дастандарды қамтиды. Ал серияның келесі онынші томы діни дастандарға арналады. Олар жеті том құрайды деп жоспарлануда. Бірақ хикаялық дастандарымыз сол тоғыз томда жарияланған үлгілермен шектелмейтіні анық. Біздің сараптауымызша, осы іспеттес шығармаларды қамтитын тағы бір-екі том дайындалады. Олар кейінірек әзірленген бойда баспаға ұсынылады.

Осы томға еніп отырған дастандар: «Бақтияр қиссасы», «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Ғашым балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып», «Қисса Ғамра, Хұсрау патша»,

«Қисса мәлік Хасен». Бұл шығармалардың түп-төркіні әр түрлі. Мысалы, «Бақтияр қиссасы» парсы тілінде жазылған ортағасырлық «Бахтияр-наме» желісімен жырланған, «Қисса Һамра, Хұсрау патша» — ортаазиялық түркі халықтарында «Хурлукга-Хемра» атымен белгілі жырдың қазақ нұсқасы, ал «Қисса мәлік Хасен», «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып» Шығыс пен Батыс халықтарының ертегілік эпосында кең тараған мотив пен сюжеттерге негізделген.

Бұл дастандардың сюжеттері шытырман, оқиғасы қызықты, композициясы жинақы, ғибраты мол. Мұнда адалдық пен тазалық, адамгершілік, достық, пәктік, ізгілік, қайырымдылық, т.б. адами қасиеттер дәріптеледі.

«Бақтияр қиссасы» мен «Қисса Һамра, Хұсрау патша» дастандары кирилл әрпінде алғаш басылып отыр. Ал «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып» пен «Қисса мәлік Хасен» дастандары 1986, 1995 жылдары әдеби жинақтарда біраз түзетулермен редакцияланып жарияланған.

Томға енген мәтіндер Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген түпнұсқалық басылымдардан еш өзгеріссіз дайындалды.

Томның көлемі — 24,75 б.т.

МӘТІНДЕР

بختیار قصه سی

Бақтияр қиссасы

Сөйлесем, тілім, сенің дүлдүл шағың,
Бұйрықсыз кім алады кімнің бағын.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңдар,
Сөйлейін Бақтиярдың бір бұтағын.

Олар бір артық туған жан екен ғой,
Өкпесіне жазылған дана екен ғой.
Бақтиярдың әкесі, әй, жамағат,
Азатбақыт дейтұғын хан екен ғой.

Тұсында шықпапты адам жарлығынан,
Қатайса жұрт тітірер тарлығынан.
Кәпір де, мұсылман да тырп етпейді,
Қайтпаған қалың бақтың барлығынан.

Қатайса жұрты даяр тітірерге,
Айлықты үйде ауызбен бітірерге.
Әмірі сондай адам болса керек,
Залымды күші жетер жітірерге.

Жетті осындай дін тағылым сұрғанынан,
Залымды шорт бауыздап ұрғанынан.
Айына ділдә беріп күзеттірді,
Жүз азамат кетпепті қорғанынан.

Көп болысар көңілдің қаяуына,
Тіпті де жоқ залымды аяуына.
Мың кісі бір бұрышында сөйлеседі,
Қорғаны шалқар күндік жаяуына.

Інжуден қалатыпты керегесін,
Халқына жайды дінмен ережесін.
Бір түрлі асыл өкеп орнаттырды,
Алыстан болжаймын деп терезесін.

Болжады үйде отырып айлығынан,
Жетті қолы көңілдің жайлығынан.
Бек қиыннан қылынып жатқан жоқ па,
Мұның бәрі баяғы байлығынан.

Кетпепті ғұламалар тақ қасынан,
Кешке өріп тарайды екен бақшасынан.
Жұртқа жүзін көрсетіп, жарлық айтып,
Қырық күнде хан шығады қақпасынан.

Бар жұртқа түгел көзін салады екен,
Хан шықса-ақ екі-үш қоршап алады екен.
Қайбіріне жылқыдан қайыр беріп,
Мүсәпірлер қарық болып қалады екен.

Хайранын пақыр, төре қажет қылып,
Халқында болмас биттей мазақшылық.
Зынданын өзі барып аралайды,
Қайбіреуін он тұтқыннан азат қылып.

Осындай істейді екен орнымен,
Жан-жаққа жайылды аты сомыменен.
Әскерін халифадан кем етпейді,
Ыңғай дүлдүл мінгізген пормыменен.

Шаһардың қисабы жоқ, бәрі әскер,
Молдаға айтты: — Дін үйрет, бәрін басқар.
Жүруі мен тұруы бәрі сағым,
Дағыстанша* қайралған кәрі-жастар.

Патшаның залымдарға қатал басы,
Дін үшін сабақ оқып жатар жасы.

---

* Дағыстанша: [даг /т/ — тау] — бұл жерде тау халықтарының өткірлігі, өжеттігі сөз болып отыр.

Сексен мешіт орнатқан қаласы бар,
Бәрінің бөлек-бөлек махалласы.

Оқуы балалардың өңшең араб,
Қызметке алар отызға келсең жарап.
Тозаң басып шаһары көрінбейді,
60 Әскерлер һәр қақпадан жүрсе тарап.

Осындай дәурен сүрген бұ басында,
Жамағат, мұны тыңдап ұғасың ба?
Айтуы қай патшадан бір кем емес,
Әскерін тексер[ер] ай, жұмасында.

Сенгенге қайыры мол саясының,
Жолы айлық шаһарының аясының.
Қызметкер бұйырылған олар тұрған,
Мінгені ыңғай тұлпар даяшының.

Ал сонда бір уәзір шықты жастан,
70 Оған да дәулет санап бітті бастан.
Іш пен тысы осы болды, — деп айтады,
Падишадан кейінгі хүкімі асқан.

Келеді жұрт алдына жапырылып,
Патшаға жолығады шақырылып.
Ханнан соңғы уәзірлер тітірейді,
Шаһардың іші-тысы сапырылып.

Кеңіді жылдан-жылға уәзір байып,
Пақырды о да күтті нәзір жайып.
Падишамен екеуі тым-ақ тату,
80 Іс қып тұр бойдарына әзір лайық.

Уәзірі бек малданды балаланып,
Қазынасын орнатып қалаланып.
Алыс пенен беріске көз жетпейді,
Тозған жоқ тән мен көңлі алаланып.

Уәзірде бір қыз туды тым-ақ сұлу,
Болмайды жүзін өлшеп жауап қылу.
Байқаса, падишаға дерт секілді,
Оңай екен бақ қайтса шын апшылу.

Ол қызға һәркім елші салсам дейді,
90 Болмаса бір сөйлесіп қалсам дейді.
Көргеннің көзі жылап, көңлі босап,
Әттең, осыны алсам дейді.

Сағымы шығар қыздың үйден жарып,
Ғашықтар тентіреген өңкей кәріп.
Ең аяғы қолына су құйсам да,
Қызметкер болсам деді-ау мүлдем барып.

Көрген жан сағымына болды ғашық,
Қыздың дерті кеудені толды басып.
Бар әскердің көңілін ерітеді,
100 Амал не, жібермейді жолын ашып.

Жатады қыз сарайда жеке барып,
Сағымы терезесін кетер жарып.
Қолында дәнеме жоқ, шаршап болды-ау,
Байы да, пақыры да бекер арып.

Ол қыздың нұры әлгіндей, аты Жамал,
Соғады терезеден салқын самал.
Бір сағат жүзін көріп тұруына,
Қайтсе де табылмады-ау халқына амал.

Сарайы бар гауһардан түзеттірген,
110 Адам жоқ көрмек үшін іздеп кірген.
Әкесі кімде-кімнен қауіп қылып,
Қырық қыз нөкер жалдап күзеттірген.

Уәзір қырық қызды ақылады,
Үйдің сыртын биіктеп сатылады.
Алмақ тұрғай, көруге дымы құрып,
Ішті, тысты күзетіп бақылады.

Түп үйге қызды апарып тығады екен,
Сағыммен-ақ мас қылып шығады екен.
Көшенің адамдарын көрмек үшін
120 Жұмасында қақпадан шығады екен.

Шықса да жанға көңлін салмайды екен,
Сөйлесіп адамнан тіл алмайды екен.
Міне, бүгін көшеге қыз келед деп,
Екі аяқты адамзат қалмайды екен.

Тым артық қып айтады жаннан нұрын,
Әлі адам жоқ ауызға алған нұрын.
Жаяуды атты басып өлтіргендей,
Әйтсе де көрмейді екен ханнан бұрын.

Көрген жан ие болмас тағатына,
130 Өлшеу жоқ және қыздың бағасына.
Он екі болған шақта жөнеледі
Қарай-қарай тұрад та сағатына.

Қайтарда жұрт есірік боп қалады,
Қай байғұс тіл қосуға оқталады.
Алқынған азаматта ақыл бар ма,
Еріңкіреп келеді де тоқталады.

Қайтқан соң тоқтамайды мойын бұрып,
Пақырын жырғатады тойындырып.
Түсіндей боп көрініп бір кетеді,
140 Бар қаланың ақылын жойылдырып.

Бұл қыздың сипаты асты мың мен саннан,
Заты артық тұрғысында жүрген жаннан.
Бала да, уәзір де тұра тұрсын,
Азырақ сөз тыңдаңдар енді ханнан.

Қыз жүзі жұртты бұлай бұратұғын,
Ылаж не, жүрек жалмай тұратұғын.
Падишаның сейілі болмасын ба
Қырық күн қырда жатып құратұғын.

Ал шығарда қылады үлкен сауық,
150 Далақтап, шаһарды өрлеп қуад шауып.
Алтынды ақ арбаға қыз мінеді,
Ақ атлас арғымаққа перде жауып.

Қырық күн аралайды қала халқын,
Жері қоңыр, күзі және салқын.
Беретін молдасы бар, пақыры бар,
Қазынадан шығарып алады алтын.

Сән үшін һәр асылды тізіп алды,
Падиша айтты: — Аяма біздің малды.
Дағуалылар жиылып болып еді,
160 Жалғыз-ақ уәзірдің қызы қалды.

Патша айтты: — Мен жебедім, сендер келдің,
Көреміз тамашасын нелер елдің.
Бізден бұрын талай хан өтпеп пе еді,
Қызығын тауыса алмағай дүние елдің.

Жұртым, сен тұттың менің пәрманымды,
Көрдің бе қысқа бұзып жарғанымды.
Осы жерге уәзірді келтіріп бер,
Айтайын көңлімдегі арманымды.

Барады екі уәзір жарым ханға:
170 — Жұртының алып жатыр бәрін санға,
Падишаң керек қылды, тез жүресің,
Бұл жерде сөзді түгел арылтам ба?

Тоқтасаңыз, көп бөгеу жолымызға,
Шабамыз тағы оң мен солымызға.
Келгенше қалған жұрттың бар сұрағын
Күз жазып берем, — деді, — қолыңызға.

Сонан соң уәзір келді патшасына,
Отырды тізелесеп тақ қасына.
Жұртына ханмен бірдей күтіледі,
180 Оның да қонғаннан соң бақ басына.

Патша айтты: — Барамын өзім былай,
Болған жоқ, уәзір, сенің сөзің ала-ай.
Қалған жұртты қағаздап саған берем,
Пақырдың жас болмасын көзі жылай.

Жақсы есті пақырыңның базынасын,
Теңелді ақылың мен әзір басың.
Уәзірге есептетіп жазып берді
Таңбасын, тағы ұстатты қазынасын.

Күте тұр мен келгенше қалғаныңды,
190 Өзіңе қаратарсың жалғаныңды.
Сен сөкпесең айтайын деп отырмын,
Тағы да бір көңліме алғанымды.

Уәзір айтты: — Бір күнгі кеңес шығар,
Әзір бой жоқ сізбенен теңеп шығар.
Төрт түлікте бар болса немді аяйын,
Сұрауыңыз тіпті адам емес шығар.

Патша айтты: — Қарауыл сөзіңде бар,
Жүк көтергіш болып ем көбіңе нар.
Сенен мен ол-пұл нәрсе сұрамаймын,
200 Шырағым, сол төрт түлік өзімде бар.

Уәзір айтты: — Бермейтін қай әлім бар,
Егессем шегетін не баяным бар.
Қатыным мен ұлым ал, сонымды қой,
Жол көрмеген бір жалғыз әйелім бар.

— Қасына үйлі қызмет көшірейін,
Шырағым, бұл жауаптың несі бейім.
Жақсының жарығын сен жалғыз көрме,
Мен де аз ғана бала қып өсірейін.

Мен бүйтіп кімге айтып ем зарығымды,
210 Қолыңа бердім қалған ғарібімді.
Шырағым, сенен аяп көріп пе едім
Жалғанда жақсы көрген жарығымды.

Осымен отырғанда келді ханым,
Патша айтты бар жұрттың санын.
— Өзге жұрттың өзі іздеп келіп жатыр,
Мұнан ары не деймін енді, жаным.

Өзге жұрт қуанады ергеніне,
Ой сұрама көңілдің кіргеніне.
Қай адамды еңкейіп ершідік,
220 Шүкірлік қыл Алланың бергеніне.

Сен ойлама көңілі ала екен деп,
Жалынғанның ақыр түбі жала екен деп.
Көрмеген жұртқа көрік әйнек болсын,
Ханым мен ханға лайық бала екен деп.

Мен hешкімге барып па ем налынғалы,
Еңіреп мұңымды айтып жалынғалы.
Қарағым деп айтқанды көрдің бе өзің,
Басыма хандық төжді салынғалы.

Шырағым, Қызыр бабаң ерген дағы,
230 Талайғы мұңыңды естіп терген дағы.
Осы уақта хан да өзің, ханым да өзің,
О да саған Құдайдың берген бағы.

Ойлаушы ең мені осы хан алқай ма деп,
Айтушы ем құр қараққа қалқайма деп.
Ол сенің сатып алған құлың емес,
Бұрынғы айтқан «еңкейсе, шалқайма» деп.

Шырағым, енді бізді талдырмаңыз,
Сыншыларға байқатып шалдырмаңыз.
Ертең сет, дүйсенбіге сейір жүреміз,
240 Берсеңіз бүгін кештен қалдырмаңыз.

Уәзір айтты: — Қайтайын үйге таман,
Мұнан да бұйырсашы бер деп маған.
Баланың көзі отырса ұят болар,
Аманат қып тапсырам, жеңгем, саған.

Бермесем, қалмайды екен жаман атым,
Бұл жылап өзіңе айтқан таза датым.
Баланың көзі отырса ұят болар,
Аллаға деп тапсырған аманатым.

Ханым айтты: — Шырағым, жетті сөзің,
250 Әуелі бар баланың келтір өзін.
Бір адамды туралап қаратпан ғой,
Жолда шығып кетпесе екі көзім.

Оған, сірә, хан-төре қарар ма екен,
Өзгесі маңайына барар ма екен?!
Олай-бұлай қастық ой қылмақ түгіл,
Кебісін ұстауға да жарар ма екен?!

Жоқ еді биттейіңнен шалмағаның,
Жеткізді ақыр талаптан қалмағаның.
Сенің көңлің аяр ғой ойлап жүрген,
260 Қайғы қып көңіліңе салма, жаным.

Уәзір айтты: — Көңліме келуі рас,
Жол танып падишаға еру мұрас.
Баланың ықтияры бар ма, жоқ па,
Өзің де жүр, көз отыр бірге сұрас.

Ханым айтты: — Баланы басқаласақ,
Бәріміз де үлкенбіз жас санасақ.
Сонан соң дәрежені сен қолыңа ал,
Осынша ғұзыр етіп қас санасақ.

Талай [жыл] уәзір малға молыққалы,
270 Төрт түлік бірдей біткен, толық малы.
Аппақ қып алты арғымақ жетелетіп
Балаға ханым келді жолыққалы.

Келді де ханым кірді қыз қасына,
Бала да сөйлесуге тіл ашына.
— Затыңды сахараның мақтауымен
Сыртыңнан құмар едік біз басыңа.

Артыңнан мақтаулы сөздер ерген,
Сонан бері маған да зарық енген.
Жата берсе сарғайып дертті болар,
280 Деп саған келіп отыр кәрі жеңгең.

Қыз сөйледі пердені түріп тастап:
— Талайға жол ашып ең жүріп бастап,
Халал көңілі бұла болып атам берсе,
Алдап жазым қылмаңыз қулық сақтап.

Ханым айтты: — Шырағым, нанбайсыз ба дінімізге,
Сөйлесіп алдық тілеп інімізге.
Қарауылмен байқаған сөзіңді қой,
Келген соң ермек болсаң шыны бізге.

Қыз айтты: — Бастатамыз жолды ұлыққа,
290 Кім ермейді олжалы молғылыққа.
Мұнымды көңліңе ауыр алма, жеңгем,
Сұраған жақсы деген соңғылыққа.

— Болмайды ауыз айтқан тілім наным,
Соңыра мәлім болар менің мәнім.
Пенде емес пе байқайын деп отырсаң,
Жауабың жарайды ғой сенің, жаным.

Қыз айтты: — Жол үйреттің уанғандай,
Ұққанға сөз бола ма мұнан маңдай.
Атамызға рұқсат қылалық та,
300 Хабарсыз жүріп кетпей қуанғандай.

Ханым айтты: — Шырағым, бұл жарады,
Бір саған жолдан тоқтап ел қарады.
Өзің ауыз сөйлессең тым артық қой,
Қанеки, енді атаңа кім барады?

— Атаның рұқсатын тосайын да,
Жүрмесем сізге бүйтіп босайын ба.
Кете салсам бұ деме қала берер,
Өзім барып ауыз тіл қосайын да.

— Жарайды, бол аузынан естісеңіз,
310 Қозғаумен атаңызды бекітпеңіз.
Падиша ашуланып жатқан шығар,
Шырағым, көп не деймін, кешікпеңіз.

Баланың өзі барды бек иіліп,
Жүзіне таңырқап тұр ел жиылып.
Атасы айтты: — Рұқсат бердім, жаным,
Шырағым, келгеннен соң сен қиылып.

Баласы айтты: — Хан мен жолдас болар кісім емес,
Ақ жүрегім әншейін тысым емес.
Сізді рұқсат берді деп соған келдім,
320 Өзімнің тілейтұғын ісім емес.

Бала қу да жауабын ұқсатты анық,
— Ханымды тұрған шығар жоқтап халық,
Шын көңліммен рұқсат бердім, жаным,
Енді оларды жолынан тоқтатпалық.

Деді де бәрі шықты үйден тысқа,
— Қайырып хан тіледі менен қысқа,
Аманат қып тапсырам, жеңгем, саған,
Ақылға кім бар еді-ау сенен ұста.

Мен салдым жел көрсетпей алақанға,
330 Сізге амал жоқ адамға қаратам ба?
Сын тағып қазақшылық қылдырмаңыз
Ұясынан жаңа ұшқан балапанға.

Мақтанып барсын, жеңгем, дұшпанына,
Жыл болған жоқ ұядан ұшқанына.
Көп күттім деп мақтанып не қылайын,
Алақаным тосушы ем құсқанына.

Қыздар тұр көзін сүзіп жаудыратып,
Аттандырды ханымды маужыратып.
Алты аппақ арғымақты алып келді
340 Тұрманы өңкей алтын саудыратып.

Шіркіннің мін болсашы тұрманында,
Бірталай қызды кеңес құрғанымда.
Он төрттен толған айша жарқырайды,
Аттанып мойнын бұлай бұрғанында.

Жұрт білді қызға бақтың дарығанын,
Тастады талай аңсап арығанын.
Падишаға мақтанып бармағына
Ертіп ала жөнелді кәрі ханым.

Патшаның деммен тартып алды бағы,
Жылаумен анасының талды жағы.
Атасы жерден басын көтерген жоқ,
Шыбын басқа болған соң қалды дағы.

Баланың жүрген сайын көркі толды,
Не сұлумын дегеннің көркі солды.
Шам-шырақша қыз саулап жетіп келді,
Сәулесі жарық қылып мұқым қолды.

Қыздың жұрт таңырқады сәулетіне,
Ханыңыз қараған жоқ жау бетіне.
Алыстан арбауменен алуы деп,
Патшаның жұрт таңғалды дәулетіне.

Патшаның жұрт таңғалды салымына,
Күн-күн сайын өрлеген алымына.
Осыдан айрылмаспын деп ойлады
Қырық жігіт берсем дағы қалыңына.

Айтпайды әзір мұны жолдасына,
Баста деп берді әмір қолбасына.
Жүрерінде сырын берді шақырып
Өзінің достас салих молдасына.

Патша айтты: — Тігілді жолға қолым,
Әйтсе де нәзір, нияз қолда босын.
Осы бала көңлімді әкетіп тұр,
Сырымды саған айтам, молда досым.

Гауһар санап салайын қолыңызға,
Көз жібер оңыңыз бен солыңызға.
Досым десең мұнымды адамға айтпа,
Дұға қыла көріңіз жолымызға.

Мұнымды дабыра қыла берер залым,
Быт-шыт боп һәркімге бір ерер малым.
Дос көрген соң түйдірген себебім сол,
380 Мен айтсам бар емес пе нелер ғалым.

Гауһарға дұға қылды қолын жайып:
— Қолдасын Қызыр менен ерен ғайып,
Иләһи Құдай Тағала қабыл әйлап,
Қайтпасын һеш адамнан көңлің тайып.

Ал падиша жөнелді аңша жосып,
Қол алды бұрынғыдан қанша қосып.
Қыздың жүзін көреміз деген халық
Жатқан екен неше рет сырттан тосып.

Барады елдей көшіп сән салдырып,
390 Қасына бар өнерлі жанды алдырып.
Жүз жігітке барабан күй тарттырып,
Жүз қызға екі-екіден ән салдырып.

Қостырды қыздың әнін барабанға,
Шен берді сол керекке жарағанға.
Өтті жалап, өкпені қозғалтады,
Патшаға анда-санда қарағанда.

Қояды ән салдырып үнем қолға,
Падиша бір қанып еді көрген молға.
Алтын шатыр тіктірді оңашаға,
400 Әсеммен көп ұзамай түнеп жолға.

Тіккені күмбез үйдей алтын шатыр,
Қызыққа қыз байғұс та балқыды ақыр.
Арасын шақырымнан алыс қылып
Анадай оңашада халық жатыр.

Патша айтты: — Бұ жерде тамақ қылсын
халқым қалып,
Ыстықта құр далақтап алқынбалық.
Ханым, сен баланы ертіп шатырға жүр,
Үшеуміз сонда кіріп салқындалық.

Патшаның іші қайнап аласұрды,
410 Шатырға торғын перде және құрды.
Ханым айтты: — Шырағым, жүр баралық,
Деген соң іші толқып бала жүрді.

Шатырға бала жүрді ханымға еріп,
Жидырып сайманының бәрін теріп.
Бәрінен ханымға енді ұят болды,
Ап шыққаннан уәзірге жанын берді.

Толықсып бала келді шатырына,
Құлақ сал, жұртым, мұның ақырына.
Жеке жерде тіл қоссам деуге құмар,
420 Хан да сөйлей бастады қақырына.

— Шырағым, келдің біздің ішімізге,
Үйір болдың жас үлкен-кішімізге.
Оңашада бір жауап қоссам-ау деп,
Қайралып ақау түсті тісімізге.

— Алла жазып татырды дәм шатырдан,
Қайратың бар қарайған жанға ақырған.
Ел жүйесін білетін еркек емес,
Қанеки, не сұрайсың мен пақырдан.

Хан айтады: — Көңілің наз емес пе,
430 Сағымың қыс та болса жаз емес пе.
Жауап емей немене бұл айтқаның,
Біз сенің осыныңа-ақ мәз емес пе?

Шырағым, сен тоқтарсың бұл жүйеге,
Жолықтым сүртсе кетпес бір күйеге.

Бір іске Құдай Тағала құмар қылып,
Көңілім тояр емес дүниеге.

Қыз айтты: — Біз сіздің киіп алмаймыз
тоныңызды,
Көргенде-ақ түйіп сырттан жөніңізді.
Тегінде көңіл қайтып ұят болар,
440 Айтпаңыз барандатып оныңызды.

Мен дағы бар сырымды айтайын да,
Мұқамды балалықпен байқайын ба.
Ата-анам да зар болып жатқан шығар,
Өйтсе мен үй жағыма қайтайын да.

Падиша айтты: — Бұл мұңым айтатұғын,
Жол кеңес көңілді байытатұғын.
Әттеген-ай, балалық қылғаның-ай,
Мен не дедім үйіңе қайтатұғын?

Қыз айтты: — Мен бір қоян, сіз арыстан,
450 Ісің екен байқасам бір қарысқан.
Тіл алсаң ат тағылар хан басыңа,
Жарамайды бойыңа тым жарысқан.

— Менімен қатар кім кеп желуші еді,
Өзге жұрт қызын зорға телуші еді.
Өзің айтқан қояндай қылып тұрсың,
Талай бала тақсырлап келуші еді.

Қыз айтты: — Мен жетпен бұ жауаптың бағасына,
Келген жан көп көліннің жағасына.
Қаршығаның қонғанын көрдіңіз бе
460 Мәуесі жоқ қарағанның ағашына.

Хан айтты: — Жауапты жауап өстіп жанамай ма,
Жүрегін шын көрсетсе нанылмай ма?
Шырағым, зеректікпен жақсы айтасың,
Соныңыз қонар ағашын танымай ма?

— Үйден алып шығарда балам дедің,
Жеке өзін бөлек күтіп салам дедің.
Ханның екі айтқаны[не] болады,
Жол ортаға келгенде алам дедің.

— Әкең де құдайласқан дос емес пе,
Күні бүгін көңліміз хош емес пе?
Мұны сен екі айтты деп жүр екенсің,
Хан хайласы дейтұғын осы емес пе?!

Бүйтіп мекен қылып па еді жан қасымды,
Сен тудың ұжмақтағы пенде сынды.
Шырағым, hешбір жылы сөз айтпадың,
Етегіңе сан салдым хан басымды.

Мұным сенің баяғы туысыңнан,
Адам тұрғай аң кетпес қуысымнан.
Барды айттым, балалықпен ескермедің,
Қане, енді құтыл менің уысымнан.

Сол жерде бала ойланды жылайын деп,
Ата-анадан ұялып, уайым жеп.
Құданың бұйрығы ма, алдандым ба,
Енді бұған не хайла қылайын деп.

Патша айтты: — Шырағым, жұртты жиям,
Дей алмаймын мұғымсып нәпісім тыям.
Әкең сені мендей-ақ ерге берер,
Әншейін хұтпа оқытып неке қиям.

Қыз айтты: — Ойымның сан бүлінгені-ай,
Нәпсінің тар жерге кеп түңілгені-ай.
Атама жанын беріп алып шығып,
Мына кәрі ханымның көмілгені-ай.

Жеңгем, сен не деп едің атамызға,
Үй жақтың қайтып дәмін татамыз ба?!
Енді өзіңіз жолығып жүресіз де,
Ауыз айтып қол жайған батаңызға.

Ханым айтты: — Жолықтық діні тарға,
Менің кісі тоқтатар күнім бар ма?!
Тырп етсең-ақ қор қылам деп отыр ғой,
500 Осы уақта шығатын үнім бар ма?!

Падиша тойын қылды тайын сойып,
Ол-пұл айтқан жауаптың жайын қойып.
Молдаларын шақыртып хұтпа оқытты,
Бұрынғыдан көңілі әбден тойып.

Қалмады қыз байғұста тырп етер хал,
Айтқанға болар емес құр бекер шал.
Хан айтты: — Ең жаманы уәзір шабар,
Қай орнымен алса да бір жетер мал.

Ханым, сен мұны баулып ал қасыңа,
510 Құтылдым сөз қарызы қалмасына.
Жаман болар, енді көп бұлғақтатпа,
Анасының сәтенін сал басына.

Ханым айтты: — Көп қылдың базыналық,
Жолықтың алал баққа қазыналық.
Шырағым, ата-анаңның жоралғысы, —
Келді сөйлеп гауһарлы тасын алып.

— Менің неке қимағым бұл жер ме еді?
Падишаң мұнша неге жігерленді.
Әуелі ие болған сенен көрдім, —
520 Деп бейшара өксіп-өксіп қыз еңіреді.

— Қайырлы ғұмыр берсін жасыңызға,
Жүз-жүзден ереді нөкер қасыңызға.
Патша енді қатайса жаман болар,
Кииіз тәжіңізді басыңызға.

Біреу айтты: — Падиша келе жатыр,
— Көнген ғой сізден ары неше батыр.
Не өзімді, не сені сүйтемін деп,
Саған бір уағда айтып береді ақыр.

Патша келді айланып әлгі жерге,
530 — Кәрі неме қайда жүр, жылдам бері ке.
Жасыма көңілің олқы болған шығар,
Айт, қосайын, мынау деп сүйген ерге.

Көңіліңе бір уағда түйгізбесем,
Не өзімді әкелтіп сүйгізбесем.
Құлан қырда мақтанып не қылайын,
Жалынсыз ыңғай шоққа күйгізбесем.

Қыла алмасам тірі боп жүрмейін де,
Бұл жерде сені бекер бүрмейін де.
Бермейтұғын өкеңнің өз алдында
540 Қылмасам, қайтып дәурен сүрмейін де.

Асқынып жеттің, жаным, сен ағаңа,
Әкелеп шықтым талай жел жағыңа.
Әйтеуір екі тірдің бірі болар,
Жолықтың не сорыма, не бағыма?

Еңкейгенім бұл сенің жақсы затың,
Дүниенің бәрінен де нәпсі жақын.
Әйтеуір менен бекер деп айтпайды,
Есті, жұрт, енді мұның аты қатын.

Толып тұр қыз байғұстың көзі жасқа,
550 Байқаса падишаның сөзі басқа.
Мәуе ағашша иіліп, ақыр күнде
Жолығарын білген соң өзі қасқа.

Иіліп мәуе ағашша ұсынды мойнын,
Абайлап патшаның білді де ойынын.
— Балалық па, бар жауап тегіс айтылды,
Маған исе ер ертте, енді қойдым.

Ал падиша қамданды тойын қылып,
Балама жаңа нандым бойым жылып.
Некеңді енді оқытып естірт дейді,
560 Болған шығар балалық ойың сынып.

Той қылып шақыртты жолдағы елді,
Падиша бәйге атынша сонда желді.
Илаһи жұфұтыңызға бақ жазсын деп,
Қол жайып дұға қыла молда келді.

Патша айтты: — Біз шықтық жекемізге,
Жеттік әбден тілеген ісімізге.
Жамал атын бастырып мөр басамын,
Жұрт, сендер қол қоясың некемізге.

— Бәрің де қол қоясың жүріп хатқа,
Отыр патша кеңесін құрып тақта.
Пайғамбардың дұғасын біз оқимыз, —
Молдалар айтты, — бұған рұқсат па?

— Рұқсат бердім, тақсыр, қиыңыздар,
Бәрі естіп, көзі отырсын жиыңыздар.
Әдепсіз деп артымнан сөге көрме,
Шала-шарпы жетпеген миымыз бар.

Молда айтты: — Сөкпелік біз жарым миды,
Хан да кеңіп тәубе қып зәрін тыйды.
Баланың мұнысы бек жақсы ақыл деп,
Ілескен жұрттың санап бәрін жиды.

Сол жерде неке оқыды жариялап,
Балаға толды нұрдың бәрі ұялап.
Молдаларға дорбалап гауһар төкті,
Құдай дәулет берген соң дариялап.

Тамаққа барды бәрі шатырына,
Бала көнді ақылдың ақырына.
Есебі жоқ хайранды шашып жатыр
Кедей-кепшік, мүсәпір, пақырына.

Тұр екен бала ақылға молыға алмай,
Қойсын ба төрт түлікке төлеп алмай.
Некесін оқытты да еру болды,
Үш айдай адам батып жолыға алмай.

Маңына адам батып дарымады,
Сол ергеннің басының бәрі байлы.
Таң атып күн батқанын білер емес,
Он бес күн бір жерде алды жарым айды.

Жан-жағы күзетулі түн дегенде,
Бек жазалы айғайлап үндеген де.
«Қосты жық, көлік әкел, азаматтар»,
600 Әмір қылды он алты күн дегенде.

Жабылды ер-азамат түйесіне,
Бала толды жолығып иесіне.
Кедергісін салдырып қояды екен,
Тыныш па деп жол-жолдың жүйесіне.

Жөнелді әнді салып көшіп елше,
Һәркім өстіп қылмай ма күші келсе.
Қыздың үні шығады анда-санда
Құбыладан бір соққан жақсы желше.

Ол күні тағы түнеп түсті жолға,
610 Не келмейді бақ жазған көші молға.
Падиша адым жерге бір қонады,
Қондырған соң тілеген құсын қолға.

Бұл құсты Алла патшаға күшпен берген,
Не құтылар мерейі үстемдерден.
Бір жұмасыз көшпейтін болған жоқ па,
Шай ішіп аттанам деп түскен жерден.

Көзіне көрінбейді малдың түгі,
Тарқады-ай не қылса да көңіл күпі.
Үйтіп-бүйтіп жүргенше айдан асып,
620 Баланың ауырланып қалды жүгі.

Һәркім-ақ қыздың түсін байқады ашып,
Толтырды күн есептеп, ай санасып.
Енді оны жол ортада аламыз деп,
Жөнелді шаһар жаққа қайта басып.

Қыз айтады: — Барамыз шаһарымызға,
Мен тидім шыдай алмай кәріңізге.
Атамызға науқас деп білдіріңдер,
Айтқаным осы бастан бәріңізге.

Патшаның бұл жауапқа көңілі сенді,
Арыстанша арбаған демін жеңді.
Жүрісі параходтан төмен емес,
Шаһарға аурулы елше келіп енді.

Шаһардан қалды жанжал тиылысып,
Сыныққсып өп-өтірік қиылысып.
Бәрінің ақсақалы қыз әкесі,
Келді саулап түк қалмай жиылысып.

Бір-бірлеп келіп жатыр ыңғайланып,
Көркейіп патша отыр шын жайланып.
Нақ сүйер-ақ манағы қыз әкесі,
Сонымен біраз кеңес қылды айланып.

Патша айтты: — Науқас болып зорға келдім,
Үйі болды өне бой толған желдің.
Шығынымыз әзір жоқ, ауру көп,
Мал-жаны тегіс аман ба мұндағы елдің?

Уәзір: — Аман, — деді, — мал-жаны еліңіздің,
Ат соққаны қосымша беліңіздің.
Бір-екі күн моншамен емденсеңіз,
Мәнісі табылады желіңіздің.

Көтердім міне жұрттың жаманатын,
Ауырсынбай бірталай ғаламатын.
Қазынаның таңбасын тағы берді,
Тірі ме менің берген аманатым?

Жауабы екеуінің дауша шығар,
Бірін-бірі байқасып жауша сынар.
— Әл әзір тіл қосуға жоқ білемін,
Баланың күшейіңкі науқасы бар.

— Рас, баламда ауру болған шығар,
Не үйдегі менен көңлі солған шығар.
Бұл арада пәлен деп айтып болмас,
660 Кеудесіне бір ақыл толған шығар.

Деді де уәзір үйден кетті шығып,
Жолдасын қойды патша тегіс тығып.
— Қамалмай көрінумен сөйлеселік,
Қор болып жатамыз ба бүйтіп бұғып.

Уәзір болды мүлдем тірі ғаріп,
Ойлайды ұстайын деп шыны жарып.
Баласынан күдерін жұрт үзгізді,
Қызға ерген жолдасының бірі барып.

Уәзір тез қомданып жиды жұртын,
670 Баланың сырттан естіп түйді ғұрпын.
— Қатынымды ертіп ап безсем бе екен,
Жарандар, ішімді оттай күйдірді ұрхым.

Әй, жұртым, мынау алдап таңбалады,
Ішім оттай өртеніп сандалады.
Ертең тағы көңіліне сүйгенді алып,
Сонан соң мұнан қайтіп жан қалады.

Бұл тартып қызымды алды бүгін менің,
Өзімнің қазақ емес түңілгенім.
Тегінде қашан айтты деп жүрмеңдер,
680 Бәріңді құнсыз сояр ертең сенің.

Бәрі айтты: — Білдік қайғы жегеніңді,
Жиясың кейімесең неге еліңді.
Санап қырып тастаса амал бар ма,
Айт, қане, осындай қыл дегеніңді.

Ұрандап жиылды жұрт шын түйіліп,
Уәзір қуанады тым сүйініп.
— Әй, ағайын, көзіме көріне көр,
Осы тұрған кезімде бір күйініп.

Әлден бүйтіп мойындап ұсынбалық,
690 Мінеки бәрің түгел тұрсың халық.
Кімде-кімнің басына салмай қоймас,
Зарлатпас жалғыз менің құсымды алып.

Жиылған жұрт үш мыңдай жетті санға,
Бір кәрі кемпір адам кетті ханға.
— Көз байлана бергенде жөнеліп көр,
Әй, тақсыр, қарамаңыз тіпті таңға.

Абайлап тіл қосқан жоқ бірі маған,
Мен байғұс құлақ түре жүрдім саған.
Сайман деген көкпеңкөк болып кетті,
700 Әлі-ақ көрер жұртыңның түрі жаман.

Хан: — Қу нәпсім, көрдім сенің шалығыңнан,
Қашамын ба қол салған салығымнан.
Өзімдей бір патшаға немді айтамын,
Қорқып келдім деймін бе халығымнан.

— Әй, ханым, заман мынау шыны солған,
Көңіліміз әлдеқашан тынып болған.
Амал жоқ, жаннан қорқып атқа мінді,
Сұлудың да таянып күні толған.

Кеткенде атқа мінді көз байланып,
710 Тұрмады биттей қарап сөзге айланып.
Жалғыз-ақ бір інжулі тонын алып,
Жан шошып аттанған соң тез жайланып.

Кеткен қайыр тиген жоқ шеменгерге,
Бір күнде қайрат қылды нелер елге.
Түн ортасы дегенде барып жетті
Маңайы шөп «Уқұдық» деген жерге.

Қатыны айтты: — Қиналып кетті жаным,
Жүруге болар емес тіпті мәнім.
Аяғымды басуға жарамайды,
720 Сегізкөзім үзіліп, екі саным.

Патша айтты: — Зар болдым сол бағыма,
Иелендім жалғыз-ақ қолдағыма.
Сегізкөздің ауырған себебі не,
Осы қалай, баланың толғағы ма.

— Ап-аян, дәнеме жоқ келген дала,
Екеуміз бейнет көрдік елден ала.
Құданың құдіретіне қараңыздар,
Шырылдап түсе қалды жерге бала.

— Адам жоқ келер біздің қасымызға,
730 Жабысты-ау үлкен нысан жасымызға.
Балапанды осы жерге тасталық та,
Бұршақты Алла жаудырды басымызға.

Қайта бұ баланың бағы бұршақ,
Өлерміз үй дегеніңменен құрсақ.
Жарықта бір бейіт ашық тауып алалық,
Залымға жолығармыз тағы тұрсақ.

Бет алып шығалық та сары жонға,
Талпынсақ бастар ма екен Тәңірім оңға.
«Құдайға тапсырдым» деп жылап-жылап,
740 Баланы орап тастады-ау інжу тонға.

Бет алып шықты қашып бір далаға,
Ұзақ айналмалық, жүр қалаға.
Төрт күннен соң көзіне шаһар көрінді,
Жүрекпен құдайласа қор қыла ма?

Жаяулады табанын тегіс жарып,
Керігінен әл кетіп әбден арып.
Арғымақты шабан деп мінбейтұғын,
Бейнетін тартты жолдың екі кәріп.

Ханымның жырлағаны

Жылапты ханым Құдайға:
750 — Шыдадым жаяу ұдайға,

Үйімде жүрген күнімде
Жолығам деп пе ем бұ жайға.

Илаһи, саған жылайын,
Бейнетке не амал қылайын,
Рұқсат салмай атаға,
Жүректің көрдім алайын.

Арыдың әбден, керігім,
Таусылдың сен де, серігім.
Рұқсат деген не деуші ең,
760 Қансыншы, патшам, жерігің.

Осы еді бізге жарасу,
Күн қайда әскер тарату.
Памилнай шайға қанбаушы ем,
Табылмай жатыр қара су.

Жалмады-ау жерден табаным,
Керіктің міндім шабанын.
Қатты ұйықтасам шөлдедім
Дейтұғын қайран заманым.

Құрадың аппақ алақан,
770 Лебізді кімге таратам.
Қалың бұршақ қайрылтпай,
Далада қалды-ау балапан.

Біз көрдік қалың жау бетін,
Айдадық жолдың дәулетін.
Түсімдей қылып байқадым
Бар қызықтың сәулесін.

Біздей-ақ шығар зар кісі,
Сор болды-ау бақтың жарымысы.
Жібереді демеңдер
780 Ата-ананың қарғысы.

Сөйлемей кімнен тасанам,
Жапанда қайтіп жата алам.
Менен де ары зарлан деп,
Отырған шығар ата-анам.

Жатсамшы жолдан азбастан,
Тарқар күн бар ма наз бастан.
Үйінен атқан қарғыс-оқ
Тиеді бізге жазбастан.

Табаннан тері түсірді[к],
790 Айдады жаяу күпірлік.
Айналайын, иә, Кәрім,
Жазғаныңа шүкірлік.

Біз көрдік жолдың азғанын,
Нақақтан ордың қазғанын.
Асығыс сөзден не өнер,
Күтелік сақтап жазғанын.

Өзімнің алған зейнетім,
Кетіп тұр-ау кәдіретім.
Бізшілеп пенде тартпас та
800 Зарыққан жолдың бейнетін.

Тастауға бірін-бірі қия алмайды,
Зарлығы жапан түзге сыя алмайды.
Падишаның жылауға халі келмей,
Саулаған жасын жөндеп тыя алмайды.

Ханым айтты: — Жылама бекер жасып,
Барлы-жоқты құтың кетер қашып.
Атамыз Адам дағы қырық жыл жүрген,
Тағы да бір арналған жетер нәсіп.

Тұрмалық айдалада құр қаранып,
810 Жүріппіз түзден нәсіп бір жаралып.
Құдай Тағала не жазу көрсетсе де,
Қой, зарлама, қалаға жүр баралық.

Жыл жарым түк не көрмей бек зарықты,
Ханымның шыққан үні жел жарыпты.
Мінбек тұрғай жетекке жүрер емес,
Айдады алдына сап енді арықты.

Екі арық жүрер емес жетегіне,
Жарасын сатып сойған несібіне.
Жете алмасақ «от деген рулы ел» деп,
820 Екеуі тезек терді етегіне.

Қалаға жүре-жүре келді жаяу,
Зарлық пенен көңілге енді қаяу.
Есек баққан Тәшкеннің сарттарынша
Адамға тіл қоспапты мүлде баяу.

Келсе әуелі қаланың базары екен,
Қас қылып тағы кім ор қазар екен.
Құдайға берелік те аралалық,
Құлына өзі не жазар екен.

Базарды көрген адам тамаша дер,
830 Біріне-бірі лайық жарасқан ер.
Сатырлаған қолға келіп кірді,
Тым артық табылмады оңаша жер.

Ойлайды не бүлік бар, бұ қалай деп,
Еніп кетті екі атын қуалай кеп.
Өзіміздей бір адам жолығар ғой,
Сол ақырын жасырып сұрамай ма еп.

Екеуі қайта жүрді шығып шетке,
Ҳеш адам қарамады тура бетке.
Жар салып бір кәрі адам айғайлайды:
840 — Кімде-кімің мұнда бол, бүгін кетпе.

Айғайға әлгі шыққан тұрды қарап,
Ертең хан жұртқа айтады әділ сарап.
Біреу барып білдірді уәзірлерге,
Осы бір адамдар жүр тым-ақ жарап.

Деген соң-ақ бір елші салдырады,
Хан байғұс сәлем алып қалбырады.
Той болған соң мағлұм боп кетесің деп,
Уәзірлер көрсетпестен алдырады.

Әкелді қызметші айдап әлгі қолға,
850 Көндірген басынан-ақ түзу жолға.
Сәлемін зорға беріп дірілдейді,
Екеуі жалт-жалт қарап оң мен солға.

Тұрады қол қусырып сәлем беріп,
Асығып сұраған жоқ адам келіп.
Бір жастау жылпаң жігіт қол сілтеді,
«Жүріңдер, екі ғаріп, маған еріп».

Екеуі еріп жөнелді қайран қалып,
Халық жатыр һәр түрлі сайран салып.
Сонан соң жол айтуын ол ұмытпас,
860 Деп еді тамақ беріп жайланталық.

Алдына һәр түрліден тағам қойды,
Табақтың шет-шетінен әрең тойды.
Жей алмайтын бастан да бейшаралар,
Неше жыл азап тартып жүрген бойды.

Хан айтты: — Жүрмес тамақ айлығыма,
Таңғалдық төрт түліктің сайлығына.
Тамақсыз-ақ тойғамыз, әй, шырағым,
Жұрттың құрмет, патшаның байлығына.

— Сіз тұрғай, жүрген жоқ па халық тойып,
870 Төрт күн қырдық қоралап салып сойып.
Әйтсе де күнде мұндай той болмайды,
Қайтқанша ауқат қылыңдар алып қойып.

— Шырағым, ұқтыр маған сен тойыңды,
Неге мұнша қоралап мал сойылды.
Қызығыңды есітіп болғаннан соң,
Бір-бірлеп мен де айтайын нақ жайымды.

— Осымен толық жұма жүрміз шауып,
Қыламыз бұйырылған соң кімнен қауіп.
Қол астына қараған жұрт жиылды,
880 Патшамыздың ханымы бір ұл тауып.

Сегіз күн болып кетті бұл кеңеске,
Бесікке салдық соны кеше кешке.
Шіркін-ай, бала деген осы ма деп,
Екеуінің заманы түсті еске.

— Жақсы-ақ-ау заман барда бала деген,
Падишаң бір момын ғой алал неткен.
Қуырақ адам болса бүйтпес еді,
Зерек туса от ұстап шала жеген.

Дүние, қызығың-ай тұрғаныңда,
890 Кеңесті тақта отырып құрғаныңда.
Хан демей, қара демей жөнелесің,
Жүзіңді бір теріске бұрғаныңда.

Жұртының шын билеумен жүруін-ай,
Құлағын айлаққа үйден түруін-ай.
Жалғандағы дәуреннің ең қызығын
Зылиха мен Жүсіпше сүруін-ай.

Деп еңіреп падиша төкті жасын,
— Жігітім неге шошып ұйлығасың?
— Есіме түскен соң тұра алмадым,
900 Менің де осындай-ақ сыйлы басым.

Күн бар ма адам еске алатұғын,
Жалған қатын һәркімнен қалатұғын.
Хан нәпсісі түйедей болушы еді,
Бәйтеректің басымен шалатұғын.

Сұрама жөнімді әлі менің, жаным,
Босатты бар жүйемді сенің маның.
Жігіт болсаң, патшаңа білдіріп көр,
Айта алмас оңашада тілім наным.

Шырағым күнде тартқан бұл күйігім,
910 Көңілім өткен күнді түйді бүгін.
Кешікпей падишаңа білдіріп бақ,
Көр, жаным, мал-басыңның игілігін.

Айтпайды сөзін ханға тұрғылайды,
Білдірмей басын жерге ұрғылайды.
Әлгі жігіт жөн сұрап алмақ тұрғай,
Ол сорлы да солқылдап құр жылайды.

Тіккен үй көрінбейді даласындай,
Жұрты да жақсы күтті аласынбай.
Бейшара әлгі жігіт басылсашы,
920 Не інісі, не туған баласындай.

— Мен жылаймын жолымның зарығына,
Бұт артатын малымның арығына.
Кешікпе ханға барып білдіріп көр,
Шын сауап қылам десең ғарібіңе.

Жөнелді әлгі жігіт желе басып,
Көзде жас, көңілі шын-ақ келеді ашып.
Патша дереу алдынан жолығады:
— Әй, балам, алаңдайсың неге қашып?

— Естісеңіз, айтайын білгенімді,
930 Көрдіңіз бе сор айдап ілгенімді.
Алты арыс, төрт төңірек тегіс естіпті
Қара қылды қақ жарып тілгеніңді.

Тұсыңда қара қылың қақ жарылды,
Алдыңа атыңды естіген жан барылды.
Әнеугүні бір-екі ғаріп келген,
Сізді көрсем деп дағдарылды.

Әлі айтып білінген жоқ жөні бізге,
Келгелі үш күн болды көліңізге.
Рұқсат болса жүзін көрсем екен,
940 Деп жұмсап жібергені сізге.

— Естіген келеді, рас, нелер кәріп,
Әй, жұртым, шығады атым сенен жарып.
Бейшараның сауабын алалық та,
Көп тұрмай ап келіңдер бірің барып.

Қуанып әлгі жігіт жетіп барды,
Патшадан осылайша рұқсат алды.
Қатыны мен еркегін алдына сап,
Екі-үш сағат болған шақ келіп қалды.

Бірталай жұрт жиылды балаға еріп,
950 Патшаны қайғы алған бермей ерік.
Бұл патшаға анадайдан қол қусырып
Өксіп-өксіп жылайды сәлем беріп.

Патша айтты: — Дәм айдап келдің, қартым,
Рас-ақ жүрген шығар нелер шартын.
Жасыңды Құдай көріп есіркеді,
Ұқтырыңыз ауызша сөзің артын.

— Дүниеден қайтты менің көңілім суып,
Көргем жоқ мұндай қорлық өзім туып.
Әнеугүні өзіңдей патша едім,
960 Жіберді шаһарымнан елім қуып.

Көңілімнен қалар ма екен осы уақытым,
Жүріппін қадалмағаннан ажал оқтың.
Өзімнен кейін хүкім шашып тұрған
Қызы еді уәзірімнің мынау жұфұтым.

Неше жыл хан боп ойран салып едім,
Мұны алам деп айрылып қалып едім.
Бірталай жұртты жиып куә қылып,
Өзі ықтияр қылған соң алып едім.

Қолымда қалды әреңмен қыздың жаны,
970 Таматын уақыт болмай жерге қаны.
Тартып алды өлтіріп жоялық деп,
Сонан соң жұрттың жатып бұзылғаны.

Қазақ емес жұртымнан қорыққаным,
Бір жарым жыл бейнетке қосылғаным.
Арыстандай атыңды естіп шықтым,
Есітіңіз, падишам, осы мәнім.

Жұрттың сөзі қалмады жапсырмаған,
Жан екенсің басыңды бақ шырмаған.
Түсімдей боп бір көрген заманым-ай,
980 Бір күні өзім де өстіп тақсырлаған.

Патша айтты: — Рас-ақ хан екенсің,
Тілің жақсы, татымды дана екенсің.
Шүу дегеннен қашқаның не қылғаның,
Әйтсе де осалдау жан екенсің.

Жақсы шын таусылып саса ма екен,
Біреудің-біреу орнын баса ма екен?
Кімде-кімнің құлағы есітпесін,
Бұл ұят, халықтан хан қаша ма екен?!

Қарт айтты: — Бір топ қарға нарды да жығады екен,
990 Тырп еткізбей тұмсығын тығады екен.
Мұратың қолдан кетіп қалғаннан соң,
Ұятың әбден естен шығады екен.

Падиша айтты: — Бүгін жат, әбден тынық,
Қолыңнан кетіпті рас жалған сынып.
Шүкірлікті күпірлік жойған шығар,
Тәубе қып, Хаққа жылап бұған шынық.

Өмірің сынған екен өнер қалып,
Құдай жазса құл жылап көнер налып.
Қасына жүзге таяу әскер жиып,
1000 Патшаны ертең ерте жөнелді алып.

Қуанды «иә, Құдайлап» жүрді кәріп,
Сөйлеуге жақсы-ақ тілі үлгі жарып.
Бағана қисық жүрген жолды қойып,
Он бес күнде төтемен кірді барып.

Падиша хабаршыға бек жіберді:
— Тасталық бұрынғы өңшең кек жігерді.
Пәлен шаһардың сапар жүрген падишасы
Кіруге рұқсат па? — деп жіберді.

Кетті бек шаһарының базарына,
1010 Қарады-ау һәркім танып ажарына.
— Падишаң таянып қалды, жұртым,
Басына Алла қайта бақ жазарына.

Бір бала сөйлес қылып берді сәлем,
Бек айтты: — Жақын, таяу кел, жүр, балам,
Өзім ұзақ сапарға шығып едім,
Шырағым, жөнін білдір бұ қай қалаң?

[Бала] **айтты: — Кеш боп кетті тұралық па,**
Ниетті бекер теріс бұралық па?
Бұл өзі ханы кеткен жетім қала.
1020 Айт, аға, сізден[де] жөн сұралық та.

Бек айтты: — Жүз отыздай жан келеді,
Рас-ақ патшаң жұртқа сары бел еді.
Әйтсе де, шырағым бала, үй-ішіңе айт,
Қонамын деп бір кәрі хан келеді.

Жүгіріп тез қамданып бала кетті,
Ол өзіне ол-пұлдан талап етті.
Қонақ үйді даярлап сыпырттым деп,
Он шақты боп ат міниіп және жетті.

Қанша адамдар патшаның көрді қолын,
1030 Кісінің жүзден де артық білді молын.
Азаматтар ретпен атын ұстап,
Даяшылар тосумен тұрды жолын.

Олар да жетті саулап абырласып,
Барлық жұрт тас-талқан боп сабырласып.
Ыңғайланып тұрды да сәлем берді,
Бәрі тегіс патшаға жабырласып.

Кісінің алынған жоқ әлі саны,
Атылды тек түріліп сары таңы.
Ішіндегі бір еркек, бір қатыны —
1040 Баяғы өздерінің ханым, ханы.

Ол күні таң атқан соң жиылады ел,
Падиша айтты: — Әй, жұртым, шыныңа кел.
Жол болсын деп анықтап сұрасаңдар,
Ары-бері соқсын бізден құбыла жел.

Падиша солайша қып із тастады,
Беті әбден ашылған соң қызы қашпады.
Бағана таққа мінген ер уәзір:
— Ендеше, жол болсын, — деп сөз бастады.

— Жол болса, әлей болсын, інім жаным,
1050 Бізді мұнша саулатқан сенің маның.
Адасқанның айыбы жоқ деген сөз бар,
Аяғыңа жығылып келді ханың.

Ол күнде адасыпты үйірінен,
Нәр татып бір таудың түйірінен.
Бұрынғының мақалы басына кеп,
Екі қолы кетпепті бүйірінен.

Кетіпті бұл жылаған көз жасыңнан,
Бала екенсің бек майда сөзге ашылған.
Анау-мынау деп айтып тергенді қой,
1060 Тілей келдім жұртың мен өз басыңнан.

Уәзір айтты: — Бір күнде оңдап тердім,
Қайсысын санап айтам толған шердің.
Қонақтығың және бар, тағы ұлықсың,
Ол-пұлды не қылайын, мүлде-ақ бердім.

— Енді өйтсе, кешер Алла қата жерді,
Рас-ақ көңіліңді шер аша керді.
Басыңа мұнан да үлкен бақ айналсын,
Деді де хан қол жайып бата берді.

Тұра сап көрісті қыз атасына,
1070 Қараған жоқ көңілдің шатасына.
Уәзірі бес құлақты жамбы берді
Патшаның қолын жайған батасына.

Бағының патша келді дер қасына,
Жабысқан біраз ғана шер қасына.
Жақсылық жалғанында қайтады деген,
Дорбалап ділдә берді ер басына.

Падиша балқытты елді жауабына,
Қараңыздар Алланың бұ бағына.
Енді ақыр даналығынан батқан жоқ па
1080 Халықтың да, ханның да сауабына.

Жөнелді елші көшіп қайтып тарап,
Патшаға жақсы айналды жұрты қарап.
Арқасына батқанды хан да білді,
Бұрынғыдан әділ боп айтып сарап.

Құтылды хан бойдағы жаласынан,
Не тапты жүрегінің аласынан.
Ал, жарандар, тағы да сөз естіңіз
Бағана жолда қалған баласынан.

Ол күнде балапаннан мүлде безген,
1090 Адам жоқ бала жайын әзір сезген.
Қырық қарақшы дейтұғын болады екен
Тұрақсыз шыр айланып дүние кезген.

Баланың сөз есіт, жұрт, бұл жайынан,
Бейнеттің кім құтылар ұдайынан.
Қарақшылар тірідей тауып алды
Асырап әмір тиіп Құдайынан.

Алла оны өлтірместен асырайды,
Балаға да жазды Алла бақ-шырайды.
Ол құдыққа қарақшылар тақалғанда
1100 Күнмен қатар бір сағым жарқырайды.

Қарақшылар аң-таң қалды күнмен барлап,
Айдаһар болмасын деп тұрған арбап,
Дауысы үлкен кісі секілді емес,
Ішінен шығып жатыр бір үн зарлап.

Өзгесі айтты: — Жүр, кейін қашалық деп,
Тұрмалық тура алдында тақалып кеп.
Фарқы Сауар ақылмен тоқтатады,
Не болса да орнынан басалық деп.

Абайлап Фарқы айтады: — Қаралық та,
1110 Қаптап кетсе бір ыңғай табалық та.
Не қылса да айдаһар емес, жұртым,
Тәуекел деп жанына баралық та.

Қуанды «иә, Құдайлап» түсе қала,
Сырты ыңғай інжу тон, [іші] бала.
Ауыз пақыр айтады деген осы,
Көз көрмей тақтық бұған неше жала.

Біреу айтты: — Баланы кез қып Құдай берді бізге,
Ал пақыр деп жылаған шерлімізге.
Ақсақал, аузыңмен айт, қолыңмен бөл,
1120 Бұл олжа салмақ болды енді сізге.

Сонда шал айтады: Артыңдар бұл жүйені,
Тапқанша асыралық түп иені.
Баланың басын маған қиыңыздар,
Мына осы тон бояйды уа дүниені.

Мінгіздің ақсақал қып сөз басына,
Ап келді мұны Қыдыр өз қасына.
Қартайғанда баланы маған қосқан,
Тұяқсыз қоймайын деп көз жасыма.

Баланы шал асырап жатты кешке,
1130 Түседі жалғыздықтың ақыры еске.
Құдайдат деп азанмен атын қойды,
Сонда келген баланың жасы беске.

Сол күнде-ақ көркі күнге таласыпты,
Өзі де оп-орнықты және тіпті.
Он төртте толған айша маңызданып,
Алтыдан жеті жасқа бала шықты.

Шал ойлар жарар, балам, қол басына,
Айтпайды әзір мұны жолдасына.
Жетіледі дейтұғын бар емес пе,
1140 Жетіде енді берейін молдасына.

Алпыста әкеп қосты Алла маған,
Бала жастан надан боп қалған жаман.
Өліп кетсем артымнан аят айтсын,
Аманат деп тапсырам, молда, саған.

Өлгенде һәркім табылар жыласарға,
Келгенде көріп едім бірқатарға.
Баласын тапсырды да жүріп кетті,
Он шақты ділла беріп тілашарға.

— Жұмасында кеп тұрсын үйге жаяу,
1150 Түскенде көре алмасақ бізге қаяу.
Бәйге атынша бір-бірле[п] шыға салды,
Бала екен молдадағы жүзге таяу.

Жылдан соң молдасы айтты атасына:
— Бұл ермес балалықтың қатасына,
Балаңды шығарайын деп отырмын,
Не әкелдің ұстазының батасына.

Шал айтты: — Сіздегі менің барым,
Таусылды мұны сүйіп өмір зарым.
Қане, енді соған дұға қыласыз да,
1160 Бар еді көрім әйбат жалғыз нарым.

Сол жерде-ақ толды ақылға даналанып,
Жомарт деп таңғалады-ау ана халық.
Баласы барысымен кітап ашты:
— Қой, ата, енді ұрлықты жанамалық.

Атасы айтты: — Жуамын тазалап қол-басымды,
Түйген соң-ақ ұлғайған мол жасымды.
Олар да тым бой ұрып шығар ма екен,
Алдыңа ап келейін жолдасымды.

Ап келді жолдасының бәрін жиып:
1170 — Тасталық жамандықтың зарын тыйып.
Бала айтады: — Кітаптың сөзі қалай,
Қойғыларың келмей ме әлі қиып.

— Шырағым, асырап ек көріп кеп,
Енді отырсың төр алып төселіп кеп.
Өзіміз де қоюға таяп едік,
Бір алып алдыңғыны өтелік деп.

Жүректі қорқытса иен дін ұялып,
Рас-ақ қалдық күнәға біз боялып.
Өзің де ер ішімізге, тамаша көр,
1180 Сонан соң тәубе қылып шын қоялық.

Аттанды бала бірге, қия алмады,
Ол күн жұрт тоқтатып тыя алмады.
Табыт ашыққа шығалық деп не де болса,
Ел арасын мекен қып сыя алмады.

Оларды тоқтата ма ана нәпсі,
Жарандар, табады енді бала бақты.
Ат айдаған керуен үзілмейді,
Өзгесі айтты: даладан қала жақсы.

Бала бұрын ұрысқа қатаймаған,
1190 Өңшең жылған аяғын шақайлаған.
Алды келіп қарақшыға араласты,
Екі-үш жүзді керуен ат айдаған.

Қырқы бір-бір керуен жетті баптап,
Қылыш қайрап, найзасын тегіс саптап.
Бала жас кейінірек қала берді,
Өзгесі орта жерден кетті қаптап.

Сол жерде апыр-топыр ұрыс шықты,
Бар екен керуенде де жүйрік мықты.
Арбашыдан тертені жей бастады,
1200 Аттарының сілесі құрып тіпті.

Керуен жеңбек болып жайланады,
Қырылысып қалуға байланады.
Өзгесі түгел қашып шығып еді,
Фарқы Сауар түсуге айланады.

Бала айтты: — Осы жерге айтып тәлім,
Шыдасын енді бұған қайтіп жаным.
Қанша айтқанмен сырт буын тартып еді,
Қор болып қала ма екен байғұс шалым.

Деді де бала ұмтылып кірді қолға,
1210 Ысылып қатаймаған бұрын жолға.
Әйтсе де кірген жерден ойбай шықты,
Айырады керуеннің оңын солға.

Алды қашып арбаға тығылғаны,
Ерліктің-ақ әсері бұғылғаны.
Атының сілесі әбден құрып болып,
Бір үлкен қазған орға жығылғаны.

Қырқының түгел кетіп қалғаны ғой,
Бейшара аттың әбден талғаны ғой.
Жөніңді айт деп әрі-бері сабап-сабап,
1220 Баланы тас қып байлап алғаны ғой.

Керуен ертең шаһарға кірді келіп,
Лажсыз бала жаяу жүрді желіп.
— Бұл қашып, біз айырсақ ұят болар,
Түнемей падишаға білдірелік.

Баланың һәр талапқа ерген жасы,
Қара шай, бір тілім нан — берген асы.
Жетелетіп біреуге айдаттырып,
Ап келді падишаға керуенбасы.

Байбатша айтты: — Ұстадық мұны жолдан,
1230 Бұлардың дәмесі көп жүгі молдан.
Өзгесі қашып кетіп, бала қалды,
Жойылмақ деме төртіп сіздің қолдан.

Патша айтты: — Қостамаймын ұры сүйіп,
Бастап па еңдер бар жүкті бұрын үйіп.
Баланы қонақүйге жеке енгізді,
Бағана көрген соң-ақ нұрын түйіп.

Ал ертең патша келді баласына,
Көрген соң тойды еншілес данасына.
— Нұрың кеше-ақ көңлімді жарып еді,
1240 Қимап едім керуеннің жаласына.

Ұрпақтан көңлім толмай менің алаң,
Не өтірік, не рас жеңіл жалаң.
Қазынамды берейін, бос қоймайын,
Туысың жарайды екен сенің, балам.

Өнер қойсын ба шығармай затын нағып,
Алды мүлдем патшаға жақын жағып.
Ең алғаш бұлайша жүріп көрді,
Жем салып, жома жарып, атын бағып.

Айттырмай тапты орнымен жайландырып,
1250 Қас қылған жоқ көңілді лайландырып.
Ретімен жұмысты алып кетіпті,
Атты қазақ орысша айландырып.

Атты үйретті, малша айдап қайырмайды,
Күн санап бала жағып байырлайды.
Қылса жұмысы, сөйлесе сөз[і] тойғысыз,
Ханым да, хан да көзін айырмайды.

Хан айтты: — Бұған шөп-шар тасытпалық,
Күтелік, қор қып көңлін ашытпалық.
Осы мына түрімен қайтсе де алды,
1260 Тегінде жат едің деп жасытпалық.

Ханым айтты: — Бала айланды еруіне,
Талапты түгел санап теруіне.
Ойлаңызшы, бос тұрған қызмет бар ма,
Бойына лайық қып беруіне.

Хан айтты: — Апшып өбден қазынашым,
Көтерер емес жұрттың базынасын.
Бала жас қой, ұстатсам деп ойлап ем
Осындай тиянақты істің басын.

Ал сүйтті де жидырды би мен бегін,
1270 Танып алды баланың зейін тегін.
Қуың құс боп ұшады қызметіне,
Білді өзіне бар жұрттың иілмегін.

Айтады: — Мына бір бала келді, халық, саған,
Қызметі бар күнде өніп шалықпаған.
Мен өзім мұндай адам, жұрт көргем жоқ,
Не ұйқы, не жүрістен жалықпаған.

Көрмей жүрме жақсыны жаман тыйса,
Құрбымнан іс тілеймін маған қиса.
Қазынашы қартайды, бала тұрсын,
1280 Мұным және, көп халық, саған сыйса.

Хан айтты: — Келдің, құрбым, ұлғайған
мол жасыңа,
Жұмысты қой, намазды ерт сен қасыңа.
...* жармысын жатсаң да жи,
Бала мінсін қызметіңнің бір басына.

Кім көнеді берем деп жолын жойып,
Ортадан алған жоқ па толымды ойып.
Балаға не қылса да алып берді,
Мөр басып жұрт түгел қолын қойып.

Қызметке бала мінді орындалып,
1290 Үлгертеді жұмысты неше налып.

* Бір сөз танылмады.

Жыл жарымда кең толғап патша келді,
Бұрын тұрған айында есеп алып.

Сол күнде-ақ қатар байлық базыналық,
Көтерілді көңілден назы қалып.
Есептің кінегесін оқып еді,
Болған екен бір өзі қазыналық.

Патша айтты: — Көрдім істің толқынғанын,
Бойыма құт секілді қорқынғаным.
Бағыма Құдай айдап қосқан екен,
1300 Сенің атың Бақтияр болсын, жаным.

Бірі айтты: — Осы бала не үшін енген,
Байқасақ залымдыққа түсі келген.
Падиша жұрт секілді көрмей кетті,
Мүлде айрылып барамыз ішім-жемнен.

Бірі айтты: — Күн үшін аяғына бас ұралық,
Пысық-ақ, бекер қайтіп жасыралық.
Бүгін кеш қонақ болып кетіңіз деп,
Қой сойып, арақ жиып шақыралық.

Сонан соң қойын сойып жиды арағын,
1310 Біреу айтты: — Жылдам бол, тез барамын.
Бақтиярға жиылып келмесін бе,
Ағаларың шақырады-ау, жүр, қарағым.

Көңілін шақырғанға және бұрды,
Байқайтын қыран еді-ау ана құрлы.
Қазынасын кілттеп бекітті де,
Қолына қылыш ұстай бала жүрді.

Балаға тағы бейнет жетер шыны,
Талаптың жаңа қонған есер шыны.
Құрметтеп бір сарайға кіргізді де,
1320 Суырды екі-екіден бөтелкені.

Қол сермеп кәпіде еліріп кетеді есіп,
Құяды ішкен сайын еселесіп.
Ақылын айғай жеңгенін білді дағы,
Шығарды қақпасынан жетелесіп.

Ал жөнелді қарайған тамға таман,
Бұрынғы өстіп қулықты сан жасаған.
Падиша түні бойы жатпайды екен,
Келеді саулап жанған шамға таман.

Баланың есін екі жармасын ба,
1330 Ол күнде ханға қастық арнасын ба?
Көз дегенің қып-қызыл, қылыш анау,
Түп үйге түнде кіріп бармасын ба?!

Падиша атып тұрды шошығаннан,
Ханымға айтты: — Уағдаң тосып алған,
Бұ секілді түн тұрғай жатып қалған,
Күндіз кірген көрдің бе осы жаннан.

Патша айтты: — Баланың жүрегі әбден
жеткен екен,
Араңа hәркім қызмет еткен екен.
Қазынасын, қатынын тегіс аламын
1340 Деп, бейшара өлшеусіз кеткен екен.

Патша айтты: — Таққа мінбек елмен екен,
Мынаның жүрегі әбден желген екен.
Тақсырласып тамсанып кіріп жатыр,
Әлгі қулар қақпаға келген екен.

— Жалғанда мендей адам зарлы ма екен,
Баланың ойы мүлдем қарлық екен.
Сендерге бұл ісімнің естілгені,
Аз ғана су ішердің барлығы екен.

Бірі айтты: — Кім кірді бұл уақытта қасыңызға,
1350 Кіріп пе ек ақ енгенше шашымызға.

Сырт айланып алған соң жеткені осы
Бала[м], балам дегенің басыңызға.

Бірі айтты: — Баланың бір қылығын табушы едік,
Жасқатып жұртты сырттан қағушы едік.
Аяғын өз көзімен көрмей қоймас,
Патшаға айтпаңдар деп жабушы едік.

Балаға бергеніңіз тәлім еді,
Білдірмей іштен жеген залым еді.
Нанбасаңыз, өзіңіз сұраңызшы,
1360 Сонысы ханымға да мәлім еді.

Патша айтты: — Көніп пе ем бұл мұрасқа,
Бала жауыз жеткен екен түбі басқа.
Шын халал жұфұтым болсаң, жасырмай айт,
Уәзірлер не деп отыр, бұл рас па?

Көтерілді ана он бес залым зорсып,
Есіктен төрге дамыл-дамыл шоршып.
Іші ашыды ақтауға жалғыз өзі,
«Рас» деді жанынан ханым шошып.

Олар күлер көңлінің тынғанына,
1370 Бала жылар өмірінің сынғанына.
Таң атқан соң бір бабы табылар деп,
Апарды да салдырды зынданына.

Уәзірлер Бақтиярмен егес құрды,
Падиша бұған ойын не деп бұрды.
Баланы ертең зынданнан шығар деді,
Бар жұртты түгел жиып кеңес құрды.

Арақтан айыққан соң бала келді,
Қайғы толып көңілін және керді.
Кірген жерден тағзым қып қол қусырып,
1380 Патшаға бала келіп сәлем берді.

— Әй, Бақтияр, алмаймын сәлеміңді,
Сен үшін жасыттым бар дәмелімді.
Ат жемнен қолыңды босатпас ем,
Басында білсем мұнша әлегіңді.

Бақтияр айтты: — Аз алал көп арамнан
бұғады екен,
Сынарда сүрткен күйе жұғады екен.
Ұлық пенен сәбиге амал бар ма,
Демінің ауған жағын ұғады екен.

Патша айтты: — Бақтияр, асты көңлің неден,
1390 Әншейін есіріксің жол білмеген.
Бір мені аман қойсаң болмас па еді,
Бейшара, ойың жоқ-ау өлдім деген.

Бақтияр айтты: — Жайлы орын алдың тақтан,
Ысылған адам емен телім баққан.
Алал қуып әділдік және қылар
Деп, үмітім өзің мен жалғыз Хақтан.

Жігіттер, басыңа нақақ жала байланбасын,
Сүйенген иең теріс айланбасын.
Әттеген-ай, дегенмен кетер ме екен,
1400 Отызға да келмеген қайран басым.

Бұл мирас ұлыққа һәркім жағатұғын,
Көз көрмей сырттан нақақ тағатұғын.
Іс аяғы Алладан айырылғанда,
Бармағын шайнап, санын қағатұғын.

Падишаң сенді өңшең тарапшыға,
Алал қуып алдынан таратты ма?!
Шаһардан бір салт кісі жолықпай ма
Бағана дүние кезген қарақшыға.

Олар кезген жан екен сахарасын,
1410 Тып-тыныш бәрің мұнда сандаласың.

Сендерден падишаға түскен бар ма,
Кетірді бейшараның бар шарасын.

Шіркін-ай, өзі нағып ысылған жан,
Бейшара зарлайды екен қысылғаннан.
Шаһардың іші-тысы шулап отыр,
Мұндай ұл не тусын деп мұсылманнан.

Өлтіргелі қылыш қайрайды екен,
Таяу келсе-ақ үлгі айтып сайрайды екен.
Патшаның жұртқа берген уәдесі,
1420 Ертең бала дарада жайрайды екен.

Шал айтты: — Қарызы менде емес пе оның, халық,
Далада енді бой күтіп қорынбалық.
Тіріде тіл қатысар болар ма екен,
Барайын бейшараның тонын алып.

Фарқы Сауар солай деп шыға салды,
Қосарға таңдап жүріп бір ат алды.
Келсе, жаңа дараға енген екен,
Байқа деп кім айтады мына шалды.

Бақтияр айтты: — Ісім Хаққа мәлім екен,
1430 Сыртымнан шаққан кісім залым екен.
Мұсылмандар, жарылып жол беріңдер,
Бейшара анау менің шалым екен.

Фарқы Сауардың тонды әкеп жырлағаны

Жол берді кісі жарылып,
Бала тұр жылап сарылып.
Жасыңнан көзіңді ашпадың,
Басыңнан бейнет арылып.

Бармысың тірі, құлыным,
Қуанып тұр ма зұлымың?
Хақ алдында сұрақта
1440 Қиярсың сен де жұлының,

Обалы болар десейші
Мұсылманның ұлының.

Төктірер шағып қаныңды,
Солар-ақ болсын нанымды.
Жүгіңді түгел көтеріп
Ұжмахи қылар жаныңды.

Барарсың, қалқам, ұжмаққа,
Көңіліңді Құдай сызды аққа.
Хабарың тиді, қарағым,
1450 Кешегі күні құлаққа.

Тұр екен басың жалада,
Күнә не, жұртым, балада.
Інжулі тонның ішінде
Шықсашы жаның далада.

Өсектің саған еруі-ай,
Патшаның жиып теруі-ай.
Ол құдықтан кез қылып
Алланың маған беруі-ай.

Көріп ем түйіп жөніңді,
1460 Жеткізді Құдай сынымды.
Аманат болып қалар деп,
Ап келдім, қалқам, тоныңды.

Рас-ақ, баладан сөз сұралмады,
Жұртының басы түгел құралмады.
Інжулі тон, ол құдық деген сайын,
Ханым да, хан да боздап тұра алмады.

Хан айтты: — Жұртты түгел қайырыңдар,
Шалым, сенің аз ғана зайырың бар.
Бейшара баласы әбден шөлдеп өлді-ау,
1470 Енді екеуін жылатпай айырыңдар.

Патша айтты: — Ханым, жаңа ашылды сенің үнің,
Қолыма қайта айланып келді мұңым.
Жұртым-ау, мына шалың не дейді өзі,
Айтқаны бастан-аяқ менің күнім.

Сен шалдың ести сала шабуың шын,
Ол құдықтан кез қылып табуың шын.
Құданың бергеніне айналайын,
Менің осы тонменен жабуым шын.

Бақтиярдың шешесінің жырлағаны

Тауысты кеңес ұсақтап,
1480 Сөзді бөлді бұтақтап.
Шешесі байғұс жылайды-ау,
Баласын бара-ақ құшақтап.

Сен бе едің менің пырағым,
Біз көрдік жолдың жырағын.
Белгісіз кете жаздаппын,
Артымда жанған шырағым.

Сұраңыз деді ханымнан,
Қалып еді тілім нанымнан.
Айтқаным рас, қарағым,
1490 Шошыған соң жанымнан.

Таң ата зарлай келуші ең,
Сыртыңнан қайғы жеуші едім.
Осындай ұғыл тапқанның
Арманы бар ма деуші едім.

Мыналар шақты төндіріп,
Патшаны мүлде көндіріп.
Жоғалтам деді-ау өңшең қу,
Бұйрықсыз отты сөндіріп.

Тергеуге бір ай алғыздым,
1500 Тірідей көрге салғыздым.

Айланып келіп табуы-ай
Қызырым қосқан жалғыздың.

Фарқы Сауар ол жатыр жылап талып,
Балқыды сөз түгел тыңдап халық.
Екеуін екі жаққа айырады,
Бір маңызды адам түу шеттен шыға салып.

Сонда айтады әлгі адам:
Қой, манаптар, жылама,
Мауықтарың басылған,
1510 Қауіптерің қашылған.
Нәсіпті теріп тауыпсың,
Тағдырда сыртқа шашылған.
Адамзат тұрғай, шырағым,
Мұхит та тасып басылған.
Бәлелерің ажырап,
Дәулеттің кілті ашылған.
Бала, сен тоқта, шүкір қыл,
Өзі нәби Жүсіптің
Кәсібі қайда шашылған.

1520 Солардың да, шырағым,
Сабырмен толған бағасы.
Бұ күнгі басып тұрғаның —
Бақытты жолдың жалғасы.
Ес ауған күнде не болды
Жүсіптің он бір ағасы.

Өмірім мұнша сынды деп,
Көңліңді кімге балайсың.
Қой демей, әке-шешеңнің
Ақылын мұнша талайсың.
1530 Шырағым, мұның балалық,
Пайғамбардан қалайсың.

Көрсетті Құдай шыныңды,
Қимаушы ем сырттан сыныңды.

Дарадан қалып далада,
Аламын деп пе ең тынымды.

Бәленің бітті жарасы,
Көрінді істің арасы.
Құр қайтар ма екен он бестің
Саған деп құрған дарасы.

1540 Әлгі қарт жүйеледі мол қайырып,
Қолдап жатыр тәуабын тон жайылып.
Әсіресе ханым мен Бақтиярды
Памдаттан шалқар түсте болды айырып.

Тоқтатты әлгі қарттың сөзі басып,
Әйтсе де көп егілді өзі жасып.
Бақтияр бойын жиып, көңілін тыйып,
Халыққа сәлем берді-ау көзін ашып.

Ағалар, шын ба менің тірі екенім,
Рас болса нақақтың бірі екенмін.
1550 Халық түгел басында-ақ түйген шығар
Мырзалардың жапсырған кірі екенін.

Қарт айтты: — Жетті, қалқам, ақырыңыз,
Қасты тастап халысты шақырыңыз.
Сеніңмен қырық, көп жұртың бірге еңіреген,
Дұға қылған байымыз, пақырымыз.

— Жайылды түрлі жаққа бұл хабарым,
Ат жемінде махбұс жүрдім жұма жарым.
Мысқалдап түннен күнге айналдырған,
Көп сенің әмин деген дұғаларың.

1560 Ағалар, жиылушы ең таң жарымнан,
Жан шошынып халыққа сан барылған.
Осы айтқаның ып-ырас, дұғаңды қып,
Ақтауға қорқушы еңдер хандарыңнан.

Көрсетпес талап болса пенде арығын,
Бір болмай қалды жолда сан зарығым.
Жиырманы, отызды зынданда жеп,
Қырықта Алла тапсырды-ау таң жарығын.

Түбінде аққа қара жетпейді екен,
Арам құрғыр алты-ақ күн ептейді екен.
1570 Өз ниетің Аллаға мағлұм болса,
Кісі сүрткен күйеден кетпейді екен.

Қырық қылды ана он бес мазақ, ермек,
Бос қуандым хан әділ, таза жер деп.
Қанеки, көрдіңдер ме бар ма екен жұрт,
Құдіретсіз құлға құл қаза бермек.

Бақтияр кеңдеді, жай сермеді,
Айтқан сайын әлгі он бес бай терледі.
Бағана алғашқысы түсіндей боп,
Падиша бойын жиып қайта еңіреді.

Патшаның жырлағаны

1580 Жылайды сонда падиша,
Сөзімді тыңда, жараным.
Мен көтердім көп күнәһ,
Алып кете жаздады-ау,
Он бес қу, сенің араның.
Иншалла, міне тарқады
Талайғы көрген бараным.
Орны немен толады
Нақақ салған жараның.
Ақылын қайтіп таптың, жұрт,
1590 Өздерің құрған дараның.

Памдаттан сөйлеп бір сөзді,
Татушы ең қорек бесінде.
Тамсанумен қайтушы ең
Ақшамның батқан кешінде.

Іс аяғы Алладан
Деуші едің, соның есімде.

Бой алдың таяз арыққа,
Көнбеген кім бар салыққа.
Сол айтқаныңның аяғын
1600 Берді Алла жарыққа.

Алып кете жаздады-ау, қуыршағым,
Білмеппін сөздің бұлтағын.
Туысыңнан бір ауыз
Сыр бермедің, ұрпағым.

Шашылмай түгел қон, халық,
Шағымды түгел болжалық.
Өлтірген соң артынан
Шал келсе, жұртым, тонды алып.
Ал сонда не ақыл табар ең,
1610 Қайғымды қайтіп жабар ем.
Бармағым, ернім шайналып,
Әттең, құр жер сабар ем.

Қалар ма сонда бойымда ар,
Тарқағанды қойыңдар.
Жалғызым таққа мінгізем,
Сегіз күн ұдай тойым бар.

Ал, Бақтиярға таң атты қауіп қашып,
Ән салды жұрт, күй тартып, сауық шашып.
Ханым да, Бақтияр да, падиша да
1620 Шүкірлік қып кеңесті мауық басып.

Баланың бұлты ашылып бағы жеңді,
Жұбабы анау балқытты тамам елді.
Анлар әбден мауық басқаннан соң,
Фарқы Сауар тұра алмай тағы келді.

Фарқы Сауардың екінші жырлағаны

Кетті ме, қалқам, тажалың,
Еруі-ай нақақ жазаның.
Мені айдап саған ап келді,
Кебіндеп Алла ажалың.
Әлі де, балам, Алла де,
1630 Аяғын не деп жазарын.
Сергіген соң бұл қулар,
Орыңды немен қазарын.
Тұяқсыз кеттім дегенде,
Жасымды тыйған базарым.

Рас па, қалқам, қалғаның,
Түс болды-ау сенің жалғаның.
Әділдігін қара, жұрт,
Айналайын Алланың.

Мені айдап қосты Құдірет,
1640 Адамнан ақыл сұратпай.
Он бес тұр түгел бүгіліп
Кермедегі құр аттай.
Әділдігі осы Алланың,
Тонды әкеп ханға көрсеткен,
Қаз қалпын қуратпай.

Тарқаң, қалқам, зіліңнен,
Қызырдан дұға ілінген.
Тонсыз сені дарадан
Алар ма едім тіліммен.

1650 Бақтияр айтты: — Арманым менің қалың,
Әлі де байқағанға демім жалын.
Иншалла, өзге жара тегіс бітті,
Соның қайтып толады-ау сенің, шалым.

Шал айтты: — Қарағым, жамандықты
қалдыралық,
Жұбапты орны-орнына салдыралық.

Сен қағаз жаз, падиша мөрін бассын,
Ағаларыңды түгел тойға алдыралық.

Далада жатыр өңшең пақыр ағаң,
Теріп жүрген ризығы шашыраған.
1660 Қырыққа шырақ болған қарағым деп,
Желге, күнге тигізбей асыраған.

Иншалла, келді, қалқам, нақ тазалық,
Оларға келді уақыт мақтанарлық.
Қосармен бір ептілеу жігіт барсын,
Мөр басып сенгендей қып хат жазалық.

Ал Бақтияр хат жазды аналарға:
«Қырық күн түк тапқан жоқ паналарға.
Ортада көрген мұңым келер емес,
Қол теріп ауыз айтып саналарға.

1670 Ағалар, күнім шығып, атты таңым,
Құдірет су сепкен соң жатты шаңым.
Халық жеңді, хан өмір қалай қылар,
Маған ажал іздеген өңшең залым.

Тура қырық күндей мазам кетті,
Сыртымнан шықпайтын ор қазам депті.
Құдай айдап тонды алып тура бастап,
Дәл дараның түбінде дадам жетті.

Ағалар, енді алды-артым көрінді ашық,
Быт-шыт боп бәле үркіп кетті қашып».
1680 Фарқы Сауар қол қойды сендіруге,
Азатбақыт падиша мөрін басып.

Көңілі шат, қызық пен той барша халық,
Он бес жүр құрсауланып шабанданып.
Түс шенінде ол құдықтан табамын деп,
Қосармен кетті біреу қағаз алып.

Хат қойнында, бір қосар ат жанында,
Таяп кеп қонды күннің батқанында.
Ал ертең құдықтан таппасын ба,
Астында шалқар түстің жатқанында.

1690 Жұлындай боп көрінді бір жалғыз шаң,
Онда олар аз нәрсені қылмайды таң.
Өзіндей екі есеге қамданады,
Оныңа, отызыңа жылмайды заң.

Ол күнде жүрісі аттың күшінде ақыр,
Сөз сермеулі тілінің ұшы батыр.
— Мырзалар, артым таза, қарамаңдар,
Мен бейбіт, — деп атынан түсіп жатыр.

Болғанша шығарсын ол демін нағып,
Сиқыр ма деді олар қимыл қағып.
1700 «Мырзалар, сүйінші» деп анда-санда,
Көрісіп болды қуың жымың қағып.

Хабаршыға келгеннің жырлағаны

Деп алыстан айтады:
— Сөзімді тыңда, мырзалар,
Мен дәулеттің хабары,
Өмірлерің шырғалар.
Қырық азамат, сүйінші,
Қызыққа мейілің бір қанар.

Көрдіңдер салдың ұдайын,
Бізге мағлұм бұл жайың.
1710 Балаларың ұстап тұр
Төрт түліктің ұдайын.

Айтқан сайын отырлап жібермейді,
Талапсыздың жұрт атын білер ме еді.
Балаларың деген соң түгел босап,
Бейшаралар күңіреніп жылай берді.

— Қарағым, бізден кеткен жалғыз жарық,
Бұлтша шөгіп көңілде қалды зарық.
Қонағым, сөзіңді ашып түгел ұқтыр,
Қыдырша тұрсың бүгін нағып дарып.

1720 Әлгі айтты: — Отырыңдар, сөз құралық,
Еңіреді зарығыңа жұрт бұралып.
Әуелі мына хаттан тіл алыңдар,
Қалғаны болса ауызша ұқтыралық.

Хатты ашса, бастап айтты Құдайдаттан,
Қырық күнін түгел сап ұдай жатқан.
Ағалар, Құдіреттен әділдік кеп,
Айықтым таңым атып бұл ғайыптан.

Түгел кел іркілместен жарығыңа,
Көз көрмей нанбайсыздар зарығыма.
1730 Иншалла, Қыдыр бүгін дұға берді
Жомарттықтан шайқаған арығыңа.

Ағалар, бастапқы атым өзің қойған,
Қырық күн жас тұрмастан көзімді ойған.
Туралық жолдас болса пендесіне,
Болмайды екен бой тартып сөзін жойған.

Балқыды ағалаған хат зарына,
Жетті көз әлі тірі, нақ барына.
Түгел санап оқуға бой тоқтатпай,
Жабылды жылай-күле аттарына.

1740 Сол күнде-ақ қызық болып желіктірді,
Құдірет құлға құлды теліттірді.
Аттанып ара қонып ертеңінде
Әскерше жарқ-жұрқ етіп келіп кірді.

Әскердей келіп кірді жарқыл қағып,
Қайғылары түп-түгел сарқылды ағып.
Он бесі тұр сойылатын малша иіліп,
Көріңдер ақ-қараның артын бағып.

Сол күнде-ақ амал құрғыр таюлы екен,
Алалдың түбі сайып баюлы екен.
1750 Аттарынан түгел түсіп жаяуласты,
Кіретін көше атласпен жаюлы екен.

Жеткен бар Құдай демей араны ашқан,
Келіп кірді күні ертең тарамастан.
Бір кәрісі бас салды Бақтиярды,
Сәлем алып беруге қарамастан.

Отыз тоғыздың бір ақсақалының жырлағаны

Қарағым, тірі бармысың,
Ҳәр істің көрдің жармысын.
Жыр тұрғай, жөн сөз біліп пе ем,
Қатылған тілдің зарлысын.

1760 Жамағат, сөкпе, шерліміз,
Сөйлеуге мұрса бердіңіз.
Осымен екі жібіді
Кезерген күнде ерніміз.

Бұл не-дүр мұңнан сау халық,
Артылып сөйлеп аумалық.
Құдірет қосып құдықтан
Алты жыл сүйдік тауып алып.
Бүгін кеп сүйдім, халығым,
Біз көрдік күйдің шалығын.
1770 Өткенді термей қоялық,
Артқы ағаң түгел көріссін,
Шүкірлік етіп қоялық.

Тұрсын жұрттың босамай сырты нағып,
Сынап жатыр ойшы ойлап, жыршы бағып.
Өзгелері көрісіп қысып-қысып
Бейне бұршақ жас көзден тұрды ағып.

Қартайып кетті бізден дәрменіміз,
Арылды бойымыздан арманымыз.

Бақтияр таққа мінсін, жамағаттар,
1780 Қол жайып дұға қылсын шалдарыңыз.

Ал Бақтияр тақ мінді бағы толып,
Қара қылды қақ жарған әділ болып.
Әмин деген ықыласы жеткізді ақыр,
Дос көбейіп дұшпанның сағы солып.

Той болып үлкен жұрт сапырылып,
Дірілдеп дұшпан шөп боп жапырылып.
Ажал ма екен, жоқ па екен, байқаңдар,
Анау он бес келеді шақырылып.

Дараға жұрт шықты төбеленіп,
1790 Сенделіп он бесі шықты әумеленіп.
Бейшаралар малша келіп қарап тұрды,
Бағасы шорт кесіліп саудаланып.

Он бесін айдап келіп тергеуге алды,
Ұялғаннан бастарын жерге салды.
Падиша қылыш қайрап өлтірем деп
Бек хан да ашу қылып қаһарланды.

Падиша қаһар қылып састырыпты,
Құлдық деп өңшең залым бас ұрыпты.
Қанды қанмен жумаңыз[деп] Бақтияр,
1800 Он бесті тілеп алып жасырыпты.

Ертең кеңес қылады Бақтияр кеп,
Жанын иман мен қасам желіп.
Һәр болысқа таратып мөр басалық,
Ақылға осы болды-ау толымды еп.

«Бақтияр» үшбу жерден тамам болды,
Қас қылған дұшпандары аман болды.
Зейін, өнер Құдайым бәрін беріп,
Жасында-ақ патшазада кәміл болды.

Һәр болысқа мөр басып таратыпты,
1810 Ақылын Бақтиярдың жаратыпты.
Бақ беріп жасынан-ақ Құдай қалап,
Бар жұртты өз аузына қаратыпты.

Қаратты өз аузына жұртты билеп,
Һәр уақыт жақсылықтың жолын күйлеп.
Пәтшағарлар қас қылған жауыздарды
Құдай берді қолына нанша илеп.

Құдай-а, сондайдардан өзің сақта,
Не қылса да әмірі жалғыз Хақта.
Қысасқа қысас қылмай қоя берген,
Асылзат деп, жамағат, соны мақта.

Жамағат, тамам болды, қолыңды жай,
Һәркімді өстіп жеткізсін патша Құдай.
Нәшірі, сіздерге де мағлұм болсын —
1824 Бектуған, әкесі деп Сиқымбай.

قصهء شاکر شاکیرت پادشا ه هاشیم بالالاری

Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары

Қолыма қалам алдым хат жазғалы,
Бірталай заман болды халық азғалы.
Тыңдаңыз құлақ салып, жамағаттар,
Дейтұғын Шәкір, Шәкірат сөз қозғалы.

Бақтияр* тек отырып зар еңіреген,
Ғаріп басым жалғаннан өттім деген.
Жамағат, құлақ салып тыңдап отыр,
Бар екен бір падиша Һашым атты.

Бір падиша бар екен Һашым атты,
Ел-жұртына бек әділ, салтанатты.
Шәкір, Шәкірат дейтұғын екі ұғлы бар,
Әйбәтті балалары балдан тәтті.

Һашым атты падиша әуел баста
Һеш зияны жоқ еді қарындасқа.
Балаларын бек жақсы көреді екен,
Біреу он үш, біреуі он бір жаста.

Һашым патша өзі бек мерген екен,
Ол екі баланың шешесі өлген екен.
Шәкір, Шәкірат дейтұғын екі бала
Жас күнінен жетімдік көрген екен.

Шәкір, Шәкірат шешесі өліп қалған,
Падиша бір жас қатын тағы да алған.

---

* Бақтияр есімі, оған байланысты суреттеулер шығармада үш рет кездеседі [5,1702-1770,2971-2994-жолдар]. Ол туралы кітаптың 345-349, 353-беттерінен оқыңыз.

Әкесін көрісініп әлгі талақ
Ең кішісі Шәкірге ғашық болған.

Мұның ғашық болғанын бала білмес,
Ғашым патша әкесі және білмес.
Әлгі талақ балаға ғашық болып,
Құса болып жүреді ертеңді-кеш.

Ағасы Шәкірат бір күн аң аулады,
Бес жүз әскер қасына ертіп алды.
Әкесі және аңға кетіп қалды,
Шәкір бала үйінде жалғыз қалды.

Әкесі ол күн аңнан келе алмады,
Ағасының хабарын біле алмады.
Шәкір бала тамаққа тойып алып,
Мамық төсек үстінде ұйықтап қалды.

Сұм шешесі орнынан тұрып келді,
Жамандықты көңілге салып келді.
Ұйықтап жатыр еді Шәкір бала,
Жап-жалаңғаш қойнына кіріп келді.

Шәкір бала оянды көзін ашып,
Кіші шешесі бауырында жатыр басып.
Өз шешесі екенін білгеннен соң,
Шәкір бала бұлқынды асып-сасып.

— Әй, қарағым, бұлқынба асып-сасып,
Айналайын, мен болдым саған ғашық.
Іші-бауырым елжіреп бара жатыр,
Қарағым, бір жатсаңшы мауқым басып.

Сен маған лайықсың, айналайын,
Қартайған сұм әкеңді не қылайын.
Сұм әкеңе у беріп өлтірейін,
Не қылсаң да қарсыңда мен тұрайын.

Шәкіржан бұ сөзіне шыдамады,
Шешесінің аузына қойып қалды.
Жап-жалаңғаш сытылып тұра қашты,
Ол шешесі тыпырлап ойбай салды.

Шәкір бала жалаңғаш қашып кетті,
Ол шешесін Құдайым бейшара етті.
Аңын аулап, ол күні түзге қонып,
Ертеңгі күн падиша жетіп келді.

Келе қатын жылауда, шашын жайған,
Екі беті жыртулы, ойбай салған.
Аузы-мұрны қан болып отыр жылап,
Падиша «не болды?!» деп қайран қалған.

Патша айтты: — Не болды, қатыным, саған,
Басыңа не іс болды, айтшы маған?
Патшаны көргеннен соң өршеленіп,
Өксігін баса алмады ойбай салған.

Ханым айтты: — Басымдан кетті бұлым,
Қойныма қолын салды Шәкір балаң.
Алмайсың деп шиедей қылып кетті,
Кәріге тиген менім қандай сорым!

Төсекте жатыр едім келді маған,
«Не ғып жүрсің?» деп жауап бердім оған.
Өз шешесі болсам мен бүйтер ме еді,
Өгейлігін білдірді Құдай ұрған!

Балаң айтты: «Сен де жас, мен де жаспын,
Саған ғашық боп жүрген мен бір маспын.
Әкемді тез өлтіріп, сені алайын,
Кәріге сені қор ғып не қылайын».

Сөйтті дағы үстіме қарғып мінді,
Тақымынан бұлтарып кеттім ырғып.
Сен менім айтқаныма көнбедің деп,
Аузым менен мұрнымды кетті дал ғып.

Дауыстап ойбай салдым түсіп қашып,
Жап-жалаңғаш жөнелді асып-сасып.
Қуып едім соңынан, ұстатпады,
Киімінің бәрін де қалдым басып.

Ей, патша, өзің қылсаң мені қатын,
Ол ұғылыңның естідің айтқан сөзін.
Харам туған ұғылыңды өлтірмесең,
Бұл жалғанда кетпейді тоқал атым.

Ей, патша, балаң сөйтіп қылды мазақ,
Қорлық қылып басыма салды азап.
Балаң, өзіңе тең қатын болып,
Қор болғанша бір жаққа кетем ұзап.

Падиша бұ сөзді естіп қаһарланды,
Жендеттерін шақырып жиып алды.
— Шаһардан тысқа апарып, харамды өлтір,
Бауызда! — деп жендеттерге жарлық қылды.

— Жендеттер, басын кесіп өлтіріңдер,
Көйлегін қанға бұлғап келтіріңдер.
Жазасын адам пенде есітпесін,
Бір сағатта жоқ қылып келтіріңдер!

Шаһардан тірі шығар, тысқа апарып
Басын кесіп, өлтіріп кел ішін жарып.
Жендеттер арқан тағып ап жөнелді,
Зар-зар жылап жөнелді байғұс ғаріп.

Жендеттер ап жөнелді ортаға ала,
Зар-зар жылап барады ғаріп бала.
Падиша бір ауыз сөз сұрамастан
Қатынның тіліне ерді, бар ма шара?!

Жендеттер айдалаға алып келді,
Жендеттің өлтірерін бала білді.
— Бір қасық қанымды қи, өлтірме, — деп,
Жендеттерге жалынып зарлады енді.

Шәкірдің жырлағаны

Жендеттер, мені өлтірме,
Жаныма қаза келтірме.
Ҳеш жазығым жоқ еді,
120 Шағым тілмен келтірме.

Бұ дүниеден кетермін,
Шын дүниеге жетермін.
Мені өлтірме, жендеттер,
Арманда боп кетермін.

Өлтірсең сендер өткенім,
Шын дүниеге жеткенім.
Аң аулап кеткен ағама
Амандаспай кеткенім.

Ағам кетті аң аулап,
130 Бес жүз ермен жау жаулап.
Сұм шешемнің ішіне
Шайтан жақты от қаулап.

Шешем өлген жетім ем,
Шерлі болып кетіп ем.
Өгей шешем тілін ап
Мен өкеме нетіп ем?!

Күнәсіз өскен баламын,
Арманда боп барамын.
Жаны ашымас сұм шешем
140 Өлтіртті жалған жаламен.

Қатын тілін шын көрді,
Мұнын үлкен мін көрдім.
Бір ауыз сөз сұрамай,
Бейкүнә әкем өлтірді.

Арманым қатты, дертім зор,
Өгей шешем қылды қор.

Өз шешемнің жоқтығы,
Маңдайымда қалды сор.

Жалған өсек бойыма ар,
Аң аулап кеткен ағамды
Бір көруге болдым зар.
Өлтірме мені, жендеттер,
Бәрің де мендей болыңдар,
Жазықсыз мені өлтірсең,
Балаларың болар зар.

Менім тілім алыңдар,
Мені бір жолға салыңдар.
Көйлегімді қан қылып
Атама алып барыңдар.

Атамның көңілі басылсын,
Жұмылған көзі ашылсын.
Дүниеде қор болып,
Дүниелігі шашылсын.

Қаныма ортақ болмаңдар,
Обалыма қалмаңдар,
Жазықсыз едім, жендеттер,
Бұ зарымды тыңдаңдар.

Көзімнің жасын көріңдер,
Маған бір тілек беріңдер.
Ҳеш жазығым жоқ еді,
Тіліме менің сеніңдер.
Құдай үшін кешіңдер,
Мойнымдан арқан шешіңдер!
Мен ғаріпке сауап қыл,
Жақсылық жолға түсіңдер.
Тіленді деп сөкпеңдер,
Обалыма ортақ боп,
Қанымды жерге төкпеңдер.
Өлтірдік деп өкеме,
Өтірік айтып барыңдар.

Өгей шешем не қылсын,
Әкемнің жері кеңейсін,
Көңілі өсіп семірсін.
Жендеттер, мені қоя бер.
Қиямет жолына айдарлар,
Жалғандан сендер өтерсің
Алдарыңа қазған көр,
Жендеттер, бәрің өлерсің,
Тас-таразы көрерсің
190 Жазықсыз мені өлтірсең,
Періштелер сұраса,
Не деп жауап берерсің?!

Бұ сөзімді тыңдаңдар,
Жаныма жапа қылмаңдар.
Шағым тілмен өлтіріп,
Қаныма ортақ болмаңдар.

Мен бір жаққа кетейін,
Мұнда тұрып не етейін.
Обалымды сендер көтерме,
200 Тентіреп өзім өтейін.

Бейшара осылай деп көп жалынды,
«Жендеттер, мені өлтірме», — деп жалынды.
Жендеттер өлтіруге көзі қимай,
Бәрі бірдей жыласып бек зарланды.

— Шырағым, көп жылама, өлтірмелік,
Басыңа қатты азап келтірмелік.
Құлақ естіп, көз көрмес бір жаққа кет,
Әкеңе өлтірдік деп білдірелік.

— Жендеттер, бір құрақ бер енді маған,
210 Тәңірі алдында разы болдым саған.
Тірі болсам жалғандан қайтарармын,
Өліп қалсам, Аллаға не-дұр шарам.

Бұ жендеттер жұдырықтай алтын берді,
Бәрі бірдей жаны ашып есіркеді.
Бір қой сойып көйлегін қанға бұлғап,
Шәкірді жап-жалаңғаш қоя берді.

Жендеттер падишаға қайтып келді,
Көйлегін қанға бұлғап алып келді.
Падиша көйлектегі қанды көріп,
Қайғы отын шығарып «уh!» деді.

Шәкір бала жүгірді жап-жалаңғаш,
Бұ сөзді ұғып отыр, ей, қарындас.
Үш күн, үш түн жүгірді зар-зар еңіреп,
Көзінен аққан жасы қан аралас.

Ағасы Шәкірат аңнан келе жатып,
Құлағына бір дауыс естіледі.
Қарап тұрса, бір адам жап-жалаңғаш
Жүгіріп келе жатқан көзі көрді.

Жіберді бір жолдасын Шәкірат бала,
— Бұл адам неткен адам, барып қара!
Бір адам шылбыр қағып шауып кетті,
Өзгесі тамаша етіп қарап тұрды.

Ол адам қатты шауып жетіп барды,
Шәкірмен аз сөйлесіп хабар алды.
Шәкірден өзге сөзді көп сұрамай,
Таныған соң жалбырап қайта шапты.

Ол адам айғай салып атау берді,
Атау беріп жүргенде олар көрді.
Шауып барса, Шәкіраттың өз інісі,
Атынан қарғып түсе зар иледі.

Шәкірат түсе зарлады аттан қарғып,
Екі көзден жас кетті ырғып-ырғып.
Көргенден соң [Шәкірат] жаны ашып,
Інісін құшақтады барып зар ғып.

Шәкіраттың жылағаны

Қарағым, саған не болды,
Не бәле болды бұ түрлі?!
Ah дегенде лебізің
Жүрегімді солдырды.
Сұм жүрегім жарылды,
250 Бұ кең дүнием тарылды.
Айтсаңшы, қалқам, зарыңды,
Ішіндегі барыңды.
Жұмақтайын жайнады,
Көңліме қайғы байланды.
Болған екен зор бәле,
Сорым менім қайнады.

Қайғы түсті басыма,
Зарлық деген осы ма.
Жанымды құрбан қылайын,
260 Көзіңнен аққан жасыңа.

Қарағым, қалқам, бауырым,
Нұрлы туған бауырым.
Не болды, қалқам, айтсаңшы,
Жерден жылмас жауырым.

Жапанда жүрдің зар қылып,
Киімнен мұздай айрылып,
Қанатыңнан қайрылып,
Жасыған жездей майрылып.

Киімің жоқ, жалаңғаш,
270 Екі көзден ағып жас,
Не зор бәле іс болды,
Жылама, бауырым, мауқың бас.
Анадан жетім қалдық жас,
Зарлансақ ана табылмас.
Мұңыңды айтшы, ей, қалқам,
Естісін мынау қарындас.

Әкең сенің ұрды ма,
Өгей шешең қылды ма,
Тілі тиіп біреудің,
280 Сағың жаман сынды ма?

Кім сындырды сағыңды,
Қандай адам бүлдірді,
Сені қылған қай дұшпан,
Ішімді оттай күйдірді.

Көңліме салдың түйінді,
Айтпасаң жауап қиын-ды.
Ұры тонап алды ма
Үстіндегі киіміңді?

Табаның жерге тигізіп,
290 Маңдайың күнге күйгізіп,
Сені қылған кім, қалқам,
Айтсаңшы маған білгізіп!

Сен өлген жерде өлейін,
Сенсіз не күн көрейін,
Зарыңды, қалқам, айтсаңшы,
Әбден естіп білейін.

Ағасы сөйтіп айтып көп еңіреді,
Шәкір інім, сырыңды айт деп еңіреді.
Бір заманда ес-түсін жиып алып,
300 Көргенін бір-бірден хабар берді.

Шәкірдің жырлағаны

Қарағым, қалқам, ағекем,
Өлшеулі күнім бар екен.
Тірі сені көрсеткен,
Аллаға ісім ақ екен.
Көремін сені деп пе едім,
Көкейімнен кетпедің.

Кетеріңде біреуге
Неге тапсырып кетпедің?

Көремін деген ойда жоқ,
Хасылым бойда жоқ,
Мен сор-ау не көрмедім?
Күйіп-жанып болдым шоқ.
Сен кеттің, ағам, аң аулап,
Сұм шешенің ішіне
Шайтан жақты от қаулап.
Әкем кетті бір жаққа
Алыс кетті ұзаққа,
Мен сорлы үйде қалам деп,
Қалдым мұнша азапқа.

Шешемді Құдай ұрыпты,
Маған ғашық болыпты.
Көңілін маған аударып,
Шайтандық жолға түсіпті.
Төсекте жатсам ұйықтап,
Біреу келді қойныма,
Шынтағымен итеріп.
Ұстай алдым қолынан,
Білсем еді бұрыннан,
Шешем екенін танысам,
Адасып жүрген жолынан.

Шешем айтты: «Мен едім,
Жаным, тәнім сен едің,
Саған бұлай не болды?
Ішқұса болып жүр едім.

Кәрі әкеңе тимеймін,
Кәрілікті сүймеймін.
Өлтірейін у беріп,
Саған тимей өлмеймін
Шыдай алмай дертімнен,
Танбаймын қылған сертімнен».

Айқайлады құшақтап,
Отым шықты бетімнен.

Тұра қаштым төсектен,
Қашайын деп өсектен.
Тұра сала бір қойдым,
Жұдырықтай кесекпен.

Тұра қуды жалаңбас,
Тұра қаштым жалаңғаш.
Беті-аузым шаяды,
Екі көзден ағып жас.

Жете алмады ойбайлап,
Екі бетін ап тастап,
Жап-жалаңғаш бір үйде
Жатып алдым жан сақтап.

Шашын жайып жылаған,
Көзі-басты бұлаған.
Екі түсте өкем кеп,
«Не болды?!» деп сұраған.

«Не болғаның құрысын,
Балаң екен ырысың.
Балаң қатын қылды деп,
Ішім қайтіп жылысын.
Далада қаңғып жүресің,
Мен қалармын күйігіңе,
Балаңнан сен өлерсің.

Ғашық боп маған жүр екен,
Іші толған кір екен.
Сені өлтірем дей екен,
Жетім — жаудың бірі екен.

Балаң маған қол салды,
Есітпеген жол салды.

Жатқан жерден қосақтап,
Бұл не деген заң салды?!

Тұра қаштым төсектен,
Қашайын деп өсектен.
Кетпейсің деп бір қойды,
Жұдырықтай кесекпен.

Аузы-мұрным қан болды,
Үсті-басым дал болды.
Жоқ сұмдықты шығарып,
Бұ не деген заң болды?

Тұра қаштым ойбайлап,
Бетімді жырттым ойбайлап.
Даусымды естіп бір адам
Келер ме деп айғайлап.

Балаң қашты жалаңғаш,
Соңынан құдым жалаң бас,
Даусымды естіп оянып,
Түнде келмеді жан қарындас».

Шешем шықты бұлай деп,
Балаң жайы солай деп.
Ашу қылып кіруге,
Жастан қосқан Құдай деп.
Қатын тілін жақ көріп,
Мұнын үлкен мін көрді.

Әкем менен бір ауыз
Сөз сұрамай ақырды,
Жендеттерін шақырды.
Жүзіқара қатыны
Дүниені сапырды.

Жендеттері жүгіріп,
Қолдарын тұтып жүгініп,
Қаһарына әкемнің жолығып,
Ойымнан кеттім жаңылып.

Жарлық берді жендетке,
Айтқанымды қоста деп,
Баламды дереу ұста деп,
Көшеден тысқа шығарып,
Өлсін, сойып таста деп.

Шешем мас боп кенелді,
Көңілі тынып теңелді.
Арқан тартып мойныма
Жендеттер алып жөнелді.

Жендеттерге жалындым,
Көп жалынып зарландым.
Бір көре алмай кеттім деп,
Ағекем, сені сағындым.
Өлерімді аңладым,
Жендеттерге жалбардым.
Киімсіз ғып қу кедей,
Жаныма қаза кетірді,
Жендеттер мені есіркеп,
Қоя берді өлтірмей.

Қалған соң жаным кенелдім,
Ғаріп болып жүдедім.
Жендетке қайта жалынып,
Азық бер деп тіледім.

Алтын берді бір жендет,
Мұндай қылған Құдірет.
Үш күн, үш түн жүгірдім,
Ағеке, көрдім көп бейнет.

Үш күн, үш түн жүргенім,
Дамылсыз жүріп келгенім.
Бастан-аяқ, ағеке,
Осы менім көргенім.

Шәкіржан бар сөзді айтып зар жылады,
Ағасы бәрін тыңдап ұғып алды.

Бұ не деген зор бәле іс болды деп,
Шәкіратжан жолдасына ақыл салды.

Шәкіраттың жырлағаны

440 Ей, жолдастар, жолдастар,
Жеңі ішінде сырластар.
Жаны жанға қосылған,
Жаннан тәтті мұңдастар.
Бері таман келіңдер,
Бұ сөзім естіп біліңдер.
Жалған айтпас Шәкірім,
Бұ іске нанып сеніңдер.

Шешем[із] жоқ жетім ек,
Шерлі болып кетіп ек.
450 Өгей шешем тілін ап,
Әкемізге не етіп ек?

Әкенің ісі көп екен,
Шешесіз күн жоқ екен.
Өгей шеше дегенің
Ажалға тұрған оқ екен.

Әкеден бала озар ма,
Аналы бала тозар ма?!
Өз шешеміз бар болса,
Қаласын бүйтіп бұзар ма?

460 Құдай алған анасын,
Әкемнің алған санасын.
Алмаса Құдай санасын,
Бізді неге қаласын.
Өгей шеше қарасын
Көңліндегі аласын,
Өгейлігін білдіріп,
Балаға жапты жаласын.
Қатынның тілін ақ қылып,
Өлтіртті әкем баласын.

470 Жолдастар, бұған амал не,
Табыңдар сендер шарасын.

Баяғыдай болар ма,
Пайтағына қонар ма?!
Бір қаңғырған іс екен,
Енді жұрт боп оңар ма?!

Әкемізге барармыз,
Ақ едік деп жылармыз.
Қатын тіліне ерген соң,
Қайтіп адам болармыз?!

480 Қатын айтпас жалған деп,
Мен едім демес барған деп,
Күнде шағып өлтірер,
Мұнан көңілім қалған деп.

Шешеден қорлық көрерміз,
Қазадан жетсе өлерміз.
Сүтке тиген күшіктей,
Қайтіп қор боп жүрерміз?

Мен де бірге кетейін,
Інімнен қалып не етейін?
490 Жалбыз теріп жиекте,
Қол ұстасып өтейін.

Рұқсат берің, жолдастар,
Батыр жігіт қол бастар.
Бізге рұқсат беріңдер,
Жаннан тәтті мұңдастар.
Атымды да алыңдар,
Тонымды да алыңдар.
Көйлегімді қан қылып,
Әкеме алып барыңдар.

500 «Шәкіратты да өлтірдік,
Жанына қаза келтірдік,

Шешесін мұндай қылған соң,
Тұқымынан бітірдік».

Ат-тонымды алыңдар,
Әкеме алып барыңдар.
Көйлегімді қан қылып,
Сұм әкемнің алдына.
Апарып жайып салыңдар.

Көйлегімді көріп қуансын,
Қатынымменен жұбансын.
Ақырында көрерсің,
Тақытынан түсіп қуарсын.

Ағасы сөйдеп айтып зар еңіреді,
Жолдастары шулап бірге еңіреді.
Атын, тонын тапсырып амандасып,
Шәкірмен қол ұстасып жүре берді.

Екеуі қол ұстасып жаяу жүрді,
Бір үлкен асқар тауға таяу жүрді.
Неше күндей аш еді, әл қалмады,
Тау үстіне шыға алмай дем құрыды.

Сандалып әрең шықты тау басына,
Зар еңіреп сиынады Алласына.
Құдайға мінәжат қып жылап еді,
Тас балқыды жылаған көз жасына.

Екеуі таудан асып енді жүрді,
Бір жар асудың түбінде су көрінді.
Ана судан су ішіп жаталық деп,
Екеуі қол ұстасып жетіп келді.

Содан келіп су ішіп дамыл алды,
Шаршап жүрген байғұстар ұйықтап қалды.
Әбжылан дейтұғын жылан арбап,
Шәкірдің жатқан жерде жанын алды.

Шәкірат бала оянды енді тұрып,
Інісіне қарады мойнын бұрып.
Шәкірдің қашып түсі кетіп,
Өлген кісідей жатыр ұсынып.

Шәкір бала жалғаннан өтпесін бе,
Құдай қаза берген соң кетпесін бе?
Ағасы көп шақырды, тебіренбеді,
Інісінің қол салды өкпесіне.

Өкпесіне қол салса өлген екен,
Ыстық жаны кеудеден шыққан екен.
Жылан арбап алғанын біле алмайды,
Бейшара нала болып көп еңіреген.

— Құдай-а, айналайын құдіретіңнен,
Пенденді құтқармадың бейнетіңнен.
Жалғыз жолдас бауырынан айрылып,
Бұ жартастың түбінде зар еңіреген.

Шәкіраттың жылағаны

Айналайын, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Жалғыз бауырым өтіпті,
Енді нешік қылайын?!

Жалғыз бауырым өтіпті,
Тағдыр бүгін жетіпті.
Арыздаспай, қоштаспай,
Жым-жырт болып кетіпті.

Өтерін мұның білмедім,
Ұйықтамай неге жүрмедім.
Арманда боп айрылып,
Елдегі сорлы мен болдым.

Қанатымнан қайрылдым,
Жасыған жездей майрылдым.

Қуатым, жалғыз бауырым,
Сенен неғып айрылдым?

Әрі-бері ойлансам,
Өлімге мен де байлансам.
Тұра ма екен бауырым,
Тұра салып айлансам.

Осылайша ойланды,
570 Тұра сала айланды,
Бір Құдайға жалбарды,
Ақыл таппай сандалды.
Тұр деп еді, тұрмады,
Жалғанға мойын бұрмады.
Бейшара болған ағасы
Тағы отырып зарланды.

— Жалғанда, бауырым, кеттің бе,
Шын дүниеңе жеттің бе?
Мен бейшара ағаңды
580 Жалғыз тастап кеттің бе?
Күні жеткен күнде өлер,
Қаңғыртты өкем беп-бекер,
Жалғыз қайда жүрермін.

Жас қалып едік анадан,
Қашып едік жаладан.
Құдіретің бар, Құдай,
Құтқармадың бәледен.

Анадан жас айрылдым.
Бауырымдан және айрылдым.
590 Бұ дүниеде зар болдым,
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Жалғыз қалып не болдым,
Аш күзендей маған не берер,
Бұ дүниеден түңілдім.

Ел іздеп табар ерім жоқ,
Құдайдан басқа сөзім жоқ.
Кебінсіз жатыр бауырым,
Бір шұлғаулық бөзім жоқ.

Кетпенім жоқ оярға,
Өз бойыңды қоярға.
Жолым бар ма қайтейін,
Маңдайға тиген көп сорға.

Өз бойыңда мінің жоқ,
Мен сорлыда тыным жоқ.
Қасыма ерткен інім жоқ,
Інімсіз менім күнім жоқ,
Жақсы маған жүру жоқ.
Жапанда қуарып қалдың ба,
Кебінің жоқ, көрің жоқ?

Пендесін алды Құдайым,
Тіл тигізбей жылайын.
Ашылмаған налуым,
Енді қайда барайын?

Сен өлмедің, мен өлдім,
Жалғыз қалып не көрдім?
Арыздаспай, қоштаспай,
Бу болып, қалқам, жөнелдің.

Кебінің жоқ, көрің жоқ,
Жан ашып іздер елде жоқ.
Ақыл таппай сорлы ағаң,
Күйіп-жанып болды шоқ.

Қу жартас болды тұрағың,
У ма еді ішкен бұлағың?
Ит пен құсқа жем болып.
Қалғаның ба, қарағым?

Көп жылауда пайда жоқ,
Өлер деген ойда жоқ.
Терең қазып көмерге,
Кебін, кетпен бойда жоқ.

Алтын қойсам басына,
Жазу жазсам қасына,
Сауап үшін көмер ме,
Біреу келсе қасына.

Қара тасқа хат жазды,
Шәкір деген ат жазды.
Адам мұнда кез келсе,
Көміңдер деп хат жазды.
«Мұсылман пенде кез келсең,
Құдай үшін көміңдер,
Алтынды олжа көріңдер.
Бір құрақ бөз кебін қып,
Қарыз қылмай беріңдер.
Арманда өткен асыл зат,
Енді бұған сеніңдер.
Кіммен-кім кеп жолысып,
Шіріпті деп торығып,
Алтынын алып көмбесең,
Бір құрақ бөзді бермесең.
Басындағы алтынын
Бір құрақ бөздей көрмесең,
Ақыретке тапсырдым.
Қолын [туған] інімнің
Жанаңызға жапсырдым».

Қош, інім, қалдың, қайтейін,
Лажым жоқ, не айтайын,
Арқалап жүрер күшім жоқ,
Ақылдасар кісім жоқ.

Кетпенім жоқ қоярға,
Кебінім жоқ орарға.

660 Һеш ылажым жоқ болды,
Айланып мұнда тұрарға.

Құдайыңа тапсырдым,
Тасқа жазу жапсырдым.
Аманат қып тастадым,
Басыңа алтын тастадым.

Алтыным, қалқа, аманат,
Жата тұр, інім, саламат,
Басқа салды, шарам жоқ,
Көрсетті Құдай ғаламат!

670 Ағасы сөйтіп айтып зар жылады,
Бейшара һешбір ақыл таба алмады.
Өлгеннің артынан өлген бар ма,
Өзі күнін көргелі аяңдады.

Інісін тастап кетті бір жартасқа,
Басқа мүшкіл іс түсті қайран басқа.
Інісінің артынан өлмес пе еді,
Анадан бір туса да жаны басқа.

Әуелі күйді жаны өлейін деп,
Алланың аманатын берейін деп.
680 Артынан көңілі суып, бой тоқтатты,
Өз күнімді енді өзім көрейін деп.

Інісін көмбей тастап кетті жүріп,
Дамыл алмай жылайды іші күйіп.
Аш-жалаңғаш неше күн тыным көрмей,
Бір шаһарға өрең жетті демі құрып.

Шәкірат бір үлкен шаһарға жетіп келді,
Ол шаһарда жиылған нөпір еді.
Жиылған көп нөпірді көзі көрді,
Бір жерде демін алып отырды енді.

690 Ойлайды бұ шаһарға кірейін деп,
Біреуге жалшылыққа жүрейін деп.
Бұл нөпірдің мәнісін енді барып,
Жеке шыққан біреуден білейін деп.

Бір атты адам кез келіп сәлем берді,
Ол адам: — Уағалейкүмассалам, балам, — деді.
Бұ шаһардың кісісі емессің ғой,
Жөніңді айт, қайдан жүрсің, балам? — деді.

Бала айтты: — Саудагер адам едім,
Көп мал артып саудамен барар едім.
700 Бір жау келіп малымды тартып алды,
Ғаріп болып жалаңғаш жаяу жүрмін.

Бейшара мен қаңғырған мүсәпірмін,
Киімім жоқ жалаңғаш жаяу жүрдім.
Атты-жаяу шулаған мынауың кім?
Мәнісін айтыңызшы, білейін мен.

Шал жауабы

— Әй, балам, осында бір айдаһар бар,
Көзіне көрінгеннің бәрін шағар.
Заһарына шыдамай қашып жүрген,
Ақыл таппай сандалған мұсылмандар.

710 — Патшаңыз ақымақ екен қашып жүрген,
Айдаһар бұ шаһарды қылса мекен.
Хайламенен айдаһарды мен тоқтатсам,
Патшаңыз қандай қайран қылар екен?!

Әлгі адам патшаға шауып келді:
— Тоқтатам деп бір адам жаяу келді.
Хайламенен айдаһарды мен тоқтатсам,
Патшаң қандай қайран қылар екен?!

— Шақыр бері, адамыңды мен көрейін,
Көзімден айдаһарға жіберейін.

720 Хайламенен айдаһарды ол тоқтатса,
Астымдағы тақытымды мен берейін.

Барсын деп айдаһарға жарлық қылды,
Жиылған қанша көп жан көзі көрді.
Жыланның неше түрлі тілін білер,
Бисмилла деп алдынан қарсы жүрді.

Айдаһардың алдынан қарсы жүрді,
Айдаһар аузын ашып ысқырды енді.
Бисмилла деп бір аят оқып еді,
Ысқырған айдаһардың тілін буды.

730 Айдаһар сол арада тілге келді:
— Бекер жігіт емессің, білдім, — деді.
Бір шыбындай жанымды алма, — деді,
Шәкіраттың аяғына жығылды енді.

Шәкірат айтты: — Тіліме көнемісің,
Көнбесең осы жерде өлемісің.
Алымына берейін бір қой, бір қыз,
Соныңменен жан сақтап жүремісің?

— Ей, жігіт, жарлығыңа енді көндім,
Қасиетің бар екен, тілге келдім.
740 Жылда маған бір қой мен бір қызды бер,
Сен болмасаң бұ шаһарды жұтар едім.

Айдаһарменен бұлайша уағда қылды,
Шәкірат бала ол топқа қайтып келді.
— Бір қой, бір қыз алымға бермек болдым,
Бұ сөзге қылды бөндар жұртым, — деді.

Жұрт айтты: — Разымыз бұған, — деді,
Алымына бір қой менен бір қызды берем, — деді.
Бір қой менен бір қызды алымға жеп,
Айдаһар зарар қылмай жүре берді.

750 Елі-жұрты қуанып «бала» деді,
Шәкіратжанды құрметтеп алып келді.
Патша да жарлығынан қайта алмады,
Басындағы тәж, астындан тақыт берді.

Шәкіратжан тәж киіп, тақыт мінді,
Ақыр Құдай мұратқа жетірді енді.
Жылда бір қыз, қой алымға беріп,
Айдаһардан ел-жұртын сақтады .

Шәкіратқа Құдай берді таудай талап,
Айдаһардан елді алды арашалап.
760 Кей пенде бұ жалғанда не көрмеді,
Тақытқа олтырғызды Құдай қалап.

Шәкіратжан тақыт мініп патша болды,
Ақыры Құдай мұратқа жеткізді енді.
Құданың жарылқауы бұл емес пе,
Бақ көтеріп сол елге патша болды.

* * *

Бөтен елден бір кемпір, бір шал шықты,
Намазын қоймас, дінге мықты.
Асарымызды асадық бұ дүниеден,
Меккеге баралық деп ниет қылды.

770 Басқа мүйіз шыққан жоқ асағанмен,
Не көрдің мұнша жасты жасағанмен.
Пейіштің қақ төрінде болмасақ та,
Орын-морын жетпей ме босағадан.

Кемпірменен сөйтіп айтып шұңкілдесті,
О заманның жасынан көрісі асты.
Мекке барып бір сауап алайық деп,
Қолдарына таяқ алып жолға түсті.

Кемпір менен шал екеуі жаяу жүрді,
Бір үлкен асқар тауға таяу жүрді.

780 Бүкшең қағып байғұстар жүре алмады,
Тау үстіне шыққанша демі құрыды.

Бүкшеңдеп өрең шықты тау үстіне,
Жатса-тұрса сиынар Алласына.
Кемпір менен шал аяндап тағы жүрді
Баяғы Шәкір өлген жартасына.

Келді екеуі Шәкірдің жартасына,
Құдай айдап келген соң бармасын ба?!
Қара тасқа хат жазған Шәкірат бала,
Жазған хатқа шал көзін салмасын ба?!

790 Шал байғұс жазған хатты оқып білді,
Өліп жатқан Шәкірді өзі көрді.
Құдіретіңменен осыған жан кетір деп,
Мінәжат қып кемпір, шал дұға қылды.

Көп зар ғып тілейді кемпір мен шал:
Құдай-а, құдіретіңмен бұған жан сал.
Бейшараға тірілтіп жан бер дағы,
Мұның үшін құрбандық екеуміз ал!

Тас ішінде құртқа да жем беріпсің,
Жаратқан жануарға дем беріпсің.
800 Құдіретіңмен осыған жан салсаңшы,
Жоқтан бүйтіп бар қылған бір өзіңсің.

Екеуі көп тіленіп дұға қылды,
Құдайым дұғаларын қабыл қылды.
Өлген жан құдіреттен бітіп тірілмей ме,
Жан салған соң «иә, Алла» деп түрегелді.
Шәкір бала тұрған соң болды аң-таң,
Қасында ағасы жоқ, кетіп қалған.

Кемпір-шалды көрген соң бала еңіреді,
Кемпір-шал қасындағы бірге еңіреді.
810 — Жапанда өлген кімнің баласы едің,
Әй, балам, көргеніңді айтшы? — деді.

— Айтамын бар жөнімді, ата, саған,
Сендер кімсің, жөніңді айт бұрын маған.
Өліп қалып тірілген мен бір ғаріп,
Сөз сұрамақ көріден, айтпақ сізден.

— Біз екеуміз кемпір-шал дін іздеген,
Сауап іздеп безгенбіз бұ дүниеден.
Өлген саған жан берген Құдірет өзі,
Сөз сұрамақ көріден, айтпақ сізден.

820 — Әй, әке, Шәкір — атым, әкем — Ғашым,
Тола қайғым бар еді, көзде — жасым.
Өгей шеше адамға дұшпан екен,
Шағым толы, қор болды ғаріп басым.

Әкеміз патша еді Ғашым атты,
Шешеміз жасымызда өтіп кетті.
Әкеміз өгей шеше тіліне еріп,
Ағайынды екеу ек, тентіретті.

Екеумізді шығарды жаяу айдап,
Жүріп едік өлімге басты байлап.
830 Қол ұстасып екеуміз бірге жүрдік,
Осы жерде өліппін сорым қайнап.

Мені тастап кетіп қапты жалғыз ағам,
Ісіне [бір] Құдайдың бар ма шарам.
Текке балап жала боп өлесің деп,
Тағдырында жазған екен Алла Тағалам.

Таусылмас бойымдағы арыз-арман,
Ағам жоқ, мені тастап кетіп қалған.
Ағаммен бірге жүріп күнелтер ем,
Енді мен не көремін бұ жалғандан?!

840 Шәкіржан бауырын жоқтап зар еңіреген,
Шал айтады: — Жылама енді, балам, — деген.
Жаның тірі болғанға шүкірлік қыл,
Құдай үміт бермей ме саған, — деген.

Өзіңді мұндай қылған бір Құдірет,
Тірі жүрсең көрерсің бір ғанибет.
Ер басына не келіп, не кетпейді,
Қазаға — разы, пәлеге сабырлық қыл.

— Ей, ата, мен жүремін енді қайда,
Сіздің айтқан ақылыңыз бізге пайда.
Жер жүйесін білмес жас бала едім,
Маған ақыл тауып бер осындайда.

— Ағаң кеткен бір тасқа жазу тастап,
Басыңа жұдырықтай алтын тастап.
Бет алдыңа қаңғырып жүре берсең,
Ағаңа сені апарар Құдай бастап.

— Ей, ата, бұл алтынды сіз алыңыз,
Енді бізден қош, разы сіз болыңыз.
Үлкен өмір — Құдайдан, себеп — сізден,
Бұ жалғанда тілеулес дос болыңыз.

— Тіледік бір жаныңды Құдайға анық,
Өлген саған қараңғы, бізге жарық.
Сауап іздеп қаңғырған кемпір-шалмыз,
Ақыретке бұрыс қып не қыламыз.

— Ей, ата, ақыретке бұрысты мен қылмайын,
Алсаңдар разымын, айналайын.
Құдайы қып бергенім екеуіңе,
Бойыма ауыр қып не қылайын.

Алтынын кемпір менен шалға берді,
Екеуінен бата алып жүре берді.
Бет алдына жүріпті Құдай бастап,
Ағасы патша болған шаһарға келді.

Шаһарға жетем-ау деп ой ойлады,
Бір жерде демін алып көп ойлады.
Шаһарға жеткенінше күн кеш болды,
Сағым батып, кеш болып, көз байланды.

Көз байланып, түн болды, сағым батты,
Қараңғыда жол тауып жүре алмапты.
Шет жерде бір үй отыр отын жағып,
Сол үй[дің] жанына кеп сығалапты.

880 Сығаласа, ол үйде кемпір мен шал,
Екеуінің ортасында бір қызы бар.
Оңды-солды сүйіп беттерінен,
Кемпір [мен] шал еңіреп жылайды зар.

Шәкір бала ол үйге кіріп келді,
Кемпір-шал жылағанын көзі көрді.
Кемпір-шал ол үйге кірген соң шошып қапты,
[Кемпір, шалға иіліп сәлем берді.]

Шәкір айтты: — Кемпір, шал, қорықпасын ба,
Зиянсыз мүсәпірмін қарындасқа.
890 Ел жатқанда жатпаған нендей жансыз,
Сендер менен сырыңды әуел баста.

— Ей, балам, бір кемпір мен бір шал едік,
Қартайғанда бір қызды көріп едік.
Ертең қызды береміз айдаһарға,
Бүгін сүйіп қалғалы отыр едік.

Айдаһар бір қой, бір қыз алым алған,
Ертеңгі күн сол кезек маған афтан.
Біз сөйтіп мауық басып қалайық деп
Отырмыз, не сұрайсың, дүние жалған!

900 — Сендер бүйтіп жылама, кемпір мен шал,
Айдаһарға қыз қылып мені алып бар.
Бейшара қызың қалсын жандарында,
Бүгін мені тамаққа тойдырып сал.

Кемпір мен шал қорбаңдап қуанады,
Неше түрлі тамағын даярлады.
Тамаққа тойып алып Шәкір бала,
«Әлхамдулилла, Құдайға шүкір!» — деді.

Кемпір-шал қайдан білсін мұның санын,
Жасынан артық қылған алақасын.
910 Шәкір бала ұйқыда жатыр еді,
Біреу келді дыбырлап таңға жақын.

Дыбырлап байғұс шалға біреу келді:
— Падиша «қызын алып жүрсін», — деді.
Ол айдаһар ысқырып келе жатыр,
Қой мен қызын алдына қойсын, — деді.

Байғұс [шал] мұны естіп ойбай салды,
Ұйықтап жатқан Шәкірді жұлмалады.
Шәкір бала орнынан тұра салып,
Қызының бар киімін киіп алды.

920 Шал байғұс қорадан қой даярлады,
Шәкір бала қолына қанжар алды.
Шәкіржанды қыз қылып, бір қойды алып,
Шал байғұс айдаһарға алып барды.
Айдаһар қайраттанып ысқырады,
Тамам жұрт жиылып айғай салды.

Қыз бен қойды айдаһар сорып жұтты,
Шәкір бала қанжарын қарсы тұтты.
Ауызынан тигенде сырылдатып,
Құйрығының ұшынан бір-ақ шықты.

930 Айдаһар екі бөлек болды пара,
Есі кетіп жығылды Шәкір бала.
Айдаһар кетті ме екен, жатыр ма екен,
Патша айтыпты бір екеуге «барып қара!»

Бұ екеу жүйрік атпен жүрді дара,
Айдаһар болып қапты екі пара.
Есін жиып ала алмай есеңгіреп,
Банағы жігіт қасында жатыр және.

Ол екеуі жүгіріп келіп жетті,
Жігіттің өлтіргенін көріп білді.

940 «Айдаһарды екеуміз өлтірдік деп
Айталық» деп екеуі кеңеседі.

Әлгі екеуі Шәкірді шапқылады,
Бүйірінен найзаменен соққылады.
Асып-сасып бір адам көреді деп,
Шала өлтіріп бір құмға тыға салды.

Әлгі адам қайта шауып жетіп барды,
Мақтанып жұртқа тегіс хабар салды.
Екеуміз айдаһарды өлтірдік деп,
Падишаны қуантып сүйінші алды.

950 Патша айтты: — Алыңдар тілегіңді,
Менен алыңдар, бітірейін керегіңді.
Бойымдағы барымды аямаймын,
Менім жардың қуантып жүрегімді.

— Падиша, бізге берсең, билікті бер,
Жүгінсін бізге даулы болған ерлер.
Біз не етсек жұртыңыз көніп тұрсын,
Біз алып теріс етсек шыдай білер.

— Екеуіңіз биленДер әділ болып,
Мен бердім тілегіңді көңлім толып.
960 Екеуің не айтсаң да шықпас жұртым,
Екеуіңе құрмет қылып ерік бердім.

Ол екеуі би болды [бек] әдепті,
… …* асып жүріп кетті.
Бағанағы қызы бар кемпір мен шал
От басында отырып кеңес етті.

Кемпір мен шал екеуі кеңеседі:
— Кешегі бала тым бекер емес еді,
Бейшара шықпас жанға себеп болды,
Ол келмесе қызымды жемес пе еді!

* Екі сөз танылмады.

970 Бейшара кетіп еді бір күн тойып,
Біз үшін кетіп еді жанын қиып.
Тумаса да туғандай болып еді,
Басына жүр, баралық бір қой сойып.

Шал тұрды да қорадан бір қой алды,
Кемпір байғұс қазанын арқалады.
Қой жетелеп, қазанын арқаласып,
Айдаһар өліп жатқан жерге барды.

Шал байғұс қойын сойып әлектеңді,
Кемпір байғұс бүкшеңдеп тезек терді.
980 Кемпірдің бір аяғы құмға кіріп,
Кемпір сонда сүрініп «көтер!» деді.

Кемпір байғұс сүрініп «көтер» деді,
Бір тізелеп әреңмен түрегелді.
Тұрған соң артына қарап еді,
Құм үстінде өлікті көзі көрді.

Кемпір сасып сол жерде ойбай салды,
«Не болды?» деп шал байғұс жетіп барды.
Ыстық жаны дара жатыр екен,
Шала-жансар баланы тауып алды.

990 Шала-жансар баланы тауып алды,
Көтерісіп үйіне алып барды.
Жарасына дәруді жағып-жағып,
Баланы сау-саламат оңалтады.

Жарадан бала оңалды есен-аман,
— Қатыным, адамға айтпа мені десең.
Жақсы болса асырап ұл қылалық,
Жаман болса, жан сақтап күнін көрсін.

Бұ бізге жақсылық қылды әуел баста,
Сыр қылып жатқа айтпалық, қарындасқа.
1000 Басынмен фаурақ ұрды кемпір мен шал,
Һеш зарар көрсетпей Шәкір жасқа.

Шал байғұс өзі өнерлі, hәрне білген,
Бөз тоқып, шатыр тігіп күнін көрген.
Шәкіржан[ның] қолына бір пұл беріп,
Базардан мақта сатып әкел деген.

Шәкір бала қолына бір пұл алды,
Мақта алғалы базарға жетіп барды.
Пұл сатып, мақта алып келе жатса,
Бір-екі адам алдынан ұшырады.

1010 — Сен кімсің етегіңе мақта ораған,
Біз көрмеген жігітсіз бұл арадан.
Бала айтты: — Бөз тоқушы әкем шал-ды,
Әлгі адам баладан жөн сұраған.

— Біз көрмеген сен кімнің баласысың? — деп,
— Қызын беріп мені шал қалыңға алды.
Базардан мақта сатып апарамын,
Өнерменен табушы еді талай малды.

Ол адам банағы билік алған,
Сол екен құмға өлтіріп тығып салған.
1020 Қызын шал күйеуге берген емес,
Бұ баланы бала деп аң-таң қалған.

Екі би аң[-таң] қалып ой ойлаған,
Бала жүріп тоқтамай кетіп қалған.
— Түнегі біз өлтірген бала осындай,
Сол шығар шал көріп тауып алған.

Шал біздің артымыздан барған екен,
Баланы құмнан тауып алған екен.
Қарбаң-қорбаң асығып жүрген шақта,
Жаны шықпай кеудеде талған екен.

1030 Бір күні падишаға бала барар,
Шалын ертіп қасына алып барар.
Қылған-еткенінің бәрін айтып,
Жүзіқара қарабет бізді қылар.

Айдаһарды өлтірген мен едім дер,
Мені өлтірген екеуің кім едіңдер.
Өлімнен ұят күшті деген қане,
Бетімізден шымырлап шықпай ма тер.

Ертең сөйтіп ашпай ма күнәмізді,
Жүзіқара қылмай ма бетімізді.
1040 Падишадан жанымыз аман қалмас,
Көтімізге құймай ма өтімізді.

Енді екеуміз сол шалға баралық деп,
Басына бітпес жарлық салайық деп,
Бала артынан екі би келді және,
«Шал бар ма бұл үйде?» — деп айқай салды.
Екі бидің дауысын есіткен соң,
Үйден шығып шал байғұс қарбаланды.

Екі би кәрі шалға сәлем берді,
Шал: — Уағалейкүмассалам, балам, — деді.
1050 — Таң атқанша бітір екі шатыр,
Бітірмесең басыңды алам, — деді.

Екеуі шалға сөйтіп жарлық салды,
Шал байғұс мұны естіп аң-таң қалды.
Бойға қорлық жарлығын ойда етіп,
Бала шығып артынан және барды.

— Екеуің де бек жақсы мұсылмансың,
Бойыңда ынсабың жоқ неткен жансың.
Тым болмаса бір үй деп айтсаңдаршы,
Кәрі шал екі шатыр қайдан қылсын.

1060 Жаңа мақта тоқылмас күн батқанша,
Жарыққа иіріп жіп болмас ел жатқанша.
Кәрі өкемнің көздерін бәнлашат басқан,
Біреу дағы біте алмас таң атқанша.

— Әдепсіз қайдан шыққан мынау бала,
Ынсапсыз деп сөйлеуін, жүзіқара.

Бізге бүйтіп қарсылық сөйлеуін деп,
Баланы ап жөнелді ортаға ала.

Шал менен кемпір артынан ойбай салды,
Тыңдамай-ақ баланы ап жөнелді.
1070 Біреуі жар астында ұстап тұрып,
Біреуі падишаға жетіп барды.

— Падиша, ерік берің бізге көрім,
Қадірлеп құрметтеді бізді елің.
Кәрі шалдан сұмырай бала шығып,
Ынсапсыз деп тигізді бізге тілін.

Падиша, сол баланы өлтіреміз,
Жарлық берсең қазасын жетіреміз.
Ол баладан тәлім ап тағы біреу
Тіл тигізсе, қор болып еңірерміз.

1080 Патша айтты: — Сен кейідің мұнша сасып,
Тіл тигізсе тез өлтір дарға асып.
Кімде-кім қорыққаннан сыйлап жүрсін,
Жұртыңды қорқытып қой, көңілін көрсін.

Екі би жарлық алып қайтып келді,
«Падиша жарлық берді, өлтір деді».
Бейшара не ылаж қылсын, зар еңіреді,
Бір Құдайға сиынып жалбарады.

— Құдай-а, айналайын құдіретіңнен,
Пенденді құтқармадың ниетіңнен.
1090 Екі жендет асқалы жатыр еді,
Үстіне жетіп келді бір топ керуен.

Керуен кеп кез [болды] бұл араға,
— Кетіп бара жатыр ек бір базарға.
Бір қасық қанын сатып алар едік,
Бұл арада жазықты адам бар ма?

Не зерек жан бар екен бұ керуенде,
Қиматты жан табылар бұ жерлерде.
Кімді айдап, кімге Құдай кез келтірмес,
Құдай тек тілеуін өзі берер.

1100 Жендет айтты: — Кінәлі адам неге керек,
Не етерсіз жазықтының жанын тілеп?
Өлтірмей баланы байлап қойып,
Сөйлесті керуеннің сөзін елеп.

Керуен айтты: — Барармыз біз базарға,
Өтіп жүрген бар еді бір дария.
Бір адамды суға құрбан етуші едік,
Соған керек жазықты кісі аларға.

Бір адамды [біз] нияз етуші едік,
Аман-есен саламат кетуші едік.
1110 Бір адамды бауыздап суға салмай
Өтсек, һәлак бәріміз кетуші едік.

— Берейін бұ баланы мен сендерге,
Қайтып, әкет, көрсетпе біздің елге.
Обалды қылып бір [өзін] бауыздар едік,
Қанын қиып сендерге бермегенде.

Керуен қолын жайып берді бата,
Қанын сатып алған төрт-ақ мата.
Құрбан қылып теңізден өтелік деп,
Керуендер жөнелді күн-түн қата.

1120 Керуендер теңізге келді жетіп,
— Баланы бауыздалық құрбан етіп.
Бұ баланы бауыздап суға ағызып,
Бұ теңізден кетелік аман өтіп.

Бала айтады: — Өлтірме мені бекер,
Құдай өзі сақтаса теңіз не етер.
Бармағымды қан қылып суға салсам,
Бәріңді [де] Құдайым сақтап өтер.

0Керуен, мені өлтіріп не етерсіздер,
Өлтірсең қаным жүктеп кетерсіздер.
1130 Бармағымды қан қылып суға салсам,
Сау-саламат теңізден өтерсіздер.

Шәкіржан өз бармағын өзі кесті,
Бармағын суға салып зарлық етті.
Құдай өзі сақтаса бәле бар ма,
Керуен аман-есен судан өтті.

Керуен аман-есен судан өтті,
Шәкірдің көз жасыны қабыл етті.
Бұ бала бекер бала емес екен деп,
Керуен халқы балаға құрмет қылды.

1140 Керуендер бір жерге келіседі,
Баланың қасиетін біліседі.
Ортасынан шығарып құдайы қып,
Балаға үш түйе жүк бөліседі.

Керуендер үш түйе жүк беріседі,
Үлкен шаһар базарға келіп кірді.
Бұларға Құдай берді оң базарды,
Бұрынғыдан үш ая пайда көрді.

Шәкір бала бір күні базар барды,
Базарды оңды-солды аралады.
1150 Ит шананы сүйретіп бір адам жүр,
Шәкіржан мұны көріп қайран қалды.

Қараса, сүйреткені үш кез сандық,
Соңынан жүгіріп жүр тамам халық.
Ішінде не бар, не жоқ, жан білмейді,
Сүйреткен иесінің өзіне анық.

Ит шананы сүйретіп ысқырады,
Тек деп қойса, адамша тек тұрады.
— Сандығымды алатын жан бар ма, — деп,
Арман қалмас сандықты алған жанда.

1160 Арманда сандығымды алмаған да,
Арман қалмас сандықты алған жанда.
Сандығымды алатын бар ма [жан]? — деп,
Бір қышқырып қояды анда-санда.

Шәкір сонда ойлады барайын деп,
Бұ сандықты мен сатып алайын деп.
Алмай қалып арманда болғанымша,
Сатып алып арманда қалайын деп.

Бойымда арманым көп мен бір ғаріп,
Үш түйе жүкті көрдім өліп-талып.
1170 Әйтеуір екі арманның бірі шығар,
Не болса да көрейін сатып алып.

Шәкіржан бір-бір басып барды сонда,
— Сандығың бағасын айт, сатсаң маған.
Алған да, алмаған да арманда екен,
Амансыз кім өтеді бұ жалғаннан?!

— Бұ сандығым бағасы үш түйе жүк,
Үш түйе жүгінді әкеп алдыма төк.
Бұл сандықтың ішінде не бар, не жоқ,
Жүрексініп алмай тұр жиылған көп.
1180 «Не көрсем де жекелеп көрейін» деп,
Бір жерге әкеп сандықтың аузын ашты.

Сандықта жатыр екен бір сұлу қыз,
Айдай сұлу бір қызға жолықты кез.
Алған дағы арманда болар енді,
Аяқ жағы бірталай болады сөз.
Толы айдай ішінде бір қыз жатыр,
Беті айдай болғанда, кірпік қандай.

— Азабың арылмаған жан екенсің,
Мені сатып неге алдың, ей, мүсәпір?!
1190 Ей, жігіт, мені сатып алғаның жарамаған,
Басында бейнетің көп арылмаған.

Не көргенің, бейнетің бәрін теріп,
Мен сақтайын бойыма қадір көріп.
Мені алғаның басыңа бейнет болар,
Жалғанда жүрсең жақсы дәурен сүріп.

Ертең мені көрген соң жан таласар,
Бір-бірі мен алам деп анталасар.
Таласса жан, қояр ма сені тірі,
Бейшара ғаріп жаның қайтып сасар.

1200 Шамаң келсе, көрсетпе мені жатқа,
Өзің мені көріп қой анда-санда.
Арманда боп кетерсіз, асылзатым,
Өліп кетсең сен де арманда, мен де арманда.

Бейшара мұны естіп зар еңіреді,
Қыздың айтқан арманы ішке кірді.
Не көрген бейнетінің бәрін теріп,
Екі-үш табақ қағазға жазып берді.

Қыз қағазды жаздырып қолға алды,
Өз бойына батырып тығып салды.
1210 Сандықтың кілтін тас бекітіп,
Шәкір жатқан орынға қайтып келді.

Шәкіржан сандық аузын бек ашады,
Қайғыменен есінен адасады.
Сандықтың ішінде не бар екен деп,
Керуен халқы бір-бірінен сұрасады.

Шәкір айтты: — Сандықта һеш нәрсе жоқ,
Алдап сатып кетіпті бұ дүние боқ.
Үш түйе жүгімді алдап алып кетті,
Мұндай аяр алдамшы көргенім жоқ.

1220 Керуен айтты: — Жүреміз жолға кіріп,
Сені біз құрметтедік қадір көріп.
Қайта жүрсең сені біз тастамаймыз,
Тағы да байытармыз пұл мол беріп.

Бейшара о шаhарға қайрылмады,
Жолдас болған керуенінен айрылмады.
Сандығын бір арбаға таңып алды,
Бағанағы қанды суға жақындады.

Керуен айтты: — Бұл судан аман өткіз,
Жұртымызға бізді есен жеткіз.
Ортамыздан шығарып құдайы қып,
Екі түйе жүк тағы берелік біз.

Керуен судан қорқып сандалады,
Шәкіржан бір Құдайға жалбарады.
Керуенді бір-бірлеп жүгіменен,
Құдай сақтап бөрін де шығарады.

Керуен аман-есен өтіп алды,
Аман өтіп [тілегіне] жетіп алды.
Керуендер бір жерге қонып жатып,
Біреуіне-біреуі ақыл салды.

— Құдайы ғып беріп ек үш түйе пұл,
Келбетіне қарасаң, жап-жақсы-ақ ұл.
Ақымақ диуана неткен адам,
Сонша пұлға қаңғырып сандық ап жүр.

Мұның барып сандығын көрелік те,
Ішінде не бар, не жоқ білелік те.
Сандығында асыл болып сомы толса,
Құдайы сондан бұған берелік те.

Керуен солайша деп ақылдасып,
Шәкірге жетіп барды жуас болып.
— Сандығыңның ішінде не бар, не жоқ,
Ей, жігіт, бізге көрсет аузын ашып.

Бала айтты: — Сандығымда дәнеме жоқ,
Жоқ та болса бұ сауда көңіліме тоқ.
Аузын ашып сендерге көрсетпеймін,
Неге құмар болдыңдар, дүние боқ.

— Үш түйе жүк шығарып сандықты алдың,
Бұ сандықты сөн қылып арбаладың.
Қорлық көрмей жаның кілтіңді [бер],
Қадірін білмедің ғой мұнша жанның.

Және кілтін [сандықтың] тартып [алды],
Ашайын деп сандықты жетіп барды.
Аузын ашса, ішінде бір қыз жатыр,
Керуендер қызды көріп қайран қалды.

Сандықта қызды көріп қарасады,
Қызды көріп есінен адасады.
Біреуі мен, біреуі мен алам деп,
Керуен өзден-өзі таласады.

Балаға таудан үлкен қайғы түсті,
Ғаріп жаннан түңіліп зәресі ұшты.
Біреуіне-біреуі бермеймін деп,
Керуен халқы жақ-жақ болып таласады.

Керуен жақ-жақ болып салысады,
Бала мен қыз жайына қалысады.
Бар екен керуенде екі-үш көрі,
Қой-қойласып қасына барысады.

Тоқтау айтып қойдырды өлгі шалдар:
— Бір қыз үшін қырылма, мұсылмандар.
Бұ қызды падишаға тарту қылып,
Олжа қылып үлесіп мал алыңдар.

Керуендер бұ сөзді қабыл алды,
Баланы әкеп сандыққа тығып салды.
Сандыққа салып аузын тас бекітіп,
Шәкірді өлгі суға ағызады.

«Біреуге айтса, дау қылып кесірлей ме,
Бір биге айтса бұйырып асырмай ма?
Суға ағызып жіберіп құтылайық,
Тірі тұрса тынышты алып кетірмей ме?»

Жіберді Шәкіржанды суға тастап,
Керуен қызды ап жөнелді қолына ұстап.
1290 Ағасы сол шаһарға патша болған,
Қызды соған алып келді Құдай бастап.

Керуен айтты: — Падишам, сізге келдік,
Даңқыңды естіп алыстан іздеп келдік.
Ортамыздан қанша мал төгіп беріп,
Сізге лайық бір сұлу қыз алып келдік.

Ей, патша, бұ қыз және сізге лайық,
Көргенше бекер мақтап не қылайық.
Сізге тарту қылғалы алып едік,
Қызды көріп айтарсыз бізге жарлық.

1300 Падиша керуеннің қызын көрді,
Ай мен күндей балқыған жүзін көрді.
Шәкіраттың іші күйіп, бауыры жанып,
Сол қызға жан-тәнімен болды ғашық.

Шәкірат патша сол қызға болды ғашық,
Қазынадан мал берді аузын ашып.
Қисапсыз қазынадан көп мал берді,
Керуен алып жатыр жапырласып.

Керуен көп мал алып кетіп қалды,
Қызды сатып падиша алып қалды.
1310 Аламан той қылып, жұртын жиып,
Бір жақсы үйге әкеліп қызды салды.

Шәкірат патша бір күні қызға келді,
Жазу қыздың бойында тығулы еді.
Бойындағы жазуды шығарды да,
Қыз қорқып падишаға ұсынды енді.

Шәкірат патша жазуды ашып көрді,
Інісінің жазуын таныды енді.
Тұрған жерден көзінің жасы ағып,
Іші күйіп, аһ ұрып жығылды енді.

1320 Бір заманда есін жиып түрегелді,
Қағазды және ашып оқып көрді.
Туғалы не көргенін бәрін жазған,
Ағасы бәрін оқып тым еңіреді.

Ағасы мұны көріп көп еңіреді,
Жалғаннан көрем бе деп қатты еңіреді.
Әлгі қызды алмады, тұрды есі кетіп,
Сол арада үш талып, үш жығылды.

Шәкіраттың бауырын жоқтағаны

Қалып едің, інім, арманда,
Жартаста өліп қалғанда.
1330 Атыңды көріп зар болдым,
Көремін бе жалғанда.

Белгілі жазған сабағың,
Ашылмаған қабағым.
Қол ұстасып жүргенде,
Жартаста қалған, қарағым.
Айналайын, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын,
Бауырым жазған хат екен,
Бұған да қайтіп шыдайын.

1340 Көрсеткен Құдай ғаламат,
Басыма салған саламат.
Өлгеннен соң жартасқа
Қойып едім аманат.
Қолыма тиді жазған хат,
Артымнан Құдай жан беріп,
Оңалтқан екен Иең,
Есіткен жұртқа жаманат.

Тіріліп мұнда келіпті,
Елеусіз болып жүріпті.
1350 Қайран басқа бәле бос,
Көп бейнетті көріпті.

Амалың жоқ бөз бопсың,
Алтының жоқ жез бопсың.
Қайратыңнан айлансам,
Ақырында қор бопсың.

Айдаһармен алысқан,
Болмас іске қарысқан.
Мұнан опа көре алмай,
Керуен бірлән барысқан.
1360 Бір насбарға* келіскен,
Бұ қызды сатып алысқан.
Басыма бәле келер деп,
Болжаған екен алыстан.
Сақтық ойлап бойына,
Жазу жазып беріп[ті],
Қыздың тығып қойнына,
Басыма бәле келер деп,
Қастықтан қаза берер деп,
Заманын ойлап жазғанда,
1370 Жалғыз адам кез келсе,
Жазуымды көрер деп,
Қалам ұстап хат жазған,
Мен Шәкір деп ат жазған.
Қағазың келді, өзің жоқ,
Көрсетпестей не жаздым.
Шәкір деген атыңнан,
Асыл туған затыңнан,
Мен садаға кетейін
Сәлем жазған хатыңнан.

1380 Қағазың келді, өзің жоқ,
Бейнеттен басқа сөзің жоқ.
Бұрыннан сенен айрылып,
Өртеніп, күйіп болдым шоқ.

Бұ не деген жазған хат,
Тәңірге жаның аманат.

* Түпнұсқада осылай берілген.

Бір шыбындай жаныңды
Сақтасын Құдай саламат.
Бұ дүниені көздетсем,
Жер шары ішін кезлетсем.

1390 Құдай ұрған керуен
Хайламенен қызды алып,
Бұ керуеннің хайласын,
Білмей қалдым хайласын.
Зарлы туған бауырым,
Керуен көрді пайдасын.
Кім табар мұның хайласын,
Патша қызды шақырды:
— Жарықтығым, қайдасың?

Қыз тұрып келді қасына,
1400 Тізесін қойды басына,
Қыздың алды көл болды
Көзден аққан жасына.

Патша қызға қарады,
Дамыл алмай жылады.
Арманда өткен бауырына
Іші күйіп барады.

Патша қызға телмірді,
Сөйлей алмай егілді.
Аш күзендей бүгілді,
1410 Қабырғасы сөгілді,
Құмғаны жерге төгілді,
Оны көріп бейшара,
Қыз жанынан түңілді.
Бас көтеріп Шәкіратжан,
Және қызға телмірді.
Бас көтеріп көрген соң,
Өксігін баспай өкірді.
Сұрады қыздан Шәкіратжан:
— Кім сені маған келтірді,

1420 Кішік асыл туымды
Керуен қайтіп өлтірді?

Жарықтығым, шырағым,
Болайын құрбан лағың,
Қай жер екен тұрағың?
Естісін, айтшы, құлағым.

Қай жерде өлді, білдің бе,
Көңіліңді бөлдің бе?
Керуен қайтіп өлтірді,
Көзіңменен көрдің бе?

1430 Сені сатып алғанда,
Қағазға хатты жазғанда,
Қайран бауырым арманда,
Бір көрмедім бұ жалғанда.

Қайран, бауырым қанеки,
Хаты келді мінеки,
Керуендер қас қылып,
Өлтірген екен жөнекей.

Жалғыз бауырым сол еді,
Ақылы терең мол еді,
1440 Шым-шытырық, қым-қиғаш
Бұл не деген жол еді?

Бола ма екен мұндай жол,
Арманда боп, болдың қор,
Әлі арылған жоқ екен,
Маңдайымда қалың сор.

Менім сорым қатты екен,
Жалғанда бауыр тәтті екен,
Өлтірерде керуен, қарағым
Не деп айтты екен?!
1450 Алланың ісі қатты екен,
[Қай] жерде өліп жатты екен.

Төрт матаға [қызығып],
Қайтіп қиып сатты екен?!

Есі-түсім білермін,
Жас қайыстай илермін,
Бауырым еске түскенде,
Қайғыменен жүрермін.
Қайғымен жүдеп өлермін,
Өлмесем қанын төгермін.
Жон терісін бұлардың
Шылбыр қылып тілермін,
Жазасын сөйтіп берермін,
Бере алмасам өлермін.
Арманда өткен, бауырым,
Сені қайдан көрермін?

Қол көрмесе ағайын,
Ақылын ойлап табайын.
Керуендерді сидіріп,
Бақайшағын шағайын.

Бақ-дәулет Құдай бермесе,
Ағайын қабыл көрмесе,
Керуен менен билерге
Жалғыз шамам келмесе,
Патшамын деп нетейін?
Тақтыма мінбей кетейін,
Жалғыз бауырым, артыңнан
Кешікпей мен де өтейін!

Падиша сөйдеп айтып зар иледі,
Іші-бауыры елжіреп оттай жанып.
Қыз бейшара көзінің жасын төгіп,
Су бүрікті патшаға тұра салып.

Падиша бір заманда есін жиды,
Іші-бауыры елжіреп оттай жанып:
— Қалайша қып өлтірді керуендер,
Жарықтығым, көргеніңді айтшы, — деді.

Сені сатып алған ол менің інім,
Сол жігітің қанеки, жарықтығым.
Тірі болса жалғанда іздетейін,
Өліп қалса, не болар көрген күнім?

Қыз бейшара сөйледі кеңес бастап,
Патша сөзді тыңдады мұны қостап.
— Мені алған сандыққа тас бекітіп,
Керуендер жіберді суға тастап.

Сандықпенен теңізге ағып кетті,
Керуендер мені алам деп талас етті.
Бұ керуендер біріне-бірі қимай,
Ғаріп басым саламат сізге жетті.

Суға ағып кетіп қалды асылзатым,
Керуенге көрсетпедім жазған хатын.
Бауырың жазған хатын адамға айтпай,
Алып келіп тапсырдым аманатын.

Ей, патша, өткен іске қайғырмаңыз,
Қайғырып ақылыңнан айрылмаңыз.
Патшаға тоқтау қып сөз айтады,
Ақылменен тоқтатты бейшара қыз.

Падиша қайғыменен аһ ұрады,
Тақтына барып қайта отырады.
Ірі басты кісінің бәрін жиып,
Әуелі екі биді шақырады.

Шақырған соң екі би жетіп келді,
Патшаға қол қусырып сәлем берді.
— Жалғанда ерік беріп едім, екі билер,
Кешегі керуендерді келтір, — деді.

Екі би, керуендерді келтір маған,
Керуендер ол іс қылыпты жарамаған.
Керуендерді түгендеп айдап келсең,
Бір үлкен шен берейін енді саған.

Екі би шен алғалы **қуанады,**
Алдап айтқан **сөзіне жұбанады.**
1520 Керуеннің бәрін де **түгел жиып,**
Падишаның алдына **қуалады.**

Екі би алып келді керуенді айдап,
Керуен **түгел келді соры қайнап.**
Бағанағы кемпір мен шалды алдырды,
Падиша **сөз сұрайды ақыл ойлап.**

Кемпір мен шал **бүкшеңдеп о да келді,**
Бәрі тегіс жиылып түгелденді.
Падиша **сөз сұрайды: — Кемпір мен шал,**
Айдаһар **жұтқан қызың бар ма? — деді.**

1530 Рас айт, **[өтірік] айтпа, кемпір мен шал,**
Білемін, екеуіңнің бір **қызың бар.**
Қызыңды алып барды деп есітемін,
Не себептен **жұтпаған айдаһарлар?**

Шал айтады: — **Қызымыз әлі тірі,**
Рас айтса ашылар **көңіл кірі.**
Қызымызға бір адам себеп болған,
Сізге айтарға **батпадық одан бері.**

Сізге жалған **айтпалық өлер шақта,**
Тас таразы **құрылып көрер шақта.**
1540 **Қартайғанда жалған сөз неге керек,**
Иман бер деп тілеймін **үш уақытта.**

Қаһарлансаң қоймассың бас ұрсақ та,
Өз көңліңмен табарсың жасырсақ та.
Бұ сырды айтсақ та өлдік, айтпасақ та өлдік,
Құдай-а, екі бектен өзің сақта!

Ей, патша, баламыз жоқ **бейшара едік,**
Қартайғанда екеуміз бір қыз көрдік.
Жарлық қылған сөзіңізге шара бар ма?
Айдаһарға **барғалы отыр едік.**

1550 Қайғырып отыр едік жылап-сықтап,
Ел тегіс қалып еді жатып ұйықтап.
Бір бала жап-жалаңғаш кіріп келді,
Екеуміз қорқып сасып қалдық тоқтап.

Бір бала кіріп келді жап-жалаңғаш,
Сорағытып көзінен ағыпты жас.
Бейшараның сауабын алалық деп,
Неше түрлі алдына келтірдік ас.

Астан өбден ішіп-жеп «тойдым» деді,
— Әлхамдулилла, Құдайға шүкір, — деді.
1560 Ел жатқанда жатпаған неткен жансыз? — деп,
Әуелі бала бізден жауап сұрады.

Балаға жасырмадық айттық шынын,
Біз сұрадық: — Кімсің, — деп, — жарықтығым?
Бала айтады: — Мен жалғыз бала едім, — деп,
Онан басқа айтпады бізге шынын.

Бала айтты: — Жыламаңыз, ей, байғұстар,
Айдаһарға қыз қылып мені алып бар.
Сендерге бір сауап іс мен қылайын,
Бірақ маған тауып беріңіз өткір қанжар.

1570 Бір қанжарым бар еді, соны бердім,
Ертең соны айдаһарға алып жүрдім
Айдаһарға айла қып соны беріп,
Қызымды сөйтіп тірі алып қалдым.

Бізге сауап іс қылды бейшара жас,
Айдаһардан құтылып болдық қолдас.
Кемпір айтты: — Кешегі бейшараға
Бір қой сойып басына берелік ас.

Кемпірімнің бұ сөзін қабыл көрдім,
Бір қойымды жетелеп алып жүрдім.
1580 Айдаһар екі пара болып жатыр,
Баланың өлтіргенін сонан білдім.

Айдаhарды көрген соң аң-таң қалдым,
Баланың бір белгісін таба алмадым.
Кемпірімді жібердім тезек тер деп,
Өзім қойды сойғыштап қорбаңдадым.

Кемпірім ақсай басып кетіп қалды,
Бір қапты арқасына арқалады.
Қойым сойып, әлек боп жатыр едім,
Бір заманда кемпірім айғай салды.

1590 Кемпірімнің даусын естіп сасып қалдым,
Не болды деп артынан жетіп бардым.
Көрсем, жылап кемпірім келеді екен:
— Құмға тыққан баланы тауып алдым!

Бір адам кеп қылышпенен шапқан екен,
Найзаменен бүйірінен сұққан екен.
Шала өлтіріп құмға әкеп тыға салып,
Қазадан Құдай сақтап қалған екен.

Асырадым үйіме алып барып,
Оңалттым жарасына дәрі жағып.
1600 Ол баланың білмеймін не болғанын,
Екі би кетіп еді менен алып.

Екі [би] бойға қорлық, зорлық салып,
Білмейміз не қылғанын алып барып.
Қызымыз сол себептен тірі қалды,
Бөз тоқып жан сақтаған біз бір ғаріп.

Патшаның екі биден сұрағаны

Падиша екі биден сұрады сөз,
Кемпір мен шал сөзін айтты көзбе-көз.
— Сендер қайда жібердің ол баланы,
Мәнісін айтыңыздар, естілік біз!

1610 Билер айтты: — Ей, патша, бізге қара,
Бізге тілін тигізген жүзіқара.

Өзіңіз дарға ас деп бұйырғансыз,
Өзіңізге мағлұм болды бала.

Ей, патша, өзіңізге мағлұм болған,
Рас тентек еді ғой Құдай ұрған.
Дарға асып өлтіргелі жатыр едік,
Бұ керуендер бізге кеп пайда болған.

Қылмысты жан бар ма [деп] айғай салған,
Керуендер бізге кеп пайда болған.
1620 Бата беріп, төрт мата және беріп,
Көп жалынып баланы сатып алған.

Керуен бізден сөйтіп сатып алған,
Өздерімен бірге алып кетіп қалған.
Айдаһарды сонан өлді деп айтып тұрған
Ақсақалдың сөзінің бәрі де жалған.

Патшаның керуендерден жауап алғаны

Патша айтты: — Ей, керуендер, сөйлеңіздер,
Екі би, сөзді бұзба, жалдарың бар.
Керуендер баланы не қылды екен,
Мына сөздің аяғын аңғарыңдар.

1630 Керуендер, не қылдыңдар ол баланы,
Басынан қайтарып айт ол баланы.
Рас айт, ол баланы не қылдыңдар,
Өздерің құп білесіз ол жораны.

— Ей, патша, әуел айттық сізге жалған,
Бір сөз [бар] сонда сізге айтпай қалған.
Базардан қызды өзіміз сатып әкелдік деп,
Өтірік айтып ек қорыққаннан.

Ей, патша, бала жайын айталық біз,
Енді жалған айтпалық, тыңдаңыз сіз.
1640 Енді өтірік айтарға не бет қалды,
Жалған айтсақ қолында тұр ғой бір қыз.

Бір жылда біз базарға барушы едік,
Қанша асыл базардан алушы едік.
Орта жолда бар еді бір дария,
Сол суға бір кісіні салушы едік.

Бір кісі кетуші еді нияз етіп,
Нияз етсек кетуші ек аман өтіп.
Екі биден баланы сатып алып,
Нияз еткен сол суға бардық жетіп.

1650 Баланы нияз қылып бардық жетіп,
Бала бізге жалынды зарлық етіп.
Бала бізге көрсетті бір қасиет,
Бізді судан өткізді өнер етіп.

Баланы ортамызға алып жүрдік,
Бек құрметтеп басынан құрақ ұштық.
Арамыздан ұйғарып құдайы қып,
Ортамыздан үш түйе жүк берістік.

Баланы ертіп алып базар бардық,
Базарды тамаша қып араладық.
1660 Үш кез сандық сүйреткен бір адам жүр,
Бұ сандықты біз алмай қайран қалдық.

Әлгі бала сандыққа болды құмар,
Бұ сандықты мен алсам көңлім тынар.
Бағанағы біз берген үш түйе жүк,
Бәрін де соған төкті ұмар-жұмар.

Сандығын өзі көрді аузын ашып,
Біз сұрадық не екен деп жапырласып.
Көп сұрадық, айтпады бізге сырын,
Көңіліміз сонан соң қатты сасып.

1670 Айтпаған соң көңіліміз қатты жасып,
Керуен болып жиылдық ақылдасып.
Зорлық қылып сандығын ашып көрдік,
Қызды көріп қырылдық анталасып.

Бұ қызды сөйтіп онан тартып алдық,
Баланы сандықпенен суға салдық.
Бірімізге-біріміз қызды қимай,
Аяғында сізге өкеп тарту қылдық.

Ей, патша, не сұрайсыз енді бізден,
Бізден бұрын қанышпсыз қызыңыздан.
1680 О бала өтті-кетті өз пиғылынан,
Сізге Құдай бұ қызды кез келтірген.

Падиша естіп алды мұның бәрін,
Ah деп еді аузынан шықты жалын.
Падиша жендеттерге жарлық етіп,
Бірін қоймай қырдырды керуеннің.

Падишаның аузынан шықты жалын,
Қазынаға салдырды керуен малын.
Құдайы қып мал беріп, разы қылып,
Үйіне қоя берді кемпір-шалын.

1690 Екі би жалынып тұр қолын тұтып,
Падиша зар еңіреді қайғы жұтып.
Тез өтірмей аз ғана азап қылып,
Екі бидің төрт көзін алды сылып.

Және келіп жон терісін шылбырлады,
Екі би құлындай боп қышқырады.
Даусын естіп мұнда тұрған адам,
Тобан тері құйқасы шымырлады.

Бұл екі би жалғаннан өтті-кетті,
Тез өлтірмей, аз ғана азап етті.
1700 Нақ боламыз дегеннен көргені сол,
Өтірік айтып өз жанына өзі жетті.

Бұл қалай енді менен қалар ма екен,
Ісім ақ боп, көңілім шабар ма екен.
Мені шаққан уәзірлер жон терісін
Шылбырлатар күніміз болар ма екен?

Бейшара сөйдеп айтып, зар еңіреді,
Уәзірлер тегіс мұны естіп білді.
Шақты деп бізді өтірік қосты деп,
Уәзірлер дауласып тұра келді.

1710 Уәзірлер мына сөзге ыза болды,
Өтірік кейіп жабығумен наза болды.
Бір залым бәрімізді былғады деп,
Падишаның алдында нала болды.

— Ей, патша, өлтіреміз осы құлды,
Шақты деп бізді даулы қылды.
Сіз — патша, біз уәзір болған күннен,
Падиша, көріп пе едіңіз мұндай істі?!

— Өлтірсеңдер барамын Құдайыма,
Ей, патша, жарлық қылғаным жұбайыңа.
1720 Бұларға сөз сәні қып айтып едім,
Ішім толып кеткен соң уайымға.

Патша айтты: — Қойыңдар, уәзірлерім,
Бек қызық әңгімені қоса көрдім.
Сөзін бұзбай тыңдасып тұрсаңдаршы,
Түгессін екі сөзінің аяқ жерін.

— Ей, билер, сөйлейміз сөз жаңылмай,
Уәзірлерім, тек отыр даң-даң қылмай.
Өзге сөзден бұ сөздер асыл екен,
Қайғылы [жан] естіп тыңдағандай.

1730 — Екі би керуенмен болсын шығын,
Уәзірлер бұрып кетті зор қызығын.
— Судан бала шыға ма, бар ма, жоқ па,
Аяғын түгесіп айт, жарықтығым.

— Айтайын уәзірлерден жаным қалса,
Разымын жанымды Құдай алса.
Неткен бәле-жала боп өлесің деп,
Шара бар ма басыма Құдай салса.

Өлмесең де өлесің қаза жетсе,
Тоқтамассың жазулы күнің жетсе.
1740 Ер жігітке не келіп, не кетпейді,
Қылғаның мағлұм болып аман кетсе.

Ей, патша, құтылмадым бұ бәледен,
Бізге қаһар қылдыңыз құр жаладан.
Мені шағып уәзірлерің сізге барып,
Жалған өсек тасып жүр екі арадан.

— Әй, Бақтияр, ақымақ деп наза қылма,
Кірсізбін деп бойыңды таза қылма.
Күн кеш болды, өлеңіннің аяғын айт,
Уәзірлерімді тағы да ыза қылма.

1750 Уәзір сөз үйретті ханы менен,
Жала жауып алтынның сынығына.
Күнде бір сөз жайылып жатқызады,
Таң қаламын уәзірлер қылығыңа.

Уәзір еді қу мұндар, залым мұндар,
Отырып әңгіме айтып күн де батар.
Ханымға қол салдырған сені біз бе,
Тағы бізді дұшпан деп базаңдар.

— Ей, патша, мұны өлтірмей қоясың ба,
Күндегі айтқан қу сөзге тоясың ба?
1760 Терісіне қоялық сабан тығып,
Терісін тұлып қылып соясың ба?

— Уәзірлерім, тоқтай тұр, [сөз] тыңдалық,
Сөзін әбден түгесін, ұрыспалық.
Жалғанда жан айтпаған бір кеңес қой,
Бір сөзінен бір сөзі падишалық.

Уәзірлерім, қоя тұр егесіңді,
Білемін тірі қояр емесіңді.
Бала судан шықты ма, шықпады ма,
Ей, Бақтияр, айта бер кеңесіңді.

1770 Бақтияр жаман еңіреп кеңес құрды,
«Көп азаппен бағанағы биді өлтірді.
Әлгіде осы жерде тоқтағансың», —
Деп патша құлақ салып тыңдап тұрды.

Керуен де өтті пенде[ге] қасад қылған,
Ниетсіз сөйтіп өткен, шіркін, жалған.
Падиша кісі жиып іздетеді,
Бар ма екен судан сандық тауып алған?

Шәкіратжан інісіне көп зарланған,
Жалғанда бір көрсем деп арман қылған.
1780 Іздетіп һәлак болып жата тұрсын,
Аз ғана сөз қылайын Шәкіржаннан.

* * *

Теңіздің жағасында бір шаһар бар,
Бұл сөзді құлақ салып аңғарыңдар.
Шәкіржанға бір адам кез болады,
Құданың құдіретіне таң қалыңдар.

Бір мүсәпір қолына қармақ алды,
Балық аулап теңізге жаяу барды.
Суда ағып келеді үш кез сандық,
Мүсәпір мұны көріп қайран қалды.

1790 Мүсәпір сандық көріп қайран қалды,
Қолындағы қармақты даярлады.
Қарсы алдыда бір жерде тосып тұрып,
Қармағын іліп тұрып тартып алды.

Сандықты сүйреп алып шықты шетке,
Құдайым жолықтырды қай ниетке.
Бұ сандық[қа] ертең біреу ие болса,
Мен бейшара қалармын қайғы-дертке.

Теңізге келіп едім балық аулап,
Мені ап шығар кісі жоқ омыраулап.

1800 Ішінде мұның қанша мүлік бар деп,
Біреу келсе немді айтам сандық даулап.

Бейшара көп отырды ақыл ойлап,
Сандық аузын аша алмай көзі жайнап.
Патша маған неге көрсетпедің десе,
Қор болып өлемін [ғой] сорым қайнап.

Бейшара сандық аузын аша алмады,
Жалғыз ашып көрмекке бата алмады.
Сандығын бір жерге алып қойды дағы,
Патшасына жүгіріп жетіп барды.

1810 Алдына падишаның кіріп барды,
Әдеп бірлән ол тұрып сәлем берді.
— Балық аулап кетті деп естіп едім,
Нағып жүрсің, мүсәпір, — деп сөйледі.

— Падишам, барып едім балық аулап,
Бір сандықты кез қылды Алла Тағала.
Бұл сандықты теңізден тауып алдым,
Сізге хабар бергелі келдім жаныңа.

Сандықтың аузын өзім аша алмадым,
Сізден қорқып ашуға бата алмадым.
1820 Ертең біреу сандығын жоқтап келсе,
Сізге мағлұм болсын деп ой ойладым.

Ол-пұл болса берерсіз қолыңыздан,
Уа ғайр жоқ болса көрерсіз көзіңізден.
Бір кісіңді қосып бер, әкелейік,
Көп кешігіп қалмайық жолымыздан.

Падиша мұның сөзін естіп білді,
Екі-үш кісі қасына қосып берді.
Сандықтың аузын бұзбай қалыбымен,
Уәзір жылдам көтеріп алып келді.

1830 Мүсәпір екі-үш кісі ертіп алды,
Сандықты кезек-кезек қолға алды.
Азаптанып арқалап, көтерісіп,
Падишаның алдына алып барды.

Падиша дереу сандық аузын ашты,
Ерген жанның бәрі де анталасты.
Ішінде айдай толып жігіт жатыр,
Бұ жігіт неткен жан деп таңырқасты.

Жатыр екен кірпігін қимылдатып,
Сандықтан біреу суырып алды тартып.
1840 Аузына мақтаменен су тамызып,
Бейшараны тірілтті адам етіп.

Баладан тірілген соң сөз сұрайды:
— Жарықтығым, жөнің айт, кім едің? — деп.
Бастан-аяқ жасырмай көргеніңді айт,
Қазаның жоқтығынан жолықтыңыз, — деп.

Есін жиып алған соң сөзлер бала,
Жанның бәрі жиылған тамашаға.
Шәкіржан айтып отырып зар еңірейді,
Ісіне Құдіреттің не-дүр шара.

1850 Әуелі патша болып туған жерім,
Өгей шеше қас болып қуған жерім.
Өзі көрген бейнетінің бәрін айтты,
Бастан-аяқ терейін қайсы бірін.

Не көрген бейнетінің бәрін терді,
Жиылған жан жамағат естіп-білді.
Бастан көрген бейнетін естіген соң,
Бастығы патша болып жұрт еңіреді.

Жұрт естіп есіркеді қылған ісін,
Сенге қастық қылдырған шешең құрсын.
1860 Сөйдеп айтып сөйлейді отырғаннан,
Мұндай сөз көргенім жоқ мұсылманнан.

Сөйткен өке-шешеңді Құдай ұрсын,
Бейнетті көріпсің ғой тамам жаннан.

Ол баланы есіркеп құрметтейді,
Алдына неше түрлі ас келтірді.
Қазынадан патшалық тон шығарып,
Жақсылап Шәкіржанды киіндірді.

Падишасы бір үлкен қартаң адам,
Жалғыз қызы бар екен ер таңдаған.
1870 —Өзімдей падишаның баласы екен,
Қызымыз қабыл көрер ме, көрсет соған.

Қызметкерлер жүгіріп қызға барды,
Қыз енді Шәкіржанға көз салады.
Құдай артық жаратқан нұрлы етіп,
Шәкіржанды қыз көріп [қабыл] алды.

Қыз көрген соң есінен адасады,
Тамам жұрт тамашаға қарасады.
Қыздың ғашық болғанын патша біліп,
Енді күйеу қылмаққа жарасады.

1880 Падиша той қылады жұртын жиып,
Қыз тиді өз еркімен көңлі түйіп.
Құдайдың бұйыртқаны осы екен деп,
Шәкірді қызға қосты некаx қиып.

Падиша тойын қылып қызын қосты,
Мұратына жеткізді екі жасты.
Балам болды, орнымды берейін деп,
Өз тақытынан падиша өзі түсті.

Шәкірді жарылқады тағын беріп,
Ер таңдаған асыл қызын және беріп.
1890 Ел-жұрты құтты болсын тағыңыз деп,
Падиша қабыл көрді патша қылып.

Шәкіржан патша болып тақыт мінді,
Рақым Құдай мұратын тигізді енді.
Сабыр қылмай Құдайға тіл тигізсе,
Мұндай болып мұратқа жетер ме еді?!

Бек құрметтеп сыйлайды қауым елі,
Шәкірдің енді ашылды көңілдері.
Бағана бейнет тартып жүрген күнде
Құдайға тіл тигізген бар ма жері?!

1900 Патша боп тақытында отыр еді,
Қонақпыз деп сөйлесіп екеу келді.
Өз елінің кісісі секілді емес,
Жат жерден келіп тұр деп құрметтеді.

Ол мейман шақырған соң үйге кірді,
Алдына неше түрлі ас келтірді.
Ас ішкен соң: — Не іске келдіңіз, — деп,
Меймандарым, сіздер бізге сөйле, — деді.

— Падиша, біз жолаушы жоқ іздеген,
Көп кісі боп шығып ек елімізден.
1910 Сұрасаңыз, патшамыздың аты Шәкірат,
Ғаріп адам боламыз жаһан кезген.

Көп кісі [едік ел-] елге жар салған,
Бар ма екен судан сандық тауып алған.
Сандық тапқан кісіге көп сүйінші,
Зар болған падишамыз қайғыланған.

— Мендей ғаріп екенсіз жаһан кезген,
Падиша не себептен қайғы жеген?
Ғәлак болып көп адам мұнша іздеп,
Ол сандықтың ішінде неме екен?

1920 — Ол сандықтың ішінде бір бала бар,
Ол бала үшін қырылды мұсылмандар.
Ол бала патшамыздың інісі екен,
Арманда боп айрылған бейшаралар.

Шәкіржан естіп-білді мұның бәрін,
— Бұ сөзді рас айтасың, меймандарым,
Сол іздеген бейшара мен сорлы едім,
Ah, — деп аузынан шықты жалын.

Падиша есі кетіп, кетті талып,
Іші-бауыры елжіреп, оттай жанып.
Есі кетіп тақтынан түскеннен соң,
Меймандар су бүрікті тұра салып.

Падиша есін жиып, көзін ашты,
Қанды жасы көзінен араласты.
Падиша талып қалды дегеннен соң,
Жанның бәрі жүгіріп анталасты.

Шәкіржан есін жиып түрегелді,
Ағасының хабарын жаңа білді.
Естігенім өңім бе, түсім бе деп,
Бейшаралар егіліп көп еңіресті.

Шәкірдің жырлағаны

Айналайын, мейманым,
Сендерге болсын жиғаным.
Алдыңызға салайын,
Алыңдар қанша сыйғанын.
Алыңдар сендер малымды,
Мейманым, тыңда зарымды,
Ағамнан хабар есітіп,
Сұм жүрегім жарылды!

Жарылды менім жүрегім,
Қайғы еді жегенім.
Айналайын бар Құдай,
Берген екен тілегім.
Құдай тілек бермесе,
Көзімнің жасын көрмесе,
Құдай және сиғынамын,
Хабары бүйтіп келмесе.

Арманда боп айрылған,
Айрылғанда зар қылған,
Қанатынан қайрылған,
Жасыған жездей майрылған,
1960 Бір анадан туысқан,
Белді бекем буысқан,
Асық ойнап алысқан,
Сабағына жарысқан,
Ана сүтін тырналап,
Бір емшектен тартысқан,
Ақ сүтін бірге еміскен,
Тар төсекте жатысқан,
Сабақты бірге оқысқан,
Көңілге ақыл тоқысқан,
1970 Бауыры үшін қаңғырып,
Ел-жұртынан айрылған,
Мұстакөн жер, ағекем,

Шырағым, разы бол, ғаріп бала,
Сіздерге өнер берді Хақ Тағала.
Әр қисса мен де жаздым біраз ғана,
Жазбасқа сіз тапсырғаш не-дүр шара?!*

Ағам тірі бар ма екен,
Сәнаменен сарғайып,
О да мендей зар ма екен?!

1980 Ол ағамды мен көрсем,
Ішімдегі қайғы-дерт,
Бәрін жиып бір терсем.
Өтер едім армансыз,
Көріп тұрып жан берсем.
Болар едім армансыз,
Өлем деген жалған сөз,
Айналайын, мейманым,
Қандай күні болдың кез?
Айналайын, қонағым,

* Шумақтың түпнұсқадағы берілуі сақталды.

1990 Айтыңдар ағам тұрағын.
Рас болса сөздерің,
Болайын құрбан лағың.

Сендермен бірге ерейін,
Ағамды барып көрейін.
Ағамды сендер көрсетсең,
Көп сүйінші берейін!

Сүйіншіні алыңдар,
Ағама ертіп барыңдар.
[Бауырыңды] таптық деп,
2000 Ағама хабар салыңдар!

Хабарымды естіп жұбансын,
Інісін көріп қуансын.
Дұшпанның мойнын сындырсын,
Достың көңлін тындырсын.

Қапылыста өліп жартаста,
Кетіп еді ағам бір басқа.
Екі ғазиз, мейманым,
Бұ сөздерің рас па?!

Шәкіржан сөйтіп айтып зар еңіреді,
2010 Меймандар «жалған емес, рас» деді.
— Бұларды ертіп ағамды көремін, — деп,
Ел-жұртым, қазір тегіс жиыл, — деді.

Шәкіржан ел-жұртына хабар салды,
Бес жүз лөшкер қасына ертіп алды.
Мейманын көп мал беріп, разы қылып,
Өзі іздеп ағасына бірге жүрді.

Қанша күн жол үстінде бірге жүрді,
Ағасының анығын біліп келді.
Үш күншілік жер қалғанда ағасына,
2020 Алдымен бір-екі адам жібереді.

Жіберді ағасына хабар салып,
Ағамды қуантыңдар деп әуел барып.
Бейшара болған інің келеді деп,
Алыңдар сүйіншіні жүрек жарып.

Екі адам дереу шапты жалбыр қағып,
Патша жарлық берген соң тұрсын нағып.
Шаһардан падишасын іздеп тапса,
Отыр екен көзінен жасы ағып.

Алдына патшасының жетіп келді,
2030 Қол қусырып алдында сәлем берді.
— Атың ...* еріккенің бұл емес,
Мейманым, танымаймын, кімсің? — деді.

— Ей, патша, неге жүрсің мұнша жасып,
Сізге келген мейман[быз] амандасып.
Биязарлық кісідей қаның қашқан,
Қанды жасың көзіңнен араласып.

Патша айтты: — Көңлімде бір қайғы бар,
Қайғым еске түскенде жылаймын зар.
Мейманым, сөзлеңіздер, кім едіңіз,
Қайғым сұрап не етерсіз, мұсылмандар?
2040
— Ей, патшам, қайғыңызды түгеселік,
Жөнімізді сонан соң сұрасалық.
Аз ғана кеп соғалық құлағың сал,
Екеуміз де өнерсіз емес едік.

Екі адамның сүйінші сұрағаны

Біз бір ғазиз мейманбыз,
Бөлек шаһардан келгенбіз.
Көңілдегі қайғыңды,
Мәнісін естіп білгенбіз.
Аяндамай желгенбіз,

* Бір сөз танылмады.

2050 Ат терлетіп келгенбіз.
Қайғыңыздың мәнісін
Айтпасаң да білгенбіз.

Ініңді ойлап қайғырдың,
Жасыған жездей майрылдың.
Бірге жүрген бауырыңдан
Арманда боп айрылдың.

Бауырыңнан қалдың арманда,
Жапанда өліп қалғанда,
Кім армансыз өтпейді,
2060 Мән сұрамай жалғанда.

Армансыз дүние болар ма,
Пенденің көңілі толар ма?
Мұратыңа жетерсің,
Асылзатым, жылама.

Бұ жылаудан тыйылсаң,
Бір Құдайға сиынсаң,
Біз бір кеңес айталық,
Ел-жұртыңмен жиылсаң.
Ішке сақтап қайтелік,
2070 Ініңіз үшін қайғырма,
Ақылыңнан айрылма.
Өлген інің тірілер,
Мағлұм боп білінер,
Көзіңе келіп көрінер.

Ей, сұлтаным, сүйінші,
Бауырың тірі бар екен,
Көргелі сізді зар екен,
Зары сізден ары екен.
Асылзатым, сүйінші,
2080 Өлген інің тірілген,
Бейнеті көп көрілген.
Бейнеті көп көрілген,
Жастан көрген бейнеті

Бір қағазға терілген,
Өзіңізге мағлұм боп,
Қыздан хабар берілген.
Үш кез сандық ішінде
Теңізде ағып жүрілген.
Балық аулап жүргенде,
2090 Бір адамға көрінген.
Судан шығып саламат,
Елге тегіс білінген.
Ей, сұлтаным, сүйінші,
Басыңа дәулет ілінген.
Өзіне бір қыз берілген,
Кер маралдай керілген,
Сары майдай ерілген,
Патшамыздың қызы еді,
Ақ маңдайдың өзі еді,
2100 Сол қызды алған ініңіз,
Ақсұңқарым, сүйінші,
Патша қылып тақыт берілген.
Сондай сұлу нақ берген,
Құдай қалап ініңе,
Сондай үлкен бақ берген.

Тәж оралған басына,
Тақыт мінген астына,
Рақым қылған Құдайым
Көзінен аққан жасына.
2110 Бес жүз ләшкер ол ертіп
Келе жатыр қасыңа.
Асылзатым, сүйінші,
Інің үшін жасыма.
Бес жүз ләшкер қасында,
Дәулет құсы басында,
Хабарға келдік осында.
Ей, сұлтаным, сүйінші,
Ертең түсте келеді,
Шаһарға келіп кіреді,
2120 Алдынан шықсаң ініңнің,
Барсаң көзің көреді,

Құдайыңа сүйінші.
Жалған емес бұ сөзім,
Шаһизатым, сүйінші!

Падишаның көзінен жас егілді,
Інісінің хабарын естіп-білді.
Қорыққан мен қуанған бірдей екен,
Хабарды естіп талықсып, жығылды енді.

Бір заман түрегелді есін жиып,
2130 Тоқтаған соң көзінің жасын тыйып.
Өзіңнен, жақсылар, сөз естідім деп,
Екеуінің аузынан алды сүйіп.

— Аузыңыздан айналайын, меймандарым,
Талай жанға сөз болды қылған жарым.
Іниме шын көрісіп құшақтасам,
Өліп кетсем қалар ма тағы арманым?!

Бұ сөздерің рас па, жарықтығым,
Тірілді деп отырсыз өлген інім.
Жалғанда жаным-тәнім, жалғыз бауырым,
2140 Бауырымсыз не болар көрген күнім?!

Ол мейманның аузынан тағы сүйді,
Қуанғаннан шыдамай іші күйді.
Інімнің мен де алдынан шығайын деп,
Падиша ат шаптырып, жұртын жиды.

Падиша жұртқа тегіс хабар салды,
Бес жүз лөшкер ол дағы ертіп алды.
Келер жөнін бұлардан сұрап алып,
Інісінің алдынан қарсы жүрді.

Інісінің ерткені өңкей батыр,
2150 Қару-жарақ сайманын жарқылдатар.
Ағасының қарасын бұрын көріп,
Қатты желіп сауылдап келе жатыр.

Ағасы жолын тосып қарап тұрды,
Асығып арғымақтай жарап тұрды.
Інісінің қарасын бұлар көріп,
Ағасы көңілін тыймай жылап тұрды.

Шәкірат інісін көргенде айтқан жыры

Келе жатыр, қарағым,
Жарқылдатып жарағын,
Өлген інім келеді,
2160 Ашылсаңшы, қабағым.
Құдайым берді тілегім,
Құшақтасар білегім.
Қарсы бауырым келеді,
Жарылсаңшы, жүрегім!
Жалғызым деп ойлаған,
Бауырым еске түскенде,
Ішім оттай қайнаған,
Інім екен ырысым,
Ашылсаңшы, тынысым!
2170 Отыңа жаққан су құйып,
Өшірсеңші сұм ішім,
Қазандай ішім қайнадың,
Жанған шоқ боп жайнадың,
Ішім от боп күйгенде,
Көзімнің жасын тыймадым.
Жалғыз еді қу басым,
Інім келді жолдасым,
Күнде ағушы ең құрғамай,
Тыйылсаңшы, көз жасым.
2180 Жас ақты көзден тамырдан,
Айырылған соң бауырдан,
Қайысып едің бүгіліп,
Түзелсеңші, қабырғам.
Жұлын-құйқам сөгілген,
Мойным босап бүгілген,
Менен сорлы бар ма екен,
Күйіп-жанып егілген.

Мен екенім біледі,
Бәрі саулап желеді.
2190 Көлеңкеңнен айналсам,
Қандай жерде келеді.
Не түсті екен мінгені,
Қандай екен кигені,
Біреу басып алдымнан
Жақсы емес білгені.
Қарасам көз талады,
Бауыры жақын келгенше,
Іші өртеніп барады.

Бес жүз ләшкер атырап,
2200 Қатты келер қамшылап,
Бауырым келе жатқанда,
Көзден жасы тамшылап,
Айна алып қарайын,
Әйнекке көзім салайын,
Біреуің барып біліңдер,
Тура алдынан барайын.
Басына тәж оранып,
Көзінен жас ағызып,
Қарағым келе жатқанда,
2210 Мен байғұсты сағынып,
Атымнан түсіп қарайын,
Алдынан жаяу барайын,
Көрсеткенің рас па,
Айналайын, Құдайым!

Ағасы сөйтіп айтып зарлық етті,
Сонша болмай бұлар да саулап жетті.
Інісінің сүйесіп қолтығынан,
Атының басын бір адам жетелепті.

Інісінің көл-дария екі көзі,
2220 Зарланған ағасының келді сөзі.
Ағасы ат үстінен қарғып түсіп,
Не болғанын білмейді өзін-өзі.

Інісі атынан ұшып кетті,
Екеуі жаяуласып жүгірісті.
Сонша зар боп жүрген соң неге тұрсын,
Екеуі құшақтасып көп көрісті.

Ағасының ерткені бес жүз ер-ді,
Мына келген бес жүзбен бір мың болды.
Екі ләшкер қосылып екі жақтан,
Ортаға алып мұңын естіп қарап тұрды.

Ағасы інісіне бұрын жетті,
Інісі есі кетіп, талып кетті.
Омырауын дал-дал қып жалаңаштап,
Бейшара құшақтасып зарлық етті.

Шәкіраттың інісімен қосылып көріскенде айтқан жыры

Жалғыз бауырым, інімсің,
Менім жаным-тәнімсің,
Жарық сәуле Шолпаным,
Менім айым-күнімсің.
Жаным-тәнім сен едің,
Жалғыз ағаң мен едім,
Хабарыңды естіп жүдедім,
Құдайымнан тіледім.
Берді Құдай тілегім,
Жаңа айқасты білегім.
Туысым қосылды,
Жарылар ма екен жүрегім.
Қол ұстасып жүргенде,
Жартаста еді өлгенің.
Өңім бе, менім түсім бе,
Өлген сені көргенім?

Жазу жазып [мен] тасқа,
Лажсыз кеттім бір басқа,
Тіріліп келіп көрісіп,
Тұрғаның, қалқам, рас па?

Қарағым, мен қандаймын,
Сағынғаннан зарлаймын,
Түсім шығар көргенім,
Өңім бе деп нанбаймын.

Өңім болса білейін,
Келбетіңді көрейін,
Тамағыңнан иіскеп,
Аймалап, құшып өлейін.

Қарағым, құлыным, ағайын,
Бауырыңа бауырым қосайын.
Тамағыңнан иіскеп,
Аймалап мауқым басайын.
Жас күніңде жатушы ең,
Төсімнен [менің] иіскеп,
Айғайлап шақырушы ең анаңды,
Өлгенін білмей апарып.
Анасын іздеген жоқтар деп,
Ес кірген соң тоқтар деп,
Екі жыл бұрын туған соң,
Күтуші едім мәпелеп.

Бірге жатып сөйлескен,
Мұңын айтып еңірескен,
Бастан жетім, қарағым,
Шер көкірек болып өскен.
Сенің атаң мен болдым,
Мен анаңмен тең болдым,
Саған бейнет берген соң,
Жапа-зар боп жүрген соң,
Сені көзім көрген соң,
Қартайғанда сұм өкең
Қатын тіліне ерген соң,
Қол ұстасып жөнелдім.
Жөнімнен мен де түңілдім.
Құдай айдап барды ма,
Қу жартасқа кез болдым,
Жартаста жатып сен өлдің,

Шын дүниеге жөнелдің,
Өлген соң қайта тірілдің,
Қарағым, бауырым, не көрдің?
Мен сорлы қанша зарландым,
Үш айналып жүгірдім,
Тұрмаған соң түңілдім.
Құдайыңа тапсырып,
Еңіреп, боздап жөнелдім.

Өлген соң қайта тірілдің,
Айдаһарды өлтіріп,
Құмға тірі көмілдің.
Құмнан қайтып тұрыпсың,
Екі биден көріпсің,
Керуенмен жолдас боп,
Базар қылып жүріпсің.
Сандық сатып алыпсың,
Керуенмен жолдасып
Бір бәлеге батыпсың.
Көргеніңді, қарағым,
Ақ қағазға салыпсың.

Ақылмен қағазға салғаның,
Қыздан хабар алғаным,
Хабарыңды естіп зар болдым,
Таусылмаған арманым.
Екі биді өлтірдім,
Жанына қаза келтірдім.
Керуеннің һәммасын
Қырып, өлтіріп кетірдім.
Мауқым [сөйтіп] басқаным,
Бәрісін дарға асқаным.

Айналайын, бар Құдай,
Бауырыма жұпты қосқаның,
Жиылмас жерден ауруым,
Нұрлы туған бауырым,
Сәнаменен сарғайдым.
Қарағым, қалқам, бауырым,
Зар болдым басқан ізіңе,

Бал-шекердей сөзіңнен,
Мен садаға кетейін
2330 Жаудыраған көзіңнен.
Айналайын, қарағым,
Жанып тұрған шырағым,
Енді сенің алдында
Болайын құрбан лағың.

Көп бейнетті көріпсің,
Өлмей тірі жүріпсің,
Шерлі ағамды көрем деп
Іздеп, қалқам, келіпсің.
Іште шерім толы ма,
2340 Қарағым, көп налыма.
Жанымды құрбан етейін
Іздеп келген жолыңа.

Жаратқан Жаппар Құдайым,
Сабырлық етіп жылайын,
Қарағым, інім, жылама,
Жылама, мен де тынайын.

Мен жыладым келген соң,
Тұра алмадым көрген соң,
Қарағым, сен жылама,
2350 Құдай тілек берген соң,
Көзің жасын көрген соң,
Құдайға шүкір қылайын,
Інім аман келген соң.

Ағасы жылама деп зар еңіреді,
Інісі неге тұрсын, о да еңіреді.
Мың кісінің ішінде нелер жан жоқ,
Бәрі де қайғырысып зар еңіреді.

Шәкірдің жырлағаны

Қарағым, қалқа, ағекем,
Ғаріпке Құдай жақ екен,

2360 Мені тірі көрсеткен
Басыма тұтқан бақ екен.
Бақ-дәулет қонды басыңа,
Мен [келдім], аға, қасыңа,
Құдай тілек берген соң,
Ағеке, жылап жасыма!

Көп жылаудан пайда жоқ,
Өткен іске хайла жоқ.
Бүйтіп тірі көрісіп,
Көрем деген ойда жоқ.
2370 Көңілімден кетпедің,
Мен үшін қайғы жеп пе едің?!
Бұ жалғанда, ағеке,
Көремін сені деп пе едім?!

Көрсетті, шүкір, Құдайым,
Ішім толған уайым.
Ішімдегі шерімді
Тарқатпай қайтіп шыдайын?
Ағеке, ішім толған шер,
Бір күнде болдым қара жер.
2380 Көп бейнеттің тұсында
Көзімнің жасы болды сел.

Көкірегім шер болды,
Жылап көзім көр болды.
Ағекем деп зар болдым,
Естіген жанға шер болдым.
Жасымда не көрмедім,
Жетім қалып еңіредім.
Ағекем, сенің арқаңда
Жетімдікті білмедім.
2390 Шешемізді Құдірет алғанда,
Ішке [толды] қайғы-дерт.
Өгей шеше, ағеке-ау,
Тартқызды бізге көп бейнет.
Анамызды алғанда,
Келіп жұпты болғанда,

Сұрады ма екен сұм ата
Бала бер деп жалғанда.
Сұрағаны біз болсақ,
Біреу сонша сөз болсақ,
Жазықсыз бізді қаңғыртып,
Мұндай күнге кез болсақ,
Қатын көңіліне қараған,
Бізді дұшпан санаған,
Ақымақ екен бұрынғы,
Бала бер деп сұраған.
Тілемесе нетеді,
Бермесе зарлық етеді,
Жалғандағы жалғызын
Неге мұндай етеді?!

Әкенің күні тар екен,
Балаға шеше зар екен.
Шешенің көзі кеткен соң,
Әке жаудан ары екен.
Қатыны хайла тапқан соң,
Өтірік жала жапқан соң,
Балаң мені сөйтті деп,
Өтірік айтып шаққан соң,
Әкем айтса балам деп,
Не деп отыр анаң деп,
Не-дүр деп тергесе,
Басыңдағы шалаң деп.
Көп биді салғанда сұрамай,
«Арманда әке ...*» деген сөз
Рас екен жалғанда.
Әкем қаһар қылғанда,
Жендеттерден қалғанда,
Ағеке, кез боп жолықтың,
Жап-жалаңғаш болғанда.
Мені көріп жыладың,
Көзіңді сен бұладың,
Ішімдегі дертімнің,
Бәрін теріп сұрадың.

* Бір сөз танылмады.

Сөзімді естіп қайғырдың,
Ақылыңнан айрылдың,
Кең дүние кенерілді,
Менен ары зар қылдың.
Бірге жүрдің зар қылып,
Жолдасыңнан айрылып,
Жолдасың шулап тұрса да,
Қарамадың қайрылып.
Атыңды да тастадың,
Жолдасыңа ақыл қоспадың,
Сен өлген жерде өлем деп,
Білегімнен ұстадың.
Табаның жерге тигізіп,
Маңдайың күнге күйгізіп,
Сүйткен ағам сен болсаң,
Мауқымды менім бассаңшы,
Тамағыңдан сүйгізіп.

Менім үшін болдың диуана,
Көп бейнет көрдің, бейшара.
Сөйткен, қайран, ағеке,
Енді сенің жолыңа
Өз жанымды құрбан қып,
Өліп кетсем, [ағеке],
Менсіз сенің күнің жоқ,
Сенсіз менім күнім жоқ.
Артыңда сенің інің жоқ,
Ағалап менде тыным жоқ,
Аузымнан алмай зарланып,
Күйіп-жанып болдым шоқ.
Сөйткен, қайран, ағеке,
Зар болды деген осы екен,
Артымыздан қайғы ойласып,
Бізді жоқтап ойбайлап,
Тым болмаса, ағеке,
Артымыздан жаны ашып,
Жылар адам болса екен.
Жалғыз ағам сен едің,
Жалғыз інің мен едім,

Бұ жалғанда бір көрсем деп,
Зар-зар еңіреп тіледім.

Тілегім Құдай бергенде,
Көзімнің жасын көргенде,
Сонда арманым көп еді,
Ағамды көрмей өлгенде.
Енді арманым жоқ болар,
Мұңым айтсам көп болар.
Сағынған сонша мауқымды
Қайтіп бассам еп болар?!
Ағекем, тоның ашайын,
Бауырымды қосайын.
Омырауыңды иіскеп,
Айқалап мауқым басайын.
Мың адам бізге қарады,
Қайғырып құлақ салады.
Жыламайын десем де,
Ішім күйіп барады.
Іштегі отым сөнер ме
Сөн дегенге көнер ме?!
Екеуміз де тәж бастық,
Аман-есен жолдастық,
Мұнан артық, ағекем,
Енді тілек берер ме?!

Інісі сөйдеп айтып көп еңіреді,
Қарағым, ағекем деп зар еңіреді.
Ағасы мауқын баспай тым еңіреді,
Қайғысы көп адамдар бірге еңіреді.

Мың адамның ішінде біреу келді,
Жасы бар жетпіс бесте қартаң еді.
Балаларым, көп зарығып жылама деп,
Тоқтау ғып өсиет айтып еді:

Балаларым, жылама,
Бүгінгі күн жақсы күн,
Екі зарлық қосылған,

Иншалла, жақсы күн,
Бақ-дәулетің ашылған,
Бүгінгі күн жақсы күн,
Асылзатым, жылама!
Сіздерге тоқтау айтайын,
Құдай бізге берген соң,
Сіздерге айтпай қайтейін,
Балаларым, жылама!
Бұ заманның қарты едім,
Бұрынғының арты едім,
Жетпіс бесте жасым бар,
Жарты ғана басым бар,
Бекзаттарым, жылама!

Енді мауқың басыңдар,
Жұрт есітті зарыңды,
Қалдырмады барыңды,
Екеуіңнің зарыңды
Жұрт еңіреп налынды,
Бүгінгі күн жақсы күн,
Бекзаттарым, жылама!
Шешеңіз жоқ жетімсіз,
Әкеңнен көріп кетіпсіз,
Құдайыңыз жар болып,
Бұ дәулетке жетіпсіз,
Бүгінгі күн жақсы күн,
Сұлтандарым, жылама!

Тәж орандың басыңа,
Тақыт міндің астыңа,
Екеуіңнің құрметің,
Бір мың кісі қасыңда,
Бүгінгі күн жақсы күн,
Бекзаттарым, жылама!
Бұрынғыда зарлы көп,
Жетім қалған шерлі көп,
Ел ішінде мұңды көп,
Нелер зарлы сорлы көп,
Бүгінгі күн жақсы күн,

Патшаларым, жылама!
Кім жұртынан кетпеген,
Кімдер зар боп өтпеген,
Зар бойынша өткен көп,
Мұратына жетпеген,
Тәңірі рақым еткен соң,
Бастан көрген бейнетің
Түгесіліп, бүйтіп жылама!
Жұртың құрмет еткен соң,
Бектерім, бүйтіп жылама!

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Кей адамның міні жоқ,
Мінсіз жанның көңілі тоқ.
Кей адамда іні жоқ,
Інісіздің күні жоқ.
Кей адамда аға жоқ,
Ағалы жанға баға жоқ.
Кейбіреуде бала жоқ,
Бермесе Тәңірі шара жоқ.
Кейбіреудің малы жоқ,
[Кей] біреудің жары жоқ,
Жары жоқтың жаны жоқ,
Қатын алар халі жоқ.
Кейбіреуде бала жоқ,
Бермесе Алла шара жоқ.
Қайғыдан бүтін аман жоқ,
Қайғысыз өтер заман жоқ.
Бәрін айтпа, бірін айт,
Сабырсыздан жаман жоқ.
Бүгінгі күн жақсы күн,
Екі сұлтан, жылама.

Балаларым, жақсы тұр,
Сабырлықпен жылаған,
Екеуіңді екі жұрт
Патша қылып қараған.
Екеуіңнің зарың деп,

2580 Жан есітіп жылаған.
Екеуіндей жан жоқ па,
Бақ-дәулет берді сұраған.
Бақ-дәулет қосып басыңа,
Құдайыңыз қалаған.
Басқа бәле келтірер
Сабырсыз боп жылаған.
Бүгінгі күн жақсы күн,
Балаларым, жылама!

Есіткенім елде көп,
2590 Өз жұртынан кетіскен,
Нелер айтты көрісіп,
Нелер зарлық етіскен,
Ғұмырында жақсылық көрмей,
Зарлы болып өтіскен,
Екеуіндей адам жоқ
Мұратына жетіскен.
Шүкірлік қыл Құдайға,
Бекзаттарым, жылама!

Шүкірлік қылсаң Құдаға,
2600 Жүрерсің көп қалайға.
Шүкірлігің жоқ болса,
Жоқ сендерге қарай ма.
Тәубең қабыл болса,
Кірерсің жақсы сарайға.
Көрінің айтқан бұ сөзі,
Бекзаттарым, ұнай ма?
Бүгінгі күн жақсы күн,
Ұғландарым, жылама!

Аға бүйтіп жылар ма,
2610 Інісі іздеп келген соң,
Іні бүйтіп жылар ма,
Ағасын тірі көрген соң.
Екеуіңнің соңыңнан
Мың қызметкер ерген соң,
Бірін-бірі көрісіп,

Құдай тілек берген соң,
Мұнан жақсы күн бар ма,
Балаларым, жылама!

Өгей шеше қар болып,
Қылған ісі тар болып,
Балам, жүрген шығарсың,
Көңіліңде қайғы бар болып,
Өлген інің тіріліп,
Көрісіп тұрсың зар болып,
Патша болдың екеуің,
Құдайыңыз жар болып
Мұнан жақсы күн бар ма,
Бекзаттарым, жылама!

Құтты болсын тәжіңіз,
Құшағыңды жазыңыз,
Ұзын болсын жасыңыз,
Енді мауқың басыңыз.
Жыламақ басқа бәле еді,
Тағы да отқа салады.
Көрмесін деп жамандар,
Жаным ашып барады.
Бәледен, балам, қашыңыз,
Мауқыңызды басыңыз,
Кәрінің сөзін қабыл алып,
Араңызды ашыңыз.
Бүгінгі күн мейрам күн,
Сұлтандарым, жылама!

Кәрі байғұс солай деп айтып еді,
Айтқан сөзі орынды секілденді.
Шүкірлігін қылысып Құдайына,
Екеуі бірін-бірі қоя берді.

Екі бала жыламай мауқын басты,
Құдайға шүкір қылып амандасты.
Аттан түсіп мың адам екі жақтап,
Ерсі-қарсы көрісіп жапырласты.

Шәкір айтты: — Көп болды көрген ісім,
Мұндай боп көрем деп пе ем аға түсін.
Сені көріп, ашылды іштен шерім,
Ағекем, қарағым, қалқам, жас арысым.

Ағасы айтты: — Қарағым, жүрмін тірі,
Ағаңның жаңа ашылды іштен шері.
Көзімнен жас, көңілімнен қайғы кетпей,
Сәнаменен сарғайдым сонан бері.

Жартасқа көмбей тастап кеткен күнде
2660 Мұндай боп көрем деп пе ем амандасып.
Сәнаменен сарғайып мұнша күйіп
Қанды жас ағады араласып.

Қарағым, сен өлген соң бір жартаста,
Басқа мүшкіл іс түсті жазылмасқа.
Лажым жоқ, шарам жоқ, кеттім тастап,
Жалғыз бауырым, кімім бар сенен басқа?

— Жазу жазып кетіпсіз бір жартасқа,
Кемпір, шал сауап қылды біз байғұсқа.
Құдай рақым қылған соң мен тірілдім,
2670 [Ит-]құсқа жем болмас па ем онан басқа?

Құданың құдіретімен тірілген соң,
Тірілдім деп қағазға сап білгенің.
Құдай-а, құдіретіңе мың шүкірлік,
Өлген бауырым тіріліп көрінген соң.

Екеуі де Құдайға шүкір қылды,
Отырмалық деді де атқа мінді.
Інісімен көрісіп мауқын басып,
Ағасы өз шаһарына алып кірді.

— Өз ләшкерім, кетіңдер жай-жайыңа,
2680 Кіріңіздер патшалық сарайыма.
Жұрт жиып, ат шаптырып, той қылайын,
Разымын Жаратқан Құдайыма.

Ләшкер алып жүрді қызмет етіп,
Патшалық сарайына келді жетіп.
Бағана бес жүз ләшкер бәрі келді,
Шәкіратжан тақытына отырып.

Шәкіржан жолдасымен бірге отырды,
Шәкіраттың ләшкері тең отырды.
Көп адам жүгіре басып қызмет қылып,
2690 Алдына неше түрлі ас келтірді.

Ағасы үлкен тойды жасап жатыр,
Қисабы жоқ көп малды қырып жатыр.
Той қызығын көргендер кіреді деп,
Бес жүз жерге тіктірді бес жүз шатыр.

Тігейік бес жүз жерге бес жүз шатыр,
Ішін ашып шатырға кірді батыр.
Балуандық жүргізіп, ат шаптырып,
Ағасы бар білгенін қылып жатыр.

Кейбіреуге ат берді «мініп ал» деп,
2700 Кейбіреуге тон берді «киіп ал» деп.
Қазынадан шығарып алтын шашты,
«Мүсәпір, ғаріп-қасір, жиып ал», — деп.

Ағасы дүбірлетіп тойын қылды,
Кешке дейін сауық пен ойын қылды.
Күн батқанша мереке сауық қылып,
Күн батқан соң орнына қайтып келді.

Ағасы молдаларды ертіп жүрді,
Інісінің отырған үйге кірді.
«Қарағым, мінеки [деп] алған жарың»,
2710 Бағанағы қызды алдыртып алып кірді.

— Ей, қарағым, мінеки алған жарың,
Арманда боп айрылып қалған жарың.
Саған қас қып айырған керуеннің
Бірін қоймай қырдырттым, қалқам.

— Ей, аға, бұл қыз бізден кетіп қалған,
Құданың бұйрығымен сізге барған.
Бұ қызды біз алмайық, сіз алыңыз,
Сізге біз не көрсетеміз бұ жалғаннан.

— Қарағым, олай деме, қалқам інім,
2720 Мен алмаймын, өзің ал, жарығым.
Құдай білер, таза тұр аманатың,
Қатын алсам жетпей ме менім жайым?!

— Ей, аға, мен разы өзің алсаң,
Неге алмайсыз мен сізге олжа қылсам.
Мен келмесем, өзіңіз алмас па едің,
Қазам жетіп теңізде өліп қалсам.

— Қарағым, әлі таза аманатың,
Мен алармын бір жерден сұлу қатын.
Інісінің тапқанын өзі алды деп,
2730 Жұрт маған аударар жаманатын.

— Ағеке, жұрттың тілін не қыласың,
Бұ қыз сізге жұфұт боп айрылмасын.
Тәңірі алдында қанша жан куә болсын,
Молдалар мұны сізге некахласын.

— Базардан бағыңды ашқан бар Құдайым,
Бағыңа бұ қыз кез боп болған дайын.
Көңілің өсіп, көкірегің, інім, жансын,
Мұныңды өзің алсаңшы, айналайын.

— Шерімді тарқатамын десең, ағам,
2740 Базарлығым — қызды бердім саған.
Базарлығым алмасаң, разы емен,
Бұрынғыдан көңілім болар жаман.

— Апыр-ау, мен не етермін, қалқам, саған,
Бұ қызды алмағаның жарамаған.
Менен бұрын бұ қызды сен көрген соң,
Нәпсің ауса, кетер ме ұялғаным?!

— Ағеке, сен алмасаң, інің таза,
Неше күн сенің үшін қылдым аза.
Көзім көрді, нәпсімді аударғам жоқ,
2750 Құдай білсін, бұ қыздан мен де таза.

— Қарағым, бұ қызға ерік салмаймысың,
Өзіңді қабыл көрсе, алмаймысың.
Базардан бағыңа Құдай кез келтірген
Бұ қызды алмаймыз деп айтамысың?

— Бұ қызды кез келтірген сенің бағың,
Өзге жерден қыз алған менім бағым.
Құдай айдап бұ қызды сізге ап келтірген,
Бар ма еді керуенде алымсағың.

Білелік күзеттіріп қыздың көңлін,
2760 Базардан сатып алған менім інім.
Ағасы қызға қарап сөз сұрады:
— Көңліңіз қайсымызда, жарықтығым?

Қыз айтты: — Бірің аға, бірің іні,
Екі затқа кез қылған Құдай мені.
Екі зат ортасында бойым таза,
Біздерге ер таңдаудың бар ма жөні?!

Құдай айдап кез қылған екі затқа,
Мен бейшара кетерім жоқ бөтен жанға.
Құдай қосса біріңе мен бұйрылар,
2770 Молдалар, салыңыз[дар] шариғатқа.

— Молдалар, қызды сатып інім алған,
Арманда боп ала алмай өліп қалған.
Аманатын таза ғып сақтап едім,
Ақыретте азапты маған салған.

Молдалар кітаптарын алып көрді,
Екеуі де қардан ақ секілденді.
Інісі олжа салар, ағасы алар,
Халалдықпен Құдайың [кез] келтірді.

Молда неках етті енді жұртын жиып,
2780 Ағасы қабыл алды көңіл сүйіп.
Бұ ісің шариғатқа мақұл болады деп,
Шәкіратқа қызды қосып неке қиып.

Ағасы бұ қызды алды көңілі жанып,
Бір күнде болып еді тірі ғаріп.
Ағасы мен інісі кеңесті [енді],
Әкемізді көрелік енді барып.

Кеңесті әкемізге баралық деп,
Сұм шешеден өшімізді алалық деп.
Біз де мұнда ел тұтып адам болдық,
2790 Елімізге бір хабар салалық деп.

Екеуі бір-біріне ақыл салды,
Баяғы мың кісіні ертіп алды.
Қару-жарақ сайманын сайлап алып,
Екі [бек]зат өз жұртын іздеп барды.

Екі бекзат өз жұртын іздей барды,
Шаһарын жансыз барып аралады.
Патша болған әкесі олмай, өзге біреу,
Бұл әкеміз қайда деп қайран қалды.

Базарды оңды-солды аралады,
2800 Үш күн іздеп әкесін таба алмады.
Қайыр сұрап жүр екен қоржын салып,
Бір көшеден кез болып тауып алды.

Әкесі жүр мойнына қоржын салып,
Екі бала таныды мұны көріп.
Әкесі ғаріп болып жүргеннен соң,
Екі бала келеді күйіп-жанып.

Әкесінің көзінен жастар аққан,
Мұрнынан боғы ағып салақтаған.
Екі өкпесі жылтырап тезек теріп,
2810 Қоржынды үш құлаш өрең тапқан.

— Ей, мүсәпір, сені біз танып тұрмыз,
Сені танып, Құдайға налып тұрмыз.
Бір күнде бұ шаһардың патшасы едің,
Сүріндің деп көңілге алып тұрмыз.

— Мен едім бұ шаһарға патша болған,
Мүһайлам бар еді Құдай ұрған.
Қылмыс қылып ол екі ұғылым өлген соң,
Тақытымды уәзірлерім тартып алған.

Тақытымды уәзірлерім тартып алған,
2820 Мал-мүлкім де бойымдан кетіп қалған.
Қатыным асырап жүр қайыр сұрап,
Балалар, не сұрайсыз, дүние жалған.

— Бейшара, танымайсыз балаңызды,
Нақақ жаптың балаңа жалаңызды.
Жала жауып қаңғыртқан екі ұлыңыз,
Бізді десең, тез өлтір ана қызды.

— Балам болса қайтейін қас қылған соң,
Мұздатып көңілімді тас қылған соң.
Сендер үшін қатынымды өлтірмеймін,
2830 Құдайым қатынымның алдында алсын.

— Ей, әке, қатыныңды өлтірелік,
Басыңа бақ-дәулетті келтірейік.
Біз екеуміз білдіңіз әбден танып,
Және өзіңе босау әперейік.

— Ұлым болсаң қайтейін, жүр жайыңа,
Қатыным өлсе қаңғырып қалмаймын ба.
Қатынымның көңілі, көзі менде,
Разымын жаратқан Құдайыма.

Екісі мұны естіп аң-таң қалды,
2840 Мың жолдасын даладан жиып алды.
Әкеміздің тақтынан жылдам түс деп,
Уәзірлерге балалар хабар салды.

Уәзір тақтан түсті енді шыдай алмай,
Елі-жұрты жиылды бірі қалмай.
Бір қылған қатамызды кешіңіз деп,
Уәзірлер жалбарып тұр дамыл алмай.

Шәкірат айтты: — Уәзірім, кештім, — деді,
Бір күні қатиғ сауил іштім, — деді.
Аз кідірсең қатаңды кешпес едім,
2850 Қарсыласпай тақтымдан түстің, — деді.

Ел-жұртым, Құдай қылды істің бәрін,
Әкем салды қатынға ықтиярын.
Әкемнің тарихына қараңдар деп,
Жидырды шаһарынан молдаларын.

Молдалар қолдарына кітап алған,
Әкесінің тарихына көзін салған.
Молдалар тарихына қарап тапты,
Әкесінің басын қатын айналдырған.

Молдалардан мұны естіп екі бала,
2860 Екі бала мұны естіп қылды нала.
— Бұ талақ әкеміз[ге] қылған екен,
Жадысын қайтарарға бар ма шара?!

— Дұғадан күшті бар ма бұ жалғанда,
Жадысы бойдан шығар оқығанда.
Жадысын бойындағы шығарайық,
Әкеңізді шақырып келтір мұнда.

Жіберді төрт кісіні барып кел деп,
Жаяу қу деп, алдыңа салып кел деп.
Сұм шешемнің мойнына арқан тағып,
2870 Тіл алмаса, қорлық қып алып кел деп.

Бұ төрт кісі жүгірді жалбақтасып,
Жарлық естіп алған соң тұрсын нағып.
Әкесінің алдына алып келді,
Шешесінің мойнына арқан тағып.

Шәкір айтты: — Нағып ем, ана, саған,
Нелер ісін көрсетпедің жады қылған.
Әке мені қаңғыртқан тіліңді алып,
Сен екенсің әкемді жады қылған.

Әкемнің қайтсе бағы ашылады,
2880 Шыныңды айт, қаның судай шашылады.
Өзің қылған күнәңді маған жауып,
Ей, талақ, қайтсек көңіл басылады?

Қатынның тұла бойы селкілдейді,
Сөйлей алмай көзінен жас ағады.
— Қатынымды сөйлетпе, балаларым,
Өлтірсең мені бұрын өлтір, — дейді.

Екі ұғылым, сенен опа көргенім жоқ,
Сендерден айырылып өлгенім жоқ.
Қатыныммен қаңғырып күн көрермін,
2890 Қатыным өлмей тұрса көңіліме тоқ.

Мен байғұс дәулетім жоқ, өзім жарлы,
Бергенмін қатыныма ықтиярды,
Қатыным көтін жалдап мал табады,
Бұл өлсе кім көтімен ...* дейді.

— Ей, әке, қатының сені жадылаған,
Қандай іспен қылды екен, Құдай ұрған!
Молдаларға оқытсаң жазыласың,
Жақсылық ал, бейшара, молдалардан.

— Мені жады дегенді Құдай ұрсын,
2900 Молдаларың жалғаншы, қайдан білсін.
Дұшпандықпен айтасың жадысың деп,
Жазарсыңдар жадысын Құдай берсе.

— Молдалар, әкемді оқы шамаң келсе,
Жазарсыңдар жадысын Құдай берсе.

* Бір сөз танылмады.

Отыр ғой қатынның сөзі тыймай,
Сенер ме екен жадысын көзі көрсе.

Молдалар кітап ашып дем салады,
Жадысын бойындағы шығарады.
Жадысын бұ басынан жарып алды,
2910 Екі бала сүйініп қуанады.

— Ей, әке, жадың мынау жарып алған,
Неше түрлі нәрсемен құйып салған.
Бізге сенбей қатынның тілін алдың,
Сүйген қатының қылыпты Құдай ұрған.

Қатынымен жұлдызы қарсы болды,
Жанның бәрі жиылып қарап тұрды.
Падиша қайратына өбден мініп,
Өз қатынын пышақтап өлтіреді.

Шоқ-шоқ деп қуанады екі бала,
2920 Дозақ боп жөнеледі жүзіқара.
Әкесі өз тақытына қайта олтырып,
Мұратына жеткізді Хақ Тағала.

Тағын басқан уәзірдің қызы бар-ды,
Қызын көрген адамдар қайран қалды.
Сол қызды әкемізге тез берсін деп,
Екі бала уәзірге жаушы салды.

Ол уәзір патшаға берді қызын,
Балаларының қабыл қып айтқан сөзін.
Ақымақтықпен баламды мұндай қылдым,
2930 Әкесі еңіреп жаспен жүзін жуды.

Әкесі ақымақпын деп көп еңіреді,
«Балаларым, кетпе» деп зар иленді.
Баласына қылған ісі еске түсіп,
Өзі қылған ісіне өзі алданады.

— Әкеке-ау, жыламай сабырлық ет,
Бәрімізді жеткізді бір Құдірет.
Дұшпан болған шешені өлтірдік,
Кек сақтасақ Құдайға болармыз бәд.

Үшеуі де мұратқа енді жетті,
2940 Неше күндей жүргенін кеңес етті.
Жұртын жайлап өкесін падиша қып,
Екі бала өз жұртына қайтып кетті.

Енді бұлар жұртына келіп жетті,
Бір жерге отырысып кеңес етті.
«Үшеуміз үш елге патша болдық», —
Деп Жаратқан Құдайға шүкір қылды.

— Ей, аға, бөлінелік үшбу жерде,
Сонан келіп дәм татам сіздің елде.
Елімізден шыққанға көп күн болды,
2950 Күдер үзіп кетпең[із] ініңізден.

— Қарағым, кетейік үшбу жерден,
Бір күнде бейнет көрдің құр жаладан.
Көп бейнетті көрдім деп есіңе алма,
Құдайым құтқарған соң бұ бәледен.

— Ағеке, бөлінейік амандасып,
Әкенің жүзін көрдің мауқың басып.
Бірімізге біріміз көз-құлақ болып
Келе-кете жүріңіз хабарласып.

— Қарағым, үшбу жерден бөлінейік,
2960 Барған соң елімізге көрісейік.
Зар болғанда бар болған жалғыз бауырым,
Не үшін көрінуге ерінейік.

Інісі амандасып айрылады,
Ағасы өз жұртына қайрылады.
Жалғанда ұрғашыға сенбеңдер деп,
Екі бала жұртына жар қылады.

Баласын қатын сөйтіп тентіретті,
Қатын енді қарайып өліп кетті.
Ісі ақ болып Құдайым жәрдем беріп,
2970 Екі бала мұратқа сөйтіп жетті.

Қатындардың хайласы, міне, осындай,
Тілін алса қатындар не қылмағай.
Арада сондай күй боп жүрмеңіздер,
Падиша мені өлтірмей ойланыңдар.

Қатын сөйтіп қаңғыртқан өз баласын,
Қатынның тіліне еріп не қыласың.
Қатының мен уәзірдің тіліне еріп,
Падиша, арманда боп айрыласың.

Уәзірлер маған жапқан құр жаласын,
2980 Көргенім жоқ қатынның мен қарасын.
Алуын алдым, жер болдым, жасыдым ғой,
Құр жылаумен қор болды ғаріп басым.

Бақтияр сөйтіп айтып зар еңіреген:
— Мендей мұңлық бар ма екен қайғы жеген.
Уәзірлердің бәрі де маған дұшпан,
Бір адам жоқ жаны ашып есіркеген.

Падиша мына сөзді естіп білді,
Айтқан сөзі насихат ішке кірді.
— Бүгінгі күн кеш болды, уәзірлерім,
Мұны барып зынданға кіргіз, — деді.

— Падишам, мекен болды зындан іші,
Мені мұндай қылдырған Құдай ісі.
Неше күн, неше түндей нәр алмадым,
Көргенім жоқ жарты нан берген кісі.
Шәкірат, Шәкір кітабы болды тамам,
2996 Сөйлеуімге жақсы болды осылайша.

Таммат тамам.

قصهء شاه عباس اوغای ایران عیب

Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып

Әуелі жад етемін Тәңірім атын,
Сұрайды пенделері онан датын.
Баһауи қағаз бенен қалам алдым,
Айып етпе, жарандар, жазған хатым.

Тағы да сөз бастаймын бисмилла деп,
Дүниеде толып жатыр һәр түрлі кеп.
Бұрынғы өтіп кеткен адамдардан
Ойландым біраз қисса қылайын деп.

Бір қисса шығармаққа жазған хатым,
Алланың тіліме алып есім, затын.
Әкеміз Өндір қалпе қажы деген,
Мұхаммедғали ерүр өзім атым.

Қарқаралы қазағы асыл затым,
Келіспесе сөкпеңіз жазу әрпім.
Асмания шаһарында бір падиша,
Шаһ Ғаббас дейді екен оның атын.

Падиша шаһ Ғаббас білсең атын,
Ауызбен айтып болмас салтанатын.
Бір өзіне қарайды он мың шаһар,
Көрмеген адам екен ол перзентін.

Халқына әділдікті құрады екен,
Бір жыл тақта патша боп тұрады екен.
Енді бір жыл белгісіз жолаушы боп,
Аралап елі-жұртын жүреді екен.

Құдайдың қарай қойшы құдіретіне,
Ғаббастың таң қаларсыз келбетіне.
Уәзірін Аллаберген қасына алып,
Елінің жүріп кетті бір шетіне.

Падиша ел шетіне кетті дейді,
30 Қасына Аллабергенді ертті дейді.
Елінің ең шетіне бес ай жүріп,
Кішкене бір шаһарға жетті дейді.

Шаһарды кешке таман аралады,
Һешкім қон деп айтуға жарамады.
Келген жан[ды] үйіне кіргізбейді,
Бір адам қонақ болар таба алмайды.

Жолыққан һәр адамға сөз сөйлейді:
— Жаһан кезген пақыр едік, — деп сөйлейді.
Жолаушы жаһан кезген пақыр едік,
40 Бір күнше қондырыңыз, — деп сөйлейді.

Жолыққан шаһар адамы сөйлейді кеп:
— Текке конақ қылуға көрмейміз еп,
Пұл берсең тамақ пенен үй береміз,
Тек құдайы қонақтың керегі жоқ.

Бірқатар жүрді екеуі үй қыдырып,
Мінезін бұл шаһардың көрді бұзық.
Үйіне һешбір адам жолатпайды,
Шаһардан кеш болған соң кетті шығып.

Енді екеуі шаһардан шығып кетті,
50 Бір қамыс балағанға келіп жетті.
— Жан болса, балағанға келіңіздер,
Бір ғаріп қонақпыз, — деп дауыс етті.

Екеуі келіп тұрды дауыс беріп,
Алдында есігінің тұрды күтіп.
— Құдайы қонақ болса, үйге әкел, — деп,
Бір әйел сөз сөйлейді үйде отырып.

Ішінен балағанның біреу шықты,
«Қонағым, үйге жүр» деп құрмет етті.
Есік ашып «кіріңіз» деп балағанға,
60 Екеуін тәрбиалап жақсы күтті.

Отырды екі ғаріп үйге кіріп,
Қонақ деп құрмет тұтты тіке тұрып.
Қараса біреуі шал, біреуі қыз,
Отырды қайран болып мұны көріп.

Шаһарға сиыршы екен шалдың өзі,
Оларды екеуінің көрді көзі.
Ұғылы жоқ, қатыны өлген бір шал екен,
Ер жеткен қасындағы жалғыз қызы.

Әлгі қыз адам екен жақсы сөзі,
70 Пәкизат түзік бойлы, қызыл жүзі.
Әйелде ақылы дана адам екен,
Ғаріптігі болмаса бір мінезі.

Екеуі мейман болып сонда жатты,
Бұйырған бір Құданың дәмін татты.
Екеуін қыз бейшара тәрбиалап,
Күн шығып біраздан соң таң да атты.

Орнынан түрегелді таң атқан соң,
Екеуінің көңілі хош дәм татқан соң.
Ертең тағы екеуі болды қонақ,
80 Құрметін қыз байғұстың ұнатқан соң.

Көңілі падишаның қызға толды,
Патша қызды алмаққа көңілі болды.
Әкесіне жүз елу ділдә беріп,
Неках оқып қызды алды патша сонда.

Падиша неках оқып алды қызды,
Патшалығын білдірмейді қызға сырды.
Өзінен тамақ ішіп, киім киіп,
Екеуі қыз қолында бес ай тұрды.

Падиша бес айдан соң қайтпақ болды,
90 Сөйлейді қайтамын деп қызға сөзді.
Үш жүз ділдә пұл берді қыз қолына,
— Екінші көре алмайсыз, — деді, — бізді.

Еліме мен қайтамын енді, — дейді,
Еліме қайтар уақытым болды, — дейді.
Отырсаң, ерге тисең ықтиярың,
Рұқсат өз басыңа бердім, — дейді.

Қыз айтты: — Кетесіз бе тастап мені,
Екінші көре алмасам енді сізді.
Ішімде сізден болған хамиліңіз бар,
100 Қалайша деп кетесіз балаңызды.

— Рұқсат, разылық бердім саған,
Бейшара, тіпті алаң болма маған.
Қыз туса, ықтиярым бердім саған,
Ұл болса, бізде болар туған балаң.

Қыз айтты: — Мен қалаймын сіз кеткен соң,
Бала тумай тұра ма күн біткен соң.
Аты-жөнің білмеймін, кім екенің,
Балаң қайдан табады ер жеткен соң?

— Мекенім Асмания шаһарында,
110 Шаһ Ғаббас падишаның тарапында.
Жетім Ғаббас дейтұғын қайыршы адам,
Әкем сол деп іздесе табар сонда.

— Ұл туса жәрдем болып бір Құдайдан,
Ол бала сізді тапса осындаймен.
Туғанда оның түсін көрмеген соң,
Балам деп сіз танисыз оны қайдан?

Падиша мына сөзді мақұл көрді,
Қойнынан алтын медал алып берді.
— Ішінен байлап жүрсін туған балаң,
120 Белгісі осы болсын оның, — деді.

Ұл туса Иранғайып ат қоярсың,
Жол жүрсе бір Аллаға тапсырарсың.
Үш жүз ділдә өзіңіз қаражат қыл,
Онан соң Хақ жазғаны, күн көрерсің.

Жұбатты қыздың көңілін осыны айтып,
Патша енді үйіне кетті қайтып.
Кім екенін білместен қыз бейшара,
Артында қала берді қайғы тартып.

Падиша барша жанға жалғыз Хақ-ты,
130 Қыз қалып падишадан қайғы тартты.
Тоғыз ай он күнінде хамил толып,
Құданың рақымымен бір ұл тапты.

Баланың атын қойды Иранғайып,
Пұл алып шал байғұс та қалған байып.
Бай болдым деп үйінде отырмайды,
Сонда да шал жүреді сиыр жайып.

Осындай ұғыл туды Құдай қалап,
Бір өзін жұбатады мыңға балап.
Таза тағам, тазадан киім беріп,
140 Қыз байғұс асырады тәрбиалап.

Сол бала енді жетті жеті жасқа,
Бек абзал, ұқсап туған асыл тасқа.
Мектепке оқытпаққа алып келді,
Дүниеде несі болсын онан басқа.

Молдасы бисмилла деп сабақ берді,
Жарандар, тыңдайтұғын ғажап келді.
Үш жылда молдасынан сабақ алып,
Ғылымның неше түрлі бәрін білді.

Иранға жәрдем берген патша Құдай,
150 Ҳәр өнерге ұмтылды қарап тұрмай.
Он бес жасқа келгенде Иранғайып
Өнердің бәрін білді бірін қоймай.

Өнерпаз ою оймақ, сызу сызбақ,
Оқ атып, құс та салып, қылыш шаппақ.
Серігерлік, саудагерлік, киіз тікпек,
Данышпан білмегенге ақыл айтпақ.
Жиюлы неше түрлі өнер білді,
Бір аяқ, бір қолменен атқа шаппақ.
Тағы білді өнерді бәйіт айтпақ,
160 Адамның ішкі сырын оймен таппақ.

Данышпан ақыл зерек болды ғалым,
Өнері һәр тарапқа болды мағлұм.
Өнер бар бұ дүниеде неше түрлі,
Айтайын қайсы бірін, білді-ау бәрін.

Данышпан Иранғайып һәркім білді,
Ғаріпке һәрне берсе Құдай берді.
Он үш жасқа келгенде Иранғайып
Қасына шешесінің қайтып келді.

Балаған Иранғайып үйге кірді,
170 Шешесі қуанғаннан түрегелді.
Жалғыз ұғлы өнерлі болғаннан соң,
Қуанып бір Аллаға шүкір қылды.

Қыз отырды шал менен қорашалап,
Құрметтеп отырады, тәрбиалап.
— Шырағым, үйрене бер ғылым-хикмет,
Тағы да үйренбекке қылсаң талап.

Сол бала анасына жауап берді,
— Ей, ана, көңіліме бір қиял келді.
Ұялмай, шынын айтып берші маған,
180 Анам — сен, әкем менім бар ма? — деді.

Анасы екі көзге алды жасын,
Көтеріп қайран болып алды басын.
— Әкең бар, болса дағы бұл жерде жоқ,
Әкені опасы жоқ не қыласың!
Бір жолаушы алды да, кетті тастап,

Айтпады сұрасам да уақиғасын.
Мекенін, атын, жөнін айтпай кетті,
Неше жыл іздесең де таба алмайсың.

— Мекенін неткен адам айтпай кеткен,
190 Әлде бір қашқын шығар келген шеттен.
Атасы тірі болса іздемеген,
Жігітке қорлық осы өнер біткен.

— Сен едің алданышым, жалғыз өзің,
Әкеңнің мен айтайын айтқан сөзін.
Белгіге тастап кетті алтын мидал,
Ұғып ал айтқан сөзін, көрер көзім.

Жалаңғаш бұ медалды белге байла,
Қыларсың дұшпаныңа ақыл-айла.
Дұшпан көп жүрер жолда, ей, перзентім,
200 Жүрерсің пақырлықпен оны да ойла.

Шаһарым Асмания жерім деді,
Мағлұмбыз бір пақырмын өзім деді.
Қайыршы жетім Ғаббас — исми шарифім,
Атым мәшһүр кісі емес менің деді.

Сөйледі Иранғайып анасына:
— Мен кетіп, анам, жалғыз қаласың ба?
Құдай жазса көрермін сізді, анам,
Күн көрерсің Құдайдың панасында.
Айланып көре алмасақ разы бол,
210 Пенденің Құдай салса шарасы не.
Атасыз деген сөзді естіп тұрып,
Халықтың кіре алмайсың арасына.

Жас бала тәуекел деп жүрді жолға,
Құдайым не салмайды жазған құлға.
Қай жаққа жүрерінің жөнін білмей,
Бейшара шығып кетті жапан шөлге.

Қаңғырып бала кезер дүние жүзін,
Бұл жерге тоқтаталық мұның өзін.
Енді шаһ Ғаббастан сөз сөйлейік,
220 Аяғында айтармын мұның сөзін.

Атасын іздей берсін Иранғайып,
Азбасын һәр мұсылман жолдан тайып.
Кеңесі бұ баланың кейін болар,
Патшадан шаһ Ғаббас сөз қылайық.

Бір күні сол падиша ой ойлайды,
Данышпан һәрбір ақыл көп ойлайды.
Шаһарда бұзық бар ма, түзік бар ма,
Халқымды байқайыншы деп ойлайды.

Падиша үйден шықты бұзып түсін,
230 Жақсы-жаман халқының білмек үшін.
Киімін қалендердің киіп алып,
Әуелі аралады базар ішін.

Аралап базар ішін біраз жүрді,
Байқастап жан-жағына мойынды бұрды.
Алдында бір дүкеннің көп халайық
Тамашаға жиылған, патша көрді.

Падиша жиылысқа келді дейді,
Жиылған адамдарды көрді дейді.
Не нәрсені тамаша қылып тұр деп,
240 Қасына патша келіп тұрды [дейді].

Ішінде сол дүкеннің бір жас бала,
Нұр берген жас балаға Алла Тағала.
Сол баланың нұрына тамаша етіп,
Қанша халық жиылған сол араға.

Падиша сол арада біраз тұрды,
Нұрына сол баланың қайран болды.
Жекелеп мұның жайын білейін деп,
Үйіне хан-падиша қайтып келді.

Падиша онан қайтып үйге келді,
250 Білейін мәні-жайын мұның енді.
Күн батқан соң қалендер киім киіп,
Баланың дүкеніне қайтып келді.

Дүкенге патша келді бала тұрған,
Күн батып ләпке есігін жауып қойған.
Қараса, үй ішінде шам жанады,
Падиша есік ашып дабыс қылған.

Бұ кім деп есік қаққан, бала келді,
Панарын бір қолына ала келді.
Қараса, есік қаққан бір қалендер,
260 — Уақытсыз қалай жүрген адам, — деді.

Патша айтты: — Қалендер ғаріп едім,
Бүгін осы шаһарға келіп едім.
Рұқсат болса, боламын сізге мейман,
Шаһарда танысым жоқ адам едім.

Үйіне қалендерді алып кірді,
— Жайғасып, отырыңыз, ғаріп, — деді.
Алдына неше түрлі тағам қойып,
Жас бала қонағым деп құрметтеді.

Екеуі бірге отырып тағам жейді,
270 Ғаріп деп қалендерді құрметтейді.
Ішіп-жеп тамақтарын болғаннан соң,
Екеуі және жайына отырды енді.

Отырды екеуі де жай-жайына,
Баланың таң қалады шырайына.
Баланың атын, жөнін сұрайын деп,
Жауабының қарап тұрды ыңғайына.

Қалендер жауап айтты сөзді бастап,
Бала тыңдап отырды оны қостап.
Бір үш қыз жер астынан шыға келді,
280 Қолына жарқылдатып панар ұстап.

Сол үш қыз үй астынан шыға келді,
Екеуі мұны көріп қайран болды.
— Уақытсыз жер астынан шығып жүрген
Сен үш қыз, уақиғаңды сөйле, — деді.

Қыздар сонда сөйледі: — Ей, байбатша,
Шаһ Ғаббас бұ күнде біздің патша.
Уәзірі патшаның Аллаберген,
Патшаға жақын жан жоқ онан басқа.

Қарайды сол патшаға дүние жүзі,
290 Мың шаһарды билеген жалғыз өзі.
Уәзірі падишаның Аллаберген,
Бар еді Ғазиза атты жалғыз қызы.

Уәзірдің жалғыз қызы Ғазиза атты,
Бау-шарбақ, мүкәммалы салтанатты.
Дүниеде оған теңдес жан болмаған,
Көрмейсіз ондай абзал адамзатты.

Сейілге сол ханша шыққан өзі,
Кәнизак қасына ерген қырық қызы.
Сейілден келе жатып сол ханша,
300 Сіздің нұр сипатыңа түскен көзі.

Көргенде жағылыпты ғашық оты,
Құдайдың ғашық қылған құдіреті.
Рақым қылып көнсеңіз айтқанына,
Сізді мейман қыларға бар ниеті.

Екенім менің ханша білсін, — дейді,
Нұрына ғашықтығым көрсін, — дейді.
Дүниенің махаббаты ойын-күлкі,
Қонаққа біздің үйге келсін, — дейді.

Байбатша айтты: — Ей, қыздар, сөзің шын-ды,
310 Бұл жерде танымаймын һешбір кімді.
Бір байдың өзім ғаріп қызметкері,
Қызметтен босанбаймын күндіз-түні.

Қызметтен басқа жерге жүре алмаймын,
Кім жақсы, кім жаманын біле алмаймын.
Өзім ғаріп және бір қонағым бар,
Шақырған ханшаға бара алмаймын.

Осылай байбатша тұр жауап айтып,
Қалендер күліп отыр езу тартып.
Байбатша бармайтұғын болғаннан соң,
320 Үйіне келген қыздар кетті қайтып.

Қыз кетті байбатшаның сөзін алып,
Аяғына қараңыз құлақ салып.
Қырық қыз жер астынан шыға келді,
Қолына һәрқайсысы қылыш алып.

Қыздар айтты: — Ханша қылды жарлық,
Қонағын келсін деді қасына алып.
Жүрмесең қылыш тиер мойыныңа,
Білдің ғой өлеріңді, тұрсың нағып?

Қызға еріп қорыққаннан бала жүрді,
330 Қонағын қасына ертіп келіп жүрді.
Азырақ жер астыменен жүрді дағы,
Шам жаққан алтын үйге [келіп] кірді.

Кіріп келсе ханша отыр жайнап,
Сарайда гүл райхан, бұлбұл сайрап.
— Сүйікті ғашық достым, келдің бе, — деп,
Сөйледі байбатшаны құрмет әйлап.

Баланы отырғызды алтын таққа,
Падиша таң қалады мұндай кәпке.
Қалендер, байбатша мен қыз ханша
340 Отырды ойнап-күліп бір сұхбатқа.

Көрсетті неше түрлі ойын-сауық,
Бұл қыздар һеш пендеден қылмас қауіп.
Нығмет ішіп-жеген шекер-шәрбат,
Отырды бір-бірінен ләззат тауып.

Отырды біраз уақыт ойын ойнап,
Білгізбей патша отыр іші қайнап.
Басылып ойын-күлкі, салды төсек,
Үй басы екі адамға орын сайлап.

Ханша байбатшамен бірге жатты,
350 Бар ма еді естігенің мұндай кепті?
Қалендер де жатсын деп бір қыз алып,
Ханша сол арада жарлық етті.

— Қалендер бір кәнизак алсын, — деді,
Ғишрат о да қызық көрсін, — деді.
Айтқандарын қылмаса басын алсын,
Өз обалы өзіне болсын, — деді.

Қалендер лажы жоқ бір қыз алды,
Жігіттер, көріп пе едің мұндай халді.
Кәнизак не қыл десе, соны қылып,
360 Құданың құдіретіне қайран қалды.

Сонымен таңға жақын уақыт болды,
Падиша әбден білді мына сырды.
Таң атып, күн шығардың мезгілінде
Екеуін өз орнына алып келді.

Байбатша қалендермен үйге келді,
Дүкенде тамақ ішіп отырды енді.
Қош айтып байбатшамен амандасып,
Падиша өз үйіне қайтып келді.

Падиша тақтысына мінді келіп,
370 Қалыпты жігіттер тұр өліп-өшіп.
Күндегі әдетімен ел жиылып,
Уәзірі, қызметкері бәрі келіп.

Тарқатты кешке жақын қауым жанды,
Уәзірін Аллаберген қасына алды:
— Біразырақ жүрелік түнде сейіл,
Көретін бір ғажап жұмыс бар-ды.

Уәзірім, менің сөзім тыңда, — деді,
Ҳеш бұған сабырсыздық қылма, — деді.
Ғаріп болып көрелік бір тамаша,
380 380 Не болса осы жолы шыда, — деді.

Қалендер киімдерін киіп алды,
Бетіне перделерін жауып алды.
Күндегі қалыбынан бөтен болып,
Үйіне байбатшаның тағы барды.

— Алыстан жаңа келген ғаріп едік,
Шаһарға түнде кіріп қалып едік.
Құдай үшін бір мейман қыла ма деп,
Біреуден сізді сұрап тауып едік.

Байбатша айтты: — Жарайды, қоныңыздар,
390 Құданың бұйырғанын көріңіздер.
Алдына екеуінің тағам қойды,
Ғаріптер, бүгін мұнда болыңыздар.

Отырды тағам ішіп екі ғаріп,
Баланың екеуіне құрметі анық.
Үшеуі отыр еді сол арада,
Қырық қыз шыға келді жерді жарып.

Қырық қыз жер астынан шыға келді,
— Байбатша, жүріңіз, — деп сөз сөйледі.
— Үйімде екі ғаріп қонағым бар,
400 Уақытым жоқ, бара алмаймын бүгін, — деді.

— Сізге қыз сол ханша келсін, — деді,
Қызығын бұл дүниенің көрсін, — деді.
Ренжітпе қонағыңыз екеу болса,
Екеуі бізбен бірге жүрсін, — деді.

Үшеуін сол арада алып жүрді,
Уәзірі мұны көріп қайран болды.
Азырақ жер астымен жүрді дағы,
Кешегі алтын үйге келіп кірді.

Уәзір мен патшаны қыз білмейді,
410 Ішінен Аллаберген қайғы жейді.
Ойын-күлкі, тамаша, қызық құрмет,
Тартылып хош әуездер дүрілдейді.

Қосылған қызық құрмет екі ғашық,
Бір-бірі ләззат алар аузын ашып.
Әкем бар деп қыздың ойында бар ма,
Жүреді қыз бен жігіт құшақтасып.

Уәзірдің сонда тұрар іші қайнап,
Отырды екі ғаріп тамаша әйлап.
Қырық қыз жатамын деп төсек салды,
420 Үй басы екі-екіден орын сайлап.

Тағы да ханша қыз қылды жарлық:
— Ғаріптер жатсын бір-бір қыздар алып,
Айтқанымды қылмаса қалендерлер,
Мойнына қылыш тиіп өлмек анық.

Төсекке қалендерлер жатты барып,
Таңдаған һәрқайсысы бір қыз алып.
Кәнизак не қыл десе, соны қылып,
Болды деп не уақиға қайран қалып.

Осындай түні бойы көрді кепті,
430 Ғажайып көріп пе едің мұндай кепті.
Үшеуін таң атқан соң қырық қыздар
Үйіне байбатшаның алып кетті.

Отырды енді үшеуі қыз қайтқан соң,
Байбатша берді тағам таң атқан соң,
Қош айтып байбатшаға жүріп кетті,
Үйінен байбатшаның дәм татқан соң.

Падиша уәзірімен үйге келді,
Үстіне алтын тақыт мінеді енді.
Түндегі көріп келген ғажабынан
440 Падиша уәзіріне сөз сөйледі.

— Әділдігім кете ме менім, — дейді,
Бұзылғанға ұқсайды елім, — дейді.
Халықты түзетеміз деп жүргенде,
Балаңнан бұзық шықты сенің, — дейді.

Уәзір айтты: — Айтсаңыз мұны маған,
Хан патшам, һәр нәрсеге келер шамаң.
Бұл сырды һеш адамзат білмей қалсын,
Дарға асып өлтіріңіз бәрін тамам.

Тақсыр хан, не айтасыз маған, — деді,
450 Тез ісін бітіріңіз тамам, — деді.
Жұрт есітсе сүйекке тамға болар,
Ақыры мұның болар жаман, — деді.

Падиша сол арада қылды жарлық,
Болады бір-ақ күнде жоқтық-барлық.
Қырық қыз бен ханшаны дарға аспаққа,
Ішіне тар зынданның қойды салып.

Онан соң байбатшаны алып келді,
Далаға дар ағашын келіп құрды.
Ғибрат жұртқа үлгі қыламын деп,
460 Далаға хан-падиша жұртын жиды.

Жиылды дар ағашқа жанның бәрі,
Шаһарда һеш қалмады жас пен кәрі.
Болған соң тамашаға жұрт жиылып,
«Дарға ас» деп жарлық қылды ол баланы.

Баланы дарға ас деп қылды жарлық,
Бейшара ғаріп бала қылды зарлық.
Жендеттер баланы алып жөнелгенде,
Қамалап тұра қалды қанша халық.

Жұрт айтты: — Бейшара, ғаріп бала,
470 Патшаға не қылып еді, қандай күнә?
Жабылып падишадан біз тілелік,
Мәнісін қылған ісің айтып қара.

Бала айтты: — Ей, жарандар, көп күнәһым,
Кез қылған мұндай іске Хақ иләһім.
Мені сұрап алыңыз падишадан,
Разымын һәрне қылса падишаһым.

Балаға «жүр» деп жендет ұрар таяқ,
Мойнына дардың жібін отыр таяп.
Қадим жұрт патшаға зар жылады,
480 «Күнәсін кешіңіз» деп, баланы аяп.

Падиша айтты: — Сұрама мұны, — деді,
Мен дағы бір Алланың құлы, — деді.
Мен кешерге күнәсін қолдан келмес,
Өлтірмек шариғаттың жөні, — деді.

Жұрт сұрады: — Күнәсін кешіңіз, — деп,
Мойнынан дардың жібін шешіңіз, — деп.
Мұсылмандық хақына сұрап тұрмыз,
Бұ ұл біздің емес қой досымыз, — деп.

Падиша сұраған ға бере алмады,
490 Енді айтпай тұруға бола алмады.
Мойнына байлады дардың жібін,
Һеш хайла шыбын жанға бола алмады.

Баланың өлеріне көзі жетті,
Ғаріпке Құдай салды мұндай кепті.
— Бір сағат аял бер, — деп ғаріп бала,
Жалладтың бастығына зарлық етті.

Балаға жаллад айтты: — Сөйле, — деді,
Сөзіңді айтатұғын ойла, — деді.
Бір сағат аял бердім Құдай үшін,
500 Қапыда болма, балам, ойла, — деді.

— Мойныма дардың жібін сал, — деп айтты,
Басымды өлместей ғып жар, — деп айтты.
Киімімнің баршасын қанға бұлғап,
Мені алып патшаға бар, — деп айтты.

Мойнына дардың жібін іліп салды,
Бір шауып қылышпенен басын жарды.
Үсті-басын қып-қызыл қанға бояп,
Алдына падишаның алып барды.

Падиша сол арада көрді мұны,
510 Мойнына ағып тұрған қызыл қаны.
— Алдыма мұны неге алып келдің,
Өлтірмей дарға асып мұны? — деді.

Жаллад айтты: — Иә, тақсыр, бар тілегі,
Бір сағат бізге берген бар-ды еркі.
Айтсын деп бір сағатқа ерік бердік,
Сізге айтар сөзім бар деп тіледі.

Патша айтты: — Ей, бала, ақыр өлдің,
Бір сағат жалладымнан тілек алдың,
Уақыты бір сағаттың болып қалды,
520 Алдыма сөйле, — дейді, — неге келдің?

— Ей, патшам, кез келіппін бір ажалға,
Алдыңда ғаріп болған мен бір пенде.
Кім екен деп айтарсыз өліп кетсем,
Аты-жөнім, менім жайым сұрағанға.

Алдыңа мен келмекке қадам бастым,
Қазаға тағдыр Алла душарластым.
Аты-жөн, уақиғамды сұрамастан,
Жалғыз-ақ дарға ас деп жарлық шаштың.

Мұхаммед үмбетімін, Құдайға құл,
530 Айта берсем кеудемде күнәһым мол.
Сұрап өлтір, иә, тақсыр, уақиғамды,
Мехнат, бейнет көргенмін көп сапар жол.

Айтайын уақиғамды бастан-аяқ,
Һешбірін көргенімнің тастамай-ақ.
Уақиғам, тақсыр, сізге ұнап кетсе,
Күнәһымды кешіріңіз жанымды аяп.

Дүниеде жаһан кезген [мен] бір саяқ,
Өлімге ғаріп жаным тұр ғой таяп.
Уақиғамды болғанша рұқсат бер,
540 Онан соң өлтіре бер аямай-ақ.

Патша енді: — Рұқсат, сөйле, — деді,
Ұмытқаның бар болса, ойла, — деді.
Не кешермін, не алып өлтірермін,
Бізге айтпаған һеш нәрсе қойма, — деді.

— Сөйлейін, хан-патша, тыңда, — деді,
Жиылсын көп халайық мұнда, — деді.
Уақиғамды сөйлетіп өлтіріңіз,
Сөйлетпей көп қапада болма, — деді.

Жиылды сол арада қанша халық,
550 Отырды ол баланы ортаға алып.
Рұқсат патша берген соң сөз сөйледі,
Халайық тыңдап отыр құлақ салып.

— Падишам, мен бір жүрген ғаріп едім,
Бір қиял көңіліме алып едім.
Жасымда бір пақырдың баласы едім,
Ер жеткен соң һәр жолды танып едім.

Атам шал, шешем пақыр, ғаріп едім,
Бір сапар пақырлықпен жүріп едім.
Баласы бір кедейдің болсам дағы,
560 Өскен соң күллі өнерді біліп едім.

Өлімге осы күнде тұрмын даяр,
Мен білмеген өнер жоқ, ей, жарандар.
Бір күн үйде отырып ғаріп басым,
Көңіліме сапар жүрмек келді қиял.

Тұрдым да қадам бастым аяғымды,
Атым жоқ, қолымда бар таяғым-ды.
Айтайын ақырында, ұмытпаңдар,
Ойлап шыққан қиялды аяғында.

Сонымен өзім шықтым жаяу жолға,
570 Жол білмей шығып кеттім жапан шөлге.
Ғаріптік бұ дүниеде қатты көрдім,
Алла рақым қылмай ма біздей құлға.

Солайша мен бейшара жол жүріппін,
Тау мен тас, дария, ағаш, шөл жүріппін.
Іздегенге жетем бе деп жүргенімде,
Онан қиын бір іске кез келіппін.

Дарияның екі ай жүрдім жағасында,
Үш ай жүрдім жазира даласында.
Бір күні түнде ұйықтап жатыр едім,
580 Тынығып көп ағаштың арасында.

Жорамал ұйықтап жатқан түс көріппін,
Түсімде бек ғажайып іс көріппін.
Біле алмай сол түсімнің не екенін
Өзіме қатты қиын тұс көріппін.

Падишаһым, мен түсімде аспанға ұштым,
Бақшаға Қап тауында барып түстім.
Ішінде алтын қапас сайрап тұрған
Мен көрдім тамашасын екі құстың.

Қасына екі құстың бардым жетіп,
590 Секілді құрмет әйлап, мені күтіп.
Дүниені сайрағанда қозғалтқандай,
Қалмады һешбір сырым һұшым кетіп.

Екі құс тұрды сонда қанат қағып,
Қанаттан лағыл, гауһар оттар жанып.
Екеуі маған қарап жауап айтты,
Тілінен сөйлегенде шәрбат ағып.

Мен тұрдым қайран болып таңданып та,
Гауһардан бір тақыт тұр нұрланып та.
— Үстіне бұл тақыттың отырғыл, — деп,
600 Екі құс қылды жарлық мен ғаріпке.

Отырдым құс айтқан соң таққа барып,
Қарадым төңірекке көзім салып.
Бір перде жібек, атлас құрулы тұр,
Тамаша қылып тұрдым қайран қалып.

Екі құс тұрды сонда маған қарап,
Сөйледі маған қарап сауал әйлап:
— Бұл перде алдыңдағы құрулы тұр,
Жасалған әуел баста саған арнап.

Жиып ал, ей, адамзат, ақыл-hұшың,
610 Баршасы үшбулардың сенің үшін.
Мүбәрак қолыңменен пердені ашып,
Адамзат, тамаша қыл оның ішін.

Мен жүрдім тақтан түсіп қадам басып,
Көрдім мен қолымменен пердені ашып.
Ысқырып бір аждаhа ұмтылғанда,
Боларын біле алмадым халім нешік.

Білмедім сол арада не қыларды,
Шығады деп ойладым шыбын жанды.
Екі құс сайрап келіп кетіп еді,
620 Аждаhа сым тас болып құлап қалды.

Есімді тұрдым сонда жиып алып,
Мен тұрдым төңірекке көзім салып.
Тағы да бір перде тұр онан артық,
Фаhимдап тамаша әйлап көрдім анық.

Мен тағы оған таман қадам бастым,
Пердені қолымменен тағы да аштым.
Ақырып бір арыстан және ұмтылды,
Өлгенім осы екен деп жаман састым.

Екі құс сайрап кетті жаман қатты,
630 Жүректі сайрағанда тітіретті.
Екі құс сайрап келіп жібергенде,
Сым тас боп арыстан да құлап жатты.

Есімді тағы тұрдым жиып алып,
Қарадым жан-жағыма көзім салып.
Тағы да бір перде тұр онан артық,
Фаһимдап, тамаша әйлап көрдім анық.

Мен тағы оған таман қадам бастым,
Пердені қолымменен тағы да аштым.
Қисапсыз темір киген әскер шықты,
640 Жанымнан үміт үзіп жаман састым.

Қылышын суырып ала келді жетіп,
От шығып көздерінен жарқ-жұрқ етіп.
Мысалы, қара шыбын қисабы жоқ,
Жығылдым сол арада есім кетіп.

Мен ғаріп сол арада қалдым талып,
Екі құс жібереді сақ-сақ күліп.
Екі құс сақ-сақ күліп жібергені,
Дауысы құлағыма тиді келіп.

Есім жиып, көтеріп алдым басым,
650 Көзімнен тыйылмады аққан жасым.
Менім бұл қорыққанымды көргеннен соң,
Күлкісі екі құстың болды басым.

Күлкісі екі құстың болды басым,
Пендені мұндай ғаріп һеш қылмасын.
Осындай мехнат көрдім, тақсыр ханым,
Дүниеде не көрмедім мұңлық басым?

Екі құс, тақсыр ханым, тағы күлді,
Тағы да перде тұр көзім көрді.
Қорыққанымнан бара алмай ол пердеге,
660 Ғарібің сол арада қайран болды.

Мен қорқып ол пердеге бара алмадым,
Ілгері жалғыз қадам сала алмадым.
Не қыларым білмедім, лаж таппай,
Жан-жаққа сасқанымдан алаңдадым.

Екі құс сөз сөйледі маған қарап:
— Бейшара, нағып тұрсың жаныңды аяп.
Қорықпа, саған енді hеш нәрсе жоқ,
Кіре бер, пердеге, — деп берді жауап.

Қолыммен пердені ашып кіріп бардым,
670 Мен қарап жан-жағыма көзім салдым.
Үстінде алтын төсек бір қыз жатыр,
Нұр сипат жамалына қайран қалдым.

Қарасам, мүскі жұпар иісі бар,
Кім көрсе ақылын танар, биhұш болар.
Толықсып он бесінен туған айдай,
Дем алып ұйықтап жатыр, дыбысы бар.

Қасына мен отырдым жақын барып,
Тақсыр хан, отырдым қайран қалып.
Екі құс бір ғажайып сайрап еді,
680 Жығылып мен қалыппын естен танып.

Сол жерде жығылыппын ақылым қашып,
Hұшым кетіп қалыпты арып-ашып.
Бір адам «талып жатпа, тұр» деп айтты,
Қарадым сол уақытта көзімді ашып.

Ғаріптің не болады көрген түсі,
Түсімде кез келтірген Тәңірім мұны.
Қарасам көзімді ашып, тақсыр ханым,
Құшақтап отыр екен бір қыз мені.

Отырған қасымдағы қызды көрдім,
690 Дариға, қызды көріп көңілім бөлдім.
Жабысты ғашық оты жүрегіме,
Hеш жауап айта алмадым, қайран болдым.

Сөйледім сол уақытта қызға қарап,
Қыз да көзін сүзіп тұр маған қарап.
— Бұл не жер, ата-анаң кім, қай нәсілден,
Перизат, есімің кім? — сұрдым жауап.

Қыз айтты: — Пері емеспін, адамзатпын,
Қызы едім мен бұл шарбақтың.
Әзелде мені Алла сізге қосқан,
700 Пәрмені осылайша жалғыз Хақтың.

Ұғып ал, ғаріп адам, менім сөзім,
Кезерсің мехнатпенен дүние жүзін.
Зер шаһары деген жер осы болар,
Айтайын тағы жөндеп оның өзін.

Атамыз Тайрулмәлік құс патшасы,
Мен едім қыз болсам да байбатшасы.
Бізге жақын болады дию, пері,
Жын менен адамзаттың екі ортасы.

Аталар Шәмшібану менім атым,
710 Менім бұл сізге берген мәслихатым.
Айтқаны мүнәжімшілер рас болса,
Болады Иранғайып сенің атың.

Түсіңде бір көрмекпіз осы кезде,
Көп мехнат шегерсің жапан түзде.
Жасымыз жиырма беске келген шақта,
Уақыты неках болар он бір жылда.

Жағылды сіз бен бізге ғашықтан от,
ҺеШ болма, маған алаң, сабырлық ет.
Жүзігімді алды да, жүзік берді, —
720 Деп айтты, — белгі қылып мұны ала кет.

Екі құс сайрап кетті әуез қосып,
Мен болдым қызға ғашық көңілім түсіп.
Дауысы екі құстың құлағымда,
Ояндым, тақсыр патшам, сонан шошып.

Осылай болды, тақсыр, көрген түсім,
Қалмады еске түссе ақыл-һұшым.
Бұ күнде өлер жерге келіп тұрмын,
Мехнаты арылмаған мұңлық басым.

Падишам, басқа түскен бұл уақиға,
730 Көңіліме ғашық оты болды пайда.
Не байдың, не патшаның ұғылы емеспін,
Барамын сорлы басым енді қайда?!

Тақсыр хан, көрген түсім мағлұм қылдым,
Һәрне болса Алладан болар дедім.
Тәуекел Хақ жазғанын көрейін деп,
Жағалап дарияны жүре бердім.

Құданың һәрне қылса ерік өзінде,
Ғашықтық жанға батты бұл кезімде.
Жағалап дарияны келе жатсам,
740 Бір кеме көрінеді су жүзінде.

Кемені көргеннен соң тұрдым қарап,
Дарияны келе жатыр кеме жанап.
Жалғыз мені көрген соң кемешілер,
Тоқтатып тұра қалды жанасалап.

Тоқталып кеме тұрды су жүзінде,
Алланың һәрне қылса ерік өзінде.
Есіркеп бір бейшара ғаріп қой деп,
Кемеге алып мені мінгізді енді.

Жаратқан барша жанды бір Құдайым,
750 Ішімде ғаріптікпен көп-дүр уайым.
Бастығы мен ғаріпті қасына алып,
Сұрады мен ғаріптен мәні-жайым.

Сөйледім уақиғамды бастан-аяқ,
Ішінде уақиғаны тастамай-ақ.
Тұрағы, мекені жоқ бір ғаріп деп,
Керуен халқы тұрады бәрі де аяп.

Ғаріп деп керуен халқы есіркеді,
Есіркеп тамақ пенен киім берді.
Адамзат ойын-күлкі сауықпенен
760 Дарияның ортасымен жүре берді.

Жаратқан жанның бәрін Құдірет-ті,
Бірталай бұл арада күндер өтті.
Қызықпен келе жатып, тақсыр ханым,
Алладан рахат кетіп, мехнат жетті.

Неше күн дариядан кеме жүрді,
Білмедік қызықпенен өткен күнді.
Жел соғып құбыладан, тақсыр ханым,
Қап-қара дария жүзі боран болды.

Қап-қара дария жүзін боран басты,
770 Толқыны аспан-көкке араласты.
Жанынан бір шыбындай үміт үзіп,
Адамдар кемедегі жаман састы.

Қап-қара күндізгі күн түндей болды,
Адамзат түсі қашып күлдей болды.
Кеменің ішін-тысын толқын соғып,
Бірін-бірі көрместей күндер болды.

Кемені таудай толқын соқты және,
Сол жерде кеме болды пәре-пәре.
Қырылды қанша адам суға кетіп,
780 Құдайдың құдіретіне қара-сәна.

Мал-мүлік, адам бәрі болды хараб,
Қараңғы дария жүзі жатыр борап.
Ҳәр адам өз жанымен алас болды,
Біреудің біреу білмес халін сұрап.

Ажалсыз пендені Алла шын сақтайды,
Дәулетті Тәңірім берсе кім таппайды.
Қарманып мен бейшара, тақсыр ханым,
Құшақтап жатып алдым бір тақтайды.

Дарияда тақтай жүрді шыр айланып,
790 Ғаріпте сөйлер хал жоқ тіл байланып.
Басылып бір уақытта толқын тоқтап,
Көрінді күннің көзі нұрға айланып.

Қырылды қанша адам толқын қағып,
Өлімнен мініп тақтай аман қалып.
Иә, Алла, өзің сақта пендеңді деп,
Жөнелдім тақтайменен төмен ағып.

Бірде олай ағады, бірде бұлай,
Аллаға жалынамын жылай-жылай.
Ассыз-сусыз келемін күні-түні,
800 Қандай күйге салар деп Құдайым-ай.

Қарасам көрінбейді судан бөлек,
Су жүзі көрінеді дөп-дөңгелек.
Патша Тәңірім пендені сақтамаса,
Жолында ғаріптіктің өлсем керек.

Құдай-а, құдіретіңнен Құдауанда,
Құдіретіңмен келтірдің мені мұнда.
Қолынан мен ғаріптің не келеді,
Тақсыр хан, зарлық еттім су жүзінде.

Әуелі шығып едім бір сөз іздеп,
810 Онда нәсіп әйлады жаһан кезбек.
Құдай-а, мен разымын салғаныңа,
Қанатсыз құсқа ұқсадық суға жүзбек.

Дарияға қалар ма екен шыбын жаным,
Зар қылдым бір Аллаға, тақсыр ханым.
Ғашықты түсте көрген бір көре алмай,
Балыққа жем бола ма ғазиз тәнім?

Тақсыр хан, ғаріп құлың зар жылайды,
Кім білсін су жүзінде біздің жайды.
Он күн, он түн ағызды тақтайды жел,
820 Сонда да бір құрғақ жер табылмайды.

Көрінді он күннен соң бір құрғақ жер,
Құрғаққа айдап келді тақтайды жел.
Құрғаққа шыққаннан соң шүкір қылдым,
Тақсыр хан, бір Құданың құдіретін көр.

Құрғаққа шыққан соң қылдым шүкір,
Тақсыр хан, бір Құданың құдіретін көр.
Қарасам көзімді ашып төңірекке,
Дарияның жағасында бір шаһар тұр.

Бейшара жүрдім сонда шаһарға таман,
830 Құдай-а, сақтай гөр деп есен-аман.
Бұл шаһар мұсылман ба, иә кәпір ме,
Басыма түседі деп қандай заман.

Аштықтан, тақсыр патша, халден кеттім,
Көзімнен қан аралас жасты төктім.
Күн батып түн болған соң шаһарға жақын,
Қисапсыз көп молаға әрең жеттім.

Шаһарға түн болған соң бара алмадым,
Қай жерге жатарымды біле алмадым.
Бар екен бір зират күмбездеген,
840 Ішіне кірейін деп ой ойладым.

Ішіне есік ашып кіріп алдым,
Тақсыр хан, халім құрып қалжырадым.
Күмбезге кіргеннен соң қайда барам,
Бейшара халім бітіп, ұйықтап қалдым.

Иә, тақсыр, сол күмбезде қалдым жатып,
Тыныығып, рахатқа қалдым батып.
Қарасам бір мезгілде түрегеліп,
Сарғайып келеді екен таң да атып.

Күмбездің іші жарық болды-ау ақыр,
850 Қарадым жан-жағыма ғаріп пақыр.
Бір сандық кісі бойы, тақсыр ханым,
Жылтырап топырақтан шығып жатыр.

Орнымнан түрегелдім қадам басып,
Қарадым сол сандықтың аузын ашып.
Ішінде сол сандықтың бір қыз жатыр,
Тақсыр хан, бұл арада қалдым сасып.

Сандықта әйел адам өліп жатыр,
Таңданып қарап тұрдым ғаріп пақыр.
Не себептен өлгенін білейін деп,
860 Көтеріп алдыма алып тұрдым ақыр.

Басына қылышпенен шапқан екен,
Қызыл қан өне бойын жапқан екен.
Ол қыздың кеудесінен жаны шықпай,
Қыз байғұс шала-жансар жатқан екен.

Қыз байғұс шала-жансар жатыр екен,
Пендеге шіркін өлім жақын екен.
Бір дорба сандықта тұр алып көрсем,
Он шақты қызыл ділдә алтын екен.

Қыз ғаріп сол арада демін алды,
870 Сөйлерге бейшарада хал болмады.
Қойдым да сол араға қыз ғаріпті,
Ғарібің алтын алып шаһар барды.

Алтынды алдым дағы шаһар кеттім,
Тамақ жеп ашбузелде қорек еттім.
Бірқатар тамақ алып ашбузелден,
Қасына қыз ғаріптің келіп жеттім.

Базардан тамақ алып қызға келдім,
Азырақ қыз ғаріпке тамақ бердім.
Тамақтан біразырақ қыз ішіп-жеп,
880 Қозғалып сөз сөйлерге халі кірді.

Қыз ғаріп тамақ ішіп халі кірді,
Түзеліп күннен-күнге тәуір болды.
Құдайға мың мәртебе шүкір қылып,
Аз-аздап сөйлейтұғын халге келді.

Өзінің қолыменен тағам жеді,
Орнынан түрегеліп, киім киді.
Оңалып, жаралары тамам бітіп,
Адамзат қалыбына қайта келді.

Оңалып қалыбына қайта келді,
890 Қыз мені ғарібім деп есіркеді.
— Ей, ғаріп, бері кел, — деп, қасына алып,
Қыз маған сол уақытта сөз сөйледі.

— Бейшара, ғаріп жігіт, шаһарға бар,
Түсірді мұндай іске Пәруардигар.
Бұл зират болмайды бізге мекен,
Шаһардан бір жақсы үйді пәтерге ал.

Мен барып шаһар ішін араладым,
Һәрбір жақсы үйлерге көзім салдым.
Бір-екі ай пәтерге тұрамын деп,
900 Шаһардан бір жақсы үй пәтер алдым.

Біз жүрдік кеш болған соң шаһарға таман,
Қорқамын болады [деп] қандай заман.
Күн батып, түн қараңғы болған кезде,
Біз келдік пәтер үйге есен-аман.

Екі-үш күн сонда жатып алдық қорек,
Біз алдық үй ішіне керек-жарақ.
Бір күні қасына қыз шақырып алып,
«Ғаріп» деп сөйледі сөз маған қарап:

— Бейшара, күн көреміз қайда барсақ,
910 Күн көрерміз бұл жерде кәсіп қылсақ.
Екеуміз әрекет қып тұрар едік,
Осы үйді не қылады сатып алсақ.

Мен айттым: — Тұрмын сөзді бек ұнатып,
Отырмыз екі ғаріп тағам татып.
Қолымызда бір тиын пұлымыз жоқ,
Бұл үйді біз аламыз қайдан сатып?

— Рас, ғаріп, қалтада пұлымыз жоқ,
Пұл болса сатып алсақ ұнайтын құп.
Алла Тағала ғинаят қылмас па екен,
920 Бір Алла жеткізер деп көңіліме тоқ.

Олай болса алып кел қағаз, қалам,
Бір кісіге жазайын біраз сәлем.
Сол кісіге апарып хатымды бер,
Сол кісі қылмас па екен бізге инғам.

Бейшара, бұл хатты алып базарға бар,
Бір үлкен мағазин бар, көзіңді сал.
Ішінде сол мағазиннің ақ шалмалы,
Байқасаң, отырады бір кәрі шал.

Сол шалға апарып бер үшбу хатты,
930 ҺешкімгеПаш қылмаңыз сыр сипатты.
«Бұл хатты өзіңіз де оқыма», — деп,
Пешаттап берді қолға аманатты.

Қолыма хатты алып базар келдім,
Ішіне мағазиннің көз жібердім.
Кез болды ақсақалды бір қария,
Әкеліп қарияға хатты бердім.

Оқыды шал бейшара хатты ашып,
Орнынан түрегелді асып-сасып.
Қолына бір қалтаны ала салып,
940 Алтын ділдә толтырды басып-басып.

Қалтаны шал әкеліп берді қолға,
Мен тіпті қарамадым оң мен солға.
Бір қалта әлгі шалдан алтын алып,
Алла деп үйге таман түстім жолға.

Ғажайып таң қалғандай мұны көрдім,
Бір қалта алтын алып үйге келдім.
Қария мына қыздың несі екен деп,
Мәнісін сұрайын деп пікір қылдым.

Қуанып мен бейшара үйге келдім,
950 Бір қалта алтын ділдә қызға бердім.
Сонда қыз сөз сөйледі күлімсіреп,
Құлағым салдым дағы тыңдап тұрдым.

— Бейшара, бір Аллаға шүкірлік қыл,
Беріпті шал бейшара бірталай пұл.
Уақиға мен ғаріптен сұрайын деп,
Алмаңыз көңіліңізге һешбір пікір.

Ей, ғаріп, жалына бер жалғыз Хаққа,
Жүре бер мен жұмсасам һәр тарапқа.
Жер алыс, уақыт жоқ осы шақта,
960 Сіз бен біз уақиға айтып сырласпаққа.

Көңілге һешбір шүбә ойламаңыз,
Шүбә ойлап сабырсыз сіз болмаңыз.
Не деп айтсам жүре бер, қызмет етіп,
Нәсіптен сабырсыз боп құры қалмаңыз.

Ісіне таң қаламын жалғыз Хақтың,
Бұ күнде ғишрат іздеп не қылмақпын.
Бай болсын, патша болсын бұл уақытта
Уәкіл жолдас болған сізге жоқпын.

Білмесін һешкім біздің сырымызды,
970 Һешкімге сөйлемеңіз шынымызды.
Саудагер қисабында сіз жүріңіз,
Білмесін һеш адамзат мұнымызды.

Енді бар осы үйдің иесіне,
Сұраңыз не деп айтқан бағасына.
Тапсырып мені Хаққа сіз жүріңіз,
Дұшпанның һешбір түспей табасына.

Айтқанын қыз ғаріптің бәрін қылдым,
Ол үйді көп бағаға сатып алдым.
Үй ішіне керекті жабдық алып,
980 Недәуір сайманды үй болып қалдым.

Қыз ақыл неше түрлі ұғындырды,
Һешкімге білдірмеңіз деп біздің сырды.
Саудагер бір байбатша секілденіп
Қыз мені бастан-аяқ киіндірді.

Қыз айтты: — Сөзім тыңда, асыл тасым,
Өзің бір қарап тұрсам байбатшасың.
Үйде отырып қайтесің, ей, бейшара,
Аралап көр шаһардың тамашасын.

Аралап көр шаһардың іші-тысын,
990 Үйге келіп кетерсің ерте-кешін.
Шетінде бұл шаһардың бір бақша бар,
Жалғыз-ақ тамаша етпе оның ішін.

Ішіне ол бақшаның бармағайсыз,
Ей, ғаріп, менім сөзім аңдағайсыз.
Қызығып ол бақшаға кіремін деп,
Бәлеге кіріптар боп қалмағайсыз.

Шаһарды тамаша етіп араладым,
Әуелі ол бақшаға жетіп бардым.
Сыртынан қарап тұрсам бейне ұжмақ,
1000 Құданың құдіретіне қайран қалдым.

Бақшаға қарап тұрдым көзім салып,
Сайрап тұр бұлбұлдары күйге салып.
Жел соқса сылдырайды ағаштары,
Жапырағы інжу-маржан оттар жанып.

Топырағы — жұпар, тасы — інжу-маржан,
Жемістері пісіп тұрған алуан-алуан.
Басымнан ақыл-һұшым кете жазды,
Ойладым бақша ғой деп түсте көрген.

Қарасам, лағыл-жауһар оның тасы,
1010 Дүниеде не көрмейді пенде ғасы.
Жоғары ағаштарға қарап тұрсам,
Асулы һәр ағашта адам басы.

Көңіліме қорқу түсті мұны көріп,
Ақыл-һұшым қалмады сонда тұрып.
Қорыққандан аяғымды әрең бастым,
Ақылы қыздың айтқан ойға келіп.

Құдайым мехнат берген бұ басыма,
Алла рақым қылар ма көз жасыма.
Бақшадан кеш болған соң кейін қайтып,
1020 Мен келдім мұны көріп қыз қасына.

Үйіме кеш болған соң қайтып келдім,
Бақшадан көргенімді айтып келдім.
Отырдым үйге келіп қыз қасына,
Тамаша рахатқа батып келдім.

— Дүниеде мұнан қызық көре алмадым,
Көп қарап ол бақшаға тұра алмадым.
Насихат сенің айтқан ойға түсіп,
Ішіне ол бақшаның кіре алмадым.

— Бек жақсы болған екен кірмегенің,
1030 Қор болмайсыз сөзімді ойлағаның.
Тағы да ертең барып тамаша қыл,
Бар шығар бұл шаһарда көрмегенің.

Базарға ертең тағы бардым жетіп,
Һәр түрлі қызықтарын тамаша етіп.
Отырған бір дүкенде екі патша
Көрдім де, тақсыр ханым, тұрдым күтіп.

Басында екеуінің алтын тәжі,
Жүзі нұрлы мүләйім бір мінезді.
Екеуі екі алтын таққа мінген,
1040 Жарасқан екеуінің ойын-әзілі.

Халыққа сол жерде тұр жарлық шашып,
Алыстан тыңдап халық тұр қарасып.
Сарбаздан отыз жігіт алдында тұр,
Адам жақын бармайды қадам басып.

Адамнан артық көрдім салтанатын,
Қылып тұр отыз жігіт һәм қызметін.
Тамаша қып қарап тұр мың сан адам
Ол екі падишаның нұр келбетін.

Тамаша неше түрлі ойын-күлкі,
1050 Адамға, сірә, бітпес шырай-көркі.
Неше түрлі ойыншы десеңіз бар,
Патшаның баршасына бар-дүр еркі.

Ағашы бар сыпыра біткен, бұлбұл сайрар,
Ағаштан неше түрлі сулар ағар.
Тоты құс ол ағаштан сәлем беріп,
Өз-өзінен шақырмай қолға қонар.

Сол құстар өз-өзінен қолға қонар,
Мәселе бір-екі ауыз сөзін сөйлер.
Күлгізіп адамзатты, хоштандырып,
1060 Қайтадан ағашына барып қонар.

Ағашта неше түрлі жеміс піскен,
Табаққа адам тимей өзі түскен.
Тұтқасыз тостағандар өзі келіп,
Қолмен тұтпай һәр адам шәрбат ішкен.

Қарасаң іші толы түрлі тамақ,
Тамаша ойын, қызмет тұрсаң қарап.
Һешкім оны қолымен ұстамай-ақ,
Алдыңа өзі келер алтын табақ.

Бір көрген екіншіге болар құмар,
1070 Екінші көрмегендер іштен тынар.
Күн батып кеш болған соң, қарап тұрсам,
Өз-өзінен жағылар сексен панар.

Патшаның қайран болдым мынасына,
Наныңыз үшбу сөздің расына.
Күн батып, кеш болған соң, ей, жарандар,
Тағы да қайтып келдім қыз қасына.

Отырдым қайтып келіп қыз қасына,
Мехнатым толып жатыр бір басымда.
— Не көрдің, — деп қыз пақыр сұраған соң,
1080 Уақиға бәрін айттым жолдасыма.

Қыз айтты: — Көргеніңнің бәрі де рас,
Бұл өзі бір ғаріптен қалған мирас.
Таныс бол, соларменен бірге жүріп,
Бірақ қыла көрмеңіз сырыңды паш.

Ертең тағы бардым да тұрдым қалыс,
Тамаша ойын-күлкі, алыс-жұлыс.
Сөйлесіп мен қасына отырдым да,
Осы күнде олармен болдым таныс.

Оларға көрінемін мен байбатша,
1090 Адамзат не көреді үйде жатса.
Кеш болып үйлеріне қайтарында,
Қонақ бол деп шақырды екі патша.

«Құп» дедім, үйге қайттым оларға ермей,
Бір сағат тұра алмаймын қызды көрмей.
Үйіме қайтып келдім кешке таман,
Уақиға айтып келдім бірін қоймай.

Қыз айтты: — Қонақ бол сіз бар дағы,
Тамаша ойын қылар олар дағы.
Құрметтеп, тәрбиалап күтер сізді,
1100 Ойынды неше түрлі қылар дағы.

Көрсетер неше түрлі ойын-күлкі,
Жаюлы неше түрлі оның мүлкі.
Түн жарымы болғанда сіз қайтарсыз,
Солайша болатұғын қонақ ғұрпы.

Деп айтар «қош болыңыз» сіз жүрерде,
Ұмытып қала көрме сол бір жерде.
«Хош әуез болмаған соң хош болмадым»
Де дағы, орыныңнан түрегел де.

Мен келдім падишаға қонақ болып,
1110 Ішіне қапқасының келдім кіріп.
Күзетші отыз жігіт даяр тұрған
Үйіне алып келді қызмет қылып.

Үйінде сексен панар жанып тұрған,
Жібек, атлас үйіне жайып қойған.
Айнала үйдің іші алтын тақыт,
Отырдым бір тақытқа даяр тұрған.

Құрметтеп неше түрлі тағам келді,
Отыз қыз, отыз жігіт ойын қылды.
Бұлбұлы, сандуғашы сайрап тұрған,
1120 Мың есе бұрынғыдан артық болды.

Тамаша осылардың бәрін көрдім,
Ойынның көріп бәрін тамам қылдым.
Түн жарымы болған соң рұқсат алып,
Үйіме қайтып енді жүрер болдым.

Ойын-сауық, тамаша болды тамам,
Қайтарға жаһыт қылдым үйге таман.
Енді қайта жүрейін дегенімде,
Патшалар «қош болыңыз» деді маған.

Мен айттым: — Екі патша сенсің, — дедім,
1130 Шақырдың, ойын-қызық көрсін дедің.
Хош әуез бұл ойында болмаған соң,
Көңілім неге хошта болсын, — дедім.

Патша орнынан тұрды қарғып,
— Мейманым, кете көрме сіз ренжіп.
Есітіп хош әуезді хош боп кетсін,
Пердені шапшаң аш деп қылды жарлық.

Бір жігіт түрегеліп пердені ашты,
Хош әуез сандығының кілтін басты.
Бір басқанда жүз түрлі әуез шықты,
1140 Һұшым кетіп, басымнан ақылым қашты.

Сандықтан әуез шықты әлде нешік,
Естіген жан тұрады жаннан кешіп.
Қалмады сабыр-қарар, ақыл-һұшым,
Жығылып мен қалыппын талып түсіп.

Сол жерде hұшым кетіп қалған екен,
Дертіне естігеннің дәрмен екен.
Көзімді ашып қарасам төңірекке,
Таң атып, түс уақыты болған екен.

Орнымнан сол уақытта түрегелдім,
1150 Қасына қыз ғаріптің қайтып келдім.
— Не себептен кешіктің, — деп сұрады,
Уақиға көрген-білген мағлұм қылдым.

Қыз айтты: — Оның рас, байғұс ғаріп,
Басыңнан ақыл-hұшың кеткен нағып.
Сол екі патшаларды жолдасымен
Сен де шақыр қонаққа өзің барып.

— Бек жақсы қонақ қылсақ болар еді,
Қызмет етіп жіберсек ұнар еді.
Бұл үйде олар көрер бір жабдық жоқ,
1160 Шақырсақ олар үйге келер еді.

Олардың сандуғашы тұрған сайрап,
Бір үйде толған панар тұрған жайнап.
Он бес қыз, он бес жігіт бәйіт айтып,
Тамаша неше түрлі тұрар ойнап.

Алтын тақыт шарайна үйде тұрған,
Атластан hәрбіріне перде құрған.
Кірген кісі шыққысыз үйдің іші,
Хош әуез адамзатша сөйлеп тұрған.

Шақырсақ, олар келер біздің үйге,
1170 Олар көрер нәрсе жоқ біздің үйде.
Сауық жоқ, тамақ беріп қайтармағым
Ұят болып кетпей ме өзімізге?

Қыз айтты: — Мұныңыз да рас екен,
Керек-ті осындайда дүние шіркін.
Пешаттап бір хат берді тағы да қыз,
Біз дағы түзетелік үйдің мүлкін.

Ей, ғаріп, мына хатты алшы, — деді,
Мағазиндегі шалға алып баршы, — деді.
Үйімізге аз жабдық бермес пе екен,
1180 Бұл хатты алып барып берші, — деді.

Қолыма хатты алып базар келдім,
Ішіне мағазиннің кіріп келдім.
Көрі шал мағазинде тағы да отыр,
Қолына осы шалдың хатты бердім.

Әлгі шал берген хатты алып көрді,
Орнынан шал бейшара түрегелді.
Жіберді бір қоңырау қағып келіп,
Дүние күңіренгендей бола берді.

Шал байғұс түрегелді асып-сасып,
1190 Жіберді қоңырауды басып-басып.
Көкпеңбек темір киген қырық жігіт
Бір жерден шыға келді есік ашып.

Қырық жігіт темір киген келді жетіп,
Оларды сол арада тұрдым күтіп.
Арқалап һәрқайсысы бір тоғанақ,
Үйіме бір сағатта келді жетіп.

Қырық жігіт тағы жүрді онан басқа,
Ұқсаған һәрқайсысы асыл тасқа.
Кигені — қамқа, торғын, алтын-күміс,
1200 Жан болмас көзін салып қарамасқа.

Алдымен мұнан бұрын қызға келіп кірдім,
Баршасын алып келген баян қылдым.
— Үй ішіне дүниелік сыяр емес,
Мұны қалай қыламын енді, — дедім.

— Оларға көрінбеймін өзім, — деді,
Болғай-ды дәулетіміз біздің, — деді.
«Жақсы қылып салыңыз» де дағы тұр,
Онан басқа болмасын сөзің, — деді.

Бұл сөзін ғаріп қыздың ұғып алдым,
1210 Ертіп сексен кісіні үйге бардым.
«Жақсы қылып түзетіп салыңыз», — деп,
Қасында жалғыз өзім қарап тұрдым.

Тоғанақ алып келген шешті бәрін,
Бәріне қарап тұрдым, тақсыр ханым.
Жібек кілем, атлас көрпе төсеп,
Түзетіп кеп жіберді үйдің жайын.

Мен байғұс қыз қасына қайтып келдім,
— Не әмір бұйырасыз маған, — дедім.
Маған айтты: — Патшаларды қонақ қыл, — деп,
1220 Жүгіріп патшаларға жетіп келдім.

Сол маған екі патша еріп келді,
Өзімен хош әуезін алып келді.
Отыз екі жан болып екі патша,
Ішіне біздің үйдің кіріп келді.

Ішіне өз үйімнің мен де кірдім,
Жүз есе кешегі үйден артық көрдім.
Таң қалып, тамаша етіп өз үйіме,
Сол жерде, тақсыр ханым, қайран болдым.

Орнатты қырық жерден алтын тақыт,
1230 Шашылар үй ішінде меруерт, ақық.
Атластан тақыт сайын перде жайып,
Ҳәр тақытта бір тоты мәселе айтып.

Бір тоты тақыт сайын шыға келді,
Көрінген адамзатқа сәлем берді.
«Мәжіліс мүбәракпен тарқасын», — деп,
Адамға тоты тұрып жауап берді.

Осыны, тақсыр ханым, көзім көрді,
Дүниеде көргенім жоқ мұндай ерді.
Ҳәр тоты бір-бір ауыз сайрап-сайрап,
1240 Ішіне алтын тақыт қайта кірді.

Қарасам, орнатыпты шынар ағаш,
Һәр жапырақ үстінде бір сандуғаш.
Кетіпті үй ішіне жұпар шашып,
Мұрныңа исі келсе боларсың мас.

Дастархан өз-өзінен жайылып тұр,
Шәрбат кеп сауытыңа құйылып тұр.
Шынардың алмалары өз-өзінен
Алдыңа мені же деп үйіліп тұр.

Тақсыр хан, көріп тұрдым осы кепті,
1250 Ауызбен айтып болмас, сірә, тіпті.
Үстіне мінген жерде алтын тақыт
Аяңдап ат секілді жүріп кетті.

Қазан тұр өзі қайнап, өзі піскен,
Ішіне алтын табақ келіп түскен.
Алдына алтын табақ өзі келді,
Меймандар тақтан түсіп келіп ішкен.

Болдылар келген қонақ тағам татып,
Тұрған сайрап тоты тұр мәселе айтып.
Қырық қыз, қырық жігіт жетіп келіп,
1260 Неше түрлі ойнады дуылдатып.

Бұлбұл деп айтса керек жігіт сөзін,
Сандуғаш деп ойларсыз қыздың өзін.
Айтқанымнан көргенім жүз есе артық,
Пайымына жете алмас һешкім мұның.

Тоқтады бір уақытта ойын-сауық,
Үстінде һәр тақыттың бір-бір сауыт.
Ағаштың жапырағынан, тақсыр ханым,
Құйылды һәр сауытқа шәрбат ағып.

Сол жерде ғаріп басым мұны көрдім,
1270 Бір ғажап қызда барын пікір қылдым.
Мейманыма білінбей үйден шығып,
Қасына қыз ғаріптің жетіп келдім.

Қыз айтты: — Неге келдің, байғұс ғаріп,
Бейшара, қыламысың менен қауіп.
Қасыма менің енді келе берме,
Тамаша қып көрсеңші ойын-сауық.

Маған келме дегенді көрмеңіз жек,
Көресің, бір Құдайдың құдіреті көп.
Мейманыңның қасына бар дағы айт:
1280 «Азырақ хош әуезді қозғаңыз», — деп.

Қасына қонағымның келдім қайтып,
Күлімсіреп мен тұрдым езу тартып.
— Хош әуезді азырақ қозғаңыз, — деп,
Наз қалдым мейманыма осыны айтып.

— Жарайды, хош әуезді қозға, — деді,
Мырзаның айтқан сөзін бұзба, — деді.
Бұл ойын хош әуезбен болсын тамам,
Ойынды қойыңыздар өзге, — деді.

Жіберді хош әуезді бұрап кетіп,
1290 Үйдің ішін жіберді сол күңірентіп.
Бір тесіктен күй шықты тоқсан екі,
Жығылып мен қалыппын hұшым кетіп.

Дүниеде көргенім жоқ мұндайларды,
Көзіме жер-көк, бәрі шыр айналды.
Бұл үйдің ішіндегі барша адам,
Талығып жығылғандай болып қалды.

Адамның бәрін көрдім жығылғанын,
Тақсыр хан, осы-ақ болды ұғынғаным.
Мен өзім hұшым кетіп жығылған соң,
1300 Онан соң біле алмадым не болғанын.

Білмедім не болғанын онан кейін,
Тақсыр хан, көргенімді мен сөйлейін.
Бұ күнде мұның бәрі, қане, маған,
Не болсын дүниеде мұнан қиын?

Осы еді, тақсыр ханым, көрген ісім,
Алланың көріп жүрмін мұндай ісін.
Бір уақытта көтердім басымды енді,
Тақсыр хан, жиып алып ақыл-һұшым.

Көтеріп мен басымды ой ойладым,
1310 Жан-жаққа түрегеліп көзім салдым.
Үй де жоқ, шаһар да жоқ, майдан дала,
Құданың құдіретіне қайран қалдым.

Һеш нәрсе қарасам да көре алмадым,
Һеш қайда қадам басып жүре алмадым.
Білмедім ай өткенін, күн өткенін,
Қанша уақыт болғанын біле алмадым.

Тұрдым да бет алдыма жүре бердім,
Қай тарапқа жүрем деп қайран болдым.
Көрінді дария суы қарсы алдымда,
1320 Аяңдап ғаріп басым соған келдім.

Сол жерде мен бейшара ой ойладым.
Қыз үшін қайғы-қасірет жеп ойладым.
Сол қыздың бастан-аяқ уақиғасын
Сұрап білсем нетеді деп ойладым.

Біреуге айтсам бұны нанбас дедім,
Құлағын бұған адам салмас дедім.
Ол қыздың өлмегінің себебіні
Біле алмадым дегенге болмас дедім.

Ойладым жұртқа мазақ болмайын деп,
1330 Жүзінде дүниенің тұрмайын деп.
Мұны айтып масқара болғанымша,
Жүгірдім суға түсіп өлейін деп.

Жығылдым өлейін деп суға батып,
Жібердім өзімді-өзім суға атып.
Суға кетіп өлерге жеткенімде,
Қолымнан біреу судан алды тартып.

Басымды судан шығып жұлып алдым,
Түрегеп төңірекке көзім салдым.
Қасында қырық қызы бар баяғы қыз,
1340 Бұларды көрдім дағы қайран қалдым.

Мен сонда қызды көріп болдым қайран,
Қыз пақыр танып келді әлдеқайдан.
— Көрінбей кетейін деп ой ойладым,
Қия алмай қорқып келдім бір Құдайдан.

Өліп жатқан уақытымда жолдас едің,
Тірі болған күнімде сырлас едің.
Жолдастық хақысынан құтылмастан,
Өлімге тастап кетіп болмас, — дедім.

Қыз сонда: — Қия алмадым hеш, — деп айтты,
1350 Көзіңді қапаланба, аш, — деп айтты.
Бір қыз бен екі арғымақ, мың ділдә алып,
Мойнымдан жолдастығың кеш, — деп айтты.

Мен айттым: — Жолдас қылған бар Құдайым,
Мен алып қыз бен пұлды не қылайын.
Қалмасын менім сенде жолдас хақым,
Уақиға айтшы маған мәні-жайың.

Өлейін, тоқтатпаңыз енді мені,
Әуелде кез келтірген Тәңірім сені.
Сені айтсам уақиғаңның бірін білмей,
1360 Масқара қылар халық сонда мені.

Не етейін қыз бен пұлды алып сенен,
Мен бір ғаріп пендемін Құдай деген.
Ғашық дерті ішімде бар тағы жаман,
Адаммын қасіретпенен ақыры өлген.

Таппадым ойдан ойлап іздеп жүрген,
Ғашығым ойдан қалмас түсте көрген.
Тағы сенің білмесем уақиғаңды,
Қалайша құтыламын қайғы-шерден?

Отырдым осыны айтып зарланып та,
1370 Қыз тұрды біразырақ толғанып та.
Бетіме «дариға» деп жалт қарады,
Толығып қызыл жүзі нұрланыпты.

— Сөйлейін, ей, бейшара, уақиғамды,
Не болған көріп едің біздің халді.
Кетемін десем дағы қия алмадым,
Жүрегім сенің үшін оттай жанды.

Сөйлейін енді сізге, патша-ханым,
Ҳәрне болса Аллаға болар мағлұм.
Өзімді мен айтайын, — Иранғайып,
1380 Мен едім түсте көрген ғашық жарың.

Мен едім, ей, ғарібім, түсте көрген,
Бақшада екі құстың тілін білген.
Уақыт алыс сізбенен қосылмаққа,
Мінеки, жүзігіңіз қолдан берген.

Айтайын уақиғамды, тыңда, — деді,
Сабыр қыл, hешбір көңіл бұзба, — деді.
Сабырлық қыл, жетерсіз hәр өнерге,
Аз тоқта, сабырсыздық қылма, — деді.

Айтайын, Иранғайып, тыңда сөзім,
1390 Сен кездің қасіретпенен дүние жүзін.
Кешегі көрген шаhар Зер шаhары,
Патшасы билеп тұрған менім өзім.

Тыңдаңыз, Иранғайып, сөзім рас,
Мехнаттан аз уақытта болдым халас.
Бұрын атам билеген үшбу шаhар,
Атамнан соң патшалық маған мирас.

Айтайын уақиғамды, үйреніп ал,
Ұғып ал, менім сөзіме құлағың сал.
Билеген қазынамның ең бастығы —
1400 Өзің хат алып барған сол кәрі шал.

Ұғып ал, мен сырымды шын сөйледім,
Патша боп, атам өліп, ел биледім.
Бақшада бір күн ұйықтап жатқанымда,
Ей, ғаріп, мен түсімде сені көрдім.

Түсімде, Иранғайып, көрдім сені,
Әзелде нәсіп еткен Тәңірім мені.
Сенің ғашығың күйдіріп жүрегімді,
Ғаріптің нашар болды сонда халі.

Екі құс түсте көрген менім құсым,
1410 Сені ойласам кетеді ақыл-hұшым.
Түсіңде көрген бақша онда көрген,
Ішіне кірме дедім соның үшін.

Жандырды жүрегімді ғашық дертің,
Халқыма білдірмедім ғашық салтын.
Жерімде мәнжамдардан кітап ашып,
Сұрадым [не] болар деп мұның артын.

Бір мәнжам кітап ашып сөз сөйледі,
Ақырын уақиғамның көп сөйледі.
Екеуіңнің көретін мехнатың бар,
1420 Бес жылда қосыларсың деп сөйледі.

Сөз айтты сонда мәнжам: — Ей, ханша,
Сабыр қыл бес жыл уәде күн толғанша.
Екеуің бір жүрсең де қосылмаңыз,
Басыңнан мехнаттарың арылғанша.

Мехнат бар арасында әлдеқанша,
Сабыр қыл, уақыт жоқ зар қылғанша.
Сіздің де көретұғын мехнатың бар,
Басыңа қылышпенен шабылғанша.

Деп айтты сонда мәнжам маған сөзді,
1430 Тыңдаңыз менім айтқан сөзімізді.
Қасіретін ғашықтықтың тоқтатпаққа,
Мен жидым халайықтан өнерпазды.

Бірнеше өнерпазды жидым елден,
Дәулетті аямадым Тәңірім берген.
Біреуі құл, біреуі кәнизагым,
Кешегі екі патша көзің көрген.

Екеуін неше түрлі киіндірдім,
Алтын тәж, гауһар кемер буындырдым.
Базардың ортасынан сарай салып,
1440 Тамаша халайыққа көріндірдім.

Көрдіңіз тұрғандарын бұлбұл сайрап,
Шынардан ағып тұрған миуа саулап.
Мұның бәрін жасаттым өз қолымнан,
Көрсін деп елі-жұртым тамашалап.

Осындай өнер берді Тәңірім маған,
Істедім үшбулардың бәрін тамам.
Бір тесіктен күй шыққан тоқсан екі,
Жасатып хош әуезді бердім оған.

Тамаша көрсін дедім халық келіп,
1450 Өзім де тамашаға жүрдім келіп.
Базарда жанжал болса хүкім ет деп,
Тағы да екеуіне бердім ерік.

Екеуін екі патша деп сөйлеттім,
Тәж киіп тақ мінгізіп бек түрленттім.
Рұқсатсыз бір-біріңе қосылма деп,
Бек қатты екеуіне жарлық еттім.

Халқыма әділ хүкім қылушы едім,
Пақырға қайыр, ихсан беруші едім.
Сол екеуін падиша өзім қойып,
1460 Тамаша кешке таман қылушы едім.

Тыңдап тұр, ей, бейшара, мына сөзім,
Әлі де көп кезерсің дүние жүзін.
Тамаша сол екеуін қылайын деп,
Бір күні келе қалдым жалғыз өзім.

Оңаша сол екеуі отыр екен,
Адамға мехнат деген жақын екен.
Сөзімді менім айтқан төрік қылып,
Қосылып бір-біріне жатыр екен.

Ақырдым: — Бұ қалай деп, ақымақ надан,
1470 Бұрын мен жарлық қылып қойдым саған.
Рұқсатсыз неге қылдың мұндай істі,
Басыңа түсірермін ақырзаман!

Екеуі түрегелді асып-сасып,
Қорықты менен қатты түсі қашып.
Қылышын екеуі де суырып алып,
Ұмтылды маған қарай қадам басып.

Қылышпен екеуі де қалды салып,
Жығылып сол арада қалдым өліп.
Оңаша маңайында һеш адам жоқ,
1480 Тұрған жан жоқ ол жерде бізді көріп.

Бұл жерде тұрған жан жоқ бізді көріп,
Өздері өлтірділер өзі біліп.
Сандыққа өзің көрген сала салып,
Тастаған зиратқа мені көміп.

Бейшара, көріп пе едің мұндай кеңес,
Құдайым сүймегенін пендем демес.
Тақтымда отырмын ба, жатырмын ба,
Екенім өлі-тірі һешкім білмес.

Сұрасаң осылайша менім жайым,
1490 Бұл сырды аяп сенен не қылайын.
Өлерге халім жетіп жатқанымда,
Кез қылған, достым, сені бар Құдайым.

Онан соң не іс болса өзің көрдің,
Уақиға не болғанын бәрін білдің.
Қонаққа шақырғанда сол екеуін
Өлтіріп, оның ісін тамам қылдым.

Өлтіріп сол ойында тамам қылдым,
Өлтірмей басқаларын аман қойдым.
ҺешкІм білмес бұл сырды сенен басқа,
1500 Тақтыма адам білмей қайта міндім.

Құдайым сізді қылды маған теңдес,
Бұ дүние бір өткен соң қайта келмес.
Бұл сырды, көп халайық елім түгіл,
Қасымда қырық қыздың да бірі білмес.

Бұл сырым білінбеген адамзатқа,
Өлтіріп сол екеуін міндім таққа.
Құстарға әмір етіп бір айлық жол,
Сені апарып тастаттым осы жаққа.

Артыңнан байқайын деп ой ойладым,
1510 Білейін халі-жайын деп ойладым.
Қарасам өлемін деп түстің суға,
Қасыңа келдім жетіп, қия алмадым.

Енді айтайын, ғарібім, сөзім тыңда,
Екеуімізді қосады Қадір Алла.
Сабыр қыл, әлі көрер мехнатың бар,
Сабыр қылмай нәсіптен құры қалма.

Ей, ғаріп, түсте көрдім келбетіңді,
Жаратқан абзал қылып сипатыңды.
Менім айтқан сөзімді ұмытпаңыз,
1520 Айтайын көретұғын мехнатыңды.

Айрылып сіз кетерсіз менен басқа,
Көңіліңе қайғы толар, көзің жасқа.
Жол таппай сандаларсыз бес-алты ай,
Шығарсыз мехнатпенен тау мен тасқа.

Мехнатты көп көрдім деп асып-саспа.
Дүниеде һәрне келер кәрі-жасқа.
Уағдалы күн толған жоқ қосыларға,
ҺеШ менім мағшұғым жоқ сізден басқа.

Мұнан соң сіз кетерсіз жапан түзге,
1530 Ренжіп қапаланба енді бізге.
Алты ай мехнат көресің жаяу жүріп,
Бір шаһар көрінеді көзіңізге.

Шаһарға ерте тұрып сіз барарсыз,
Шаһардың іші-тысын араларсыз.
Бір байға жалға жүріп сол шаһарда
Құданың жазғанынша күн көрерсің.

Сол байдың сіз боларсыз қызметінде,
Арыла берер бастан бейнетің де.
Атың шығып, құрметің кетер асып,
1540 Алланың өзі берген нәубетінде.

Адамзат не болады бейнет тартса,
Күнәға иман тұрмас күнде батса.
Көрген жан дидарыңа болар ғашық,
Боларсың өз алдыңа бір байбатша.

Дәрежең күннен-күнге кетер асып,
Көрген жан дидарыңа болар ғашық.
Халыққа атың шығып тұрған шақта,
Қаларсың бір мехнатқа душарласып.

Осыны айтып еді қыз бейшара,
1550 Тақсыр патша, сөзімді тыңдап қара.
Мойнымда жіп, қойнымда қып-қызыл қан,
Алла салған ісіне не-дүр шара.

Деп еді ел аузына сөз боларсың,
Асықпасаң ақыры тез боларсың.
Сол шаһардың патшасына күнәһлі боп,
Тағдырға өлетұғын кез боларсың.

Жарлығы сол патшаның тастан тарық,
Жиылар сені аспаққа жүмлә халық.
Сұрамай аты-жөнің, сол падиша
1560 Өлтір деп дарға асып қылар жарлық.

Деп еді адамға айтпа бұ сырымды,
Білдірме өзіңнің де пиғылыңды.
Жіп байлап, қылыш тиіп қан аққанда,
Сөйлеңіз осы сырды сол кезінде.

Қыз байғұс осылайша деді маған,
Көрген-білген уақиғам болды тамам.
Ойымнан әуелгіде ойлап шыққан,
Ең үлкен жұмысым сол айтылмаған.

Иә, тақсыр, онан басқа сөз қалмады,
1570 Есітіп біліп тұрсыз біздің халді.
Даяр тұр өлтіруге жалладтарың,
Қайда барып сақтаймын шыбын жанды.

Иә, тақсыр, бір сөз қалды айтылмаған,
Айтайын рұқсат болса, тақсыр, маған.
Айтылмаған қалмасын һешбір сырым,
Рұқсат болса айтайын, тақсыр, маған.

Падиша: — Рұқсат қылдым, сөйле, — деді,
Һеш алаң өлмеймін деп болма, — деді.
Осыдан соң асыңыз мұны дарға,
1580 Һешкімге қайта жарлық қылман, — деді.

Бала сонда сөйледі: — Тақсыр ханым,
Өлімге таянып тұр менім халім.
Сиыр баққан бір шалдың баласы едім,
Ұғыңыз, тақсыр патшам, осы мәнім.

Атамыз сиыр баққан бір шал өзі,
Ажалдың мен ғаріпке келді-ау кезі.
Қатыны өлген сиыршы бір шал екен,
Бар екен инабатты жалғыз қызы.

Деді де тұра қалды бала ғаріп,
1590 Падиша тыңдай қалды құлақ салып.
— Осы сөзің сөйлеші, — деді патша,
Жауабың бара жатыр ажарланып.

— Иә, тақсыр, осылайша болған екен,
Һәркімге мына дүние жалған екен.
Бір шал, бір қыз отырып балағанда,
Үйіне екі мейман қонған екен.

Деп айтып тағы тұрды бала пақыр,
Падиша орынынан тұрды ақыр.
— Естіп пе ең, бұл сөзді қайдан білдің,
1600 Түзеліп сенің сөзің бара жатыр.

— Иә, тақсыр, сөйлейтұғын халім бар ма?
Алла Тағала түсірді мұндай халге.
Аламын дегеннен соң әлгі қонақ,
Анам сүйіп тиіпті сол мейманға.

Сол жолаушы мейман анамды алған,
Үйінде мейман болып бес ай тұрған.
Бес айдан соң анамды тастап кетіп,
Мен тудым төрт айдан соң іште қалған.

Мен шықтым ер жеткен соң атамды іздеп,
1610 Отырмын осы күнде сөзді сөзлеп.
Атамды іздеп табамын деп жүргенімде,
Қалыппын өлетұғын дарға кез боп.

Медет [бер], иә, Зұлжалал, әйуһаннас,
Атам атын сұрасаң жетім Ғаббас.
Өзім атым айтайын — Иранғайып,
Атамның белгісі бар бір гауһар тас.

Осылай бала тұрып берді жауап,
Падиша құлақ салды мұны тыңдап.
Белгім деп алып берді алтын мидал,
1620 Бала талып жығылды сонда құлап.

Патша мұны естіп тақыттан ұшты,
Баяғы өз жұмысы еске түсті.
«Аһ, дариға, білмедім, перзентім», — деп,
Зар тұтып баласының бас[ын] құшты.

Баланы патша құшып зар еңіреді,
Жиылған жамағаттар қайран болды.
Уәзірін Аллаберген шақырып алып,
Өз баласы екенін мағлұм қылды.

Сол жерде Аллаберген уәзір келді,
1630 Патшаның ұғылы екенін о да білді.
Көтеріп ол баланы жуындырып,
Неше түрлі киімді киіндірді.

Сол бала тағам ішіп жиды есін,
Сұрайсыз, ей, жамағат, оның несін.
Патшаның қуанғаннан уәзірлері,
Жамағат, тия алмады көзден жасын.

Той-тамаша қылдылар елін жиып,
Болмады сахараға адам сыйып.
Ойын-күлкі тамаша сауық қылып,
1640 Неше күн ойын етті сондай қылып.

Баланы алып кірді сарайына,
Таң қалар көрген адам шырайына.
Кигені алтын тәж, міниіп таққа,
ҺеШ адам бара алмады маңайына.

Неше күн бұл тамаша тамам бітті,
Тақытқа патшалыққа бала шықты.
Уағдалы келетұғын мейман барып,
Халқына Иранғайып жарлық етті.

— Айтайын, ей, жамағат, құлағың сал,
1650 Әзелде бізге болмақ осындай хал.
Атамды тауып, уақытым хош болған соң,
Келетін ғашық жардың уағдасы бар.

Ел жиылды патшаның жарлығы үшін,
Мың кісі күзеттірді көше басын.
ҺәР көшеге төсетіп жібек кілем,
Түзетіп түрлендірді шаһар ішін.

Жібектен сахараға шатыр құрған,
Ойыншы неше адам ойнап тұрған.
Арғымақ аттар мініп қыз алдынан
1660 Қызметкер үш жүз жігіт даяр тұрған.

Қиссаның ақыры тамам болар кезі,
Мысалы бейшараның көрген сөзі.
Түрленіп қырық қызын қасына алып,
Ғазиза о да шықты уәзір қызы.

Тамаша қылып тұрды жиылған жан,
Қызметкер қыз келер деп даяр тұрған.
Бұрынғы айтқандай-ақ жер күңірентіп,
Қыз келді әскерімен неше мың сан.

Басына Иранғайып төжін киді,
1670 Қырық күн той қылғызып елін жиды.
Уәзір қызы, ғашығы Шәмшібану,
Бұ жерде екеуіне неках қылды.

Жігіттер, көріп пе едің мұндай кепті,
Әзелде Алла Тағала тағдыр етті.
Неше жылдар сөргөрдан жүріп еді,
Мұратқа Иранғайып ақыр жетті.

Иранға бұл мехнатты Құдай берген,
Шешесін шал байғұс пен алып келген.
Падиша екі жұртқа бірдей болып,
1680 Солайша Иранғайып дақтан көрген.

Мүтәлі — лақап, Мұхаммедғали атым,
Өндір қалпе деп айтар атам атын.
Иранғайып падиша болған шақта,
Он мың шаһар береді ираматын.

Ғазиза, Шәмшібану перизатты,
Иранғайып үшеуі балдан тәтті.
Осылай дүниеде қызық көріп,
Өлгенінше болдылар махаббатты.

Бір-бірі болып өтті махаббатты,
1690 Бәйіт қылып шығардым асылзатты.
Мырзаға Жүсіпұлы Әбдірахман
Жібердім кітап — үшбу аманатты.

Бір қисса, ей, жарандар, болды тамам,
Қатамыз көп, кешіргей Алла Тағалам.
Бір кітап мұнан кейін жіберермін,
Деп айтар оның атын «Әлхал заман».

Бұл нұсқа көріп едім, ей, жарандар,
Жызақтың жас күнімде шаһарынан.
Мүтәлі лақап есімім білгізбекке
1700 Кітап жаз[дым], баспашыға сәлем тамам.

Ішінде айып етпе қата болса,
Артымда есімім илән хатым қалса.
Бес хикаят жазармын мұнан кейін,
Айналып бұ кітабым дұрыс келсе.

Әбдірахман мырзаға аманат деп,
Жібердім хал-қадары үшбу қисса.
«Шаһ Ғаббас, Иранғайып» — кітап есімі,
Есімінен бұ кітаптың сауал сұрса.

Өмірің бар ма, жоқ па әлде қанша,
1710 Жүргенім, тұрғанымның бәрі қата.
Хаққа құлдық қыла көр ей, жігіттер,
Қатаны кешер Алла, рақым қылса.

Көп жазсам, оқығанға болар ығыр,
Ал тамам тоқтатайын олай болса.
Қалу инна лиллаһи, инна иләйһи ражиун,
1716 Кім оқып осылай деп тамам қылса.

Таммат тамам.

قصهء همرا خصراو پادشه

Қисса Һамра, Хұсрау патша

Біздерге жәрдем бергіл, Азим, Сұбхан,
Жаралды кәф, нуннан мұнша ғұлман.
Бұ сөзіме жәрдем бер, Жомарт Патшам*,
Сөйлеуім жәрдем берсең болар асан.

Бір Алла, тұғры сөйлет тілімізді,
Шығарма жаман сөзден мінімізді,
Батин, Заһир, ашқайсың көзімізді
Махшар күн ғарасат майданында.

Өзге сөз дәмін татсаң кеңес емес,
Бұ сөзім қанша айтсам да түгесілмес.
Мысыр шаһарын билеген Хұсрау патша,
Жамағат, құлақ салып тыңда кеңес.

Хұсрау-ды билеп тұрған елінің бәрін,
Хүкіміне көндіріп ап тамам жанын.
Тамам жан хүкіміне көніп тұрып
Елінің және айтайын қылған заңын.

Сол жұртта қулық-сұмдық шығад екен,
Патшаға сондай қатты шағады екен.
Мәжіліс үлкен кеңес болған жерде
Ұлы барға ат мінгізіп, қызы барға шапан берді.

Жамағаттар, осындай тыңда кепті,
Рұқсат беріп, азырақ сөйле депті.

---

* Алла Тағаланы бүкіл әлемнің билеушісі ретінде атап отыр.

Баласы жоқ кісіні мазақ қылып
Беліне қыстырады екен қызыл жілікті.

Кім өтпей қалады дүния боқ,
Баласы бар кісінің көңілі тоқ.
Сонша жұртты билеген Хұсрау патша,
Сол күнде ұлы да жоқ, қызы да жоқ.

Сол жұрттар перзентсізге қиын қылды,
Баласы бар кісінің сыйын қылды.
Падишаға бір қорлық қылайық деп
Мысырдың ортасында жиын қылды.

Келмеген сол жиынға жан қалмады,
Жиылсын деп еліне жар салады.
Патшамызға бір қорлық қылайық деп,
Патшасын алдап сонда шақырады.

Шақырған соң жұртына келді патша,
Жиылған тамам елді көрді патша.
Ұлы барға ат мінгізіп, қызы барға шапан берді,
Не қылса да қорлыққа көнді патша.

Ғаріп жан не көрмейді тіріклікте,
Жан кеткенше қылыңыз құлшылықты.
Ұлсызға орын, қызсызға қызық жоқ деп,
Хұсраудың беліне қыстырыпты қу жілікті.

Дүлдүлдің бар белгісі қашаған-ды,
Жоямыз өлімді айтсақ босағанды.
Есіне бала түсіп осы жолда,
Жад етіп жылап тұрды Жасағанды.

Есіне бала түсіп осы жолда,
Бір Құдай, бұ құлыңды өзің оңда.
Падиша қолын тұтып жылағанда
Көңілін көтереді Қасым сонда.

Бұлайша мұңдық қылды Хақ Тағала,
Жамағат, бұ сөзімді тыңдап қара.
Падишаның сүйікті төлеңгіті
Көңілін көтереді Қасым сонда.

— Бұ дүниеде кім өткен мұңсыз болып,
Өзі тұр бір Алланың мұңсыз болып.
Құданың бек сөйлескен досты еді,
60 Мұхаммед Мұстафа өткен ұлсыз болып.

Ұлсыз боп Мәриям ұғылы Иса да өткен,
Алла деп ақтың жолын қуса да өткен.
Алланың бек сөйлескен досты еді,
Ұлсыз боп дүниеден Мұса да өткен.

Кім өткен жаралған жан мұңсыз болып,
Өзі тұр бір Алланың мұңсыз болып.
Он сегіз мың ғаламға патша болып,
Тағы өткен тақ Сүлеймен ұлсыз болып.

Ойлаңыз кім өтеді мұңсыз болып,
70 Кәпірді жаратады қамсыз қылып.
Ойлаған мұратына қол жеткен жоқ,
Сахра патша о да өткен ұлсыз болып.

Жүресіз бала үшін арып-ашып,
Ермеңіз көңлі тарға, білің қасиб.
Дүниелік бүйтіп жиған не көресіз,
Ей, тақсыр, қатын алшы малың шашып.

Бір Құдай балалыны оңдайды енді,
ҺеШ ісі баласыздың оңбайды енді.
Екі ханым үстінен қырық қыз алды,
80 Біреуінен бір бала болмайды енді.

Қатындар азық пісір жүремін деп,
Мен қашан бала сүйіп күлемін деп.
Қырық қызды қоя берді үйлеріне,
Тентіреп түзде жүріп өлемін деп.

Кітаптан осы сөзді алдым ұғып,
Ел ішінде жүрейін нағып бұғып.
Дүния-малын, қатындарым талақ қылып,
Ғұмырымды өткіземін түзде жүріп.

Не бақыт жолығады түзде жүріп,
Әулиеге түнейін іздеп жүріп.
Ел-жұртымнан мехнатты көргенімше,
Қаңғырып өлемін деп түзде жүріп.

Жамағат, құлағың сал енді бізге,
Падиша шыдамайды қорлық сөзге.
Дүния-малын, баршасын талақ қылып,
Патша енді ылақты жапан түзге.

Патша алды бала үшін көп тоқалды,
Перзентінің жоқтығымен жұрты қалды.
Қаңғырып Хұсрау патша ұйықтап жатса,
Хазіреті Қызыр шықты ақ сақалды.

— Ассаламуәлейкум, бабам, — деді,
— Уағәлейкумассалам, балам, — деді.
Мысыр шаһарын падиша тастап кетіп,
Патша, қайда барасың, балам, — деді.

Патша болып жүрмедің көңіл татып,
Сіз маған кез келдіңіз душарласып.
Мысыр шаһарын, патша, талақ қылып,
Енді қайда барасың түсің қашып?

— Аллаға бала берші деп келемін,
Бермесе, шарам не-дүр, өкпелемен.
Тақсыр Қызыр, бола көр жәрдеміңіз,
Сәргардан бір бала үшін боп келемін.

Ҳәрқашан жауап сұрма пейілі тардан,
Жад етіп жылап тұрды бір Құдайдан.
— Көрінген мұнараға барып түне,
Әли-дүр сол хазіреті Шаһимардан.

— Жұртымның тамам өлдім тентегінден,
Алланың кім құтылған жетегінден.
Сізден ұлық бола ма хазірет Әли,
Айырылман, тақсыр Қызыр, етегіңнен.

— Төрт жарды айтқан Әбубәкір, Омар, Оспаның деп,
Дүлдүл мініп көпірді тосқаның деп.
Әлидің мұнарасына барып түне,
Шаһариар етіп Алла сүйген Арысланым деп.

Көңілімде сенің үшін болайын да,
Бір Аллаға жалбарып тілейін де.
Көрінген мұнараға барып түне,
Медеткер бір жағыңнан болайын да.

— Төр жарда Әбубәкір, Омар, Оспан едің,
Дүлдүл мініп көпірді тосқан едің.
Сәргардан бір бала үшін боп келемін,
Балаға жар бола көр, Арыслан едің.

Тілегін кей адамның Құдай берген,
Көзін жасын жыласа, қабыл көрген.
Зар илеп жатып патша ұйықтап кетсе,
Түсінде Әли Арыслан аян берген.

— Кетеді күн батқан соң көз байланып,
Аллаға кешкенім көп сөзге айланып.
Бізге риза бола көр, Хұсрау патша,
Біз бардық сіздің үшін қырық айланып.

— Он сегіз мың ғаламда едің Әли,
Арыслан боп пендені тердің, Әли,
Сен барсаң біздер үшін қырық айланып,
Құлына не деп жауап берді, Әли.

— Шығыпсыз бала іздеп әуел баста,
Кетеді баласы жоқ қайран жаста.
Үш ұғыл бірлән бір қызды бердім, — деді,
Тағы аламын деп айтады он төрт жаста.

Ұғылы бірлән бір қызды бергені сол,
150 Он төртте төртеуін де алады, біл.
Ұзарт деп қырық барсам да бір болмады,
Падиша, енді маған риза бол.

Әлиге барып арыз айтқан дейді,
Бір Алла сүйген құлын байытқан дейді.
Төрт бала баяны жоқ ала салып,
Үйіне зар еңіреп қайтқан дейді.

Арқаның қарыштады қалыңдары,
Тартады жан дененің тамырлары.
Сәргардан бала үшін кетіп еді,
160 Алдынан жүгіріп шықты қатындары.

— Бала іздеп, шығып едім құла түзге,
Көп жасаған жетеді сонау жүзге.
Ханымдар, hеш нәрсеге қуанбаңыз,
Төрт бала баяны жоқ берді бізге.

Баланы ханымдар жүріпті үміттеп,
Көңілін жүр екеуі бек сүйініп.
Төрт бала баяны жоқ алдым десе,
Жылайды екі ханым қолын тұтып.

Атамыз Адам өткен жасқа батып,
170 Өтіпті айырылған жасқа батып.
Баланы баяны жоқ сүймейік деп,
Үшеуі күнелтеді басқа жатып.

Кей адам сөз сөйлейді аттай желіп,
Тыңдамайды кей адам көңіл беріп.
Падиша бір күн шығып түзге олтырса,
Әуретін бір шаян алды шағып.

Жамағаттар, тыңдаңыз мұндай кепті,
Падиша ойлай берсе қайғы көп-ті.
Асты сонда толай боп ісіп кетті,
180 Патшаға Құдай берді үлкен дертті.

Жамағаттар, аяман бойда барын,
Жақсылардың көрген соң хақ дидарын.
Ауруы күнден-күнге қатты болып,
Бақсы, балгер, жидырды молдаларын.

Дүнияға алданасың аз күн бекер,
Бір күн салып басыңа ажал жетер.
Бір молда кітап ашып айтқан екен:
Шариғатқа келіп ханыммен бірге жатсаң,
Осы дертің бойыңнан сонда кетер.

190 Патшаның не келмеген ойларына,
Байлар салар бақташы қойларына.
Падиша ханымменен бірге жатса,
Екі ханым бала бітті бойларына.

Бір Құдай берген екен сұрағанды,
Зарланып қабыл көрді жылағанды.
Ай-күніне шықты да екі ханым
Үш ұғыл бірлән жалғыз қыз туа қалды.

Бала туып патшаның көңілі еріді,
Бір Құдайым тілегін қабыл көрді.
200 Үлкен ханым босанып екі ұл тапты,
Кіші ханым босанып бір қыз, бір ұл тапты.

Ел-жұртын бала туып алдырады,
Молдаларға азанды салдырады.
Үлкен ханымнан туған Забур, [Құрсат] қойып,
Кіші ханымнан туған[ын] Һамра, қызының
Атын Гүлжәмила қойдырады.

Ел-жұртын жиып патша алдырады,
Қырық күндей падиша той қылады.
Аз ғана күн көзі**ме болсын қуаныш,**
210 Сүйі**п-сүйіп мейірін қандырады.**

Жиылып барша жұрты келген екен,
Патшаның бек құрметі**н көрген екен.**

Қызығын шырақтарымның көрейін деп,
Төртеуін де мектепке берген екен.

Мұсылмандар, иманың һеш ұмытпа,
Бұ дүния қызығы үшін дүнияға сатпа.
Жыл айланып келгенше ер Һамра
Бастан-аяқ Құранды білді жатқа.

Көлдерден аққу ұшып құйылдайды,
Періште имансызды буындайды.
Он үш асып, он төртке жеткенінше
Жүрегі падишаның суылдайды.

«Далаға жөнелтейін барып өлсін,
Шырағым жұрт жақсысын танып өлсін.
Он үш асып он төртке жеткенінше
Көп сүйейін мейірім қанып өлсін.

Бұ шаһарда баламды бөгелтпейін,
Қасымды басшы қылып жөнелтейін.
Хұсраудың балалары өлді десін,
Бөтен жерге мал беріп жөнелтейін».

— Ей, Қасым, бөтен жерге ас, — деп айтты,
Үш ұлыма сен болшы бас, — деп айтты.
Шырақтарыма бір пайда болар ма екен,
Аямай дүниелікті шаш, — деп айтты.

Қасым сонда патшаның тіліне ерді,
Қырық түйе алтын-күміс, бір түйе гауһар берді.
Қырық түйе алтын-күміс екі ұл алды,
Ата-анасы қайғыда жылап қалды.
Төртеуі есендесіп жөнеледі,
Һамраға бір түйе гауһар берді.

Төртеуі жолдастасып жүрді дейді,
Ата-анасы қайғыға кірді дейді.
Неше күн жол жүрісіп бұл төртеуі,
Шын-Машын деген бір шаһарға кірді дейді.

Есі жоқ Забур, Құрсат мастықпенен,
Өтіпті талай қылық жастықпенен.
Шаһарға Шын-Машын деген келіп кірсе,
Жылап тұр дін мұсылман аштықпенен.

— Бар болса патша ұғылы, бас ұралық,
250 Қылықты баладағы жасырайық.
Бұл жұртқа санаса да шаш жетпейді,
Һамра, мұны қайтіп асырайық.

Бар болса патша ұғылы, бас ұралық,
Қылықты баладағы жасырайық.
Қырық түйе маған бер жүгіменен,
Осы жерде аш-арықты асырайық.

Не барқадар тиер сен ашқа ерсең,
Бізге еріп болмай ма дәурен сүрсең.
Қырық түйені саған берің бар жүгіменен,
260 Бір түйе гауһарды бізге берсең.

Һамра жас та болса ер-ді дейді,
Бір қиял патынына кірді дейді.
Қырық түйені алды да жүгіменен,
Бір түйе гауһарын берді дейді.

Қасиетті бар екен бір қара тас,
Амалға қарсы ұшар құс қарлығаш.
Жыл айланып келгенше ер Һамра
Елін жыртық қылмайды, қарынын аш.

Сол шаһар қисабы жоқ көп-ті дейді,
270 Бәріне киім, тамақ төкті дейді.
Асырап аш-арықты, ер Һамра
Он үш асып, он төртке жетті дейді.

Бір елде барша жұртты тойғызады,
Киім беріп, қайғысын жойғызады.
Жыл он екі ай толған соң ер Һамра
Үйіне қайтайын деп ой қылады.

Һамра өз еліне қайтам дейді,
Кесімді [жас] он төртке жетті дейді.
Амандасты аш-арық баршасымен,
280 Төртеуі бір дарияға жетті дейді.

Аш-арық Һамра үшін көп жылайды,
Ғамдарын өз басының жеп жылайды.
«Сіз кеттіңіз, Һамражан, қалмаймыз», — деп,
Барша жұрт қойдай ғана зар еңірейді.

Һамра бұ сөзіне қиылады,
Халайық бұ сөзіне жан қияды.
Неше күндер жол жүріп бір уақытта
Бір дарияның жағасына жиылады.

Һамра жас та болса ер-ді дейді,
290 Асырап аш-арықты келді дейді.
Кесімді он төрт жасқа келген шақта
Әзірейіл жан алуға келді дейді.

Тура ажал келгенін білді дейді,
Арыққа арыздаса келді дейді.
— Тәңіріден ажал жетті, аш-арықтар,
Баршаңыз бақыл болың енді, — дейді.

Барша жұрт сол сөзіне зар жылады,
Жад етіп Пайғамбар менен бір Құданы.
— Күллі шаһар баршасын қырсаң дағы,
300 Һамраның жасын ұзарт, — деп жылады.

Аш-арықтар Һамра үшін көп жылайды,
Қайғысын Һамраның жеп жылайды.
«Пақыр, міскін, жоқ-жетім хақы үшін
Ғұмырын ұзарт Һамраның», — деп жылайды.

Атамыз өзі өткен өзі һабил,
Ажал тура келгенде қалмайсыз, біл.
Барша жұрт зары қылып жыласа да,
Һешбірінің көз жасы болмас қабыл.

Жаратқан баршамызды Хақ Тағала,
310 Тура келген ажалға не-дүр шара.
Соң қылды көзінің жасын қабыл,
Жеті шаһар жар екен жетім бала.

Жылаған көзінің жасын қабыл көрді,
Тілегін бейшараның Құдай берді.
Құданың құдіретіне ғажап емес,
Төртеуіне жүз сексен жыл ғұмыр берді.

Қуанышы Һамраның қатты дейді,
Аш-арыққа аман-саулық айтты дейді.
Хақ Тағала тілегін бергенден соң,
320 Үйіне Һамра енді қайтты дейді.

Шат болып енді Һамра қайтты дейді,
Ата-ананың қайғысы қатты дейді.
— Атам-анам қайғыда қалып еді,
Бірің барып хабарды айтшы, — дейді.

Қуандыр ата-анамды бірің барып,
Хабар айтып қуандыр, сүйінші алып.
Үйден шығып Һамраның не қылғанын
Бір молда жүреді екен хатқа салып.

Тілегін бір Құдайдан алды дейді,
330 Көз жасын етіп қабыл көрді дейді.
Падишадан сүйінші аламын деп,
Сол молда падишаға барды дейді.

Падишаға хабарды берді дейді,
Қуанып тамам жиды елді дейді.
— Енді берген сүйіншім, молда, саған,
Өзімнен соң падиша сен бол, — дейді.

Балалары келді де көңілі тасты,
Көңіліне көп жақсылық араласты.
Қырық күн, қырық түн той қылды Хұсрау патша,
340 Барша жұртын жиып ап мауқын басты.

Үш ұғыл қызметінде ойнап тұрған,
Қызыл гүлдей баршасы жайнап тұрған.
Үйінде патша бір күн ұйықтап қалса,
Түсінде бұлбұл көрді сайрап тұрған.

Көрген соң сол бұлбұлға қайран болған,
Өңімде көрсем бе деп қайғыланған.
Дүнияға қарамай Хұсрау патша
Үйінде ғашық болып жатып алған.

— Билеген тамам жұртым қалаң, — дейді,
Көп қайғы, көкіректе сөнаң, — дейді.
Әй, ата, қайғы қандай қасіретің бар,
Һамрамын, сырыңды айт балаң, — дейді.

— Көрдім [мен] тамұқ оты жайнап тұрған,
Тозаққа күнаһларды байлап тұрған.
Өңімде һеш нәрсе көрінбейді,
Түсімде бұлбұл көрдім сайрап тұрған.

Түсімде бір бұлбұл құс көрдім, — дейді,
Көрдім де соған ғашық болдым, — дейді.
Көрмесем сол бұлбұлды, Һамражан,
Қайғы менен қасіретінден өлдім, — дейді.

— Рұқсат бер, ей, ата, бізге, — дейді,
Забур, Құрсат табамыз біздер, — дейді.
Екеуміз сол бұлбұлды келтірелік,
Сіз үшін біз шығайық түзге, — дейді.

Екі ұғылына рұқсат берді дейді,
Екі ұғылының тіліне көнді дейді.
Бұлбұлды тауып біз келеміз деп,
Екеуі жолға түсіп жүрді дейді.

Бұ сөзім қанша айтсам да түгесілмес,
Өзге сөз дәмін татсаң кеңес емес.
Екеуі жолға түсіп бара тұрсын,
Енді Һамра батырдан тыңда кеңес.

Һамра жас күнінде ер-ді дейді,
Сол күнде молдада оқып жүрді дейді.
Бір күні сабақ оқып ер Һамра
Алдына атасының келді дейді.

Алдына атасының келіп тұрды,
Атасының қайғысын бұ да білді.
— Екі ағам қайда кетті, ей, ата? — деп
380 Һамра атасынан хабар сұрды.

— Бір Құдай маған салды мұндай істі,
Атаңыз түсте көрген бұлбұл құсты.
Көрмесем бұлбұл құсты өлмек болдым.
Екі ағаң іздеп кеткен бұлбұл құсты.

Падиша сол арада қайғы жейді,
Һамра: — Мен де іздеп барсам, — дейді.
Екі ағамменен мен де іздеп барамын, — деп,
Һамра атасына өкпелейді.

— Сен, балам, іздемеші бұлбұл құсты,
390 Екі ағаң алып келсін бұлбұл құсты.
Сенсіз мен тағат тұтып тұра алмаймын,
Балам-ау, сенің қайғың болар күшті.

Һамра айтқан сөзге көнбейді енді,
Атасының қайғысын көрмейді енді.
Екі ағамнан айрылып қалмайын деп,
Зар еңіреп соңынан жөнелді дейді.

Һамра зары еңіреп жүріп кетті,
Неше заман арада күндер өтті.
Бір құдықтың басында жатқан жерде
400 Һамра екі ағасына келіп жетті.

Үшеуі сол арада амандасты,
Көздерінен қан аралас төкті жасты.
Үшеуі қайран болып қарап тұрса,
Жазулы қара тастан көрді хатты.

Оқиды ер Ғамра хатын көріп,
Жамағаттар, сөйлейін аттай желіп.
Сол құдықтан шығатын үш жолы бар,
Ғамра хаттан білді оқып көріп.

— Шеткісі — барса келер жол, — деп айтты,
Иә келер, иә келмес — ортаншы жол, — деп айтты.
Енді қалған жолмен жүрген адам
Ғұмырында тіпті келмес жол, — деп айтты.

Барса келер жолға түс, үлкен ағам,
Иә келер, иә келмес жолға түс, кіші ағам.
Барса келмес жолға мені тәуекел деп,
Разы болып мені сал, екі ағам.

Жарайды деп екеуі мақұл көрді,
Ғамраның не айтқан тіліне ерді.
Екеуі екі жолға түспек болып,
Ғамраға барса келмес жолды берді.

— Атамыз бұлбұл құсқа болған ғашық,
Осы жерге кетейік үш оқ шаншып.
Қайсымыз бұрын келсек бұ құдыққа
Оғымыздан табайық хабарласып.

Үшеуі оқ шаншыды сөз байласып,
Айрылды үш бейшара амандасып.
Көз көрім жер барғанда бұл үшеуі
Зар илесіп қосылды құшақтасып.

Жылайды үшеуі де мауқын басып,
Айрылды үш бейшара арыздасып.
Көз көрім жерге барса бұл үшеуі
Үшке шейін қосылды зар еңіресіп.

Ғамра ағасына кеп айтады,
Айрылатын ақылға еп айтады.
— Ағалар, жер бауыры суық деген,
Жер бауырлап айырылсақ, — деп айтады.

Үшеуі жер бауырлап айрылады,
Енді бұлар бір-біріне қайрылмады.
Һамра барса келмес жолға түсіп,
440 Ағаларым қайтеді деп қайғырады.

Екі ағасы бір жолмен жүріп кетті,
Неше уақыт арада күндер өтті.
Һамра барса келмес жолға түсіп,
Айдалада бұзылған тамға жетті.

Һамра бір бұзылған тамға жетті,
Сол тамды көргенден соң есі кетті.
Екі ағасы бір жолмен бара тұрсын,
Енді Һамра батырдан есіт кепті.

Балқып енді Һамра ұйықтап қалды,
450 Басына жалғыз Алла қайғы салды.
Һамра ұйықтап жатса, ей, жарандар,
Қырық көк кептер құс келіп қонақтады.

Һамраның көңілі толды дейді,
Ішінде қайғы қасірет мол-ды дейді.
Жарандар, әлгі келген қырық көк кептер
Сілкініп қырық сұлу қыз болды дейді.

Төрт адам бір уақытта келіп қапты,
Һамра есі кетіп талып жатты.
Шыққан күндей бір қыздың келбеті бар,
460 Һамра соған ғашық болып жатты.

Бұйырғанға Құдайым қоспақ екен,
Жазғырғанды алдынан тоспақ екен.
Әлгі келген төрт кісі, ей, жарандар,
Әбубәкір, Омар, Әли, Оспан екен.

Һамра бір қызды көңілі сүйді,
Ғашықтықтан шыдамай іші күйді.
Біреу ата, біреуі өкіл болып,
Хазірет Оспан сол жерде неках қылды.

Мұхаммед Тәңіріміздің досты дейді,
470 Көп үмбетін махшарда тосты дейді.
Мекайылдың қолында бір қыз олтыр,
Неках қылып Һамраға қосты дейді.

Шапағат қыл ол Мұхаммед расул Алла,
Ол қызға Һамра ие болды сонда.
Сұлтан Ілияс арада куә болып,
Неках оқып қосыпты Оспан молда.

Түсінде неках оқып қосып кетті,
Һамраның қайғысы қатты, көп-ті.
Төрт шаһариар кеткен соң, жамағаттар,
480 Һамраға сұлу қыз былай депті:

— Шаһаруқта Шаһбали атам, — деді,
Бұ сөзімде һешбір жоқ қатам, — деді.
Бес жүз жылдық жол-дүр менім шаһарым,
Мұсылман пері тұрар затым, — дейді.

Бұ жерге іздеп келдім сені, — дейді,
Қорлыға атайды мені, — дейді.
Жаһанда бес жүз жылдық жете алмайсың,
Дүниеде қосылман деп қайғыланды.

Һамра зар илейді қайғы басып,
490 Сол қызға сөйлестір деп душарласып.
Дүниеде сен маған жоқсыңыз деп
Зар еңіреп сөз сұрайды амандасып.

— Иманды өтсек әзір-дүр пырағымыз,
Қыз балаға сөз келеді сұрағымыз.
Екеумізді түсімізде Құдай қосты,
Қайда болды, шырағым, тұрағыңыз?

— Күнәдан бойымызды біз бағармыз,
Иманды өтсек Құдайға біз жағармыз.
Мен өзі адам емес, перізатпын,
500 Ирамбақ деген жер шаһарымыз.

— Ирамбақ деген жер шаһарыңыз,
Иманды өтсек Құдайға жағармыз біз.
Ирамбақ деген жер қанша алыс,
Неше жылда іздесем жетерміз біз.

— Ей, жігіт, менің айтқан сөзім тыңда,
Түрлі хикмет, мәселе пәрманында.
Асықпасаң қырық күнде табар едің,
Асықсаң жете алмайсың бес жүз жылда.

Жиып көлден алған құрағымыз,
Жігітжан, сөз келеді сұрағымыз.
Екеумізді түсімде Құдай қосты,
Өзіңдің қайда болды тұрағыңыз?

— Мүбәрак Ніл дарияның жағасымын,
Хұсрау падишаның данасымын.
Күн-түн ұшып барса да қозғалмайтын
Адамзат бейшараның баласымын.

Һамра ұйықтап кетті қатты бала,
Мінезі жас та болса тәтті бала.
Түрегелсе, там түгіл, дәнеме жоқ,
Қаңғырып жатқан жері майдан дала.

Қаңғырып қалдым ба деп айдалада,
Һамра жалғыз жолмен кете барды.
Һамра бара жатып жол үстінде
Бір ала үйрекке жолыға қалды.

— Үйрек-ау, атың да жоқ мінгесерге,
Қанатың да үлкен емес ілесерге.
Жарымның бір хабарын білермісің,
Тілің болса тілеймін тілдесерге.

Һамра бара жатыр жол үстінде,
Түгесіп бара жатыр жол үстінде.
Уағда айтқан қырық күні болып еді,
Бір алтын үйге кез келді жол үстінде.

Бау-шарбақ салбырап түсіп тұрған,
Алмасы мен жемісі пісіп тұрған.
Адам қайран қалғандай шаһар екен,
Һәр түрлі құстар және сайрап тұрған.

Һамра бұ кезекте жас көрінді,
Жас та болса асқандай бас көрінді.
Есігін алтын үйдің жағаласа,
Қырық табаққа жасалған ас көрінді.

Қырық табақтан қырық асап тойды дейді,
Дүнияны ептестірген үй-ді дейді.
«Біреудің рұқсатсыз асын ішесің», — деп,
Шөміш келіп қақ басқа қойды дейді.

Мерекеге Һамра бата қалды,
Тәңірінің берген дәмін тата қалды.
«Шөміш мұндай, өзгесі қандай-ды» деп,
Бір шарбақтың астына жата қалды.

Бір ұйықтап оянып ты Һамрадай ер,
Кімдерді жалмамайды сұм қара жер.
Һамра ұйықтап, оянып жатқанында,
Даладан ұшып кепті қырық көк кептер.

Айтайын әуел баста ауылдарды,
Хат оқыған молдалар шыққандарды.
Даладан ұшып келген қырық көк кептер
Сілкініп қырық қыз болып үйге кірді.

Һәркімнің жақсылармен таныстары,
Имамдардың кітаппен жарысқаны.
Сілкініп қырық қыз болып үйге кірді,
Бір қыздың жылаған шықты дауыстары.

— Һамра, мен жай таппай өлер болдым,
Һамражаным, қай уақытта келер болдың?!
Уағда айтқан қырық күні болып еді,
Ғашықтықтан аманат біраз болдым.

Қырық қыздар астарын жейе қалды,
Көңілі жақсылардың өсе қалды.
Жаман қатты қайғыра бек зарланып,
Машақат биһұш болып талып қалды.

Қыз Қорлыға ғашықтықтан көп сөйлейді,
570 Ғашықтықтың қайғысын жеп сөйлейді.
— Дүнияда азат қылайын, нөкерлерім,
Біреуің тауып ап кел, — деп сөйлейді.

Заруратта қайғыны жеп жүрмесін,
Қарағым, менің Һамрам кеп жүрмесін.
Һамра, айналайын, шаһизадам,
Жақсы жарға барайын деп жүрмесін.

Бір қыз шарбақ ішіне барып келді,
Шыбын жанды ол отқа салып келді.
Желге, күнге тигізбей Һамраны
580 Құрметтеп көрісімен алып келді.

— Дүниядағы жауапты сайланайын,
Жақсы жауап адамға пайдалайын.
Ей, шырағым, уағдаңда келіп пе едің,
Адамзада, суретіңді айналайын.

— Сен қайдан оңай намаз* таптың мені,
Өтірік бір жалаға жаптың мені.
Адам мен пері жолдас бола ма екен,
Ішіме өтірік от жақтың міне.

Әуелде Омар менен Оспан еді,
590 Дүлдүл мініп көпірді тосқан еді.
Бір Құдайға ұрдырсаң өзің ұрдыр,
Оспан молда неках қылып қосқан еді.

Һамраның көңілі толып алды,
Тұғры келіп бір сұңқар қонып алды.

* Түпнұсқада осылай берілген.

Әкесінің жұмысы естен шығып,
Алтын үйге әбден ие болып алды.

Кей жаман үйде жатып ерінеді,
Ақылы жоқ адамдар шіренеді.
Әкесінің жұмысы еске түсіп,
600 Теріс қарап төсегінде күрсінеді.

— Бізден батил орынға арызың бар-ау,
Ойлап тұрсам, бойында дертің бар-ау.
Не себептен теріс қарап күрсінесің,
Мысырда бізден жақсы жарың бар-ау?!

— Ұрғашының тарылған тынысына,
Кәр қылма жақсылардың ырысына.
Мысырда сенен артық жарым да жоқ,
Атамның шығып едім жұмысына.

— Батырды батыр қылған маңдай, — дейді,
610 Шешенді шешен қылған таңдай, — дейді.
Көптен бері сен неге білдірмедің,
Жұмысыңның мәнісі қандай, — дейді.

— Тамұқ оты көріп-дүр қайнап тұрған,
Тозаққа қылмыстыны байлап тұрған.
Іздеген жұмысымның мәнісі сол, —
Атам бұлбұлға ғашық болды сайрап тұрған.

— Қылмысты адам тамұқта қақтаулы тұр,
Иманды адам ұжмақта сақтаулы тұр.
Сол бұлбұл саған қиын, маған оңай,
620 Хорзағыпыран апамда сақтаулы тұр.

— Оқыған көп оқыса болар ғалым,
Оқымай қойып кетсе болар залым.
Апаңызда мақтаулы бұлбұл тұрса,
Бізге алып келерге болар ма әлің.

Көрсетейін халімнің келер жерін,
Әли мінген дүлдүлі ай мен күнім.
Алуға неге келмес менің халім,
Жұмсайтұғын бар еді жұмыскерім.

— Пері оянған қара жер тақыр, — дейді,
630 Замана жылдан-жылға ақыр, — дейді.
Жұмсайтұғын бар болса жұмыскерің,
Қандай екен көрейін, шақыр, — дейді.

Қас шеберлер қақпанға тиек қылды,
Шықпас жанға бір хайла айтып келді.
Бір ауыз дұға қып шақырған соң,
Мұрны орақтай қара құс жетіп келді.

— Дию перім, менің тілімді аларсың ба,
Аянбай жанды өлімге саларсың ба?
Һамражаным бұлбұлға ғашық екен,
640 Ұрлап алып келерге барасың ба?

— Апеке, сенің тіліңді алайын да,
Аянбай жанды өлімге салайын да.
Ондай іске баруға жоқ емес ем,
Сенің үшін ұрлап ап келейін де.

— Мен де бірге диюменен барсам екен,
Қосылып бұлбұлды ұрлап алсам екен.
Қайтіп ұрлап бұлбұлды алады екен,
Қызығын бірге барып көрсем екен.

— Һамражан, жүрген жерің жиын болар,
650 Сені көрсем, қарағым, көңілім тынар.
Диюменен баруға талап қылма,
Бір барған соң келуің қиын болар.

— Ирамбақ шаһарында қалғаным ба,
Жұрт көрсетпей бұ жерде алғаның ба?
Барма деп мені неге қайырасың,
Ұрғашыға билікті салғаным ба?!

Әркімді жақсыларға теңлетеді,
Дүния-малға барынша кенелтеді.
Оң бетінен үш сүйіп амандасты,
660 Диюменен Һамраны жөнелтеді.

Дию пері алып ұшты құмғандай боп,
Бір сәтке тоқтамайды тынғандай боп.
Һамраны арқасына салып алып,
Жетіп келді көз ашып-жұмғандай боп.

Сол жерде мерекеге бата қалды,
Тәңірінің берген дәмін тата қалды.
Һамраға бұлбұлды ұрлап беріп,
Дию пері ұйықтап ол жерде жата қалды.

Һамраның сол жерде көңілі тасты,
670 Һамра оянғанша шыдамас-ты.
Ғашықтығы Һамраның сондай қатты,
Барды да алтын сандық аузын ашты.

Мінгенім көш алдына қарагер-ді,
Дүлдүлдің жарты қарыс төменгі ерні.
Һамра алтын сандық аузын ашса,
Бұлбұл сайрап Һамраға қоя берді.

Апасы түстен шошып оянıпты,
Қойнына көзінің жасы боялıпты.
«Бұлбұлымды қозғаған кім еді?» — деп,
680 Апасы сонда жаман ой алıпты.

— Өзіңнің ажалыңыз жеткен адам,
Бірталай көп қиынымнан өткен адам,
Дию пері, қайда оны өлтіріп кел,
Бұлбұлымды қозғаған неткен адам.

Дию келіп Һамраны алып ұшты,
Һамраның асылын танып ұшты.
Алысқа алып барып өлтіремін деп,
Ақ бұлттың астына міне түсті.

Ұйқыдан манағы дию көзін ашты,
690 Һамраның астынан қадам басты.
Һамраны өлтіртпей аламын деп
Ақ бұлттың ішіне араласты.

Ділмарға Тәңірі берген көп кеңесті,
Жақсылар хатым хақын һеш жемес-ті.
Ақ бұлттың ішінде ойран қылып
Жеті күн, жеті түнде төбелесті.

Мерген атқан ақ мылтық түтегені,
Жазым болмас мергеннің сілтегені.
Һамраны дию пері тасқа атады,
700 Сол жағынан сөйлейін бетегені.

Дию пері болжап атты қара тасты,
Һамра мен бұлбұлға жете алмас-ты.
Екеуінен айырылып сол пері де
Кіші қыздың перісі жаман састы.

— Бір Алла, тапсырдым өзімді саған,
Қыздан ажал бердің бе бүгін маған.
Басымды қыз тепкілеп қор қылғанша,
Өзің алсаң нетеді аманатың.

— Һамрамды тапсырдым саған, Құдай,
710 Бұлбұл менен дию жөнелді әрмен қарай.
Не де болса сол жаққа барамын деп
Жөнелді кіші пері жылай-жылай.

Айтамын әуел баста әууәл билла,
Оқыған бес жасымда кәлам Алла.
Екі сөздің бірінде Алла деймін,
Жасаған Жаппар Құдай, өзің оңда.

Базардан алып келген ала мата,
Сөзінде бұрынғының жоқ-ты қата.
Мың бес жүз ұғыл, бес жүз қыз тауып өткен
720 Өзің оңда, Хауа ана, Адам ата.

Әуелде Омар менен Оспан едің,
Дүлдүл міниіп көпірді тосқан едің,
Біз пақырға медет қыл шамаң келсе,
Өзің тілеп ақырған Арыслан едің.

Лұқпан Хакім, жарандар, әуелден ел,
Адамнан қартайған соң кетер бел.
Ғамраның астынан қанат төсеп
Түсірмей келеді екен Жәбірейіл.

Қас шеберлер қақпанға тиек қылды,
730 Шықпас жанға бір хайла айтып келді.
Ғамраның зарланған даусын есітіп,
Қорлыға аспан-көкпен жетіп келді.

Тағы да мені қойды Құдай ұрып,
Қара тастың үстіне қарап тұрып.
Аспан-көктен Қорлыға жетіп келіп,
Ғамраны ұстап алды торғын құрып.

Пайғамбар бізден бұрын өткен екен,
Ғәркімге бір зауал жеткен екен.
Төмен түсіп қараса торғыңды ашып,
740 Ғамраның есі шығып кеткен екен.

Манағы дию ілгері барып келді,
Екі дию төбелесті салып келді.
Апасының диюын жын өлтіріп
Тағы да бұлбұлды тартып алып келді.

Мінгенім көш алдына қарагер-ді,
Дүлдүлдің жарты қарыс төменгі ерні.
Жайсыз жерде ұйықтап жатасың деп,
Қорлыға қыз ақыра қоя берді.

Не де болса мұратқа жетейін деп,
750 Жаратқан жалғыз Хақтан күтейін деп,
Қорлыға қыз жүгірді қылышына,
Теріңді көріп қылып ірейін деп.

Бейілі жамандардың тар-ды дейді,
Көтерген ауыр жүкті нар-ды дейді.
— Мені өлтірмей тұра тұр, ойбай, әка,
Қап тауындан ары бір шөп бар-ды, — дейді.

— Ауада күн жарқырап ашылғанша,
Көңілім бек қатты енді қосылғанша,
Сол шөпті жылдам барып алып келші,
760 Алтынды есік сиқыры басылғанша.

Һәр түрлі дария судан балық келді,
Дию пері жанды отқа салып келді.
Алтынды есік сиқыры басылғанша
Шөпті барып тезінен алып келді.

Шөппен соқты, Һамра алды есін жиып,
Қылмысты адам кетеді отқа күйіп.
Һамра есін жиып алғандан соң,
Қорлыға қыз бетінен алды сүйіп.

Қас шеберлер қақпанға тиек қылды,
770 Шықпас жанға бір хайла айтып келді.
Дию менен бұлбұлдан айырылдым деп,
Әпкесі ойбай салып жетіп келді.

— Сен қайдан оңай намаз таптың мені,
Керегемді кертіп отқа жақтың міне.
Дию менен бұлбұлды қабат алып,
Босағамды айыра шаптың міне.

— Дүние көптен білгенмін жалғаныңды,
Міне білдім әуреге салғаныңды.
Босағаңды айыра шапқаным жоқ,
780 Еркелікпенен бәсіңді алғаным-ды.

— Пейілі жамандардың тар-ды дейді,
Имансыздар тамұқта зар еңірейді.
Көріп қонақ етейін деп келіп едім,
Сіңлімнің бір тәуір жары бар деген-ді.

— Апеке-ау, Ғамрам бар көңіліме тоқ,
Дұшпанға тура жетер жіберген оқ.
Қалай жауап қылсаң да, ойбай, апа,
Жарымды көрсетерге рұқсатым жоқ.

— Ойлаған осы күнде балалығың,
790 Дәнемені білмеген шалалығың.
Керегі жоқ, қызығып мен не етейін,
Бетін ашып бір көрсет, қарашығым.

— Өзімнен жаман жарды кәт етпеймін,
Өзімнен жоғарыны жұрт етпеймін.
Апеке-ау, қызғанасың бетін ашсам,
Ғамрамның жүзін саған көрсетпеймін.

Кеңесті тіл мен жақтан еңіретейін,
Сертіңе айтатұғын мен жетейін.
Шырағым, бетін ашып көрсетсеңші,
800 Керегі жоқ, қызығып мен нетейін.

Қорлыға жарының бетін ашты дейді,
Апасының көңілі тасты дейді,
— Жүзіқара, мұныңды маған бер, — деп,
Жұлып алып, бауырына басты дейді.

— Апеке, Ғамраны өлмей бермен,
Бір теперіш өзіңнен көрмей бермен.
Қалай бассаң, олай бас бауырыңа,
Тіпті мен қара жерге кірмей бермен.

— Уақыт жетпей жамбасың жерге батпас,
810 Жаның шықпай денеңіз көрге кірмес.
Шашыңды дал-дал қылып жұлайын ба,
Ападан бұрын сіңлі ерге тимес.

— Апеке-ау, ақылыңнан адасқаның,
Жақсы болсаң менімен жанасқаның.
Еп болар деп тұрмысың меніңменен-ақ
Құдай қосқан жарыма таласқаның.

— Екеуіміз көңілді жай қылайық,
Жабағыдан бек семіз тай қылайық.
Жүзіқара, қанша айтсам да болмадың һеш,
820 Тым болмаса тең ортақ біз болайық.

— Мен ғашық болғанмын бұған баяғымдан,
Алтынды шаш тараған тарағымдан.
Кезексіз бай қылам деп не қыласың,
Байымның кет садаға тырнағындан.

— Менім айтқан тіліме нанасың ба,
Мен тұғры ақыл айтайын, аласың ба?
Екеумізге сол әділ төре берер,
Қазыға жүгініске барасың ба?

— Мен сені қай уақытта сағынғаным,
830 Құдай қосты, Һамра — бағынғаным.
Керек болса қазыңды өзің изде,
Сеніңменен жүгініс іздеп нағылғаным.

Аяғын қадам басты ентелетіп,
Жақсының бұрынғыдай көңілі кетіп.
Таң намазына таһарат ап олтырғанда
Қазыға Хорзағыпыран келді жетіп.

Қазы айтты: — Патша қызы, сайра, — дейді,
Сайраның жаныңа пайда, — дейді.
Не жұмысқа барасың ертеменен,
840 Жөніңді айт, барар жерің қайда? — дейді.

— Қазы аға, меніңменен ерші, — дейді,
Менім айтқан тіліме көнші, — дейді.
Сіңлімменен екеуміз талаш тұрмыз,
Жүріп соның төресін берші, — дейді.

— Тіпті барман, жанымды күйдірсеңіз,
Ақша беттен екі он бес сүйдірсеңіз.
Не қылсам да саған мен әперейін,
Тілекті бойыңдағы сіз берсеңіз.

Тілегінің бәрін де берді дейді,
850 Қазының айтқанына ерді дейді.
Дүниесінің бәрінен айрылып ап,
Қазының соңынан еріп келді дейді.

Апасының тілінде таңбасы тұр,
Жақсылардың көңілінде хайласы тұр.
Апасының бетіне қарап тұрса,
Бетінің қазы сүйген таңбасы тұр.

— Жүгін, қазым, сөзіннің ептісіне,
Жаман жол ап апарма тіктесінге.
Тура жауап бермесең, байғұс қазым,
860 Дию перімнің салармын текпісіне.

— Балам-ау, бұ сөзінді қазың білмес,
Кей жаман жай сөзбен ойнап-күлмес.
Бұрынғы кітаптағы бір сөз солай,
Сіңлінің үстіне апаға неках жүрмес.

Жер тепкілеп майданды салды дейді,
Дүниесінен айрылып қалды дейді.
«Манағы айтқан сөзің тастадың ба?»
Қазының жағасынан алды дейді.

— Балға қосып бергенің қасық болсын,
870 Көк шілдеде жегенің жасық болсын.
Манағы айтқан сөзің тастадың ба,
Мендей қызың біреуге ғашық болсын.

Апасы ол сертінден түсті дейді,
Мұхаммед Тәңіріменен дос-ты дейді.
«Қазыдан асқан саған бұйрық жоқ», — деп,
Апасын неках оқып қосты дейді.

Ғамра айтты: — Бұлбұлды алсам екен,
Бұлбұлды алып атама барсам екен.
Атам-анамның мереке жүзін көріп,
880 Қайтып мұнда оралып келсем екен.

— Ауру астан болғанда, дау — қарындастан,
Іс түскенін көрмеңіз әділ бастан.
Қиын-қыстау іс көрсең, бір тұтат, — деп,
Екі тал жұлып берді алтын шаштан.

Дию пері арқасына салып келді,
Һамраның асылын танып келді.
Онан арғы жеріңді өзің тап деп,
Хадиша құдығына алып келді.

Сен дегеннен жақсы екен сіз дегені,
890 Сізден аяп не болар кізлегені.
Хадиша құдығының бастарынан
Һамра екі ағасын іздегені.

Оғын шанышқан жеріне келді дейді,
Үш оғы шаншулы тұр, көрді дейді.
Екеуі барса келмес жолға түскен екен,
Ағасын қайтпаған соң білді дейді.

Олардың қайтпағанын білді дейді,
Бұлбұлды бір жерге көмді дейді.
Екі ағамдан айырылып қалмаймын деп,
900 Ол көрінген жол бірлөн жүрді дейді.

Тағы Һамра жол шегіп жүрді дейді,
Жол үстінде көп бейнет көрді дейді.
Бірнеше күн жол жүріп ер Һамра
Бір шаһардың ішіне келді дейді.

Шаһарға кіріп сонда аралады,
Ағаларын қыдырып таба алмады.
Ағаларын қыдырып іздеп-іздеп,
Һамраның қарны ашып қалжырады.

Һамра көп те бейнет көрді дейді,
910 Ақыры Құдай тілегін берді дейді.
Қарны ашқан соң қалжырап ер Һамра
Аспазшының үйіне кірді дейді.

Аспазшының үйіне кірді дейді,
Һамра «тамақ бер» деп пұлын берді.
Алдына бір табақ ас қойған екен,
Екі ағасы сол жерде қазір келді.

Екі ағасы тысқарыдан келді дейді,
Һамра қуаныш қып күлді дейді.
Ол екеуі Һамраны танымайды,
920 Ағаларын Һамра танып білді дейді.

Екі ағасы көп бейнет көрген екен,
Әбден-ақ есі кетіп өлген екен.
Екеуі жалшылыққа қой бағуға
Күләш деген бір байға жүрген екен.

— Екі жігіт, сен мұнда келші, — дейді,
Бір жақсылық қылайын, көрші, — дейді.
Екеуің Құдай деген жан екенсің,
Мынау астан бірігіп жеші, — дейді.

— Бір жерге сіздіңменен ісім келмес,
930 Сіздерге сөз айтатұғын біздер емес.
Табағыңды жаласақ болар бізге,
Қасыңа бара алмаймыз жиіркенесің.

Енді Һамра көзіне жас алады,
Ағаларын көрді де қайран қалды.
Һамра бауырларына шыдай алмады,
Болмай-ақ «мұнда кел» деп қасына алды.

— Мұндай болып қалыпсыз, екі аға,
Енді міне таныдың ба мен — Һамра.
Сізді іздеп көп бейнет көріп едім,
940 Бір күн бізді қосыпты Алла Тағала.

Екі ағасы айтқан соң жылайды енді,
Көз жасын көл қылып бұлайды енді.
— Көрмегелі көп айлар, көп күн болды,
Халіңіз не болды? — деп сұрайды енді.

— Жол жүрдім қайғы бірлөн жазы-қысы,
Бұлай жақсы болар ма Құдай ісі.
Кетелік енді, ағалар, жұртымызға,
Алып келдім іздеген бұлбұл құсты.

— Біз екеуміз жалғанда болыппыз зар,
950 Һамражан, сізге айтар мұңымыз бар.
Екеуміздің басымыз байлаулы еді,
Ас себепті Күлөштің қарызы бар.

Һамра айтты: — Біздерге көп жыл болды,
Ата-ана бізді көрмей ғамкін болды.
Ата-ана біздерді сағынғанда
Ендігіше жүрегі дертке толды.

Ағалар, енді үйге кетелік біз,
Атам айтқан сертіне жетелік біз.
Ағалар, мойныңызда қарыз болса,
960 Борыш қылмай ахиретке, өтелік біз.

Һамра айтқан сөзге қанады енді,
Ағаларының қарызын өтеді енді.
Киім, тамақ сатып алып беріп
Екі ағасын алды да кетеді енді.

Үшеуі қуанып күлді дейді,
Үш бейшара жолына жүрді дейді.
Бірнеше күн жол жүріп бұл үшеуі,
Оғын шанышқан жеріне келді дейді.

Үшеуі сөз байласқан жеріне келді дейді,
970 Үш оғы шаншулы күйі тұр, көрді дейді.
Көміп қойған үш оғын, бұлбұлды алып
Ол үшеуі жөніне жүрді дейді.

Құдайым жаман жанды неге алмайды,
Жаман адам жақсылықты һеш білмейді.
Ағайын дұшпан деген сол емес пе,
Екеуі Һамраны көре алмайды.

Екеуі сол арада кеңес қылды,
Екеуміздан Һамра асыл болды.
Бір құдықтың басында жатқан жерде
980 Екеуі өлтірмекке уағда қылды.

— Бұ Һамра атамыз жүзі сөйлер,
Бұлбұлды әкелген мен едім дер.
Екі ағамды азаптан құтқардым деп,
Екісі жалшылықта жүр екен дер.

Ол айтқан сөз оларға үлкен ...*,
Атамыз Һамра тұрса жақсы көрмес.
Екі жаман олтырып кеңес қылды, —
Һамраны өлтірмей, сірә, болмас.

Атамыз мұны сүйер бізді қойып,
990 Кетелік осы жерде мұны сойып.
Бір ағасы айтады: — Өлтірмелік,
Екі көзін алайық бірдей ойып.

Екеуі жамандықты бастайды енді,
Бір-бірінің сөздерін қостайды енді.
Жеті күні-түні Һамра ұйқысы бар,
Көзін ойып құдыққа тастайды енді.

Ұйқыда екі көзін ойып алды,
Құдыққа тірі апарып енді салды.
Жақсылығы жамандық тапты дағы,
1000 Құдықта жылай-жылай Һамра қалды.

Һамра ол құдықта қалды дейді,
Бұлбұл құс екі көзін алды дейді.
Һамраға бір хайла болар ма деп,
Шапанға орап қанатының астына салды дейді.

Қайғысы Һамраның қатты дейді,
Қорлықты ағасынан тапты дейді.

* Бір сөз танылмады.

Бейшара ылажы жоқ ғаріп болып,
Ел-жұртына сәлемін айтты дейді.

1010 — Ағалар, шыныңменен кеткенің бе,
Көзімді ойып мұратқа жеткенің бе?
Һәрбір қиын жерлерден шығарып ем,
Жақсылыққа жамандық еткенің бе?!

Жаһанда мұңлық болған мен бір ғаріп,
Зарландым бұ құдықта жалғыз қалып.
Ей, бұлбұл, бір Құданың хақы үшін
Бара көр ата-анама сәлем алып.

Ағалар, бұ құдықта тірі жатамыз ба,
Бұ жалғанда қайғыға батамыз ба?
Ей, бұлбұл, бір Құданың хақы үшін
1020 Сәлем айт ата бірлән анамызға.

Шыңырауда Һамра ұлың қалды деңіз,
Ағасы көзін ойып алды деңіз.
Һеш жазығы жоқ еді ағасына,
Көзін ойып құдыққа салды деңіз.

Һамра қалды, хараб күні деңіз,
Осы күн кетіп тұр пұлы деңіз.
Құдыққа көзін ойып тірі салды,
Осы күнде қайғы-қасірет күні деңіз.

Жаман іске түсіп тұр басы деңіз,
1030 Жаудырып көзден аққан жасы деңіз.
Құдай сабыр бермесе осы күнде,
Көзі қанды, қайғы-дүр асы деңіз.

Дәурені Һамраның солды деңіз,
Жүрегі қайғы-дертке толды деңіз.
Жылай-жылай құдықта қалды Һамраң,
Құдайдан бір құдірет болды деңіз.

Падишаны ұйқыдан оятыңыз,
Бұ қылық бір Аллаға аян деңіз.
Һамра бір құдықта жалғыз қалды,
1040 Жолдасы жылан бірлөн шаян деңіз.

Қасында тамақ берген кісі де жоқ,
Мұнда сізге шығарға күші де жоқ.
Ей, бұлбұл, екі көзі кетті деңіз,
Бұрынғы сізге қарар түсі де жоқ.

Ақылы Һамраның кетті деңіз,
Басына жақсылығы жетті деңіз.
Һамраның бейнетін итке берсін,
Көрген күні қайғымен өтті деңіз.

Мұңлық болған ішінде қайғысы бар,
1050 Қайғыменен кеше-күндіз жылайды зар.
Көптен-көп дұғай сәлем атекеме,
Бергейсің бұ ісімден жақсы хабар.

Атекемнің ішінде көп-ті дерті,
Маған айтқан атекем кетті серті.
Өз ағамдан жамандық көремін бе,
Барша ісі бір Алланың құдіреті.

Көзім жоқ, енді дәурен сүре алмаспын,
Ата-ананың қарызын бере алмаспын.
Көптен[-көп] дұғай сәлем анашыма,
1060 Мұңлық болған соларды көре алмаспын.

Жаһанда мұңлық болған менің анам,
Бір-біріміз қосар ма Алла Тағалам.
Ата-анам жүздеріні көре алмасам,
Мұңлық болған Һамрадан көп-көп сәлем.

Сақтаған тоғыз ай, он күн мені іште,
Емізген сахар тұрып һәрбір кеште,
Көптен-көп дұғай сәлем анашыма,
Ақ сүтін риза болып кешсін, — депті.

Бізді көрген көп ашып жылағанда,
1070 Шыныменен Құдай берген сұрағанда.
Құдайдан бізді тілеп алып еді,
Көл қылып көздің жасын бұлағанда.

Жүректен һәркез кетпес бұ дағымыз,
Шағына жетпей өшті шырағыңыз.
Жаһанда жаратылған біз бір мұңдық,
Көп болды бұ жаһанда арманымыз.

Кетті ғой осы жолда жарым жасым,
Қор болды ағалардан ғаріп басым.
Мен есіңе түскенде қолын тұтар
1080 Қарағым Гүлжәмила қарындасым.

Бірдей боп менім бірлән бірге өскен,
Тартысып ана сүтін бірге еміскен,
Мен есіңе түскенде Гүлжәмила
Жылай-жылай қайғыменен күнді кешкен.

Аш қалдым, бұ құдықта қорегім жоқ,
Енді менің һешкімге керегім жоқ.
Құдайдан тілегенім менің — иман,
Онан басқа нәрсенің керегі жоқ.

Екі ағасы жұртына қайтты дейді,
1090 Һамра жалғыз құдықта қалды дейді.
Бірнеше күн жол жүріп бұлбұлды алып,
Өз шаһары Мысырға келіп жетті.

Су ішінде һәр түрлі балық келді,
Сондай-ақ баласынан танып келді.
Қасында еріп жүрген Һамра жоқ,
Екі ағасы бұлбұлды алып келді.

Һәркімге Тәңірі өнер береді деп,
Иманды адам ұжмақты көреді деп.
Хұсрауға бір кісі хабар берді,
1100 Һамраң жоқ, екі ұғылың келеді деп.

Хұсрау хан есіткен соң келіп шықты,
Қарына көк семсерін іліп шықты.
Ғамрама жадудан кәр келмес,
Осы екеуінен келгенін біліп шықты.

Падиша: — Балаларым, сайра, — дейді,
Сайраганың жаныңа пайда, — дейді.
Екеуің бұлбұлды алып жетіп келдің,
Қасыңдағы Ғамражаным қайда? — дейді.

— Іздеуге балаларың ерінген жоқ,
Сірә да бойын безеп күтінген жоқ.
Атеке, біздің тілге инаныңыз,
Ғамраң біз шыққалы көрінген жоқ.

— Адамға Тәңірі қаза берген шығар,
Ғамрама сенен кәр келген шығар.
Шырағымды екеуің бір нәрсе қып,
Қорыққаныңнан жауапты берген шығар.

— Атеке-ау, нанбаймысың бізге, — дейді,
Жолдас болып біз шықтық түзге, — дейді.
Не деп жауап береміз ахиретте,
Өтірік айтып келіп сізге, — дейді.

— Ғамрадан басқа сенің анаң, — дейді,
Сендерден түрі бөлек балам, — дейді.
Сен нағып бұлбұлды ап келесің,
Тілдеріңе нағып сенің нанам, — дейді.

— Ей, атеке, теңдікке бізді алсаң,
Біз қолыңдан түспейміз пәрмен қылсаң.
Біздің айтқан тілге нанбасаңыз,
Бұлбұлдан жауап сұра, нанбасаңыз.

Патша айтты: — Бұлбұлжан, сайра, — деді,
Мынау екі залымдан тайма, — деді.
Осы екеудің тіліне нанбай тұрмын,
Қасыңдағы Ғамражаным қайда? — деді.

Бұлбұл айтты: — Сайрайын, маған нансаң,
Менім айтқан тіліме қайран қалсаң,
Өзіңнің Мысыр атты шаһарыңдағы
Жұртыңның бәрін жиып қолыңа алсаң.

Патша біткен қаһарына мініп алды,
Шаһарына жар шақыртып хабар салды.
Бұлбұлдың айтқан сөзін екі қылмай
Жұртының бәрін жиып қолына алды.

— Қане, бұлбұл, шыныңды айт маған, — дейді,
Барлығыңды естірмін тамам, — дейді.
Залымдардан болмас һеш қорқыныш,
Көргеніңді шын сөйле маған, — дейді.

— Екі ұғылыңның бұ сөзі жалған, — дейді,
Хадиша құдығына барған, — дейді.
Қазандай қара тастан жазу көріп,
Бұларды келер жолға салған, — дейді.

Келмес жолмен Һамраң барған, — дейді,
Қорлығадай сұлуды алған, — дейді.
Сенің үшін мені тартып аламын деп,
Перілермен төбелес салған, — дейді.

Туған соң екі балаң ой бағыпты,
Сол ойынан не қылса да мол бағыпты.
Мені алмақ түгіл, түк қылған жоқ,
Күләш деген бір байға қой бағыпты.

Бұлбұл айтты: — Ей, патша, сөзім тыңда,
Құданың құдіретімен келдім сенге.
Ақыл-есі айрылдың қарағыңнан,
Һамра ұлың сізге жоқ, қалды онда.

Бұ сөзді жақсы тыңда, падишаһым,
Еркін толмай, таусылды туған айың.
Һамра ұлың сізге жоқ, ей, падиша,
Жақсы қылып айтайын оның жайын.

Тұғырдан ұшып кетті сұңқарыңыз,
Байлаудан ұшып қашты тұлпарыңыз.
Сізге жоқ Һамраң, ей, падиша,
Айбатты жұрт иесі сұлтаныңыз.

Ашылған көзі бітті бұлағыңыз,
1170 Таусылды жанып тұрған шырағыңыз.
Мені мұнда келтірген Шамғұнбақтан
Қайғыменен Һамра қалды қарағыңыз.

Құрыды, падиша, қызыл гүлің,
Таусылды сар далада үлкен көлің.
Ағаларын құтқарған азабындан
Дертті боп енді қалды Һамра ұлың.

Адастың, ей, падиша, ақылыңнан,
Айырылдың Тәңірі берген алтыныңдан.
Ай мен күндей ғаламға бірдей болған
1180 Айырылдың жұрт иесі асылыңнан.

Аш қалды жапан түзде, қорегі жоқ,
Ағасы көзін ойған керегі жоқ.
Көзін ойып құдыққа тастап кетті,
Бір имандан басқа һеш тілегі жоқ.

Жапанда Һамра ұғылың қалды дейді,
Екі ағасы көзін ойып алды дейді.
Һамраның бейнетін итке берсін,
Көзін ойып құдыққа салды дейді.

Ісіміз һәрбір қылған Аллаға аян,
1190 Шүкірлікпен бұ сөзді жұртқа жаям.
Һамра ұғылың тірідей жалғыз қалды,
Осы күнде жолдасы жылан, шаян.

Һамраның қайраты кетті деймін,
Басына жақсылығы жетті деймін.
Патшаның көрген күнін итке берсін,
Көрген күні қайғыменен өтті деймін.

Көңілден һәркез кетпез бұ дағымыз,
Шағына жетпей өшті шырағыңыз.
Һамра ұғылың сізге жоқ, ей, падиша,
1200 Көзі жоқ, жалғыз қалды қарағыңыз.

Ей, падиша, енді қой көп жылауды,
Өтеді қалған жалғыз Ибраһымдай.
Жақып ұғылы Жүсіптей жалғыз қалды,
Бір құдықтың ішінде жылай-жылай.

Жылай-жылай құрымыш көзден жасы,
Қор болды бейшараның ғаріп басы.
Һамра болса татарға қорегі жоқ,
Заһар илә зақұмдай ішкен асы.

Көңілі падишаның жаман болды,
1210 Жүрегі қайғы бірлөн дертке толды.
Бұрыннан маған неге айтпадың деп,
Ол падиша бұлбұлға өкпе қылды.

— Қартайғанда құбылып тентірелік,
Орнына ақылменен келтірелік.
Ханым, қайда, алып бер қылышымды,
Бұларды имансыз-ақ өлтірелік.

Иман айтар молдасын сайлап алды,
Қылышын өткір қылып қайрап алды.
Тілге келмей мұндарды шабамын деп,
1220 Екі қолын артына байлап алды.

— Һамраның тал бойы таралдай ма,
Имандылар жетімнің хақын жей ме?
Екі ұғылыңды неге өлтіресің,
Бас болып баруға керек болмай ма?

Забур, Құрсат бастап ап келді дейді,
Һәр іске басы жұмыр көнді дейді.
Бізге басшы керек дегеннен соң,
Құдыққа ертіп алып келді дейді.

Алды-артынан жақсы барылғаны,
1230 Әкесінің тағаты қалмағаны.
Тар құдықтың басына жетіп келіп,
Әкесінің бас болып зарлағаны.

— Сахарада тұрып жылайын,
Көзімнің жасын бұлайын,
Тілегімді берер ме,
Бір Алладан сұрайын.
Бала да көрмей жүріп ем,
Бір перзент үшін өліп ем,
Жылағанда Құдайым
1240 Шырағымды беріп ең.
Он төрт жыл бердің ғұмырды,
Қайғыға салдың көңілімді.
Он төртке балам жеткен соң,
Тағы ойладым өлімді.
Баламдан күдер үздірдің,
Көзімді жұртқа сүздірдің,
Он төртке келіп өлер деп,
Өзіңді сапар жүргіздім.
Сапардан аман келген соң,
1250 Тілегім Құдай берген соң,
Шүкір қылдым, Құдай-а,
Көзім жасын иген соң.
Қайғымен тағы айырылдым,
Жақсы тәубе ойладым.
Құлшылық қылып, Құдай-а,
Қырық күн қызық той қылдым.
Қайғыға салдың көңілімді,
Кіріптар қылдың түсімде,
Емшімен* жоқ бар қылып,
1260 Ғашық қылдың бір құсқа.

Осындай көзін ойып алар ма еді,
Құдыққа тірі байлап салар ма еді?!
Екеуінің төрт көзін ойып алса,
Сонда менің мейірім қанар ма еді?!

* Түпнұсқада осылай берілген.

Өз ағасы қаскүнем бола ма екен,
Екі көзін тең ойып алар ма екен?!
Рас кәпір болмаса екі ағасы,
Тірі апарып құдыққа салар ма екен?!

Әрі сұлтан, әрі патша, асылым-ай,
1270 Сүйегің, асыл патша, жасыды ма-ай.
Бұрынғы ай мен күндей бірі де жоқ,
Тыңдар қандай падиша, жасыдым-ай.

Һамражан, маған берсін бұ мехнатыңды,
Менім бұ саған берсін дәулетімді.
Бұрынғы гүл-гүл жүзің бірі де жоқ,
Сағындым мен бұрынғы суретіңді.

Жапанда Һамражан жалғыз жаттың,
Жалғыз жатып тағамды қайдан таптың.
Жан бергенге дән берген Алла Тағала,
1280 Бір сақтауы бар шығар құдіретіңнің.

Һамра, бұ дертіңе қайғы алайын,
Екі қара көзіңнен айналайын.
Бұ дертіңнің дауасы болар ма екен,
Ел-жұртымды жиып алып ойланайын.

Ел-жұртымды жиып алып сұрайын мен,
Бір Құдайға жалбарып жылайын мен.
Бұ дертіңнің дауасы табылмаса,
Өзіңменен бірге жатып өлейін мен.

Арқаныма бітетұғын андызым-ай,
1290 Баста тәжім, маңдайда құндызым-ай.
Қарағым, тірі болсаң даусың шығар,
Бабаң сорлы еңіреп тұр, жалғызым-ай.

Басында зар еңіреп тұр бейшара атаң,
Тірі болсаң дауысың шығар, жалғыз балам.
Қарағымның жұғымды еді һәр ниязы,
Жігер күшім, иә, перзентім, жалғыз данам.

Құдай-а, Һамраны алғаның ба,
Тар құдықтың ішіне салғаның ба?
Һамрам бұ дүниеден кетіп қалса,
1300 Мысыр шаһары, иесіз боп қалғаның ба?

Үргеніш, Бұқар менен салған әсем,
Сен кеткен соң көп болды қайғы дертім.
Сорлы атаң зарланады, даусың шықпас,
Шекербәнді жалғызым, жас перзентім.

Дұшпандар қорқушы еді айбатыңдан,
Достыларың сондай-ақ қайратыңдан.
Хақ Тағала, айрылып қалғаным ба
Өзімнен ақылы артық, дұшпанымдан.

Атаңның көзі қанды жастар ақты,
1310 Һамра тар құдықта өзін тапты.
Һамрам, тірі болсаң даусың шығар,
Жарлығың, Хақ Тағала, сондай қатты.

Һамра жаным, не бола білсең мәнім,
Есеп қылып нетемін дүния-малым.
Һамражаным, дауысыңды бір шығаршы,
Ахиреттік бекзатым, шам-шырағым.

Не қылып ұмытылар сенің атың,
Көп жұртқа мағлұм-дүр жазған хатың.
Жалғызым, ақсүйегім кеткеннен соң,
1320 Түзелер деп ойламаймын салтанатым.

Имандыны Құдайым оңдайды енді,
Имансыздар һәрқашан оңбайды енді.
Атасы неше мезгіл зарланса да,
Һамра тірі жатып болмайды енді.

Ей, жамағат, құлақ сал енесіне,
Һамра дауыс бере ме күмісіне.
Атасы зарланғанға бір жауап жоқ,
Құлақ сал анасының кеңесіне.

— Һамра ұғылым, қайда енді,
Ішімде оттай қайнады,
Жапанда жатқан жалғызым,
Күшім де келмес жылайын.

Жүрегім толған қан болды,
Басыма атпас таң болды.
Ішімде толған шер болды,
Жылай да көзім көр болды.
Көзімнен аққан қара жас
Етегім толып көл болды.
Һамра ұғылым келмейді,
Ақыры енді не болды.

Һамрамдан айырылдым,
Дертіне түсіп қайғырдым.
Айналайын, бар Құдай,
Бұ дүнияда зар болдым.
Күйіп те отқа жағылдым,
Тәубені неден жаңылдым.
Айналайын, бар Құдай,
Бір көрсетші көзіме,
Қарағымды сағындым.

Құрыды аққан бұлағым,
Сөнді де қалды шырағым,
Айналайын, бар Құдай,
Іздеп қайдан табармын.
Қарағым менің тұрар ма,
Енді көңілім толар ма?
Сұңқарым қолға қонар ма,
Енді туған падиша
Һамрадай болар ма?!
Маған атар таң болмас,
Жақсылық қылар жан болмас.
Асыл туған қарағым,
Һамрадай жан болмас,

Мен жылайын аһ ұрып,
Һамражанды сағынып,
Осы күнде қарағым
Жатыр ма екен қамығып.
Мен қалдым мұңлық боп,
Қара жерменен тең болып,
Жатыр ма екен қарағым,
Қимылдауға халі жоқ,
Құрт-құмырсқаға жем болып.

Дәнемені білмеген құлыным-ай,
Шекеге қойған айдар тұлымың-ай.
Қарағым, тірі болсаң даусың шығар,
Тар құрсағым кеңейткен құлыным-ай.

Даусың шығар, естісін құлағым-ай,
Сарқырап таудан аққан бұлағым-ай.
Һамра, даусың шығар, берші жауап,
Тар құрсағым кеңейткен қарағым-ай.

Жаныңнан ақыл күткен даналығың,
Шын-Машын хан көтерген ағалығың.
Һамражан, тірі болсаң даусың шығар,
Сорлы әжекең зарлап тұр, қарашығым.

Жалғыз қып сені берген Жаппар Құдай,
Екі көзім қан болды жылай-жылай.
Шырағым, тірі болсаң даусың шығар.
Басыңа зар боп келді анаң сұмырай.

Үш тамырым қозғалды ішім күйіп,
Емшегімнен сүт шықты бойым алып.
Сорғалатпай емсеңші, қарашығым,
Әжекең мауқын бассын бетің сүйіп.

Шыныңменен-ақ дүниеден өткенің бе,
Һамрама Хақтан тағдыр жеткенің бе?
Құдықта тірі болсаң мен алайын,
Ажалыңды жауға тастап өткенің бе?

Хақ жаратқан пендесін оңдағанын,
Кәпірлер иман айтпай оңбағанын.
Екі ағам келіп өлтірейін деп тұр ма деп,
Һамраның шақыруға болмағанын.

1400 Енді қайда барайын,
Халімді кімге айтайын.
Не қылса Құдай қылады,
Бұған енді шыдайын.

Гүлжәмила қарындасының зарлағаны

Мейірбан-дүр атамыз,
Іште қайнар отымыз,
Һамра біздің ағамыз,
Іздеп қайдан табамыз.
Енді қайда барармын,
Ағамды кімден сұрармын.
1410 Кешегі жүрген ағекем
Іздеп қайдан табармын.
Ағекем көңілі толмады,
Оған да дәурен болмады.
Айналайын, бар Құдай
Жас[тай] оның басына
Қайғыдан басқа салмады.

Еркін дәурен сүрмеді,
Ел ішінде жүрмеді.
Айналайын ағекем,
1420 Еркін жүзін көрмедім,
Қызықты көрмей ағекем,
Қорлық көрді дүнияда,
Қарындасың, ағекем,
Қалды ғой жалғыз далада.
Қызықты еркін көрмедім,
Мейірім қана күлмедім,
Бірге туған ағекем,
Бірігіп бізбен жүрмедің.

Ертеңді-кешті жылайын,
1430 Жыламай нағып шыдайын.
Ағекемден айырылып,
Кімді ағеке қылайын.
Киімді кисем шапан жоқ,
ҺеШ жақсылық маған жоқ.
Үйден кеткен үшеуі,
Екі ит келді, ағам жоқ.
Анадан жалғыз жаратты,
Жалғыздықтың зары өтті.
Бермеді Құдай тең қылып,
1440 Жаратты мені кем қылып.
Жұрт иесі патшаны
Екі итке қойды жем қылып.

Кем қылып мені жаратты,
Қайғыменен жүргізді,
Артық туған патшаны
Екі итке талатты.
Қайғылы қылды анамды,
Қылмады қабыл тобамды,
Мен еркек боп бір барсам,
1450 Қалмас еді жапанда.
Жалғыздық маған өтеді,
Жалғыздың хақы кетеді,
Айналайын, бар Құдай,
Жалғыз қылып бергенше,
Жаратпасаң не етеді.

Жалғыздың көңілі толар ма,
Жалғызға қайран болар ма?
Ағайын дұшпан болмаса,
Көзін ойып алар ма,
1460 Құдыққа жалғыз салар ма?
Бұ дүниеде теңдік жоқ,
Ахиретке барғанда
Мұны қалай қылдың деп,
Табандап кегін алар ма?
Жалғызды Құдай сүйер ме,

Көз жасыны аяр ма?
Бұ дүниеде теңдік жоқ,
Дұшпан жүзін қара қылып
Жанған отқа күйер ме?
1470 Жалғыздың көңілі тар екен,
Жалғыз адам зар екен.
Жапанда қалды зарығып,
Һамрадай мұңлық бар ма екен?!
Менің де сөзім бар ма екен,
Көрген күнім тар екен,
Осыншаның ішінде
Менің де сөзім бар екен.

Құр жаны жатыр екен, тебіренбеді,
Ата-анасы келгенін һеш білмеді.
1480 Екі ағам тағы келіп өлтірер деп,
Жатты дағы дауысты һеш бермеді.

Кетіпті Һамраның жарым жасы,
Қор болды бейшараның ғаріп басы.
Ағекем бұ құдықта бар ма екен деп,
Шақырды Гүлжәмила қарындасы.

— Жатырмысың, Һамра, үнде маған,
Келіп тұр құрбыңыз егіз туған.
Кеуденде жаның болса хабар берші,
Мен келдім Гүлжәмила қарындасың.

1490 Жатырмысың сорлы боп, Һамражан,
Қорықпаңыз, келді атаң менен бейшара анаң.
Жалғыз, жер астында бармысың деп,
Еңіреп зар болды ғой жалғыз данаң.

Ағасының құлағына үні келді,
Гүлжәмила келгенін енді білді.
Есі жоқ бейшара боп жатқан байғұс:
— Мен мұнда тірімін, аман, — деп хабар берді.

Менің енді елге қарар жүзім де жоқ,
Бұрынғыдай сөйлесер сөзім де жоқ.
1500 Қарағым, енді мені не қыласың,
Бұрынғы жұртқа қарар көзім де жоқ.

Тірі болып енді мен не боламын,
Жүрмісің елі-жұртым есен-аман.
Ғаріптікті көп көрген біз бейшара,
Енді бізге Құдайым берсін иман.

— Қайтейін, қас қылды ғой бауырласың,
Сен кеткен соң құмырсқа ішкен асым.
Ағекем, қаттырақ даусың шығар,
Еңіреп тұрған егіз туған қарындасың.

1510 Құрт-құмырсқа, бақа-шаян ішкен асым,
Сен кеткен соң құрыды жарым жасым.
Өлі емеспін, өрі тірі емеспін,
Сен біздің Гүлжәмила қарындасым.

Зарлағаның өтті ғой, бауырласым,
Өлі емеспін, тірімін, асыл тасым.
Құдыққа салып бақшы жетсе шашың,
Гүлжәмила, қимадым, қарындасым.

Дауысынан таныды қыз ағасын,
Ағасы да таныды қарындасын.
1520 Ғамраны шыңыраудан тартып алды,
Тастады беріп қырық құлаш алтын шашын.

Құдықтан суырып алды қыз ағасын,
Қимады бірге туған бауырласын.
— Жүзің көрер көзім жоқ бұрынғыдай,
Тамағыңдан бір сүйгіз, қарындасым.

Құдықтан тірі шықтым менім өзім,
Тұп-тура баяғыдай менім сөзім.
Өздерің кеп амандас, қайран жұртым,
Бұрынғыдай менім жоқ көрер көзім.

1530 Ата-анасы һәм келіп амандасты,
Құшақтасып, көрісіп, зар илесті.
Гүлжәмила көрісті айғай салып,
Көзінен ағызды қанды жасты.

Тамам жан бәрі келіп жылайды енді,
Көзінің жасын көл қылып бұлайды енді.
Адамның жері ыстық болады екен,
Һамра көрген жерін сұрайды енді.

— Ағеке-ау, біздің тұрған көл аман ба,
Билер кеңес қылғандай бел аман ба?
1540 Өзім барда құс салып, ит жүгірткен
Айдын-айдын, кең шалқар көл аман ба?

— Шырағым, сенің көрген елің де аман,
Билер кеңес қылғандай белің де аман.
Өзің барда құс салып, ит жүгірткен
Айдын-айдын, кең шалқар көлің де аман.

Бақтардың пісіп тұрған алмасы[бар],
Таулардың алуан-алуан саясы бар.
Аң аулап, ит жүгірткен, құс салған,
Ғаріп пенен көріге олжасы бар.

1550 — Таулардың асқар[-асқар] белі де бар,
Һәркімнің өзіне лайық шері де бар.
Һеш қызығын көрмедім, қалдым қайран,
Менің де маңдайымның соры да бар.

Жүрегім қайғы-дертке толды менім,
Жақсылығым жамандық болды менім.
Көзімді ойып құдыққа тастап кетті,
Дәуренім бұ құдықта солды менім.

Көп бейнет көріп едім құла түзде,
Тағы да іздеп таптым ағамызды.
1560 Бұ құдықтың ішінде жалғыз жаттым,
Қанатым жоқ ұшарға, аласұрдым.

Қырық күн жолда жүріп арып едім,
Іздеп шығып көп жерге барып едім.
Құдайым тілегімді қабыл көрді.
Бұлбұлды қиын жерден алып едім.

Мен жүрдім ағамды іздеп барып,
Бейнеттен алып келдім жаяу жүріп.
Сөйткен ағам өзіме қастық қылды,
Жаттым құйы түбінде бейнет көріп.

1570 Көзім жоқ, не боламын бүйтіп жүріп,
Бұрынғыдай бола алман дәурен сүріп.
Енді менім бұйрығым тез болса екен,
Ел ішінде жүре алман қызық көріп.

— Ата-ана балаға кеме дейді,
Имансыздар жетімнің хақын жейді.
Екеуміз кезек барып зарлап едік,
Бізге жауап бермедің неге? — дейді.

— Ол рас, сізге жауап бермегенім,
Сіздердің ақ жүзіңді көрмегенім.
1580 Алдап келіп ол мені өлтірер деп,
Екі ағам болар ма деп сенбегенім.

Көп сөйлетпей жүзімді көрші, — дейді,
Менім айтқан сөзіме ерші, — дейді.
Суық өтіп қалыпты сүйегімден,
Қайран жұртым, от жағып берші, — дейді.

Жұрт оның айтқанына көнді дейді,
Жеті түйе сексеуіл келді дейді.
От жағып бергенден соң, тамам жұртқа
«Бәріңіз кейін кетің енді» дейді.

1590 Қорлығаны Ғамра шақырады,
Кеше-күндіз қайғыменен зар еңіреді.
Ғамра Қорлығаның шашын отқа салып,
Бір соған зарын айтып шақырады.

— Кел енді, Қорлығажан, қасымызға,
Таудан үлкен іс түсті басымызға.
Сізден басқа жақсылық қылар жан жоқ,
Қарағым, кел аққан көз жасымызға.

Мен түстім көп ренжу, мехнатқа,
Басым түсті бір қатты қияметке.
Менім халім көріп кет, Қорлығажан,
Жүрегімді пісірдім жанған отқа.

Айтысқан Қорлығамен сертіміз бар,
Жете алмай Қорлығаға болдым іңкәр.
Хабар жетсе, қасыма бір келіп кет,
Көзім жоқ, бұ дүнияда болдым ғой зар.

Қылайын көп шүкірлік Құдіретке,
Құдайым мені салды қайғы-дертке.
Екі ағам көзімді ойып тастап кетті,
Сенімен жете алмадым айтқан сертке.

Қорлығажан, үмітім бар менім сенен,
Ғаріп жаным кешікпей шығар төннен.
Бұ дертімден дәрменім жоқ енді менің,
Есен болсаң қалмай кел осы күнден.

Кел енді тірі болсаң, Қорлығажан,
Бізге енді кеше-күндіз атпады таң.
Ей, достым, менің халім бек жаман-дүр,
Кел де хабар алып кет өзің менен.

Жапанда жалғыз қалдым қайғы басып,
Ісіміз қатты дертке араласып.
Осындайда қасыма бір келіп кет,
Қалайын тым болмаса арыздасып.

Һамра зарын айтып көп жылады,
Айтады көңілдегі қайғы-ғамды.
Шашын салып отқа түтеткен соң,
Мұрнына Қорлығаның исі барды.

Қорлыға сандалады ары-бері,
Қорлығаның көңілі болды кәрі.
Қорлыға жетіп келді бір сағатта,
Қасына ертіп алып қырық мың қызды.

1630 Қорлыға қаһарланып шапты дейді,
Ауыр қол Қорлығаменен келді дейді.
Қорлығаның ауыр қолын көргенден соң,
Мысырда көрген адам қашты дейді.

Қорлыға тоқтатады көп ләшкерді,
Мысыр жұрты алдынан әзір келді.
Қорлыға қолын кейін тоқтатты да,
Һамраның қасына жетіп келді.

Қорлыға келіп халін сұрайды енді,
Көзінің жасын көл қылып бұлайды енді.
1640 Екі ғашық қосылып бір-біріне,
Һамра зарын айтып жылайды енді.

— Мен болдым, Қорлығажан, тірі мұңды,
Жете алмай қайғы-дертке жандым, — дейді.
Айтайын арызымды, Қорлығажан,
Басыма мұндай бір іс түсті, — дейді.

Қор болдым, бұл дүниеде көзім кетті,
Айтысқан сеніменен сертім кетті.
Қор болып бу құдықта жалғыз жаттым,
Сарғайып зағыпырандай жүзім кетті.

1650 Бәрі аян бір Аллаға қылған ісім,
Қор болды, Қорлығажан, әділ басым.
Сен есіме түскенде қандай болдым,
Ей, қалқам-ау, Қорлыға, аман бол сен.

Қор болдым енді маған ажал жетпей,
Адамға өлім жоқ екен қаза жетпей.
Құдайдан бір тілегім менің — иман,
Мені Құдай алса екен әуре етпей.

...* көзім жоқ мен бір байғұс,
Бұ дәурен енді бізге керек емес.
1660 Сеніменен жүрген шақта қандай едім,
Құрбы едің ахиреттік, құрбы-құрдас.

Сізден соң екі ағамды іздеп таптым,
Ішіме қатты қайғы отты жақтым.
Екі ағам көзімді ойып тастап кетті,
Бір құдықтың ішінде жалғыз жаттым.

Бұ құдықта таусылды қызыл гүлім,
Бұрынғыдай бола алман, кетті бұлым.
Екі ағамды азаптан құтқарып ем,
Жаман болды ақыры жақсылығым.

1670 Көзімді ойып қас қылды екі ағам,
Жақсылық, сірә, болмас енді маған.
Қай күні өлерімді Құдай білер,
Әуел баста қосып еді Алла Тағалам.

Амандасып қалайын енді саған,
Қорлығажан, болғайсың есен-аман.
Ахиретке барғанда табысармыз,
Қорлығажан, болғайсың есен-аман.

Көрмей өлсем сені мен арманда едім,
Сен тағы да арманда кетер едің.
1680 Арманың жоқ сенің енді маған,
Өлместен бұрын жақсы келіп көрдің.

Лұқпандай ел ішінде саудагер бол,
Ісіне Құдайымның разы бол.
Қалқам-ау, сен маған жоқ, мен саған жоқ,
Қайтейін, амандастың, разым сол.

— Айналайын, Һамражан, сенен құрбан,
Сенен басқа кісіге мойным бұрман.

* Бір сөз танылмады.

Сен өлсең, Һамра мен де өлермін,
Соры болып сенен қалып не боламын.

1690 Һамра, айналайын мен көзіңнен,
Бүгін бөтен емеспін бір өзіңнен.
Үш айдан кешігіп келмеген соң,
Өлді деп қорқып едім бір өзіңнен.

Һамра, айналайын дертіңізден,
Айырылыпсыз бұрынғы көркіңізден.
Мен сенен қорқып едім, Һамражан,
Асқан соң айтып кеткен сертіңізден.

Һамра, айналайын қайғыңыздан,
Айрылыпсыз бұрынғы жайыңыздан.
1700 Мен сенен қорқып едім, Һамражан,
Асқан соң айтып кеткен антыңыздан.

Құрбандық көзің үшін болайын мен,
Екі көзім тең ойып алайын мен.
Құдайым сізге шипа берер ме екен,
Орныңа көзіңіздің салайын мен.

Не болсам да болайын сіздің үшін,
Бір сіздің қаратарға көзің үшін.
Жаным құрбан қылайын, Һамражан,
Бір сіздің қаратарға көзің үшін.

1710 Мен болдым сіз кеткен соң тірі ғайып,
Таусылдым күйгенімден отқа жанып.
Сүйер жар, сіз өлсең мен де өлермін,
Мен соры не боламын сізден қалып.

Болмады бұрынғыдай сөзің сіздің,
Болыпты зағыпырандай жүзің сіздің.
Һамра, айналайын сипатыңдан,
Қас падиша шырақтай көзің сіздің.

Екі ағасы рақымсыз болған несі,
Екі көзің тең ойып алған несі.
1720 Не өлтірмей, біреуге сатып кетпей,
Құдыққа тірі апарып салған несі?!

Әрі хан, әрі сұлтан асылым-ау,
Сүйегің, асыл патша, жасыды ма-ау.
Бұрынғы гүл-гүл жүзің бірі де жоқ,
Сүйегің, асыл патша, жасыды ма-ау.

Бұлбұл айтты: — Қорлыға, жыламаңыз,
Көз жасыңыз көл қылып бұламаңыз.
Мен бір ақыл айтайын, ей, Қорлыға,
Бұ сөзім құлақ салып тыңдасаңыз.

1730 Қорлыға, жыламаңыз енді, — дейді,
Және менім айтқан сөзім тыңда, — дейді.
Қолыңдан келсе бұған құлағың сал,
Һамраның екі көзі менде, — дейді.

Ол бұлбұл екі көзін алып берді,
Қорлығаның көңілі бек шаттанды.
Қорлыға жазған байғұс қуанғаннан
Сол жерде он мың құлды азат қылды.

— Мұхаммед хақ дінге кең білемін,
Екі ғалам дүниеге тең, білемін.
1740 Қанталаған жоқ шығар мына көзі,
Оның дағы өтпес, мен білемін.

Имансыздың пейілі тар-ды дейді,
Имандыға төрт шаһариар жар-ды дейді.
Қап тауындан ары ассаң, Қорлыға қыз,
Көз жазатын гүл мен су бар-ды, — дейді.

— Дию перім, жанды өлімге салып келші,
Жұмсаған жұмысыма барып келші.
Дүнияда азат қылайын, қарағым-ай,
Барып кел, гүл мен суды алып келші.

1750 Бұйырды Қорлыға қыз перізатқа,
Жұмсады су әкел деп азаматқа.
Уағда берді бір сағатта барып кел деп.
Уағдадан кешігіп, сірә, жатпа.

Екі пері жұмсалды жарлық қылып,
Заматта Ирамбаққа барып кел деп.
Кешікпей барып кел деп бір сағатта,
Заматта гүл мен суды алып кел деп.

Бәрі де перілердің хазір келді,
Жарлығын Қорлығаның қабыл көрді.
1760 Қап тауындан әрі асып барып,
Перілер бір сағатта алып келді.

Су бірлән көзіні алды дейді,
Алып барып орнына салды дейді.
Көзінің орынына салса дағы,
Бұрынғыдай ашылмайды тағы дейді.

Тағы да Қорлыға қыз жылайды енді,
Көзінің жасын көл қылып бұлайды енді.
Құдайды, Пайғамбарды жаһыт қылып,
Жалбарып қатты тілек тілейді енді.

1770 — Жаратқан жер мен көкті Құдай Жаппар,
Енді қылма бұ жерде біздерді зар.
Тілегім — Һамраның екі көзі,
Құдай-а, не қылсаң да құдіретің бар.

Мың бір атың біреуі әр-Рахман,
Жылағанда қыла көр дертке дәрмен.
Тілегенде Һамраның көзін берсең,
Онан басқа тілегіміз бір-ақ иман.

Мың бір атың біреуі Құдірет-дүр,
Құдіретпенен жараттың жер мен көкті.
1780 Құдай-а, жер мен көктің хақы үшін
Тілеген тілеуімді берсең, — депті.

Ей, Құдай-а, қара қыл дұшпан жүзін,
Қабыл қыл бұ ғарібіңнің айтқан сөзін.
Ләтифің бірлә аша көр
Қарағым Һамраның екі көзін.

Құдай-а, һеш хайла жоқ не қылайын,
Өзіңнің рахматыңа мен жылайын.
Пайғамбарға келген Құран кітап хақы үшін,
Өзіңнің құдіретіңе мен жылайын.

Ыбраһым, Ысмайыл, Жүсіп пайғамбар,
Дәуіт ұғылы Сүлеймен ғалым, сәруар,
Әбубәкір, Омар, Оспан, хазіреті Әли
Хақы үшін шипа бер, Пәруардигар.

Тауратты хатым еткен хазірет Мұса,
Інжілді хатым еткен хазірет Иса,
Тәңірінің Арысланы Әли әл-Мұртаза,
Хақы үшін шипа бер бибі Фатима.

Ғазиздердің ағарған басы үшін,
Жетімдердің көзінің жасы үшін,
Тілегімді бере гөр, ей, Құдай-а,
Тамам бейшаралардың хақы үшін.

Құдай-а, тиер ме екен рахматыңыз,
Қайғы мен дертке толды жүрегіміз.
Шипа бер, бір Құдай-а, құдіретіңмен,
Көзі еді Һамраның тілегіміз.

Дию пері ұшып кетті қонақтай боп,
Алып келді мұрыны орақтай боп.
Гүлді салып суменен сипаған соң,
Һамраның көзі бітті шырақтай боп.

Жылаған көзінің жасын қабыл көрді,
«Һамражаным, көзінді аш енді», — деді.
Һамраның әуел көзі жазылған соң,
Жиылған көп жамағат жұртын көрді.

Һамра көзін ашты, бәрін көрді,
Бейшараның тілегін Құдай берді.
Құдайға шүкірлік қып енді Һамра,
Жиылған халайыққа сәлем берді.

— Көзім жоқ, хал болмады, әл-дәрменім,
Бір Құдай көзімді ашты, жоқ-ты арманым.
1820 Сізді біз көретін [күн] бар екен,
Келіңіз көріселік, жарандарым.

Көз бірлә бұлғақтаушы ек дүлдүлдей,
Жамағат жиылып тұр бәрі бірдей.
Дұшпанымдан өшімді аламын деп,
Һамра атасына сәлем берді.

Мен жаттым бейшара боп қан ішінде,
Алармын дұшпанымдан намысымды.
Сүйенішім, таянышым, атам, анам,
Біз пақыр көріселік, бермен келші.

1830 Қор болды бұ құдықта ғаріп басым,
Қан бірлән араласты ішкен асым.
Құдайым тілегімді бүгін берді,
Гүлжәмила, кел енді, қарындасым.

Оқыған бір мектепте жолдастарым,
Бірге жатып олтырған сырластарым,
Сіздерді де көретін күн бар екен,
Келіңдер, құрбы бірлә құрдастарым.

Шерменде, қорлықта өтті күнім,
Кеткен соң екі көзім, кетті бұлым.
1840 Жасымыздан бірге жүріп жолдас болған.
Келдің бе көріскелі, аға-інім.

Һамра жақсылыққа енді жетті,
Тілегін Хақ Тағала қабыл етті.
Қуанғандан сүйеді ата-анасы,
Ел ішінің қайғысы бәрі кетті.

Һамра айтты: — Қорлыға, **ісім ақ-ты,**
Құдайым бүгін **ашты біздің бақты.**
Дұшпандар жамандық қылып еді,
Жамандық ақырында өзін **тапты.**

1850 Ашылды бүгін **менім бағым, — деді,**
Құдайым тілегімді **бүгін берді.**
Түзде жүріп **жақсылық қылып едім,**
Жақсылығым жамандық менің **болды.**

Падиша айтты: — Қарағым, Һамражан,
Айырылдың бұ күнгі **азабыңдан.**
Ағайын дұшпан болған көзінді **ойып,**
Кел манағы өшінді **ал екі ағаңдан.**

— Ей, ата, бұ да балаң, мен де балаң,
Қандай қылса жарасар енді **бұған.**
1860 Көзін **ойып құдыққа тастап кетсең,**
Сонда мұның жазасы бітер **тамам.**

— Жарандар, бұ екеуін **келтіріңіз,**
Бұл екеуін **жоғалтып жетіріңіз.**
Қарағым, не қылсаң да бұған сауап,
Қор қылып екеуін **де өлтіріңіз.**

— Ей, ата, қатты кісі **жаман болар,**
Бұ жанды Құдай берген, Құдай алар.
Жамандық қылған жанға жақсылық қыл,
Жамандық ақырында өзін **табар.**

1870 Мен балаң әуел баста бейнет көрген,
Жақсылық ақырында Құдай берген.
Ей, ата, бұл шіркінді **өлтірмелік,**
Қан етер, ата, біз **бе кісі өлтірген.**

Ей, ата, біз **бірлән сөз байласаңыз,**
Бұ дүние әлі-**ақ өтер, ойласаңыз.**
Тамақ үшін **сатылған ол Күләш[қа],**
Мен риза, сол жерге айдасаңыз.

Көзде жас, алыс жерге жүрсін, — дейді,
Ғаріптіктің мәнісін көрсін, — дейді.
1880 Бұ дүниенің қызығын һеш көрмесін,
Қор болып дүниеден өтсін, — дейді.

Падиша сол ақылды аңлады енді,
Бұ сөзді көңілінде жөн дейді енді.
Һамраның жарлығын екі қылмай,
Екеуін Күләш байға айдайды енді.

Тілегін Һамраның Құдай берді,
Жылаған көзінің жасын жол көрді.
Адамзаттың қолы мен пері қолы
Екі айрылып жанына жүрді дейді.

1890 Падиша айтты: — Тілімді алармысың,
Менің айтқан тіліме нанармысың.
Қуанышы жүрегімнің, Һамражан,
Қорлығаны елге алып барармысың?!

Һамра айтты: — Ол сөзді құп көреміз,
Құданың салғанына біз көнерміз.
Құдай бізге [жазғаны] әуел баста,
Осы жолда, жан ата, апарамыз.

Екі қол екі айрылып қайтты дейді,
Көңілі патшаның шаттық тапты дейді.
1900 Һамра Қорлығаға барды дағы,
Арызын көңілдегі айтты дейді.

Һамра айтты: — Насихат айтайын мен,
Сөзімді қабыл қылып тыңдағыл сен.
Әуел-ақыр көңілің дұрыс болса,
Бұ сөзім қабыл қылып тыңдағыл сен.

Біздің Мысыр шаһарына жүрелік те,
Азғана күн дәуренді сүрелік те.
Бұ дүния бес күндік әлі-ақ өтер,
Өлгенше жақсы ойнап-күлелік те.

1910 Бір күні баршамызды алар, — дейді,
Һәркімді тар лақатқа салар, — дейді.
Аз ғана күн дәуренді сүрелік те,
Бұ дәурен баршамыздан қалар, — дейді.

Шүкір Құдай, көрсетті гүл жүзіңізді,
Жарық қылып ашты ғой Құдай көзді.
Қабыл қылсаң бұ сөзді, Қорлығажан,
Қабыл қыл айтқан менім бұ сөзімді.

Қабыл қылсаң жүрелік, Қорлығажан,
Қосылдық енді екеуміз есен-аман.
1920 Дәуренді өткізейік қолымыздан,
Бірігіп дәурен сүрген бізден жаман.

Тілегін Һамраның берді дейді,
Жақсылық Һамрадан көрді дейді.
Енді сізден айырылып қалмайын деп,
Онан соң айтқанына көнді дейді.

Имандыны Құдайым оңдайды енді,
Бұлардан қарғыс алған оңбайды енді.
— Ренжіту бұларды жарамайды,
Алтынды үйді ап келмесем болмайды енді.

1930 Келіннің жалғыз өзі барсын, — дейді,
Екеуі бірге барып алсын, — дейді.
Өзің барып диюыңа көтертіп кел,
Һамрам өз қасымда қалсын, — дейді.

Ағар сулар ішінде балық келді,
Қорлыға өз жұртына барып келді.
Үш күнді болжал қылып кеткен екен,
Төрт сағатта көшіріп алып келді.

Андан соң қуанады Һамра ғаріп,
Қуанды шат болды да көңілі тынып.
1940 Қасына қызметшілер ертіп алып
Барады Қорлығаны Мысырға алып.

Хұсраудың көңілі толды дейді,
Алтын үй Мысырға кеп қонды дейді.
Қорлығаның алтынды сарайымен
Бәрі көркем Мысырдың болды дейді.

Ғамра енді ойлайды жақсы ойды,
Ішіндегі қайғының бәрін жойды.
Тілегін падишаның Құдай берді,
Андан соң қырық күн жақсы қылды тойды.

Қырық күндей той қылды халқын жиып,
Қосылды екі ғашық Құдай сүйіп.
Құдай Тағала тілегін бергенден соң,
Періні адам алды неках қылып.

Қосылды екі жан хоштық болып,
Бірі ай, бірі күн — екі ғашық.
Екеуінің көркіне қараймын деп,
Талай жан қырылыпты төбелесіп.

Бұ сөзім тыңдағанға жақсы ой-ды,
Ғамраның көңілі анан солды.
Хұсрау хан дүниеден өткен күні
Манағы молда орнына патша болды.

Құдайым Мұхаммедке болған қорған,
Суретін ол кісінің нұрдан қылған.
Молдаға ажал жетіп өлгенден соң,
Ғамра өз орнына патша болған.

Бұ дүнияда жарасқан екі ғашық,
Ғамра қызық көрді андан соң көп.
Бұ дүнияның қызығын көремін деп,
Андан соң жұртын тұтты падиша боп.

Ғамрадай кім болған жанда, сірә,
Мұратына тигізді Алла Тағала.
Қорлығаның шаһары Ирамбақ,
Екісін биледі бірдей Ғамра.

Һамра болып өтті дәурен сүріп,
Мына жалған дүниядан қызық көріп.
Ирамбақ бірлән Мысырға падиша боп,
Екеуін де биледі бірдей жүріп.

Һамра бұ жалғанда болмайды зар,
Қолында қызмет қылған перілер бар.
Перілерді ат қылып мініп жүріп,
Көңліне алған жеріне қылды сапар.

Һамра мұратына енді жетті,
Ал сонда сопы болып дінін күтті.
Һамра жүз жиырма жыл өмір сүріп.
Дүниядан шаһид болып Һамра өтті.

Патша өлмей таймайды алтын тақтан,
Нелер кеңес шықпайды тіл мен жақтан.
Һамра дүниеден өткен күні
Қорлыға ұшып кетті шаңырақтан.

Құдайым ғаріптерді сондай қылсын,
Көңіліне алған ісін қабыл көрсін.
Дүниеден ғапыл болып һеш жүрмесін,
Есітіп, айтқан адам дұға қылсын.

Ал дұға қылғанша қол жайыңыз,
Баршаңды жарылқасын Құдайымыз.
Кітаптан бөліп алып мәселе қып,
Ал айтып Һамраны болғанымыз.

قصهء مالك حسن

Қисса мәлік Хасен

Қор болмас бұл дүниеде Құдай деген,
Хикаят мен сөзлейін талай жерден.
Бар екен Сұлтанмахмұт падиша,
Шаһарының аты болар Борай деген.

Бар екен сол патшаның үш ұғылы,
Көп адам сұлтанатта болған құлы.
Бай екен көп патшадан сол заманда,
Қолында қисабы жоқ көп-ті пұлы.

Қылғаны әскеріне ойын-күлкі,
Өзінің Құдай берген көп-ті мүлкі.
Дәулетіне әскері көп-ті лайық,
Өзінің көп халықтан артық көркі.

Падиша бір күн жатып түс көріпті,
Түсінде бір шарбаққа кез келіпті.
Ішіне сейіл құрып жүрген екен,
Ішінде айтып болмас іс көріпті.

Бар екен аққан бұлақ, шыққан ағаш,
Көрінді су түбінде һәр түрлі тас.
Жеміс бар ат басындай ағашында,
Көрген соң қайран болып болады мас.

Ол тастар естісеңіз інжу-маржан,
Зейнеті бұ дүние онан асқан.
Ауызбенен айтып болмас көрсе дағы,
Гүлдері бар айтылмаған онан да арман.

Сулар бар ағыны жоқ ол шарбақта,
Суреті жолбарыстың hәр тарапта.
Адамзат мұндай шарбақ қылған емес,
Ұқсайды қарап тұрса бейне ұжмаққа.

Суреті жолбарыстың алтын-күміс,
Айтусыз толып жатыр тағы көп іс.
Кірген су жолбарыстың ауызынан
Бұлақ боп құйрығынан шығады-мыс.

Ішінде ол шарбақтың бір қапас бар,
Падиша оянған жоқ түсте бұ хал.
Суретін тамам қылар хал келмейді,
Ішінде ол қапастың көркем құс бар.

Ол құстың аты болар Нұрғазарын,
Айтайын тыңдасаңыз ахуалдарын.
Басы лағыл, көздері қызыл алтын,
Жаратқан Алла Тағала оның уәсіфін.

Денесі алтын, қанаты зүбәржаттан,
Сұрасаңыз, құйрықтары меруерттен.
Аяқтары пәрнияh — асыл тастан,
Сөйлесе төмен емес адамзаттан.

Күлгенде гүл төгілер табақ-табақ,
Жыласа домаланар меруерт аппақ.
Бұл құстың суретіне таңқалады,
Жаратқан осындай қылып бір Алла Хақ.

Падиша мұны көріп оянады,
Бұ түсім қалай түс деп ойға алады.
Көктен ұшып іздеуге қанаты жоқ,
Ішіне сондай қатты қайғы алады.

Қайғы алған соң болады диуанадай,
Қайғылы жан болмады падишадай.
Жатады жер бауырлап, топырақ құшып,
Дертіне ішіндегі шыдай алмай.

Падиша қайғылы, зар еңірейді,
Ішіне падишаның қайғы кірді.
Тағын, тәжін, мал-мүлкін талақ қылып,
60 Қор қылып өзін-өзі төпелейді.

Ол халде жиылып келді уәзірлері,
Құр тақты, падиша жоқ, көзі көрді.
Падиша өзінің тақытында болмаған соң:
— Сұлтаным — жұрт иесі қайда? — дейді.

Балалары анасынан хабар алды,
Анасы білмейді екен осы халді.
Шаһзада уәзірлермен іздеп жүріп,
Күлінен бір моншаның тауып алды.

Күліне бір моншаның көміледі,
70 Падиша ботадай болып егіледі.
Уәзірлер балалар менен сөз сөйлейді:
— Падиша, қайғыңды айтып сөйле, — дейді.

— Сөйлейін бір хикаят, уәзірлерім,
Айтайын көргенімнің енді бәрін.
Ирамбағы шарбақта бір құс көрдім,
Сол құстың аты бола Нұрғазарын.

Сол құсты көргенден соң болдым ғашық,
Жүре алман ғашықтықтан, қалдым сасып.
Құдай-а, бұ дертіме дәрмен бер деп,
80 Жатырмын күлге кіріп, жанталасып.

Есімнен тіпті кетпес Нұрғазарын,
Берер ме дертке дәрмен Құдірет Кәрім.
Падишаның қайғысын мүттәм тұтып,
Таққа мін деп еңірейді уәзірлері.

— Бар болса бұ дүниеде болар хабар,
Мағшұғын ғашық пенде іздеп табар.
Ей, ата, енді бізге рұқсат бер, — деп,
Халал ұғыл атасына қызмет қылар.

Падиша бала сөзін қабыл көрді,
90 — Барыңыз екеуің де, балам, — деді.
Жолыңды, балаларым, Алла оңғарсын,
Іздеңіз, есен болсаң, талай жерді.

Тағына енді патша қайта мінді,
Бұрынғы қалыбындай ойнап-күлді.
— Отыз жылда келесің, есен болсаң,
Падиша баласына уағда қылды.

— Ғинаят Құдай берсе енді бізге,
Қылармыз біз бір қызмет, ата, сізге.
Отыз жыл түгіл, қырық бес болса дағы,
100 Біздерден хабар алмай күдер үзбе.

Балаға ата хақы болды парыз,
Ей, ата, біз айтармыз сізге арыз.
Бата бер енді бізге, ей, жан ата,
Кешіңіз аузымыздан шықса қата.
Дұғаңыз, иншалла, қабыл болар,
Соныңменен біз ғаріпке берсең бата.

Келерміз Құдай қосып тірі болсақ,
Пендеге қайғы деген ауыр салмақ.
Жол болса кешікпей-ақ тез келерміз,
110 Бақұл бол, уағдаңызға өліп қалсақ.

Ей, ата, енді бізге рұқсат бер,
Кезерміз, тірі болсақ, бірталай жер.
Дұғаңыз Хақ қасында қабыл болса,
Біздерді аман сақтар Пәруардигар.

— Рұқсатты, балаларым, бердім сізге,
Қайырлы ғұмыр берсін Алла бізге.
Құдайым ғашық қылды ұшқан құсқа,
Обалың болсын, балам, көрген көзге.

Бұлар ата хақы жол жүріп сапар қылды,
120 Сапарда ол екеуі ойнап-күлді.

Екі ағасы кеткенін білгеннен соң,
Жүгіріп атасына Хасен келді.

— Кетіпті мені тастап ағаларым,
Қайтсең тарқар ішіңнен қайғы-сәнаң.
Екі ағам мені тастап кетіп қалды,
Ей, ата, рұқсат берсең мен де барам.

— Аузыңа осы сөзді алма, — деді,
Қарағым, осы жолдан қалса, — деді.
Бір сағат жүзіңді көрмей тұра алмаймын,
130 Хасенім, бұ сапарға барма! — деді.

— Кетіпті жақсы көрген екі балаң,
Қайырлы ғұмыр берсін Алла Тағалам.
Қызметің бұ дүниеде қыла алмасам,
Ей, ата, Құдай жүзін қайтіп көрем.
— Сенің үшін іздеп кетті екі ұғлым,
Сен барма, тілімді алсаң, ей, құлыным!

Рұқсат атасынан сұрайды енді:
— Бере көр бізге медет, Құдай, — деді.
Жақсы көрген балаңды жібердің, — деп,
140 Зар тұтып Хасен бала жылайды енді.

Ер Хасен жас та болса зерек еді,
Анасы екеуінің бөлек еді.
Хасеннің жылағанын көргеннен соң,
Атасы ақыры рұқсат береді енді.

— Рұқсат, Хасен балам, бердім, — деді,
Аз күнгі қуанышыңды көрдім, — деді.
Жүзіңді тірі болып бір көрмесем,
Көңліме кетпес қайғы алдым, — деді.

Тәуекел бір Аллаға қылдым, балам,
150 Артыңнан жылай-жылай қалдым, балам.
Жүзіңді тірі болып бір көрмесем,
Зар тұтып қайғыменен өлдім, балам!

Қолымнан кеттің, балам, құстай ұшып,
Ағады көзден жасым денем құшып.
Атасы анасы мен зар тұтады,
Баласын «қарағым» деп мойнын құшып.

Падиша Хасен үшін зар еңірейді,
— Көремін қай уақытта, балам, — дейді.
Өлгеніңше азығың болсын сенің,
160 Хасенге қисапсыз алтын берді.

Батыр Хасен бата алып кетті дейді,
Ортада бірталай күн өтті дейді.
Неше күн бұрын кеткен ағасына
Артынан Хасен келіп жетті дейді,

Қосылып енді үшеуі сапар қылды,
Сапарда ойнап-күліп қырық күн жүрді.
Үшеуі қырық күн-түн жүріп келіп,
Бір айыр жол басын келіп қонды.

Сол жерде бір-екі күн қонып жатты,
170 Бір тастан жазуы бар көрді хатты.
Екі ағасы дәнеме байқамайды,
Бұл таста жазу бар деп Хасен айтты.

Ол таста хат жазуын оқып көрді,
Жазуы hәрбір жерден хабар берді.
Тәңір айдап осы жерге келген адам,
Аралар өлмей жүрсе талай жерді.

Хат айтты: «Әуелгі жол — барса келер,
Орта жол — не келер, не келмес Құдай білер.
Төменгі жолға түскен — барса келмес,
180 Не түрлі бәлелерді сонда көрер».

Ағасы Асан айтты: — Болдым науқас,
Басқа жолға түспесем енді болмас.
Үлкен даты, түсейік ашық жолға,
Ойласам, менен гөрі екеуің жас.

Хасен ердің анасы болар басқа,
Келе жатып кім болған ішкен асқа.
Ортаншысы түседі орта жолға,
«Барса келмес» кез болды Хасен жасқа.

Хасен ер «барса келмес» түсті жолға,
190 Сақтайды һәр пендесін жалғыз Алла.
Қара су бірнеше күн сусын болды,
Бір күнде қанбаушы еді шекер-балға.

Аты арып, тоны тозып көп күн өтті,
Аштықтан өлім қаупі келіп жетті.
Жалғыз жүрген күндерін есеп қылса,
Тоқсан күн қисап жетіп, көп күн өтті.

Тоқсан күн аты жүрмей бүгіліп жатты,
Бір жерге күн батқан соң қонып жатты.
Ішінде мұнарадай күмбезі бар,
200 Тауыпты күн батқан соң бір шарбақты.

Қара су шаһзаданың ішкен асы,
Қор болды жолда жүріп ғазиз басы.
Барабар аспан бірлән жасыл күмбез,
Бар екен маңайында алма ағашы.

Көрінді үлкен таудай киіктері,
Күмбездің мұнарадай биіктері.
Аққан су, шыққан ағаш тамашасы,
Қайғының жанға батқан күйіктері.

Хасен ер киіктерге жақын барды,
210 Бір оғын атайын деп қолына алды.
Киіктер адамзаттан қашпаған соң,
«Иә, Алла, не ғажап» деп қайран қалды.

Садағын жиып алып жақын келді,
Киіктер шаһзадаға тағзым қылды.
Бәрі бірдей маңырап зар еңірейді,
Бұл адамзат екенін енді білді.

— Жануарлар, не себептен қашпадыңыз,
Бұл таудан мені көріп аспадыңыз?
Ойлаймын адамзат деп бәріңізді,
220 Зар қылып мені көріп қақсадыңыз.

Құдай-а, медет бергіл ғаріптерге,
Рақым қыл деп тілеймін осыларға.
Қадір Алла, жарылқа бейшараны,
Бұларға адам болар себеп бар ма?

Айрылдым мен де ғаріп жолдасымнан,
Сипайды киіктердің арқасынан,
— Құдай-а, құдіретіңе шарам бар ма,
Айрылдым ата-анам, мал-басымнан.

Киікпен амандасып өтіп кетті,
230 Күмбезге кірейін деп келіп жетті.
Кірсе ішінде жасаулы түрлі тағам,
Аштықтан асайын деп үміт етті.

Басқан күріш, асулы ет пен шарап,
Шаhзада асайын деп қылды талап.
Аштықтан шыдай алмай қол созады,
Ер Хасен жан-жағына қарап-қарап.

Кісісіз таңғажайып қайран қалды,
Азырақ күріш жейін деп ойына алды.
Ұмтылып жасаулы асқа қол созғанда,
240 Сонда біреу ашумен айғай салды.

Үш мезгіл оңтайланды асқа таман,
— Жер құрты, hеш нәрсеге келмес шамаң.
Кісі асын рұқсатсыз кісі асар ма,
Япырмау, ақылың жоқ, неткен адам?!

Бұл сөзге аз қорқады Хасен батыр,
Қайранменен қорқады да, ойлайды ақыл.
Адамға мұның түсі ұқсамайды,
Бір кемпір сондай жаман келе жатыр.

Көрінді аузы ордай, мұрны көрдей,
250 Келеді ашуланып жауап бермей.
Көзі бар шаңырақтай, басы күмбез,
Шаһзада қайран қалды қолын сермей.

Жалғыз көз маңдайында жарқылдайды,
Азуы жау кемпірдің сақылдайды.
Төсінде екі емшегі сүйретпедей,
Соғылып кіндігіне салпылдайды.

Шашы бар төбет иттің құйрығындай,
Мен жас бұ кемпірдің сирағындай.
Құдай-а, өзің медет әйламасаң,
260 Болар ма менің мұнда бұйрығым-ай!

Ер Хасен алды бұған оғын кездеп,
Аз ғана қарап тұрды бойын түзеп.
Зәңгі кемпір бір әпсүн оқып ерді,
Хасенге киік болар келді кезек.

Хасенді киік қылды зәңгі кемпір,
Аңдаусызда қайрат қылмай болды ғапыл.
Сүйтті де өз жөніне жүріп кетті,
Өзіне Құдай берген толымды ақыл.

Жүре түсіп тоқтады Хасен-киік,
270 Қайғымен зар еңірейді іші күйіп.
Әлі де болса барайын кемпірге деп,
Қайтып адам қылар ма Құдай иіп.

Ер Хасеннің жылағаны

— Әй-әй, ата, әй, ана,
Маған рұқсат бердіңіз.
Жаһан кезген мен ғаріп,
Қайғымды менім көріңіз.
Енеке, саған не қылдым,
Ғайыптан маған табылдың.
Айналайын, Құдай-а,

Тәубемді неден жаңылдым.
Бейкүнаһлық қылдырдың,
Кемпірді менге көрдірдің.
Бұл қара құс, мен ақ құс,
Қара құсқа жем қылдың.
Кемпірді маған көрдірдің,
Қайғымен мені күйдірдің,
Медет бер өзің, Құдай-а,
Құдіретіңді білдірдің.

Енеке, маған рақым қыл,
Аударып келді мені жел,
Қаңбақ едім мен ғаріп,
Жақсылық қылсаң өзің біл.

Кемпірден себеп болмады,
Қайғылы Хасен зарлады,
Жалынып пайда көрмеді.
—Құдайға салып қарғайын,
Малғұн сені қарғасам,
Жақсылық берер Құдайым.
Алладан шығар бұ қылық,
Бір өзіңе жылайын.
Құдайға жылап зарлайын,
Қасыңа, кемпір, бармайын.
Себеп болса Алладан,
Дерт болмас ерге уайым.
Шаһарым Шаһборай еді,
Атамды Махмұт дер еді,
Зарланып тілек тілесем,
Құдайым тілек береді.
Адам болып оқ атсам,
Құрт-құмырсқа жер еді.

Ер Хасен киік болып еңірейді зар,
«Құдай-а, рақым қылсаң үмітім бар.
Қанша зарланып айтсам да үндемейсің,
Жүзінде көпір малғұн жоқ екен ар».

Бұл сөзге жаду кемпір ашуланды,
Шыдамай ашуына оттай жанды.
Бір әпсүн жаду кемпір оқып еді,
Шаһзада сөйлейтұғын тілден қалды.

Секіріп киік болып шыға келді,
320 Ер Хасен көңілі бірлән зар еңірейді.
Айтатын адамдықтан кетіп қалды,
«Медет бер мен ғаріпке, Құдай», — дейді.

Ер Хасен көңілі бірлән қайғы ойлайды,
«Құдай-а, рақым қыл», — деп зар жылайды.
«Төңірім себеп қылса, қиын емес,
Жүрейін өз жөніме» деп ойлайды.

Қаңғырып мұнда тұрмай кетпек керек,
Сертіне адам айтқан жетпек керек.
Дұғасы мазлұмдардың қабыл болса,
330 Құдайым өзі рақым қылса керек.

Ер Хасен киік болып қырық күн жүрді,
Құдайым мұндай қиын бейнет берді.
Неше кісіден зейнетті тамашасы
Ер Хасен және дағы күмбез көрді.

Тағы да [бейне] жасыл күмбез көрді,
Қырық күнде алған екен талай жерді.
Аяулы бұрынғыдай не бетім бар,
Осы үйге шаһзадаңыз келіп кірді.

«Жүз есе көркем екен анау үйден,
340 Киік болып, адам едім, кеттім күйден.
Әлдеқандай боламын бұған кірсем,
Кешегі қайғым қайда басқа тиген.

Кірейін енді бұған не де болса,
Не қиын жақсы-жаман Құдай қылса.
Аяулы бұрынғыдай не бетім бар,
О да көп, ақырында жаным қалса».

Қырық түрлі кірсе ішінде тағам даяр,
Не жан бар бір тояйын мұнан аяр.
Ұмтылып жабулы асқа қол созғанда,
350 — Ей, киік, кейін тұр! — деп берді хабар.

— Ей, киік, рұқсатсыз ішпе шарап,
Халіңіз не себептен болды хараб.
Биғаят жүзің көркем ғажап екен,
Мен сені адамзатқа тұрмын балап.

Аяғын бұрынғыдай баса алмайды,
Шаһзада қорқып қалды, қаша алмайды.
Ол үйден жанды нәрсе көрінбейді,
Қайдан шықты дауыс деп аландайды.

Қараса төңірекке, қызды көрді,
360 Ер Хасен қызды көріп зар еңіреді.
Айтуға тілі бармас, не амал қылсын,
Аяңдап, басын шұлғып қызға келді.

— Қылайын бір жақсылық, жігіт, саған,
Қылыпты сені мұндай менім анам.
Кетіпті киік болып сенің жаның,

Хасенді бір үшкіріп адам қылды.
Ер Хасен қалыбына қайта кірді,
Көрсе сұлу бір көркем жігіт екен,
370 — Атыңды айт, атың кім сенің? — деді.

Шаһзада қолы бірлән қылды ишарат.
Сөйлерге сөз болмады тіл бижарат.
— Тіліңе және сұмдық қылған екен,
Берейін «Есім Ағзам», ей, адамзат,

Жазуын оқып берді «Есім Ағзам»,
Қағазды алып жұтты шаһизадам.
Құдайым шипа берсе қиын емес,
Әуелгі қалыбындай болады адам.

— Жайыңды сөйле, жігіт, қай жерліксің,
380 Қызы едім Ахмар пері естісең сен.
Сүлеймен заманында мүмін болған,
Әуелі өз жайымды айтайын мен.

— Атым — Хасен, атамыз — шаһ Махмұт,
Енді, қыз, мен сөйлейін сөзімді ұқ.
Атам көрген түсінде Нұрғазарын,
Сол құсты шығып едім іздейін деп.

Енді, қыз, — Хасен айтты, — сөзім тыңда,
Құданың құдіретімен келдім мұнда.
Атам көрген түсінде Нұрғазарын
390 Табамын қай уақытта, Құдауанда.

— Нұрғазар менікі еді әуел баста,
Жоғарыда сайраушы еді тас қапаста.
Зорлық қып Ғайнижамал тартып алды,
Қайғылы көкірегім, көзім жаста.

Сұрасаң, менім атым — Гүлбаһрам,
Әуелі өз жайымды айтайын мен.
Нұрғазар тұрған жері қиын болар,
Тіл алсаң, осы жолдан қайтыңыз сен.

Шаһбалзир шаһарының падишасы,
400 Жоқ шығар бұ дүниеде тамашасы.
Билегені жын-шайтан, дию, пері,
Олардан құтылмайды жанның басы.

Гүлбаһрам Хасенменен қылды кеңес,
Қорқытыш сөз сөйлейді ертелі-кеш.
— Адам еті мысқалы — бір мың тіллә,
Ол жерге бір адам барған емес.

Мысқалы бір мың тіллә болады арзан,
Ақша арам жол сатуға бермей қалған.
— Тіл алсаң кері қайтыңыз, шаһи Хасен,
410 Басыңнан жұда болұр осы жалған.

Әуелі батыр Хасен киік болдың,
Мен саған Құдай оңдап, душар болдым.
Бейнетіңе Тәңірім шипа беріп,
Адамзат қалыбыңмен ойнап-күлдің.

Баласы шаһи Махмұт Хасен батыр,
Бір сөзі мың тілләлік балдай татыр.
Мен енді ғашық болдым, қалқам, саған,
Басыма түсіп кетті ақырзаман.

Мен енді ғашық болдым, қалқа, саған,
420 Қарағым, бір жақсылық қылшы маған.
Тылсымменен талай жерді көріп едім,
Көрмедім бұ жалғанда сендей адам.

— Айтып ем атам патша Махмұт шаһ,
Енді мен сөз сөйлеймін, сөзімді ұқ.
Уағда әкем бірлән қылып едім,
Уағдам хилаф болғаннан өлгенім құп.

— Бірге бол, шаһи Хасен, меніменен,
Айырылман тірі болсам енді сенен.
Қарағым, мені мұнша еңіретіп,
430 Көңілің не себептен қалды менен?

— Тұрмаймын зар қылсаң да, Гүлбаһрам,
Асылың сен перізат, мен адамзат.
Нұрғазар сандуғашты іздеп жүріп,
Тәңірі айдап мекенге келдім саған.

— Қарағым, не боламын сенен қалып,
Барады көрген сайын ішім жанып.
Бек қатерлі жер еді Зер шаһары,
Соны қайғы қыламын есіме алып.

Көзімнен, Хасен қалқам, төгілер жас,
440 Не сөйлесең сөзіңе боламын мас.
Жын-шайтан, дию, пері — бәрі сонда,
Мың бір жаның болса [да], бірін қоймас.

— Өлгенше Нұрғазар деп боламын зар,
Құдай қосса табармын деп үмітім бар.
Қонақ болып тұрамыз шаһарында,
Қолымда бейнет деген дәулетім бар.

Ағайынды үшеу едік үйден шыққан,
Бір тастан алдық хабар жазған хаттан.
Уағда атамызбенен қылып едік
450 Дұрыс тілек тілеймін жалғыз Хақтан.

Көңілім Нұрғазарды көрсем тынар,
Ол құсқа атам болған түсте құмар.
Ол құсты енді іздемей мұнда тұрсам,
Уағдам Хақ қасында хилаф болар.

Гүлбаһрамның Хасенге айтқан жері

— Қарағым, қалқам, әй, Хасен,
Көремін сені мен қашан?
Алла сені қосар ма,
Күні-түні зарласам?!
Құсқа ынтызар атаңыз,
460 Хақ қасында ұнамас,
Уағда қылған хатыңыз,
Не қылсаң да өзің біл,
Қайғылы болып жатамыз.
Ақсұңқар едің тордағы,
Киік едің қолдағы,
Қарағым, Хасен, өзің біл,
Мен қонақ едім жолдағы.
Әй-әй, Хасен, әй, Хасен,
Ғайып болдың қасымнан.
470 Қайғың кетпес басымнан,
Бір күнгідей болмады,
Көп қызық көрдім жасымнан.
Айналайын, әй, Хасен,
Сөзіңе көңілім қанар ма?
Ғашықтар ісі — дишуар,
Қайғы бір мұндай болар ма?

Бір Тәңірден тіледім,
Қайғыға көңілім тынар ма?

Нұрғазар жер мен көктің арасында,
480 Шаһзадам, жалғыз іздеп барасың ба?
Тура жүрсең жетерсің тоқсан күнде,
Құрманың ұялаған ағашында.

— Гүлбаһрам, енді маған рұқсат бер,
Және жауап сөйлейін, қасыма кел.
Сені нәумез қылмаспын тірі болсам,
Жаныма саулық берсе Пәруардигар.

— Сен енді тоқтамайсың, батыр Хасен,
Уайым көп, сөйледім, маған нансаң.
Күндіз-түнде қайғылы мен бейшара,
490 Неках қыл, тым болмаса, тілімді алсаң.

Бұл сөзін шаһизада түзік білді,
Сол жерде шаһзада оны неках қылды.
Гүлбаһрамның көңілін тындырған соң,
Екеуі және қырық күн ойнап-күлді.

— Гүлбаһрам, мен жүрмесем енді болмас,
Екеуміз Құдай қосып болдық жолдас.
Уағда атам бірлән қылып едім,
Сол құсты іздемесем енді болмас.

Атамның қарай-қарай талды көзі,
500 Ердің екі бола ма айтқан сөзі.
Гүлбаһрам тірі болсам алдамаспын,
Атамның өлетұғын болды кезі.

Жүрейін, Гүлбаһрам, рұқсат берсең,
Бұ көңлім, сірә, қанбас қанша көрсем.
Уағдасы атам айтқан өтіп кетті,
Мойныма қарыз болар тұра берсем,

Бас тартып, сірә, қайтпан осы жолдан,
Сөзім бар уағда қылған атамменен.
Дәулет жетіп болса да осы жолда,
510 Бәрі де хүкім иесі бір Алладан.

Гүлбаһрам, мен жүрмесем енді болмас,
Кез болмас сен секілді қиылған қас.
Не жын-шайтан, дию, пері бар десең де,
Құдайым аман қылса, қиын емес.

— Нұрғазар жер мен көктің арасында,
Құрманың ұялаған ағашында.
Тура жүрсең, жетерсің тоқсан күнде,
Теңіздің Чорнай мора* жағасында.

Гүлбаһрам рұқсат берді Хасен ерге,
520 — Не көрсең де жүрерсің талай жерге.
Неше қиын дария, тау-тастар бар,
Өз обалың өзіңе, менен көрме.

Тұрмайды шаһизада көңілін бөліп,
Жігітке қыз тұрады көңіл беріп.
Кетпес деп ойлайды бұл жігітті,
Қыз ақылын айтады қайта келіп.

Тұрмайды шаһизада көп кеңеске,
Уағдасы атасының түседі еске.
Уайым көп сөйлейді Гүлбаһрам,
530 Хасенді өз қасынан жібермеске.

Құдай-а, берме бейнет жігіт жасқа,
Қайғы бөгеу болады ішкен асқа.
Гүлбаһрам қанша уайым етсе дағы,
Бел буды Хасен батыр тоқтамасқа.

Амалсыз берді рұқсат Гүлбаһрам:
— Қиын-ды барар жерің көңілге алған,

* Қара теңіз

Айрылман деп ойлаушы ем, Хасен қалқам,
Өлмей тірі қаламын ұялғаннан.

Гүлбаһрамның жыры

—Әй, Хасенім, Хасенім,
540 Елу күн бірге жасадым.
Айрылман деп ойлаушы ем,
Ғайып болдың қасымнан.
Көңілімді қайтып шешесің,
Рұқсат алып шығарсың,
Айтқан сөзімді ұғарсың,
Жаһан кезіп жүруге,
Қарағым, Хасен, құмарсың.
Атқа мініп желерсің,
Бейнетсіз үш ай жүрерсің,
550 Тәңірім тура жол берсе,
Бір асусыз тауға барарсың.
Амалдап шығып қарарсың,
Бір үлкен ағаш көрерсің,
Қарағым, Хасен, бұл сөзді,
Көңіліңе махкам аларсың.
Жаратқан Тәңірім жар болса,
Ол ағашқа барарсың,
Басында болар бір ұя,
Тамаша қылып қарарсың.
560 Ол Самұрық құстың ұясы,
Жол бермес таудың қиясы,
Ағаштың халі сол болар,
Он мың ерге кең қоныс,
Сыйып шығар саясы.
Ол ағашқа Самұрық
Һәр жылда тұқым салады,
Ұзындығы мың құлаш
Бір айдаһар қаза қылып,
Баласын жылда алады.
570 Қайтып келсе бала жоқ,
Бейшара болып Самұрық
Зарланып сонда қалады.

Сапарыңды қоймайсың,
Айтқаныма болмайсың,
Не хайла сізге болады?!

Сол құстан болар себеп аман жетсең,
Жүріп бақ, амал бар ма, уағда етсең.
Ер Хасен, бір Аллаға тапсырамын,
Бұл жолдан аман қайтып, тастап кетсең.

580 Самұрық сонда саған рақым етер,
Дос болсаң көңіліндегі қайғың кетер.
Жеті дария дегені үлкен қатер,
Бәрінен аман-есен алып өтер.

Әуелі жеті дария — от дария,
Азабы көрмегенге [көп] дария.
Жеті дария жолы бар жеті жылдық,
Қиын-ды адамзатқа бек дария.

Әуелі — от, екінші — су, үшінші — топырақ,
Төртінші — боран, бесінші — топан.
590 Жеті дария жолы бар жеті жылдық,
Өте алмас жаһыт қылса һеш адамзат.

Табарсың, сонан өтсең, ол құсыңды,
Бейнетпен бек көбейттім жұмысыңды.
Қосылған ғашық болып, қалқам Хасен,
Көремін қай уақытта мен жүзіңді.

Керегін Гүлбаһрам әзір етті,
Қиналып пәруана боп зар еңірепті.
Зарланып Гүлбаһрам айтты сонша,
Болмай-ақ рұқсат алып жүріп кетті.

600 Жолына батыр Хасен жүріп кетті,
Гүлбаһрам тоқтай алмай зар еңіреді.
Тоқсан күн жол [азабын] көріп қатты,
Бір үлкен биік тауға келіп жетті.

Сексен күн тауда жүрді шыға білмей,
Жүреді жаһыт қылып көңілін бөлмей.
Жолында Нұрғазарын ғаріп болып,
Сарғайды шаһизада ойнап-күлмей.

Хасеннің Құдай берген ақылы зерек,
Шаһзада атасынан туған бөлек.
610 Үш айда тау басына азар шықты,
Көрінді ар жағында бір бәйтерек.

Мың кез бар жуандығы ол ағаштың,
Бейнеті әуел қанша ғаріп бастың.
Басында мұнарадай бір ұя бар,
Баласы Самұрықтың екі басты.

Қасына ол ағаштың жетіп келді,
Ұяда балапан бар, көзі көрді.
Қанша күн жол бейнетін тартқан байғұс
Саяда «иә, Алла!» деп жатады енді.

620 Саяда жатып Хасен демін алды,
Тыныығып, демін алып ұйықтап қалды.
«Айдаһар!» деп балапан жылаған соң,
«Иә, Алла! Не болды?» деп қайран қалды.

Ер жігіт не көрмейді күн-түн қатса,
Ғаріптік қиын екен жанға батса.
Жоғарыда зар илеген үн шығады,
Саяда батыр Хасен ұйықтап жатса.

Келген соң ащы дауыс, көзін ашты,
Өлімге берік байлап ғазиз басты.
630 Тұра келіп қараса балапанға,
Бұршақтай екі көзден төкті жасты.

Ағашқа өрлеп барады бір айдаһар,
Медет бер мен ғаріпке, Қадір Жаппар.
Қару қылып қарайын тым болмаса,
Бұрыннан өзің берген қайратым бар.

Қасына айдаһардың жетіп келді,
Үлкен дұшпан екенін енді білді.
«Төңірім, медет бер» деп шауып еді,
Қылышпен айдаһарды екі бөлді.

640 Қылышпен айдаһарды бөліп салды,
Дұшпанға қаза жетіп өліп қалды.
Батыр Хасен жем қылды балапанға,
Балапандар ақ майға тойып қалды.

Ер Хасен тауға шығып және жатты,
Тыныгып, демін алып ұйықтап қалды.
Құданың құдіретіне қараңыздар,
Жел шығып, бұршақ жауып дауылдатты.

Жастық қылып жатып қалды қара тасты,
Жиреніп күн жауған соң көзін ашты.
650 Аз жауып, жел басылып, күн ашылып,
Ағашты солқылдатып бұлт басты.

Күркіреген күндей болып келіп қонды,
Бұл Самұрық екенін енді білді.
Аяғының тырнағы он бес құлаш,
Жүз бұғы аяғында, көзі көрді.

Қорқады батыр Хасен құс келген соң,
Бересің қандай қаза Құдайым деп.
— Қанша тамақ жеңдер, балаларым,
Тойғаныңша бірнешесің жеңіздер, — деп.

660 — Жемейміз тойып тұрмыз біздер, ана,
Енді сөз сөйлелік, бермен қара.
Қазадан қуаныш боп тірі қалдық,
Ғайыптан тамақ берді Алла Тағала.

Самұрық айдаһарды көрді көзі,
Самұрықтың айдаһар сөйлер сөзі:
— Балаларым, не қайрат қылдың бұған,
Лайықсыз залым еді мұның өзі.

— Кей пенде дұшпанға дост, достқа — дұшпан,
Тәңірі айдап бір қонақты Құдай қосқан.
670 Бізге жау айдаһарды ол өлтірді,
Ей, ана, сол себептен болдық бостан.

Анқа құс оңтайланды Хасен ерге,
Көңілі алып кетті һәрбір жерге.
Зар илеп балапандар тұра келді:
— Ей, ана, не қылғаның, мұның жөн бе?

Жұтқалы ол айдаһар келді бізге,
Ей, ана, құлағың сал мына сөзге.
Тәңір алдында бересің не деп жауап,
Досқа дұшпан болғандай нешік сізге?

680 Бұл сөзге балаларының қылды сабыр,
Ғұзыр қылып Анқа құсты тоқтатты ақыр.
Көлеңкесі түседі күндік жерге,
Саясын қанатының қылды шатыр.

Қорқып батыр Хасен жұмды көзін,
«Иман бер мен ғаріпке, Алла Тағалам.
Өлтірмей маған шипа қылмас енді,
Енді менің өлетұғын келді кезім».

Самұрық мұны біліп қылды жауап:
— Көзіңді аш, бекер қорықпай, ей, адамзат!
690 «Жақсылыққа — жақсылық» керек болар,
Мен де саған жәрдемші болсам керек.

Орнынан батыр Хасен түрегелді,
Анқаға түрегеліп сәлем берді.
Самұрық адам тілін біледі екен:
— Уағалейкумассалам, адам! — деді.

— Сіз мақұлықтың патшасы Шаһимарған,
Жауап бер деп бұйыруың енді маған.
Жол қылмақ сізден болар, Құдай қосса,
Тәңір айдап мекеніңе келдім саған.

700 — Сөзіңді айт, мұнда келдің не себептен?
Болғанда қызмет бізден, медет Хақтан.
Неше сайыпқыран ерге жолдас болдым,
Һеш пенде қор болмаған мені тапқан.

Сөйлейді сонда жауап батыр Хасен:
— Сөйлейін бастан-аяқ маған нансаң,
Бар мұңымды айтайын енді сізге,
Кез қылды мені сізге Алла Тағалам.

Түсінде көріпті атам үлкен шаһар,
Жіберді Қадір Алла бізге пәрман.
710 Ішінде сол шаһардың сарай көрген,
Күзетші есігінде жүз мың дию бар.

Сол үйге кіріп келген жаннан шошып,
Жіберді Қадір Алла бізге нәсіп.
Сол үйге тамаша қылып қарап тұрса,
Тұр екен һәрбір түрлі жеміс пісіп.

Ол үйдің кірпіші бар зүбәржаттан,
Мәтшасы саф алтын мен шын жақұттан.
Үстінде алтын тақыттың, атлас көрпе
Ішінде бір пәк зер ұйықтап жатқан.

720 Аспанда көзі гауһар жұлдыз көрген,
Ылайық қасы қара құндыз көрген.
Күлгенде гүл төгілер табақ-табақ,
Ішінде алтын қапас бір құс көрген.

Ол құстың аты болар — Нұрғазарын,
Келтірді мені мұнда Құдірет Кәрім.
Құсты іздеп атам үшін келіп едім,
Иә, тақсыр, сізге айтатұғын осы зарым.

Ағайынды үшеу едік үйден шыққан,
Бір тастан алдық хабар жазған хаттан.
730 Құлақ салып тыңдасаң бұ сөзімді,
Һеш қайғым жоқ болады соны тапсам.

Хат айтты: «Әуелгі жол — барса келер,
Орта жол — келер-келмес, Құдай білер.
Төменгі жолға түскен — барса келмес,
Не түрлі бәлелерді сонда көрер».

Сол тастан хат жазуын оқып көрдік,
Айрылмай не ғажайып Құдай дедік.
Үш жолды үш айырып тас сөйледі,
Үшеуміз сонда тұрып жолды бөлдік.

740 Жолды алды «барса келер» үлкен ағам,
Соларды не қылды екен Алла Тағалам.
«Барса келмес» кез болды сонда маған,
Орта жолды таңдады ортаншы ағам.

Падиша атам Махмұт, атым — Хасен,
Көп болды мен шыққалы әлдеқашан.
Менің көрген қорлығым толып жатыр,
Айтайын бар мұңымды құлақ салсаң.

Бір күні атам жатып түс көріпті,
Адам айтып болмастай іс көріпті.
750 Сипат қылып қиындығын айтып болмас,
Мұны қайдан табам деп күш көріпті.

Ол құстың аты болар Нұрғазарын,
Келтірді мені мұнда Құдірет Кәрім.
Айтуға өлшеу қылып тіл жетпейді,
Айтайын қалай қылып оның бәрін.

Ол құстың шарбағы бар сарай алтын,
Он күн айтсам таусылмас оның қалпын.
Гауһар, жақұт тастар, інжу, маржан,
Шыққан шөбі құмай-ды, жері салқын.

760 Сонан да артық деп айтады құстың түсін,
Иә, тақсыр, көп жол жүріп кетті хошым.
Күлгенде гүл төгілер деп айтты атам,
Иә, тақсыр, қалай деме Құдай үшін.

Әуел атам мұны көріп болған ғашық,
Қор қылған өзін-өзі төгіп-шашып.
Дертіне ғашықтықтың шыдай алмай,
Жүре алмас түрегеліп қадам басып.

Мен келдім бұ қорлықпен талай жерден,
Бейнетім толып жатыр көзім көрген.
770 Дертіне ғашықтықтың шыдай алмай,
Бір ескі моншаның күліне енген.

Атамды сол ғашықтық тентіреткен,
Түбіне көп адамның қайғы жеткен.
Мал-мүлкін, патшалығын талақ қылып,
Көп халыққа бал аштырып тентіреткен.

Балшы, бақсы, молдалар кітап ашқан,
Бейнетті аяқ-қолды қайғы басқан.
«Зер шаһары, — деп айтады бал ашқандар, —
Мұны іздеген қаңғырып өледі аштан».

780 — Иә, тақсыр, сіз білерсіз Зер шаһарын,
Келтірді мені мұнда Құдірет Кәрім.
Не қылсаңыз, Шаһимарған, енді өзің біл,
Қайғымды көзім көрген айттым бәрін.

Болғанда қызмет бізден, медет Хақтан,
Ғашық боп атам түскен алтын тақтан.
Тәңірі айдап мекеніңе келдім, тақсыр,
Енді өлсем арманым жоқ сізді тапқан.

Хасенге Самұрық құс жауап берді:
— Ол шаһарда жын-шайтан, дию-пері,
790 Нұрғазар тұрған жері — Зер шаһары,
Ғеш пенде бара алмайды, қиын жері.

Адамның мысқал еті мың сом күміс,
Ол жерге ғешбір адам барған емес.
Арада жеті дария жылдық жолы,
Әй, [Хасен], бұ қызметің қиын жұмыс.

Атасы Ғайнижамал — дию патшасы,
Біреудің қыз да болса байбатшасы.
Перілер бара алмайды адам түгіл,
Мекені — жер мен көктің тап арасы.

800 Атасы Ғайнижамал — дию патшасы,
Біреудің қыз да болса байбатшасы.
Перілер бара алмайды адам түгіл,
Шаһардың айналасы — от дариясы.

Дарияның беті жылы, түбі салқын,
Асыл тас арқалығы, тіреуі алтын.
Дүниенің зейнеті бәрі сонда,
Ауызбен айтып болмас оның қалпын.

Шаһзада, кіл қайтыңыз бұл арадан,
Түсінде атаң Махмұт нағып барған.
810 Барса келмес қиын жол әлі алдыңда,
Жұмысың қиын екен көңліңе алған.

Бұл сөзге Хасен [батыр] еңірейді зар,
Зар еңіреп, есі кетіп болады дал.
— Жәрдем етсең, Құдайым медет берер,
Сол құсты табармын деп үмітім бар.

Рақымы Анқа құстың келіп кетті,
Құдай-а, күдіретің қандай епті!
— Неше қиын, тар жерді көп сөйледім,
Шаһзада, енді менен көрме, — депті.

820 Ендеше, ап келейін марал, бұғы,
Хасеннің естен кетпес өткен күні.
Шөлдетер от дариясы өткен күнде,
Бітеу сой көп іремей енді мұны.

Бұл сөзге шаһизада көңілі толды,
Анқа құс бұғы, марал алып келді.
Сирағын біраз ғана іреді де,
Айтқанындай [оларды] бітеу сойды.

Салады Самұрыққа шын ықылас,
Кітаптан көріп едім, бәрі де рас.
830 Жеті мес су, жеті аңның етін артып,
Самұрық «иә, Құдай» деп салды құлаш.

Самұрық зырлап ұшты жоғары өрлеп,
Құдай-а, бейшараға медет бер деп.
Жоғары өрлеп Самұрық ұшып еді,
Хасенге жауап айтты «жерді көр» деп.

Көрінді дүние жүзі дастарханда й,
Өлімге берік байлап ғазиз жанды-ай.
— Жоғары көкке таман келіп қалдық,
Перілер сиқыр соғар әлдеқандай.

840 Келеміз, Хасен батыр, әлі төмен,
Адамға қандай дұшпан пері мекен.
Жоғарырақ ұшайын әлі де болса,
Құлама бірақ өзің енді менен.

Самұрық тағы екі күн жоғары ұшты,
Құс еді екі басты сондай күшті.
Жоғары ұшқан күнін қисап қылса,
Отыз күн күні-түні болды десті.

— Қарашы енді, Хасен, жерге таман,
Көрінер дүние жүзі енді саған.
850 Перілер сиқыр бірлән қасад қылады,
Сақтай көр біз пақырды, Алла Тағалам.

Көрінді дүние жүзі бір табақтай,
Жылайды медет бер деп жалғыз Хақтан.
«Дост қылдың ұшқан құсқа жәрдем етіп,
Құдай-а, айналайын, өзің сақта!»

— Келеміз, Хасен батыр, әлі төмен,
Сен енді Құдайыңнан қорықпаймысың.
Періштеге тәспиқ етсең дәнеме етпес,
Жерінен Зұлмат деген қорқамын мен.

860 Тағы да не көрінер, төмен қара,
Хабарсыз шайтан ісі, Хасен бала.
Мың сиқыр бір адамға келсе дағы,
Зиян етпес, сақтаса Алла Тағала.

— Көк жағын жақынырақ көрдім дейді,
Қараңғы жердің жүзі көрінбейді.
Медет бер біз ғаріпке, Жаппар Құдай,
Ұшуға Самұрық құс ерінбейді.

Астымыз от дариясы — дию жері,
Келген жоқ бұл араға ердің ері.
870 Алпыс күн күні-түні болды бізге,
Келеміз жоғары ұшып сонан бері.

Жеті тылсым дария — дию жағы,
Айлық жерден иіс алар оның сағы.
Азғырылса адамзат құтылмайды,
Мың бір жаның кеудеңде болса дағы.

Өтіпті бір күн онан кейін тартып,
Қиын жер адамзатқа қандай нәзік.
Екінші — су дария кез болады,
Хасеннен қарны ашқан соң тілейді азық.

880 Самұрық құс ас ішіп, тамақ жеді,
«Бере көр бізге медет, Құдай», — деді.
Ұшады тау қаңбақтай, тас бұршақтай,
Мәлік Хасен: — Бұ не ғажап боран? — деді.

Тоқтамай ол бір демде өтіп кетті,
Өткен соң күн ашылып, боран кетті.
Көлденеңнен құс ұшып өте алмайды,
Бір үлкен шалқар көлге келіп жетті.

Самұрық жаһыт қылып онан да өтті,
Көрмейді жүрген адам нені депті.
890 Қанаты ұшқан құстың күйіп кетер,
Төртінші — Топырақ деген жерге жетті.

Тоқтамай ол жерден де өтіп кетті,
Бесінші — Топан деген жерге жетті.
Ұшады Самұрық құс қайрат қылып,
Топаннан жұлдыздай боп ағып өтті.

Топаннан жұлдыздай боп ағып өтті,
Алтыншы — Йанап деген жерге кепті.
— Алтауын есіме алмай өтіп едім,
Бір дария алдымызда қиын, — депті.

900 Мен ұшып көріп едім жер мен көкті,
Бала менен Құдай ісі құдіретті.
Алтауынан азабы қиын болар,
Жетінші дария аты — Зұлмат, — депті.

Шаһзада жетінші қиын жерді көрді,
Тілегін ер Хасеннің Құдай берді.
Алпыс күн күні-түні ұшып келіп,
Зұлмат деген дарияға келіп кірді.

Азығы арқасында бір-ақ марал,
Қонуға мекені жоқ жетпейді арал.
910 Бір марал үнем қылып сақтар еді,
Қарны ашып, Самұрықтың құрыды хал.

— Шаһзадам, тамақ берші, халім бітті,
Алпыс күн ұдайы ұшып әлім кетті.
Беруге қолына алды ет пен суды,
Қолынан аңдаусызда түсіп кетті.

Азығы Самұрықтың түсіп кетті,
Әлсіреп қарны ашқан соң, қуғындапты.
Қорыққан жан шыға ма, жамағаттар,
Шаһзада қорыққаннан зар еңірепті.

920 Шаһзада қорыққаннан еңірейді зар:
— Құдай-а, рақым қылсаң үмітім бар,
Оның өзі Зұлматтың дариясы,
Анқадан әлі кетіп құрыды хал.

Сасқан соң екі қоңын ойып салды,
Тамақ жеп Самұрық құс қуаттанды.
Қайратпен жанталасып еді ұшып,
Зұлмат деген дариядан өтіп қалды.

Күні-түні алпыс бес күн ұшып барды,
Ер Хасен жерге түсіп демін алды.
930 Рас қатты көргені ол емес пе,
Қонған соң Самұрық құс талып қалды.

Қонған соң Самұрық құс талып жатты,
Жаралы шаһизада қайран қалды.
Самұрық бір күн, бір түн талып жатты,
Тынығып есін жиып демін алды.

— Мен жедім алты мес су, алты марал,
Бірі түсіп кеткен соң, құрыды хал.
Шаһзада, рас айтшы немене еді,
Соңғы жеген тамағым татыды бал.

940 — Тентіреп сізді таптым талай жерден,
Бейнетім толып жатыр көзім көрген.
Өтірік неге айтайын, Шаһимарған,
Екі қоңым еті еді кесіп берген.

Самұрық бір сипады қанатымен:
— Ей, Хасен, қанша айтсаң да ер едің сен,
Қанаты Самұрықтың дәру болып,
Жетілді бірдей болып ана етімен.

Болғанда алпыс бес күн түсті барып,
Тынықты жерге түсіп Хасен ғаріп.
950 Ер Хасен аунап-қунап үш күн жатты,
Қарайды төңірекке көзін салып.

Бір шаһар көрінеді жасыл жауһар,
Кірпіші лағыл, жақұт, өңшең гауһар.
Адамзат мұндай шаһар салған емес,
Жарығы күндік жерден оттай жанар.

Сөйлейді сонда жауап Анқа палуан:
— Бұл шаһарды өңшең пері, дию салған,
Нұрғазардың шаһары осы болар,
Адамзат жетеді екен талап қылған.

960 Бұл шаһардың патшасы Рухшаһбал,
Бәрі де дию, пері, жын-шайтандар.
Бәрі ұйықтап жатады қырық күн өліп,
Ояу болса бәрі де аспанға ұшар.

Осыдан ояу болса, бір қоймайды,
Дәл қырық күн, бір ұйықтаса, тірілмейді.
Ұйқыда жатқан күнде түсер болсаң,
Басын кесіп, қанын төксең оянбайды.

Махкам ұқ, Хасен балам, бұ сөзімді,
Жаратып оңтайлайын мен өзімді.
970 Бәрі де ұйықтап жатыр осы күнде,
Тапсырдым бір Құдайға енді өзіңді.

Тапсырдым бір Құдайға, балам Хасен,
Іздеген құс кез болады, қорықпай барсаң.
Қызын қатын қылсаң да, оянбайды,
Асылы осы сөзімнің, тілімді алсаң.

Бұ сөзбенен жөнеледі Хасен батыр,
Жын-шайтан бәрі бірдей ұйықтап жатыр.
Адамға қандай қиын көрмеген жер,
Көңілі бөтен болып келеді ақыр.

980 Самұрық көп өсиет, ақыл берді,
Шаһарға шаһизада келіп кірді.
Қолында үлкен таудай шоқпары бар
Қамап тұрған күзетшіні көзі көрді.

Оянса, басқа шабар дию кәпір,
Күзетшісі, аспазшысы ұйықтап жатыр.
Адамға қандай қиын көрмеген жер,
Көңілі бөтен болып келеді ақыр.

Болады шаһзаданың көңілі бекем,
Зер шаһары Қап тауының астында екен.
990 Күзетші қақпасында жүз мың пері,
Жын-шайтан, дию, пері қылған екен.

Аралап көрді Хасен неше алуандар,
Бәрі де ұйықтап жатыр жын-шайтандар.
Бір тақыттың үстінде Шаһбал патша,
Айнала жүз мың жатқан палуандар.

Онан да шаһизада озып барды,
Қанша іздеп барған құсын таба алмады.
Аққан су, жердегі тас, шыққан ағаш,
Тұрады тамаша қып шынар талды.

1000 Қорықпай-ақ ол шаһарды аралайды,
Аралап сандуғашты таба алмайды.
Алтындай күміс қақпа жарқылдайды,
Барғалы оған таман ой ойлайды.

Сол екен есігін ашса Ирамбағы,
Жан тоймас қызығына бақшадағы.
Ол бақшада төрт аяқты бір тақыт бар,
Үстінде бір қыз жатыр сүттей ағы.

Еті бар, қарап тұрса, жауған қардай,
Ауызбенен айтып болмас бұ жалғанда[-ай].
1010 Қасында қырық қыздар ұйықтап жатыр,
Адас қып тұрды сонда есі қалмай.

Сандалып тамаша қып қарап тұрды,
Жасаулы тоқсан түрлі тағам көрді.
Оянбайды деген сөз есінде бар:
«Арылтып аралайын енді мұны».

Арасын ол бақшаның аралайды,
Аралап сандуғашты таба алмайды.
Кіргелі ол шаһарға үш күн болды,
Төртінші күн қарыны ашып қалжырайды.

1020 Бір шыны ішейін деп шарап алды,
Ер Хасен жан-жағына қарап алды.
Аузына ішейін деп қол созғанда,
Сонда біреу «[ары] тұр » деп жауап айтты.

Сол жерде шаһизада қорқып қалды,
Өлімді қорыққан соң есіне алды.
Жан-жағына қараса көрінбейді,
Қайдан шыққан дауыс деп аланДайды.

Қорқып кейін тұрады екі қабат,
Сөйтсе де ішейін деп қылды талап.
1030 Не қыларын білмейді Хасен батыр,
Бір нәрсе жоғарыда күлді сақ-сақ.

Тұр екен жоғарыда Нұрғазарын,
Жақұттан жасатыпты қапастарын.
Ол құсты көргеніне қуанды енді,
Ұмытты өтіп кеткен қайғыларын.

Ер Хасен қол созады сандуғашқа,
Тұр екен таң қалғандай бір қапаста.
— Келіп ем, Нұрғазарын, сенің үшін,
Көңілімде тілегім жоқ сенен басқа.

1040 — Қапасым менің тұрған шын зүбәржат,
Қол созба мені алам деп, ей, адамзат.
Ашулансам сайраймын ащы қылып,
Оянар дию, пері қылсам фариад.

Табылмас шын оянса мысқал етің,
Сен мені алып кетіп қылма жетім.
Өлімге қызғанбаймын, ей, адамзат,
Сенің де аппақ екен екі бетің.

— Түсінде көріпті атам бір күн сені,
Мекенің мұнда тұрған Ирамбағы.
1050 Оянса өңнен, ұйықтаса түстен кетпес,
Жіберген сені іздетіп атам мені.

Айтайын, Нұрғазарын, өткен сөзім,
Менің атым — ер Хасен жаһан кезген.
Сенің қайғың атама өтіп кеткен,
Тақтан, тәжден, халқынан қабат безген.

Ағайынды үшеу едік бірге туған,
Сені іздеп мен бейшара дүние қуған.
Рақым, шапағат етсеңіз, өзіңіз біл,
Сенің үшін өз жанымды қылдым құрбан.

1060 Тауыса алман бөтен жерде жауап сөйлеп,
Анқадан Құдай оңдап болды медет.
Жеті тылсым дариясынан он төрт жылда,
Солардан қанша қиын көрдім бейнет.

Аузыңнан күлгеніңде төгілер гүл,
Дүние өте шығар бір қызыл жел.
Менің көрген қорлығым толып жатыр,
Қарағым, Нұрғазарын, енді өзің біл.

— Қой, Хасен, мен бармаймын не қылсаң да,
Табылмас мұндай мекен бұ жалғанда.
1070 Жын-шайтан, дию, пері, сол Шаһрух
Шаһбал патшамыз — бәрі мұнда.

Менің ием Ғайнижамал пері деген,
Ей, Хасен, қанша айтсаң да артық сенен.
Адамзат өзі топырақ, опасыз халық,
Бармаймын, үмітіңді үз енді менен.

Өлерсің, жын оянса, менен көрме,
Ей, Хасен, мені жүр деп айта берме.
Барабар ай [мен] күндей Ғайнижамал,
О дағы ас ішпейді менсіз бір де.

1080 Кетпеймін, — деді, — ғайни кауан,
Жалғанда тіпті тумас осындай жан.
Тезірек пері оянбай жөніңді тап,
Мені жүр деп айтуды қой, батыр Хасен.

Айтпаймын енді, Хасен, саған жауап,
Бармаймын мінгізсең де алтыннан тақ.
Өзіңнің биттей қаның жерге тамбас,
Мысқал етің мың тіллə, жөніңді тап.

— Ойласам, кім бұзады Құдай ісін,
Мен келдім жаһан кезіп сенің үшін.
Жеті тылсым дарияңнан өтіп келдім,
Нұрғазарын, жүрмейсің Құдай үшін.

Тұрады батыр Хасен көңілін жойып,
— Жүр дегенде кетеді ішім күйіп.
Жын-шайтан, дию, пері әмірімде,
Қайтіп тастап кетемін көзім қиып.

Хасеннің Нұрғазарға айтқан жыры

Енді Хасен жырлайды,
Қорқып қарап тұрмайды.
Қандай қылып айтса да,
Мойнын тұтас бұрмайды.
Зарланады ер Хасен:
— Кел, жүріңіз тіл алсаң,
Сәргардан болған бұ көңілім,
Тынар еді сіз барсаң.
Отыз жыл жүрдім сәргардан,
Шығар ма екен бұл арман,
Қай жер базар болмайды,
Бұ дүниеде сіз барсаң,
Сіз жүрген жер ұжмақтай.
Ботадай Хасен боздайды,
Бекініп бұ құс тұрса да,
Сүйегін құстың босатты.
Сүйегінің білді қозғанын,
Жұруге көңіл бұрғанын.
Өнерлі еді қызыл тіл,
Көріңіз тілдің озғанын.
Жұруге бұ құс қозғалды,
Құс жолдасы қыз қалды,

Қаншадан құспен жолдас қыз
Кете алмай қиып сандалды.

1120 Нұрғазарға Хасен айтты: — Сөзім тыңда,
Құдайдың құдіретімен келдім мұнда.
Ғашықтықтан атамыз өліп кетсе,
Не деп жауап бересің Тәңір алдында.

Болмайды аумас көңіл арбаған соң,
Адамға не табылар бармаған соң.
Енді құстың көңілі еріп кетті,
Шаһзада мұңын айтып зарлаған соң.

— Апырмау, қиын екен, бармай қалсам,
Құдай-а, құдіретіңе жоқ-ты шарам.
1130 Енді саған айтайын, батыр Хасен,
Не айтқан әміріммен тілімді алсаң.

Менім ием Ғайнижамал ұйықтап жатқан,
Теңі жоқ бұ жалғанда перізаттан.
Ерлік қылып, белгі сал енді бұған,
Ылайық сені көрдім адамзаттан.

Шаһзада, осы қызға қорықпай бар,
Қолында белгі болсын жүзігін ал.
Өз жүзігің орнына жақсы болар
Сен дағы Ғайнижамал қолына сал.

1140 Қасына Ғайнижамал барды дейді,
Жүзігін қолындағы алды дейді.
Ғайнижамал жүзігін алғаннан соң,
Ер Хасен өз жүзігін салды дейді.

— Ер Хасен, мал да аманат, жан да аманат,
Айналайын, тыңдаңыз аз ғана зат.
Ер Хасен, аты бірлән жолың айтып,
Жеңіне Ғайнижамал жазыңыз хат.

Ер Хасен атын да айтты, жөнін де айтты,
Шаһарын іздеп келген жерін де айтты.
1150 Отыз жылда көргенін бірін қоймай,
Жеңіне Ғайнижамал жазды хатты.

— Дүние өте шығар бір қызыл жел,
Ер Хасен, енді маған разы бол.
Ат-жөнің айтып болсаң, батыр Хасен,
Қойнына Ғайнижамал бір жатып тұр.

— Не хайла жын оянса болар бұған,
Разы, Нұрғазарын, болдым саған.
Мықты болсам бір мыңға шамам келер,
Жабылар дию-пері бәрі маған.

1160 — Қорықпа, патшазада, маған нансаң,
Және жауап сөйлейін тілімді алсаң.
Етін кесіп алсаң да оянбайды,
Боршалап қырық мүше талқан қылсаң.

Нұрғазар қыздың сырын айтты дейді,
Райдан ашуланып қайтты дейді.
Нұрғазар қыздың сырын айтқаннан соң,
Ер Хасен қыз қойнына жатты дейді.

Ер Хасен «хош, болар» деп салды қимыл,
«Не қылсаң, Нұрғазарын, енді өзің біл».
1170 Пердесін бетіндегі жұлып алса,
Перизат ай мен күндей бір қызыл гүл.

Пердесін бетіндегі жұлып алды,
Сонан соң етегіне жақын барды.
Ерлік қандай болады мұнан артық,
Көйлегін кеудесіне түріп салды.

Ер Хасен қызды көріп болды ғашық,
Көңілі қуанғаннан кетті тасып.
Қаршыға ілген үйректей домаланып,
Бауырына жұмыртқадай алды басып.

1180 Нұрғазар мұны көріп күлді сақ-сақ,
Аузынан гүл төгілер табақ-табақ.
— Көз көріп, қайратыңа көңілім тынды,
Ер Хасен, жылдамырақ қимылдап бақ.

Бұл істі батыр, Хасен, сенен көрдім,
Мұндай іс перілерден көрмедім мен.
Іздегенің мен болсам неше жылдай,
Ер Хасен, енді саған көңіл бердім.

Нұрғазар жүремін деп уағда етті,
Танбады бір айтқан соң сөзге жетті.
1190 Жүзігін Ғайнижамал Хасен алды,
Ер Хасен өз жүзігін қызға салды.
Төрт күн өтіп бесінші күн болғанда,
Құсты алып Самұрыққа қайтып барды.

— Қарағым, балам Хасен, келдің бе аман,
Тіледім мен де сені бір Алладан.
Тілегіңді беріпті Алла Тағалам,
Мұратың хасыл болсын, шаһизадам.

— Құсты алып қапасымен келдім аман,
Тілекті берді бүгін Алла Тағалам.
1200 Көп ғинаят Құдайдан болған шығар,
Бәрі де сіздің дәулет, Шаһимарған.

Хасен Нұрғазарды алып кепті,
Апарып Анқа құсқа барып жетті.
— Мұнша нағып кешіктің, батыр Хасен,
Шаһарға сен барғалы бес күн өтті?

Дариядан жеті тылсым өтер едім,
Есен болсам үйіме жетер едім.
Жарты сағат кешіксең, батыр Хасен,
Сені тастап бұ жерге кетер едім.

1210 Салады Самұрық та шын ықылас,
Кітаптан көріп едім бәрі де рас.

Сандуғаш пен Хасенді мінгізіп ап,
Самұрық «иә, Құдай» деп салды құлаш.

Мінгізіп ер Хасенді кетіп қалды,
Жеті тылсым дариядан өтіп қалды.
Жеті тылсым дариядан он күнде өтіп,
Үйіне Самұрық құс жетіп барды.

1220 Хасенді сандуғашпен алып ұшты,
Құс еді екі басты сондай мықты.
Қайтарда қатты ұшты жан аямай,
Он күнде ұясына келіп түсті.

Шаһбал Шаһрухтан туған екен,
Ақырып Қап тауына қонған екен.
Жеті тылсым дарияның бәрін дағы,
Жүзікпенен бәрін соның қылған екен.

Ер Хасен аунап-қунап үш күн жатты,
Атасының ғашық құсын іздеп тапты.
1230 Атам айтқан уағдасы өтіп кетті,
Жүрейін деп Анқадан рұқсат алды.

Рұқсат ер Хасенге береді енді,
Дүниенің тамашасын көреді енді.
«Көңіліңе алған жерге жеткізер», — деп,
Анқа құс бір қанатын береді енді.

— Үш күн ұшсаң жетерсің айлық жерге,
Қасиетті қанатым жанға берме.
Жаман кісі жаныңа қасад қылады,
Жаманның, Хасен балам, жанына ерме.

1240 Самұрық амандасып қалады енді,
Анқаның бір қанатын алады енді.
Қанатына Хасен батыр мініп алып,
Он күнде Гүлбаһрамға барады енді.

Зар жылап қарсы шықты Гүлбаһрам,
— Тіледім мен де сені бір Құдайдан,
Сағынғаннан қараймын тауға шығып,
Қарағым шаһизадам, келдің бе аман!

Қызы едім Ахмар пері Гүлбаһрам,
Құдайым ғашық қылды, Хасен, саған.
1250 Дүниеден әлі өлсем де арманым жоқ,
Жүзіңді тірі көрдім есен-аман.

Той қылды Гүлбаһрам келгеннен соң,
Қуанды Құдай тілек бергеннен соң.
Жүз құсын азат етті Гүлбаһрам,
Нұр жүзін ер Хасеннің көргеннен соң.

Ойынды Гүлбаһрам қылды дейді,
Шарбақта сейіл құрып жүрді дейді.
Үйіне Гүлбаһрамның келгеннен соң,
Ер Хасен қырық күн тұрды дейді.

1260 Жүрем деп оңтайланды батыр Хасен,
— Және бір жауап сөйлейін тілімді алсаң,
Атам айтқан уағдасы өтіп кетті,
Даярлан, Гүлбаһрам, бірге барсаң.

Өзіне Гүлбаһрамның келіп қонды,
Қуанып Гүлбаһрамның көңілі толды.
Қырық күн қонып шықты ол арада,
Гүлбаһрам шаһзадамен жүрмек болды.

Гүлбаһрам шаһзадаға бір оқ берді,
— Оқтың жайын айтайын енді, — деді.
1270 Хазірет Сүлейменнен қалды мирас,
Жау кемпірдің ажалы мұнан, — деді.

Ер Хасен, бұ дүниеге қайғырмаңыз,
Өтетұғын дүниеге зар қылмаңыз.
Осы оғымның көп еді кереметі,
Бұл оқтан өлгеніңше айрылмаңыз.

Ер Хасен, айналайын амалыңнан,
Бұл оқ қалған Сүлеймен заманынан.
Бұл оқты бисмилла деп аспанға атсаң,
Шығады дұшпанының табанынан.

1280 Қазір атсаң жетеді жау кемпірге,
Бұл оқ кетер тоқтамай жылдық жерге.
Көзің көрген киіктер бәрі де адам,
Өзіңдей қасад қылған талай ерге.

Оқ алып ер Хасеннің көңілі толды,
Құдай-а, өзің сақта осы жолдан.
Азық-түлік, жау-жарақ жасап алып,
Шаһзада тәуекел деп жүрмек болды.

Гүлбаһрам шаһзадамен жолға кірді,
Бір күнде он күндік жолға жүрді.
1290 Бірнеше күн жол жүріп батыр Хасен,
Кемпірдің күмбезіне жақын келді.

Күмбезден жайылған мал, киік көрді,
Ол киікті Хасеннің көзі көрді.
Қорыққанынан Гүлбаһрам жүре алмайды,
Қорқып, есі кетіп, зар еңірейді.

Гүлбаһрам зар қылады шаһзадаға,
Бейғам жүріп кемпірден ғапыл қалма.
— Жеті көкке ұшсаң [да] құтқармайды,
Сақтай көр біз пақырды, Алла Тағала.

1300 Сені киік тағы тас қылады,
Бұл кемпір тағы сондай қасад қылады.
Есім ағзам оқи көр дамыл алмай,
Гүлбаһрам сырын айтып зар жылады.

Жіберді берген оғын аспанға атып,
Шаһзада Гүлбаһраммен қалды жатып.
Киік қылған кемпірді атқан екен,
Салыпты малғұнды табанындан.

Оқ тиіп табанындан кемпір өлді,
Тілегін ер Хасеннің Құдай берді.
1310 Анқаның қанатына мініп алып,
Кемпірдің күмбезіне жетіп келді.

Таң атты үш күннен соң аппақ болып,
Қуанды ер Хасеннің көңілі толып.
Жайылған қырық мың киік адам екен,
Шаһзадаға сәлем берді тамам келіп.

Кемпірдің жаны кетті жаһаннамға,
Жол ашты батыр Хасен талай жанға.
Жайылған қырық мың киік еді бәрі,
Бәрін оқып жаздырды Гүлбаһрамға.

1320 Гүлбаһрам киіктердің бәрін жазған,
Ол жерде жан жоқ болды одан озған.
Қырық мың киік бәрін де адам қылып,
Рұқсат беріп жіберді шаһизадаң.

Дүниеден кемпір малғұн өтті дейді,
Ер Хасен тілегіне жетті дейді.
Сиқырмен киік болып жүрген жандар
Бәрі де адам болып кетті дейді.

Сол кемпір ажал жетіп өлді дейді,
Ер Хасен талай жерді **көрді дейді.**
1330 Анқаның қанатына **мініп алып,**
Үш айыру жол басына келді **дейді.**

Сол жерде **бір-екі күн қонып жатты,**
Қисап қылса отыз жыл болып қалды.
Атам айтқан уағдасы **өтіп кетті,**
Уағдаға жетпедім **деп зар жылады.**

Көрінді сол арада жалғыз қара,
Көңілі жау ма екен деп болады алда.
Қарап тұрса, қаңғырған жалғыз жаяу,
Қараса, **бірге туған Асан аға.**

1340 Асанменен зар еңіреп көріседі,
Бір-бірінің халдерін біліседі.
Жалғыз өзі қашыпты жаяу шығып,
Өз халін өзі айтып күліседі.

Келер бір күн және келді Үсен аға,
Екеуінде қалған жоқ, бітті шама.
Аспазға жалшы болып күн көріпті,
Жаманда күн көрмеген бар ма пана.

Көрген соң екі ағасын көп жылайды,
Бар екен көрер күнім деп жылайды.
1350 — Дүниеден әлі өлсем де арманым жоқ,
Көрсетті есен-аман Алла сізді.

Ағалар, талай жерді көріп келдім,
Дүниені шыр айналып танып келдім.
Атамның түсінде көрген Нұрғазарын
Бардым да Зер шаһарынан алып келдім.

— Үстіне қауырсынның міне алмаймыз,
Отырған жерімізден тұра алмаймыз.
Тойындырып алмасаң, Хасен інім,
Біз айрылып сеніңменен жүре алмаймыз.

1360 Ер Хасен ағасы үшін жылайды енді,
Көзінің жасын көл қылып бұлайды енді.
— Қайтіп тастап кетемін, сіздерді, — деп,
Қасында ағасының тұрады енді.

Шаһарға екі ағасын алып барды,
Бұларды жаңадан бай ұстап алды.
— Қашып кеткен екеуі мені алдап,
Он тіллө екеуінде ақшам бар-ды.

Борышын екеуінің Хасен берді,
Пұлын алып байлар қоя берді.
1370 Тұтқындағы біздерді сен алдың деп,
Құшақтап екі ағасы зар еңіреді.

Екі ер-тоқым сатып алды алтын жапқан,
Желмая көлік алды арғымақтан.
Не нәрсе керегінің бәрін алып,
Жол-жарағын шаһардан алып шыққан.

Кеңесті жолға шығып екі ағасы,
Хасеннің екі ағасы отағасы.
— Құс тауып, қыз алды бізден бұрын,
Кіші еді Хасеннің бізден жасы.

1380 Бұ құсты атамызға алып барар,
Құп масқара бұл бізді сонда қылар.
Өлтірмесек Хасенді енді болмас,
Бұ намыс екеумізге ұят болар.

Және сатып алдым дер Хасен бізді,
Сонда біз не айтармыз жаман көзге.
Ойнап-күліп құрбымен жүре алмаспыз,
Тағы не деп көреміз атамызды.

Екеуі қасад қылды Хасен ерге,
Шаһзада барып келген талай жерге.
1390 Өлтірелік Хасенді деп ойлайды,
Жаманның кесапатын көрдіңіз бе?

Бір үлкен жол төртеуі тауға келді,
Екі ағасы көңілін басқа қылды.
Өлтірейік Хасенді деп ойлайды,
Хасенге бұл екеуі қасты қылды.

Бұларда ойын-күлкі, һеш қайғы жоқ,
Іздеген құсын тапты, көңілі тоқ.
Бір терең құдық басына келіп қонды,
Бел буды бұ Хасенге қылмақ болып.

1400 Бұлар келіп құдықтан суды көрді,
Бек сағынған ағасын Хасен ер-ді.
Тереңдігі тоқсан кез құдық екен,
Суы жоқ қаза берген қанша жерді.

— Білсек екен құдықта су бар ма екен,
Хасенжан, бір жіп ұстап түссең екен.
Бұл құдықта су болса мал ішкендей,
Жердің шөбі мал жаярға жақсы екен.

Бір жіп ұстап құдыққа Хасен түсті,
Құдайдың құдіреті мұндай күшті.
Қоя берді Хасенді жібін кесіп,
Құдықтың аузын таспенен бекітті.

Хасенді байлауменен салды орға,
Ақсұңқар ұшып жүрген қалды торда.
Атамызға сүйікті боламыз деп,
Қыз бірлөн құсты алып түсті жолға,

Құдыққа ер Хасенді салып кетті,
Қыз бірлөн Нұрғазарды алып кетті.
Келе жатып екеуі ақылдасты,
Қызды Асан алмақ боп үміт етті.

Асан жауап айтады Гүлбаһрамға:
— Сендей сұлу жан бар ма бұ дүнияда,
Біреумізге тимесең өлтіреміз,
Енді қатын болмайсың сен Хасен ерге.

— Амалсыз сүймесем де, мен сүйейін,
Зарланып Хасен үшін мен күйейін.
Қырық күнгеше рұқсат беріңдер маған,
Сонан соң біреуіңе мен тиейін.

Сол жерде Гүлбаһрамды қоя берді,
Қаңғырып айдалада зар еңіреді.
Құданың құдіретіне бөрі аян,
Сол жерде хазірет Қызыр тура келді.

Құдыққа ер Хасенді салып кетті,
Қапаспен Нұрғазарды алып кетті.
Қаңғыртып Гүлбаһрамды қоя берді,
Үш айда шаһарына жақын келді.

Қызырға Гүлбаһрам сәлем берді,
Зарланған қыздың жайын Қызыр білді.
— Он үш күнде еріңе қосыларсың,
Қонақ бол мынау үйге, балам, — деді.

1440 Ей, балам, менің үйімде бір қызым бар,
Он үш күнде Ғайнижамал о да келер.
Дұшпаныңды жерменен-жексен қылар,
Сенің де, иншалла, көңілің толар.

Сол күні екіңізге жұп той қылар,
Нұрыңа екеуіңіздің жан таң қалар.
Жын-шайтан, пері, адамдар араласып,
Тарқауы тойыңыздың қырық күн болар.

Қасіретке хас мұсылман сабыр қылар,
Он үш күнде ғишратқа көңілің толар.
1450 Жесір қатын, жетім ұл мың қой айдап,
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалар.

Гүлбаһрам зарланады іші күйіп,
Хасенге некахтанған өзі сүйіп.
Қызырдың Гүлбаһрам үйіне келді,
Көзінің сабыр қылып жасын тыйып.

Қызырдың он үш күндей қызын күтті,
Гүлбаһрам іші күйіп зар еңіреді.
Қайғымен жан шыға ма, жамағаттар,
Гүлбаһрам өлмеген соң сабыр етті.

1460 Хасенге түсіп қалды ақырзаман,
Жар болған Гүлбаһрамға Қызыр бабаң.
Құсты алып екі көкжал келе жатыр,
Үш күнде жетелік деп үйге таман.

Үш күнде бұл екеуі шаһарға келді,
Ғашығы бір құс еді, патша көрді.
Өтірікті шындай қылып сөз сөйледі,
Түзете алмай Құдайға аян сырды.

Шаһарға [бұл] екеуі келеді енді,
Атасын есен-аман көреді енді.
1470 Атасы, анасына амандасып,
Ап келген сандуғашын береді енді.

— Бұл құсқа Құдай мені ғашық еткен,
Үшеу едің бұл құсты іздеп кеткен.
Бастан-аяқ себебін айтшы, балам,
Хасенге не іс болды Құдіреттен.

— Ей, ата, қалай деме Құдай ісі,
Хасенді дарияда жайын жұтты.
Жайынды алты ай аңдып біз өлтірдік,
Кек алдық, ата, сөйтіп біз де, — деді.

1480 Құсты алып падиша көңілі толды,
Көп қызықтың бәрін де Хасен жойды.
Падиша ас-су ішпей жатып алды,
Құстан жауап сұрамай байлап қойды.

Патшаның зарлағаны

Тәңірі өзі жаратты,
Он сегіз мың ғаламды
Бір өзіне қаратты.
Хасенімден айырып
Мені мұнша жылатты.
Айналайын, Хасенім,
1490 Қайғымды қайтіп басамын.
Хасенімді көрмесем,
Налыс қылып еңіресем,
Пәруардигар, Құдай-а,
Не үшін мені жараттың.
Хасенім, менім құлыным,
Көре алмай күйікте,
Үзілді менім жұлыным.
Ғаріп болып келгенде
Қапияда келген бұ ұлым
1500 Екі ағасы қас қылды,

Қорлықпен өлді жалғызым.
Ыстық тиіп бетімді,
Күйдірер мені жұлдызың.
Өлген болсаң, қарағым,
Ұжмақтан берсін хор қызын.
Айналайын, шырағым,
Құдайыңа тапсырдым.
Алтын баулы сұңқарым,
Өз қолымнан қашырдым.
1510 Анасы басқа залымнан
Көп мехнатты көрген-ді,
Қор болды менім асылым.
Жүздеріңді көрмейін,
Фатихамды бермейін,
Пиғылы жаман залымдар.
Хасеніме қасад қылып,
Өтірік менен жасырдың.
Айналайын, Хасенім,
Жүз отыз бес жасадым,
1520 Сөзді болған сұм атаң,
Жолыңа қарап зар болар.
Келмеген соң кешігіп,
Кең дүниесі тар болар,
Бұл күйікке шыдамай,
От ішінде көмірдей,
Күйгенінен зар болар.
Есіме түссе һәр күнде,
Зарланармын һәр түнде,
Ішімде толған жалын бар.
1530 Аузымнан шыққан түтін көп,
Құдай ісі амал жоқ,
Онан басқа, халайық,
Өлім енді маған еп,
Айналайын, Хасенім,
Екі көздің қарасы.
Адамнан енді туар ма
Пенденің мұндай данасы.
Амалым бар ма қайтейін
Алланың болса қазасы.

1540 Тағдырдан бұлай жаратса,
Қайғы бірлөн жылатса
Атаң[ның] не-дүр шарасы.

Қарағым Зер шаһарына барған шығар,
Бұл құсты қиын жерден алған шығар.
Екі залым қасад қылып Хасеніме,
Бір жерде бейшара боп қалған шығар.

Хасенім деп патшадан кетті қарар,
Патша тақытқа мінбей жылайды зар.
— Ата хақын ойласаң Құдай үшін,
1550 Екі залым, не қылсаңыз да айтыңыздар.

Падиша ата хақын айтты дейді,
Қызығын бұ дүниенің сатты дейді.
Хасенсіз тірі болып жүрмеймін деп,
Падиша таққа мінбей жатты дейді.

Анасының зарлағаны

Айналайын, жалғызым,
Әуел Құдай оңдасын,
Мардана Ғайып жолдасың,
Қызыр Ілияс қасыңнан
Жәрдемші болып қалмасын.
1560 Атыңыз екен пайғамбар,
Нұр Мұхаммед Мұстафа,
Жалғызым менім келмесе,
Жүзіңді анаң көрмесе,
Басыма түсер көп жапа.
Еңіреп жүрген күнімде,
Төңірім сені берген соң
Көріп едім көп опа.
Пәруардигар бір Құдай,
Тілегенде тілеу бер,
1570 Құлым десең маған бер.
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
Сексен сегіз мың машайық,

Отыз үш мың сахаба —
Бәріңіз де қолдай көр!
Айналайын, Хасенім,
Күйіп-жанып жылаймын,
Не іске өмір қылса да,
Екі болмас құдіреті.
Жаратқан үлкен Құдайым,
Зарланып жылайды анасы.
Орда қалған байлаулы,
Хасен жалғыз баласы.
Тек жылайды үйінде,
Көрінбейді қарасы.
Алла әмірі болған соң
Пенденің не-дүр шарасы!

Байлаулы батыр Хасен орда қалды,
Ақсұңқар ұшып жүрген торда қалды.
Байлаулы батыр Хасен орда жатып,
Құдайға мінәжат қып зар жылайды.

Құдай-а, орда жатып өлемін бе,
Жеткіздің құдіретпенен Пәруардигар.
Әй, дариға, менім ата-анамның
Дидарын бұ дүниеде көремін бе?

Шаһзаданың зарлағаны

Батыр Хасен зарланып
Құдайға қылды мінәжат.
Тілегімді бере көр,
Халиқ арду уа самауат.
Айналайын, Құдайым,
Осы жолы көңілім ақ.
Не қылсаң да өзің біл,
Айналайын, Құдай-а.
Құдіретіңмен көрерсің,
Не қылсаң өзің білерсің.
Саламат қайтып келгенде,
Кіріптар болдым мен ғаріп.

Жақсылығым — жамандық,
Орда қалдым сарғайып.
Разымын, Құдай-а,
1610 Махшарда берсең жақсылық.

Байлаулы батыр Хасен орда қалды,
Атасы күні-түні зар жылады.
Ел-жұрты падишаның жиылып кеп,
Жұбатты көңіл айтып падишаны.

— Ей, патша, тағыңызға мінсеңізші,
Азырақ бас көтеріп жүрсеңізші.
Нұрғазар сандуғашты алып келді,
Мәнісін немене екен білсеңізші.

Бұл істі өзі қылған Құдауанда,
1620 Адам көңілі Аллаға бәрі де аян.
Падиша бұ қайғыдан өлер болды,
Сөйлейін құс иесі қыздың жайын.

Оянды Ғайнижамал қырық күн тамам,
Қараса өзін-өзі болмайды аман.
Тал бойында жатқанда бір мін жоқ-ты,
Қызыл қан үсті-басы сондай жаман.

Қолындағы жүзігі жоқ, бөтен жүзік,
Қарайды төңірекке бойын түзеп.
Қандай жаннан болды екен осы қылық,
1630 Айтамын ел-жұртыма мұны не деп?

Жоқ екен қапасында Нұрғазарын,
Япырмау, кім қылды екен мұның бәрін.
Ғайнижамал өз намысын жасырса да,
Түседі шыдай алмай ашуынан.

Жүзікті бір қағазға жазып көрді,
Оқыды Сұлтанмахмұт Хасен ерді.
Ашуының келгені ол емес пе,
Көктегі дию, пері бәрін жиды.

Мінеді жүз мың пері алтын таққа,
1640 Құдай-а, мұсылманды өзің сақта.
Екі жүз мың жын-шайтан қасына ерді,
Көтеріп алып ұшты бір сағатта.

Патша енді тақытына қайта мінді,
Қапасымен Нұрғазарды алып келді.
Алтын қапас ішінен шығарған соң,
— Не көрдің, иә, сандуғаш, сайра, — деді.

Падиша олтырды тақытқа міні́п,
Хасен десе жылайды іші күйіп.
Алтын терек басына қондырған соң,
1650 Сайрайды Нұрғазарын фариад қылып.

Сандуғаш ащы қылып сайрап еді,
Сайрап жатқан жылайды өткен күнді.
Қатты сайрап жіберді қайғы бірлән,
Жын-шайтан есітеді дию, пері.

Тілегін Ғайнижамал берді дейді,
Мекенін Нұрғазардың көрді дейді.
Дауысын Нұрғазардың есіткен соң,
Жиылып жүз мың пері келді дейді.

Жын-шайтан, дию, пері көктен ұшып,
1660 Бір сағатта Зер шаһарын келіп түсті.
Аспаннан жанжал-ғауға үн шығады,
Адамзат қайран қалып «бұ не?» деді.

Аспаннан жаңбырдай боп адам жауды,
Мұны естіген адамның есі ауды.
Он екі мың адамды шаһид қылып,
Қопарып ап ойнайды қара тауды.

Бір заманда Ғайнижамал жарлық етті:
— Патшадан жоқ сұралық, тоқта, — депті.
Әскер тоқтап, адамға көрінбейді,
1670 Һәмма жанның көзіне көрінбейді.

Жиылды жүз мың дию, жүз мың пері,
Қыз патша Ғайнижамал бірге келді.
— Бұл жерге сандуғашты кім ап келді,
Қырамын бірін қоймай, айтсын, — деді.

Патшадан жоқ сұраймыз рұқсат болса,
Сөйлесер құсты алып көңілі толса.
Өтірік айтқан кісі сау қалмайды,
Аз емес өзге жұрты тірі қалса.

Күледі Нұрғазары сонда сақ-сақ,
Аузынан гүл төгілер табақ-табақ.
Падиша мұны көріп қайран қалды,
Құдай-а, құдіретіңден бұ не себеп.

Нұрғазар Ғайнижамалды айтып күлді,
Бұлардан бір жақсылық енді білді.
Падиша қайран қалып отырғанда,
Шақыра падишаны екеу келді.

Падиша шеру тартып мінді атқа,
Қорыққанынан сиынады жалғыз Хаққа.
Жер қайысқан әскері артық, көп әскер бар,
Кез болды Ғайнижамал перизатқа.

Падиша падишаға кез болады,
Сол жерде біраз ғана сөз болады.
— Сандуғашым жоғалды, тақсыр патша,
Сол құсымды ап келген кім болады?

— Қайғымен тарқамайды ішкі зарым,
Тұруға жауап бермей жоқ-ты шарам.
Бұл жерге сандуғашты алып келген
Асан, Үсен дейтұғын екі балам.

Құсыңа ғашық қылды Алла Тағалам,
Ісіне Құдіреттің бар ма шарам?!
Іздеп жүріп біреуін жайын жұтты,
Келген жоқ Хасен атты кіші балам.

— Балаңды құсым бірлөн мұнда шақыр,
Болады өтірік айтса заманақыр.
Арада жеті дария жеті жылдық,
Ол жерден қайтіп өтер [бұл] адамзат.

— Хасенім екеуінен зерек еді,
Анасы екеуінің бөлек еді.
Неше қиын тар жердің бәрін көріп,
1710 Құсыңды сол ап келсе керек еді.

Падиша жөнін айтып жауап берді,
Құлақ салып Ғайнижамал тыңдайды енді.
«Жүзіңді тірі сенің көрем бе» деп,
Падиша қайғыланып жылайды енді.

— Құсымды алып келген Хасен балаң,
Расымды сөйлейін енді саған.
Өлтірер деп қорықпа сен, падиша,
Жасырмай сырыңды айт енді маған.

— Дидарын Хасенімнің көргенім жоқ,
1720 Шыбын жаным кеудемде, өлгенім жоқ.
Нұрғазар ғашық құсым ап келсе де,
Мәнісін неме екен білгенім жоқ.

— Шақыршы, Асан, Үсен келсін, — деді,
Жүзімді келіп менің көрсін, — деді.
Нағылып Нұрғазарды алған екен,
Жауабын өз аузынан берсін, — деді.

Құсты алып Асан, Үсен жетіп келді,
Келген соң Ғайнижамал «сөйле!» деді.
— Нағылып Нұрғазарды алып келдің,
1730 Алдымда шыныңды айтып сөйле, — деді.

Қолыңда менен алған белгің бар ма,
Бәлеге өтірік айтып бекер қалма.
Өтірік айтқан еркіне қоя бермей,
Сандуғаш, куә болып, — деді, — сайра.

Асан айтты: — Ап келдім жүйрік атпен,
Не қылсаң да жігітпін іздеп тапқан.
Атпен жүріп аралап көргенімде,
Жын-сайтан, дию-пері ұйықтап жатқан.

Мен сіздің шаһарыңызға барып едім,
1740 Қапасқа Нұрғазарды салып едім.
Сіздер ұйықтап жатқанда түнде барып,
Бір атпен алып қашып алып едім.

— Шақыршы, Үсен жылдам келсін, — деді,
Өтірік айтса алдымда өлсін, — деді.
Нағылып Нұрғазарды алған екен,
Жауабын жылдам келіп берсін, — деді.

Амалсыз шақырған соң Үсен келді,
Өтірік жауап таба алмай зар еңіреді.
— Сен нағылып ап келдің Нұрғазарды,
1750 Алдымда шыныңды айтып сөйле, — деді.

— Міндім де желмаяға желіп кеттім,
Екі айда шаһарыңа барып жеттім.
Сіздер ұйықтап жатқанда түнде барып,
Қапасымен Нұрғазарды алып кеттім.

Мен сіздің шаһарыңызға бардым, — дейді,
Қапасқа Нұрғазарды салдым, — дейді.
Жын-шайтан, дию, пері ұйықтап жатыр,
Біреуің сезіп оянбай қалдың, — дейді.

— Рас па, Нұрғазарым, осы жауап,
1760 Енді сайрап сөйлеші сөздің бәрін.
Нағып барып ап келді мұнда сені,
Баян қыл бастан-аяқ ахуалдарын.

Айтады Нұрғазарын: — Бұ сөз жалған,
Бұл емес Самұрықпенен іздеп барған.
Келе жатып кез болған жолда бізге,
Бұл ағасы қаңғырып кейін қалған.

Нұрғазардың Ғайнижамалға Хасенді баян қылғаны

Нұрғазарын сайрайды,
Хасенді іздеп тапқанша
Қыздың іші қайнайды.
1770 Барша адам таң қалып,
Есі кетіп жылайды.
Бұл падиша түс көрген,
Таңғажайып іс көрген.
Мұны қайдан табам деп
Жанталасып күш көрген.
Бұл патшаның, сұлтаным,
Үшеу екен баласы.
Бөлек екен Хасеннің
Өзінің туған анасы.
1780 Іздейін деп шыққаны
Бұрынның сары даласы.

Қырық күнде келіп қонып ты
Жазулы тастың басына,
Хат оқып жатты қасына.
Құрметті екен ер Хасен
Атасыны жайында.
Үш айыр жол кез бопты,
Бірге туған екеуі
Бір-біріне көз бопты,
1790 — Барса келмес жолға түс,
Енді, Хасен, сен, — депті.

Түсті Хасен келмеске,
Екеуі қалды кеңеске.
Қырық күн жүріп ер Хасен,
Келді жасыл күмбезге.
Ол жаду кемпірдің сарайы,
Киік болған ерлердің
Бұрын өткен талайы-ай.
Айнымас көңіл ер Хасен
1800 Атқалы кепті әдейі-ай.
Атқалы кепті оқ кезеп,

Байқаған екен бой тежеп,
Сиқыр соғып қаңғырып
Киік болды бір кезек.
Киік болды қырық күн,
Жолдас болып мен көрдім,
Хасеннің жоқ бір міні.
Сырдың бәрін айтайын,
Айып қылма сіз мұны.

Кемпірдің қызы Гүлбаһрам
Кез болған оған ер Хасен,
Тамам хүкім Алладан,
Қатадан өтіп сөз жазбан.
Гүлбаһрам сұлу қимайды,
Тиемін деп жылайды.
Неках қыл деп Хасеннен
Жалбарынып сұрайды.
Сонда Хасен болмайды,
Болмасына қоймайды,
Сұлу екен ер Хасен,
Көзіне [оның] тоймайды.
Неках қылып кетейін,
Қасад қылар деп ойлайды.
— Бармаңыз тіпті тіл алсаң,
Мысқал етің мың тіллә,
Қайтпайсың тірі сен барсаң.
— Ей, Гүлбаһрам, жүрейін,
Хақ жазғанын көрейін,
Атам ғашық сандуғаш
Тауып ап кеп берейін.
Оған да кетті ер Хасен,
Жылап тұрып сол айтты
Қимағаннан Гүлбаһрам:
— Тоқсан күнде жетерсің,
Аса алмассың бір таудан,
Таудан ассаң көрінер
Жапырақты бір ағаш,
Айдаһары бар мың құлаш.
Сені көрсе, балапан

1840 Екі көзден төгер жас.
Айдаһарды сен сонда
Өлтіруге жанталас.

Жүріп кетті Хасен жас,
Тоқсан күнде кез болды
Неше тау мен неше тас.
Бәйтеректің түбінде
Бір айдаһар ысқырды,
Санап тұрса жеті бас.
Айдаһарды ер Хасен,
1850 Қылыш бірлән шабады.
Ол айдаһар Хасенді
Құйрығымен қамады.
Алпыс бір амал адамда,
Бір хайласын табады.
Айдаһарды өлтіріп,
Балапанға жем қылды.
Самұрық көрді Хасенді,
Қасад қылайын десе де,
Балапандар көнбейді.
1860 Самұрық Хасенменен дост болды,
— Айдап келдің хош [дейді],
Менім келген жұмысым —
Нұрғазарын сандуғаш,
Соған қарай ұш, — дейді.
Көтеріп Самұрық ұшыпты,
От дариясына жетіпті.
Бір маралы түсіпті,
Денесін Хасен кесіпті.

Біздің шаһар Ирамбақ
1870 Ғапыл ұйықтап жатқанда,
Хасен іздеп тапқанда,
Өз бойыңа шаһзада
Жұфұтланып жатқанда,
Сізге лайық болған соң,
Неках қылдым мен сонда.
Сіздің жүзікті ол алып,

Жүзігін салды қолыңа.
Көп зарланып шаһзада
Мені үйден ап шығып,
1880 Хасен түсті жолына.
Самұрық қайта алып ұшып,
Он күнде келді орнына,
Самұрық ұшқан жеріне.

Онан да кетті ер Хасен,
Алдынан шықты Гүлбаһрам,
«Сүлейменнен қалған оқ,
Біздің қолда, шаһзадам».
Гүлбаһрам атты қыз бірге
Келіп жетті кемпірге,
1890 Тоқтамастан оқ атты,
Ажал жеткен кәпірге.

Онан да кетті шаһзада,
Кез болды бұ жау екі аға.
Жалға жүріп қашыпты,
Екеуінде жоқ шама.
Сатып берді желмая
Екеуіне арғымақ,
Мен сөйлейін сіздерге,
Алдыңызда зар жылап.
1900 «Жасы кіші бұл Хасен
Құсты тауып, қыз алды,
Өлтірейік хайламен,
Шаһзаданы амалдап».
Бір құдыққа құлатты,
Шыңырауға салып жылатты,
Хасенді салып құдыққа,
Гүлбаһрам бірлән мен сорлы,
Екеумізді өстіп жылатты.

Мені алып бұл екеуі шаһар келді,
1910 Айтқаны екеуінің бекер еді.
Қаңғыртып Гүлбаһрамды қоя берген,
Ғұмыры шаһзаданың өтер, — деді.

Менім көріп-білгенім болды тамам,
Жар болған Гүлбаһрамға Қызыр бабаң.
Осы күнде шаһзада аман шығар,
Тезірек Аштарыңа қылшы пәрман.

Содан соң Ғайнижамал жарлық қылды,
Сандалып ақыл таппай болады дал.
— Жеті қат көк, жеті қат жерде болса,
1920 Хасенді жылдам іздеп табыңыздар.

Дұғасын бір Құдайым қабыл етті,
Қыз патша Алла ісіне сабыр етті.
Қап тауын, от дариясын сан аралап,
Диюға Аштар деген әмір етті.

— Мен келіп сөйлей бермен күнде-күнде,
Тәңірім бөгет қылма қызыл тілге.
Жеті қат көк, жеті қат жерді аралап,
Келейін алдыңызға неше күнде.

— Медет бер енді бізге, Алла, — деді,
1930 Төрт бұрышын төңіректің барла, — деді.
Он сегіз мың ғалам бәрін қарап,
Аштарым, ертең түстен қалма, — деді.

Бұлттай бұрқыраған Аштар кетті,
Қыз патша Ғайнижамал әмір етті.
Аштардың Құдай берген күші бар-ды,
Қап тауын, от дариясын аралайды.
Шіркіннің ұшқырлығы сол емес пе,
Дүниені түске шейін бір айналды.

Дүниені түске шейін бір айналды,
1940 Күн болып-дүр Қап тауын шыр айналды.
Төрт бұрышын төңіректің шыр айналып,
Хасенді орда жатқан тауып алды.

Хасенді орда жатқан көреді енді,
Қадір Алла тілегін береді енді.

Гүлбаһрам мен Хасенді мінгізіп ап,
Аштар дию күн батпай келеді енді.

Кетеді Ғайнижамал күйіп-жанып,
Бір ақырып жіберді ашуланып:
— Ей, залымдар, өтірік неге айттың? — деп,
Екеуінің тастады басын қағып.

Қайғысы Ғайнижамалдың Хасен еді,
Ашу менен қайғысын басады енді.
Екі ұлын патшаның өлтірген соң,
Патшаға жауап таппай сасады енді.

Екі ұғылын патшаның боршалады,
Қайғысы Ғайнижамал орталады.
Өзі — келін, патшаны ата қылып,
Әдеппен ұялғаннан қорғалайды.

— Балаңыз қаза тапты Асан, Үсен,
Өзге жұртың біздерге болар есен.
Күнәһ түсіп мойнына өліп кетті,
Бақыл бол Құдай ісі мені десең.

Падиша қайта мінді алтын таққа,
Жар салды той қыларға һәр тарапқа.
Шетке шығып, мал сойып, той қылыпты,
Мінеді бозбалалар арғымаққа.

Қырық мың түйе, қырық мың қойды сойып,
Тойыпты барша адамдар аппақ майға.
Тамам жұрттың бәрі де жығылдылар,
Мінеді жас балалар жорға тайға.

Жайылды зияны жоқ қой мен бөрі,
Аралас бірге жүрді адам, пері.
Кедей кісі бай болды, бай кісі маст,
Қырық күн ұдай той қылды шаһар елге.

Ғайнижамал, Гүлбаһрамды Хасен алды,
Нұрына екеуінің жан таң қалды.
Қараңғы үйге кірсе жарық болған,
Барша адам есі кетіп қайран қалды.

Еті аппақ қарап тұрса жауған қардай,
О да сондай сұлу екен Гүлбаһрамдай.
Рас сұлу екені сол емес пе,
Келіп көрді патшаның билеген жан.

Бұрқырап жұпар шығар қара шаштан,
Ол жерде жан жоқ болды бұдан асқан.
Бетінен бет көрінер айдай болып,
Көлеңке нұр білінер ішкен астан.

Қарасаң қардай болар айшық ағы,
Күмістен һеш кем емес он саусағы.
Жалғанда өлшеу қылып айтып болмас,
Артық боп перілерден туған дағы.

Падиша қызықпенен бір жыл өтті,
Періге, адам түгіл, хүкім етті.
Патшаға бір жылдан соң бір ой түсті:
— Билеген тамам жұртым келсін, — депті.

Жиылды падишаның билеген жан,
Пері, адам қисап қылса тоқсан миллион.
— Қырық жылдай билеп сізге патша болдым,
Разы болсаң беріңіз рұқсат маған.

Рұқсат бер, разы болсаң, халықтарым,
Амалдар қабыл қылса көңілім бар.
Патшалығым Құдаға керек емес,
Ғарасат майданында тергеу болар.

Құдауанда Құдай-а, құлың-дүрмін,
Бірталай қызық көрдім патша болып.
Хазірет Адам атадан бері қарай,
Бәрі де туған жанның өліп қалды.

Дүниеден ажал жетсе біз де өлерміз,
Ғарасат майданында тергелерміз.
Құдаға тағат қылмай өліп кетсек,
2010 Ақырында пайдасы жоқ қайғы жермін.

— Рұқсат болар, тақсыр, елден сізге,
Құдадан патшамын деп күдер үзбе.
Әділдігің тұсында жұрт тыныш етіп,
Кім болар сізден кейін патша бізге.

Сізден соң кім жұрт билер Құданы ойлап,
Өскен жоқ заманында діңгек бойлап.
Барша жұртың разы, тақсыр, сізге,
Сөйтсе де өзіңіз қой патша сайлап.

— Халайық, өзіңіз қой, патшаңды қойсаң,
2020 Мен разы, сіздер маған разы болсаң.
Ғұмырымды тағатпенен өткізейін,
Жақсылық болар ма екен бір Алладан.

Біздерге енді болсын Хасен патша,
Жұртым, менге разы боп берсең бата.
— Барша жұртың разы, тақсыр, сізге,
Шыққан жоқ аузыңыздан биттей қата.

Шаһзада мұнан кейін патша болды,
Патшаның баласына көңілі толды.
Жесір қатын, жетім ұл мың қой айдап,
2030 Қақ жарған қара қылды патша болды.

Хасенді патша қойды халқы сүйіп,
Ел сүйінді әділіне ғиззат қылып.
Және қырық күн той қылды пері, адамзат,
Мансабы атасынан болды биік.

Шаһзада Қап тауының бір саласы,
Тілейді патша болар ер панасы.
Пері, адам халқына патша болған
Махмұт атты патшаның бір баласы.

Падиша иман ойлап дінін **күтті,**
2040 Құдай-а, иман бер деп зар еңіреді.
Рузе менен намазды бірдей **күтіп,**
Дүниеден иман тауып ғұмыры **өтті.**

Содан соң Хасен құрды падишалық,
Сайлайды сүйгенінен **қанша халық.**
Жарлығы перілерге **жүріп кетті,**
Жақында Ғайнижамал қайта барып.

Қырық күн мұнда тұрады, қырық күн анда,
Періге **дәл он бес сағат орта жолы.**
Жүз мың палуан қызметкер ат-тонымен
2050 Тақыт мініп **сайрандап жүрді аспанда.**

Қызметкер жүз мың [болды] перізаттан,
Шаһзада бұл мансапты пешком тапқан.
Бір сағатта жүрген жан һеш тоймайды,
Қалдырмай пері **ұшады бес сағаттан.**

Шаһзада Құдай қосып теңін **тапты,**
Атасы иман тілеп **зар жылайды.**
Хасеннің **патша болған заманында**
Залымнан пақыр кісі **теңдік алды.**

Байлардың арбауына һеш көнбейді,
2060 Мұндай әділ **падиша қор болмайды.**
Пақырға залым қорлық қылса дағы,
Пақыр хақын залымға жі**бермейді.**

Пақыр кісі **залымнан теңдік алды,**
Патшаның әділіне **жан таң қалды.**
Ғайнижамал, Гүлбаһрам патша қызы алды,
Екі **бірдей періден қатын алды.**

Хасеннің **халалына көңілі толды,**
Шаһзада пері, **адамға патша болды.**
Екеуінің **сипатын айтып болмас,**
2070 Құдайым душар қылды ай мен күнді.

Шаһзада ортасында жалғыз Шолпан,
Ол күнде жан жоқ болды артық мұнан.
Шаһарының бәрі бірдей тоқтық болды,
Патшасы жаннан асқан әділ болған.

Кітаптан қисса қылмыш мұның бәрін,
Білген адам түзетер қаталарын.
Ғайнижамал Гүлбаһраммен балдан тәтті,
Һәркімнің қылсын сондай алған жарын.

Ғайнижамал, Гүлбаһрам балдан тәтті,
2080 Ғұмырында етпеді жаманатты.
Әдеп бірлән сөйлейді бұл екеуі,
Тура сөз бір-біріне һеш айтпады.

Бұ қисса, халайықтар, бітті тамам,
Көп шығар арасында қылған қатам.
Екі дүние жүзінде қор болмайды,
Жаһанда разы болса атаң, анаң.

Жаратты Адам қылып атамызды,
Құдай-а, қабыл еткіл дұғамызды.
Көрген соң бұ қиссаны жазған болдым,
Құдай-а, кешіре көр қатамызды.

Жар болар сүйген құлға Қызыр бабаң,
Бұ сөзді жазайын деп алдым қалам.
Һәркім алған жарын сондай қылып,
Жеткерсін мақсұтына Алла Тағалам.
Жамағат, қол көтеріп әмин деңіз,
2096 Сөзімнің енді аяғы болды тамам.

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

БАҚТИЯР ҚИССАСЫ

«Бақтияр қиссасы» 1916 жылы араб әрпінде Уфа қаласында жарық көрді. Дастанды XIX ғасырдың екінші жартысында жырлаған Жанұзақ ақын.

Дастан — парсы тілінде жазылған ортағасырлық «Бахтияр-наменің» желісімен жырланған. Оны XIII ғасырдың басында, дәлірек айтқанда 1211 жылдан бұрын жазған Дақаики[1].

XIII ғасырда жазылған «Бахтияр-наме» біраздан соң түркі халықтарына, ал кейінірек еуропалықтарға белгілі болған. Түркі халықтары, солардың ішінде қазақтар да «Бахтияр-наменің» сюжеттерін арқау етіп, көбіне дастан жанры үлгісінде төл шығарма туындатқан. Еуропаға ол аударма түрінде танымал болды.

Парсылардың қара сөз үлгісінде жазылған «Бахтияр-намесінің»[2] сюжеті төмендегідей: Ажам елінің Азатбақыт есімді патшасы уәзірінің қызына ғашық болып, уәзірі қарсы болғанына қарамастан үйленеді. Қаһары келген уәзір әскер жинап патшаға қарсы шығады. Патша әйелімен жапан түзге қашады. Әйелі босанады. Ұл туады. Баланы құдық түбіне тастайды. Оны аярлар* тауып алып асырайды. Ер жеткен бала Азатбақыт патшаның сарайына келеді, бірақ әке мен бала бірінбірі танымайды. Жігіттің адамгершілігін, ақылын, адалдығын

---

[1] Кондырева Н.Б. Многоликая персидская проза // Средневековая персидская проза. — М., 1986. — С.3-10.

[2] Средневековая персидская проза. Переводы с персидского. Составление Н.Ю.Чалисовой. — М., 1986. — С.103-208.

* Аяр [а] — орта ғасырларда байларды тонаумен, айлакерлікпен айналысып өмір сүрген топ. Ортағасырлық Иран қоғамында аярлардың орны ерекше болғанға ұқсайды. Оған шамамен XI ғ. жазылған өте көлемді “Самақ – аяр” атты прозалық роман дәлел.

ұнатқан патша оған деген ықыласын білдіріп, өзіне жақын тартады. Уәзірлер күндестікпен оған нақақтан жала жабады. Патша Бақтиярды өлім жазасына кеседі. Сонда Бақтияр патшаға тоғыз әңгіме айтып, өлім жазасын кешеуілдетеді. Ең соңында өзін тәрбиелеп өсірген аярлардың бірі келіп, Азатбақыт патшаға Бақтиярдың тарихын баяндайды. Патша дар алдында тұрған бала өз баласы екеніне көз жеткізеді.

«Бақтияр қиссасының» сюжеті «Бақтияр-наменің» негізгі сюжетімен, яғни Бақтиярдың тарихы баяндалатын алғашқы тарауымен бірдей. Нақтылап айтқанда, басталуынан кейіпкердің зынданға салынғанына дейінгі жалпы сюжеті, оқиғалары мен олардың орналасуы дәлме-дәл келеді. Бірақ Бақтияр түпнұсқадағыдай патшаға тоғыз хикаят әңгімелемейді. Оны төніп тұрған өлімнен тәрбиелеп өсірген қарақшылардың бірі құтқарады. Парсылық нұсқа да осылай аяқталады, тек кейіпкер құтқарушы [аяр] келгенге дейін тоғыз әңгіме айтып, патшаның қаһарын басып өлім жазасын кешеуілдетеді.

Қара сөз үлгісінде жазылған «Бахтияр-наме» композициялық құрылымы жағынан тоғыз аралық әңгімеден тұрады. Демек, бір әңгімеден екінші әңгіме өрбиді. Сол әңгімелердің өзегі дастанның негізгі арқауымен шендесе бермейді. Дей тұрғанмен, дастан өзегінен әңгімелер өрбіп, тұтастық танытады. Яғни, алғашқы сюжеттің өзегі — шығарманың тақырыбын саралап, әңгіме сюжеттерінің іштей тұтастануына себепші болады. Сонымен қатар оларды тұтастандырып тұрған тағы бір жайт — дастанның бас кейіпкері аралық әңгімелердің кейіпкері болмаса да, сол әңгімелерді өзі айтады.

Көне үнді әдебиетінен ауысып, басқа да шығыс әдебиеттерде жиі кездесетін бұл әдіс ғылыми еңбектерде «рамалық композиция», ал сол тәсілмен жасалған шығармалар «обрамленная повесть» деп аталады[3]. Кейбір деректерге қарағанда бұл тәсіл алғаш көне Египет әдебиетінде қолданылғанға ұқсайды[4].

Мұндай тәсілмен жасалған шығармалардың негізгі мақсаты — ғибрат айту, көңіл көтеру немесе өлім жазасын кешеуілдету.

«Рамалық композиция» тәсілі шығыс сюжеттеріне құрылған қазақ дастандарында кең пайдаланылады. Мысалы,

---

[3] Гринцер П.А. Древнеиндийская проза [обрамленная повесть].–М., 1963. – С.3.

[4] Коростовцев М.А. Литература древнего Египта // История всемирной литературы. Т.1. – М., 1983. – С.65

парсылардың «Хикаят ке мұназар» әңгімесін арқау етіп жырланған «Шеризат — Гүлшат» дастанының алты нұсқасының бірі — 1870 жылы қағазға түскен «Қисса Шеризатта» Гүлшат қыз әкесінің дарға асылуын кешеуілдету мақсатымен Шеризатқа ұзақ уақыт бойы қызық әңгіме айтады[5]. «Бабалар сөзі» сериясының 4-томында жарияланған «Хикаят дастан Хатымтай»[6] мен осы серияның 5-томында жарияланған «Қисса үш қыз»[7] дастанында осы тәсілдің классикалық үлгісі қолданылған. Ал аталмыш серияның 2-томында жарияланған «Мың бір түн» топтамасының сюжеттеріне құрылған «Шаһмаран»[8] дастанында сол тәсілдің таза моделі сақталмаса да дастан композициясы сол тәсілдің басты принциптеріне негізделген, сондықтан шығармаға енген көптеген ертегі, миф, аңыз, әңгімелер, хикаяттар, т.б. дастанның негізгі өзегінен өрбіп, тұтастық танытады.

«Бақтияр қиссасы» дастанында жоғарыда айтылғандай тоғыз хикаят әңгімеленбейді. Неге? Парсылық хикаятпен жақсы таныс болған Жанұзақ ақын түпнұсқадағы тоғыз аралық әңгімені арқау етіп, кейінірек бірнеше бөлек-бөлек дастан жырлауды көздеп, «Бақтияр қиссаны» қысқа қайырғанға ұқсайды. Бірақ ол мақсат жүзеге асты ма?

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, Қытай қазақтарының әдеби мұрасының бір саласы — Жанұзақ ақын жырлаған «Бақтияр және оның қырық бұтағы» атты топтама жырлар. «Топтама құрамына кіретін дастандар туралы оны жеткізуші қиссагөйлердің де, зерттеуші ғалымдардың да арасында бір ауызды пікір жоқ. Мәселен, Н.Мыңжани «Қырық бұтаққа» жататын айқын қиссалар қатарында «Дастархан», «Шәкір — Шәкірат», «Шеризат», «Жамсапты» атап, кейбір айтушылар «Нұғман — Нағым», «Ағаш ат», «Жиһанша», «Әмірзада», «Алтын балық», «Хасен — Мәлике», «Атымтай — жомарт», «Шаһмарал», «Шәмсия», «Темір таяқ», т.б. қиссаларды жатқызады дейді... Ал Ә.Шәріпұлы Ж.Шайхисламұлының жазған қиссаларынан «Мұңлық — Зарлық», «Шәкір — Шәкірат», «Мың бір түн» қиссасын, «Еренғайып», «Тотының тоқсан тарауы», «Көркемше», «Жүсіп — Зылиха», «Алтын

[5] Қисса Шеризат // Шеризат — Гүлшат. — Алматы, 2001. — 57-87-б.
[6] Бабалар сөзі. 4-том. — Астана, 2004. — 19-180-б.
[7] Бабалар сөзі. 5-том. — Астана, 2004. — 252-290-б.
[8] Бабалар сөзі. 2-том. — Астана, 2004. — 9-298-б.

балық», «Нұрғазарын», «Мәңгі тату ерлі-зайып», «Ораз Молда», «Миғражнама», «Дариға қыз», «Кесік бас», «Сал-сал», «Қиямет ахуалы», «Кербаланың шөлінде», «Зарқұм», «Қасым — жомарт» секілді он сегіз қиссаның атын атап көрсетеді. «Қырық бұтаққа» жататын қиссалар қатарына Бұлантай Досжани «Азатбақыт патша», «Бақтияр немесе Құдайдат», «Ақбазарған», «Дастархан», «Шәкір — Шәкірат», «Сабырлы патша», «Сабырсыз патша», «Ғалки Ғабдасамат», «Алтын балық», «Нұғман — Нағым», «Тәжікбала» (Әмірзада), «Қасым — жомарт», «Көркемше», «Жамсап», «Зияда — Шаһмұрат», «Марғұзарын», «Ер Шеризат», «Самұрық», «Мәлике Шіркін» (Мәлике — Қасен), «Ағаш ат», «Абу Шаһма», «Мұңлық — Зарлық», «Еренғайып», «Нұрғазарын», «Мәңгі тату ерлі-зайып», «Ораз Молда», «Жиһанша», «Шәмсияны» жатқызып, оған «Жылан патшасы Шаһмаранның» он екі қиссасын қосып, қырыққа толтырады»[9].

Келтірілген үш тізімде де «Шәкір — Шәкірат» дастаны алғашқы қатарда тұр. Дастан жырлаушысы Жанұзақ ақын делінеді. Бұл шығарма ең алғаш рет 1840, содан кейін 1870 жылы жарық көрген. 1880-1916 ж. аралығында не бәрі он екі рет жарияланған. Барлық басылымдардың атауы бір: Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары. Ал Жанұзақ ақынның туған, қайтыс болған жылдары белгісіз болғанымен, ақын шамамен 1830-1850 жылдар аралығында туған деп болжауға болады. Ал баласы Әріпжан 1878 ж. туған. Атап айтатын тағы бір жайт, «Бақтияр қиссасы» мен «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары» дастанының стилі, сөз түзу мәнері екі бөлек.

«Бахтияр-наменің» де, оның желісімен жырланған «Бақтияр қиссасының» да негізгі ойы, түйіні — әсіресе билік басында тұрған адам шешім қабылдағанда, мәселені жан-жақты зерттеп, екі жақты да тыңдап, асығыстыққа, әділетсіздікке жол бермеу керектігі. Жоғарыда келтірілген тізімдерде біраз діни [«Абушаһма», «Зарқұм», «Кербаланың шөлінде», «Салсал», «Миғраж», «Кесік бас», «Қиямет ахуалы»], ғашықтық [«Жүсіп — Зылиха»], жомарттықты паш ететін хикаялық [«Қасым жомарт»,

[9] Керім З. Қолжазба дастандар (“Бақтияр және оның қырық бұтағы бойынша”). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. — Түркістан, 2000. — 11-12-б.

«Атымтай жомарт»], т.б. дастандар қамтылған. Бұл шығармалар да шығыс сюжеттеріне негізделген, бірақ мазмұны, идеясы, айтатын ойы, дәріптейтін құндылықтары басқа. Сондықтан Бақтиярға арналған дастандар топтамасына жатпайтыны анық.

Назар аударатын тағы бір жайт — аталған дастандардың басым көпшілігі Шыңжаңда емес, Қазақстан жерінде дүниеге келіп ауызша айтылып, ауыздан-ауызға тарап, кейбіреулері қағазға түскен қолжазба күйінде белгілі боп, ал біразы Қазан төңкерісіне дейін кітап болып жарияланып, еліміздің түкпір-түкпіріне кең танымал болды. Ал Ж.Шайхысламұлына телініп отырған дастандардың басым көпшілігі басқа ақын, жыршы, орындаушы, жинаушылардың атынан жарияланған. Біраз шығармалардың айтушылары, жинаушылары, т.б. әзірше анықталмаған. Демек, бұл арнайы зерттелетін мәселе.

«Бақтияр қиссасы» Қытайда 1981 жылы «Шалғын» журналында, 1982 жылы «Қазақ қиссалары» жинағында «Бақтияр» деген атпен басылды. Журналда да, кітапта да жарияланған мәтін айтарлықтай түзетіліп, редакцияланып жарияланған.

Томға ұсынып отырған мәтін 1916 жылғы кітаптан еш түзетусіз дайындалып, кирилл әрпінде оқырманға алғаш рет ұсынылып отыр.

ҚИССА ШӘКІР, ШӘКІРАТ ПАДИША ҺАШЫМ БАЛАЛАРЫ

«Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары» — алғаш баспа бетін көрген дастандардың бірі. Кейбір деректер бойынша, ол ең бірінші рет 1840 жылы кітап болып жарияланған, содан бастап Қазан төңкерісіне дейін не бәрі он төрт рет жарық көрген.

Шығармаға әлем халықтары фольклорында көп кездесетін «жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» туралы сюжет арқау болған. Осы тәріздес сюжетке негізделген шығармалардың мазмұны сан алуан болуы мүмкін. Ал олардың бас кейіпкері қай себеппен қуғындалса да, ақырында қиындықтарды жеңеді. Жасалған қастық анықталып, орынсыз жәбірлегендерге кешірім жасалады, я олар жазаланады.

Дастан кейіпкерлері — «Ел-жұртына бек әділ, салтанатты» Һашым патшаның балалары, ағайынды Шәкір мен Шәкірат.

Олардың туған анасы қайтыс болып, патша жас әйел алады. Өгей шеше патшаны кәрісініп, кіші бала — Шәкірге ғашық болады. Күндердің күнінде падиша мен ағасы Шәкірат аңға шығады. Өгей шеше ұйықтап жатқан жас баланың қойнына кіріп, оны жолдан тайдыру мақсатымен былай азғырады: «Сен маған лайықсың, айналайын, Қартайған сұм әкеңді не қылайын. Сұм әкеңе у беріп өлтірейін, Не қылсаң да қарсыңда мен тұрайын».

Бала оған көнбейді. Көңіліне жамандық алған өгей шеше аңнан оралған патшаға баланы шағыстырып нақақ жала жабады. Әйелінің сөзіне сенген патша жендеттеріне: «Баланы бауыздап, көйлегін қанға бұлғап келтіріңдер!» — деп әмір етеді. Шәкір жендеттерге күнәсіздігін айтып көп жалбарынады. Ақырында жендеттер жас баланы аяп: «Құлақ естіп, көз көрмес бір жаққа кет, Әкеңе өлтірдік деп білдірелік», — дейді де, баланы қоя береді.

Өгей шешенің зұлымдығын баяндайтын бұл эпизод болашақ қаһарманның үйден кетуіне бірден-бір себеп болады. «Мұндай себеп — іс жүзінде сюжеттік байланыс [завязка] қызметін атқарады»[10].

Осы сәттен бастап үйінен қуылған жас бала [кейін ағасымен қосылып] іс-әрекетке көшіп, белсенді тұлғаға айналады; кездескен қиындық-бөгеттерді жеңіп бөтен елдің патшасы болады; туған жеріне оралып тағынан қуылған әкесін тағына отырғызып, сұм өгей шешені жазалайды.

Дастанға арқау болған бұл сюжет Таяу Шығыс халықтары фольклорында сан алуан түр, вариация, вариантта кездеседі және ерте кезде-ақ хатқа түсіп, түрлі фольклорлық жинақтарға, соның ішінде бірнеше кітап құрайтын «Мың бір түн» ертегілер тізбегіне енген.

Ертегілік сюжетке құрылған бұл дастанда ертектің типтік қаңқасы [схемасы] сақталған. Ертегілік эстетикаға сәйкес ертектің бас қаһарманы — кіші бала, ал ағалары — оның қарсыласы болып келеді. Дастанда да кіші бала — бас кейіпкер, бірақ ағасы оның қарсыласы емес, керісінше, ол бауырмал, інісін өте жақсы көреді. Ертегінің бас кейіпкері кездесетін қиындықтарды біреудің көмегінсіз жалғыз өзі жеңуі керек. Сондықтан бірге келе жатқан ағалы-інілі екеуін айыру үшін

[10] Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993. — 256 б.

дастан фабуласына өте қызық эпизод енгізілген. Әкесі өлімге кескен Шәкір, оған қосылған Шәкірат екеуі бір таудың басына көтеріледі. Су тауып алады, оны ішеді, ұйықтап қалады. Сол кезде бір жылан кіші баланы арбап, ол жан тапсырады. Ұйқыдан оянған ағасы қатты налиды, бірақ шара жоқ: жерлейтін кебін де, кетпен де жоқ. Сол себептен қара тасқа інісінің есімін қосып: «Адам мұнда кез келсе, көміңдер», — деп хат жазады. Сонымен інісін жерлемей сол жерге тастап, өзі бір шаһарға келеді. Онда бір айдаһар қалаға шабуыл жасап, қаланың күллі халқын жұтатын болады. Шаһар жұрты не істерін білмей, оған қарсы тұра алмай әлек екен. Шәкірат бала Құранның аятын оқып, айдаһардың тілін буады. Сосын айдаһарды бір қой, бір қыз алып қанағат қылуға көндіреді де, өзі уәде бойынша патшаның орнына патша болады.

Ал дүние салған кіші бала Шәкірді Меккеге бара жатқан кемпір мен шал Аллаға ұзақ мінәжат етіп, жалбарынып тірілтіп алады. Осыдан бастап сюжеттің ары қарай дамуы, өрбуі, бірінен соң бірі тізбектеліп келетін түрлі оқиға, эпизодтардың бәрі тек кіші баламен, оның іс-әрекеттерімен байланысты. Шәкір ағасы өлтіре алмаған айдаһарды өлтіреді; қатерлі судан керуенді өткізеді; разы болған керуеншілер ақысына үш түйе жүгімен береді; оған жас бала бір сандық сатып алады; сандықтың ішінде бір сұлу қыз жатыр екен; керуеншілер сандықты тартып алады, қызды көріп аң-таң қалады, қыз үшін бір-бірімен төбелеседі; ақырында Шәкірді сандыққа салып суға ағызып жібереді; қызды патшаға ұсынады, ол сандықты балықшы ұстап алып, патшасына сыйлайды; патшаның қызы сандықтың ішінде жатқан Шәкірге ғашық болады; патша екі жасты қосып Шәкірді тағына отырғызады; содан кейін ағасымен қауышып, әкесін табады.

Дастан мазмұнын құрайтын мотивтер көне. Мысалы, өгей шешенің зұлымдығын баяндайтын эпизод ғылымда «Федра — Ипполит» деп аталған мотивке негізделген. Көне грек мифінде афинылық патша Тесейдің ұлы Ипполитке өгей шешесі Федра ғашық болады. Бірақ Ипполит оның меселін қайтарады. Сонда өшіккен Федра: «Ар-намысымды таптады», — деп Ипполитке жала жабады. Әйелінің сөзіне сенген Тесей өз ұлын өлім жазасына бұйырады. Кейіннен әкесі ұлының жазықсыз екенін білген кезде тым кеш болады. Бұл мотив зерттеушілерге ең әуелі көне

грек мифтерінен белгілі болып, сол мифтің кейіпкерлерінің атымен аталып кеткен. Осы мотивтің толық, жан-жақты суреттелген көрінісін б.д.д. XII ғасырдан бастап қағазға түсе бастаған Інжілден табуға болады. Онда көне Мысырдың патшасы — перғауынның [фараон] қазына уәзірі Потифардың әйелі Иакуб пайғамбардың баласы — Жүсіпке ғашық болады. Бірақ Жүсіп әйелдің айтқанын қабылдамайды. Сонда Потифардың әйелі Жүсіпке жала жабады да, оны абақтыға салғызады. Кейін Жүсіптің тарихы кейбір өзгерістермен Құран Кәрімде де баяндалады: «Жүсіп тұрған үйдің әйелі оның көңілін өзіне тартпақшы болды да есіктерді бекітті: «Қане, кел бері», — деді. Жүсіп: «Аллаға сиынамын. Ол [ерің] қожайыным мені жақсы орынға қойды. Шынында залымдар құтылмайды», — деді[11].

Ал Інжілден бұрын осы мотивке негізделген ертегі б.д.д. XVII-VIII-ғасырлар аралығында көне Египетте жазылған «Книга мертвых» атты кітаптың 125-тарауында қамтылған. Ғылымда ол «Сказка о двух братьях» деген атпен белгілі[12].

Демек, дастанда оқиғаның басталуы [завязка] ретінде пайдаланылған мотив Таяу Шығыста атам заманнан бері белгілі, көне жазбаларға түскен мотивтердің бірі және ол бізге айтарлықтай өзгеріссіз жетіп отыр.

Кейіпкердің айдаһармен күресі, оны жеңуі — Шығыс пен Батыстың көптеген халықтары фольклорында кездесетін мотив. Белгілі орыс ғалымы В.Я.Пропп айтқандай: «Змееборство — один из самых распространенных сюжетов мирового фольклора»[13]. Бұл мотивтің ең көне көрінісін б.д.д. бірінші мыңжылдықтың бірінші жартысында қағазға түсе бастаған «Авестадан» табуға болады[14]. Бірақ талданып отырған мәтінде мифтік мотивтің толық көрінісі сақталмаған. Мысалы, кейіпкер әдеттегідей айдаһардан қорғап қалған қызға үйленбейді.

Сондай-ақ кейіпкерді сандыққа салып суға ағызып жіберу, я сандықтан керемет ғажайып зат немесе айдай сұлу қызды тауып алу — ертегі, аңыз, эпостарда кездесетін көне мотивтердің бірі. Ол Інжілде қамтылған. Осы кітаптың Мұса

---

[11] Құран Кәрім. 12-“Юсып” сүресі, 23-аят.

[12] Коростовцев М.А. Литература древнего Египта // История всемирной литературы. — М., 1983. — С.74.

[13] Пропп. В.Я. Русский героический эпос. — Л., 1955. — С.173.

[14] Брагинский И.С. Из истории таджикской и персидской литератур. — М.,1972. — С.46-129

[Моисей] пайғамбарға арналған тарауында Мысырдың патшасы — перғауын Мысыр жерін паналаған Израиль жұртын жою мақсатымен олардың жаңа туған нәрестелерінің бәрін өлімге кеседі. Сонда жаңа туған бала — Мұсаны анасы кәрзеңкеге салып, суға ағызып жібереді. Оны перғауынның қызы тауып алады, сөйтіп ол перғауынның сарайында тәрбиеленеді...

Ал кейіпкердің ұзақ уақытқа өліп-тірілу эпизоды өсімдіктер құдайының өліп-тірілуі туралы архаикалық фольклорлық-вегетациялық мотивтерге негізделген. Көрсетілгендей, дастан мазмұнын архаикалық сюжеттер мен мотивтер құрайды; олар Таяу Шығыс халықтары фольклорында кең тараған және түрлі көне жазбаларда көрініс тапқан. Сондықтан осыған ұқсас, осы тәрізді сюжеттер негізінде пайда болған ертегі, хикаят, дастандар аз емес; олар әр қилы фольклорлық жинақтарда кездеседі.

Шығарманың композициясы өте тартымды, жинақы. Диалог, монологтар жиі және ұтымды пайдаланылған. Олар сайып келгенде кейіпкерлердің көңіл-күйін, ішкі сезімдерін ашуға қызмет етеді. Сондай-ақ мәтінде *қ*оштасу, амандасу, ж*ұ*бату сияқты кіші жанрлардың үлгілері кездеседі.

Талқыланып отырған мәтінде Бақтияр есімі үш рет аталады. Бұл есімге байланысты шағын үзінділердің дастан мазмұнымен еш логикалық я сюжеттік байланысы жоқ, олар кенеттен қосылады. Ол үзінділерден Бақтияр айыпталып, төніп тұрған өлім жазасын кешеуілдету мақсатымен патшаға түрлі әңгімелер айтып отырғаны белгілі болады. Бақтияр есімінің осы мәтінде аталуынан дастан жыршылары мен айтушыларының ортағасырлық парсы әдеби ескерткіші «Бахтияр-намемен» таныс болғанын көреміз.

Дастанның бірде-бір басылымында жыршысы, айтушысы, орындаушысы я баспаға дайындаушысы туралы еш дерек берілмеген.

Бұл шығарма ең бірінші рет 1840, содан кейін 1870 жылы жарық көреді. Ал 1880-1916 жылдар аралығында не бәрі он екі рет [1880, 1883, 1884, 1888, 1890, 1894, 1896, 1901, 1909, 1912, 1915, 1916 жылдары] Қазан қаласы Университет баспасынан «Қисса Шәкір-Шәкірат падиша Ғашым балалары» деген атпен араб әрпінде жарияланады. Осы жарияланымдардың арасында еш айырмашылық жоқ, яғни бәрі 1880 жылғы кітаптың қайта басылымдары [переиздания]. Сол жарияланымдардың бір-

неше даналары ОҒК-ның сирек кітаптар қорында сақтаулы. Солардың ішінде ең жақсы сақталғаны 1915 жылғы басылым.

Қазан басылымының көшірмелері қолжазба қорларында сақтаулы:

Шәкір, Шәкірат. ӘӨИ, Ш.323, 1-дәп., 89 бет, араб әрпінде. Жинаушысы — Қарағанды өңірінің ақыны Тәужи Айнатасов. Жазылған жылы көрсетілмеген.

Шәкір, Шәкірат қиссасы. ӘӨИ, Ш.132, 9-дәп., 93 бет, кирилл әрпінде. Жыршысы — Нұрғазы Омарұлы. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған 1963 жылғы Семей, Шығыс Қазақстан экспедициясы тапсырған.

Шәкір, Шәкірат қиссасы. ӘӨИ, Ш.199, 1-дәп., 27 бет. Жинаушысы — Кәмила Молдафина. 1958 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы тапсырған. Қазан басылымынан (65-жолдан 1645-жолға дейін) көшірілген.

Шәкір, Шәкірат. ӘӨИ, Ш.920/58, 2-72 бет, кирилл әрпінде. Жыршысы — Мұратбай ақын. Шоманай ауданында тұратын Ратбай Мұратбайұлы Дауытбаевтан 1988 жылғы Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясы, фольклортанушы Қ. Саттаров жинаған. Жыр мазмұны Қазан басылымына ұқсас, тек патшаның аты Әшім деп аталады.

Шәкір, Шәкірат. ӘӨИ, Ш.920/58, 73-117 бет, кирилл әрпінде. Жыршысы — Ташкент облысы, Сексената аулының тұрғыны Әбдірәсіл Ахметов. 1988 жылғы Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясы, фольклортанушы Қ. Саттаров жинаған. Дастан аяқталмаған.

Дастан 1986 жылы көпшілік оқырманға арналған «Қисса-дастандар» атты фольклорлық жинақта кирилл әрпінде басылып шықты. Кітапты құрастырып, алғы сөз, түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердинаның айтуы бойынша, дастанның «...1894 жылғы басылымы он мың дана болып шыққаны туралы мәлімет Н.Ф.Катановтың мақаласында берілген [«Деятель», №10. С.579-582]»[15]. Кейін осы мәтін 1995 жылы «Батырлық дастандар» жинағында еш өзгеріссіз қайта басылды.

Өкінішке орай, екі жинақта да «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Ғашым балалары» дастаны біраз қысқарту, өзгерістер,

[15] Батырлық дастандар. — Алматы, 1995. — 367-б.

жөнсіз түзетулермен, редакцияланып жарияланған. Дәлірек айтқанда, біраз шумағы түсіп қалған, көптеген сөздер, сөз тіркестері, жеке жолдары дұрыс танылмай, қате жазылған, мысалы: түпнұсқада *бұлқынды* деп жазылған сөз—*жұлқынды* деп, *сытылып—селтиіп* деп, *ол күні—үлкені* деп өзгертілген.

Мұндай қисынсыз өзгертулер өте көп, солардың кейбіреулері төмендегідей:

Түпнұсқада:	1995 жылғы жинақта:
Не қылсаң да *қарсыңда* мен тұрайын	Не қылсаңда *қасыңда* мен тұрайын
Әйбәтті балалары балдан тәтті	*Тым әйбат* балалары балдан тәтті
Қатынның *тілін ақ қылып*,	*Жаласын тыңдап* қатынның,
Өлтіртті әкем баласын.	*Өлімге қиды* баласын.
Мен *сор-ау не* көрмедім	Мен *сор нені* көрмедім
Пайтағына қонар ма	Бақыт қайта қонар ма
Қатын *тіліне* ерген соң	Қатынға *еркек* ерген соң
Жалбыз теріп жиекте	*Жалғыз тұрып* жиекте
Зар-зар жылап жөнелді	*Зар еңіреп жылайды*
Қатын *тілін* шын көрді	Қатын *сөзін* шын көрді
Бейкүнә әкем өлтірді	Қателесті бұл қалай
Жалған *өсек* бойыма *ар*	Жалған *рәсімің* бойыма *аз*
Тіленді деп сөкпеңдер	Тіліме менің сеніңдер
Көйлегін қанға *бұлғап* келтіріңдер	Көйлегін қанға *былғап* келтіріңдер
Болған екен *зор* бәле	Болған екен *бір* бәле
Зарлық деген осы ма	*Пәле* деген осы да
Не зор бәле іс болды?	Не *сор* бәле іс болды?
Ішімді *оттай* күйдірді	Ішімді *енді* күйдірді
Табаның *жерге* тигізіп	Табаның *тасқа* тигізіп
Жендеттер, бір *құрақ* бер енді маған	Жендеттер, бір *сұрақ* бер енді маған
Беті-аузым *шаяды*	Беті-аузым *жуады*
Тұқымынан бітірдік	Тұқымын түгел бітірдік
Содан келіп су ішіп *дамыл* алды	Содан келіп су ішіп *демін* алды
Ағасы көп шақырды, тебіренбеді	Ағасы көп оятты, оянбады
Жылан *арбап* алғанын біле алмайды	Жылан *шағып* алғанын біле алмайды
Тағдыр бүгін *жетіпті*	Тағдыры бүгін *біпіпті*
Кетпенім жоқ *оярға*,	Кетпенім жоқ *қоярға*,
Әз бойыңды қоярға.	Қабіріңді оярға.

Жапанда куарып қалдың ба	Қалғаның ба жапанда
Жаныңызға *жапсырдым*	Жаныңызға *тапсырдым*
Һеш *ылажым жоқ болды*	Еш *амалым қалмады*
Ол шаһарда жиылған *нөпір* еді	Ол шаһарда жиылған *топыр* еді
Қаласын бүйтіп бұзар ма?	*Дүниені* бүйтіп бұза ма?
Бақ көтеріп	Дүрілдеп
Намазын қоймас, дінге мықты	*Білгенін былай қойып* дінге мықты
Тас ішінде құртқа да *жем* беріпсің	Тас ішінде құртқа да *жан* беріпсің
Оңды-солды *сүйіп беттерінен*	Оңды-солды *иіскеп маңдайынан*
Зиянсыз мүсәпірмін *қарындасқа*	Зиянсыз мүсәпірмін *адамзатқа*
Бүгін сүйіп қалғалы отыр едік	*Соңғы түн, қоштасқалы* отыр едік
Бұ *екеу жүгірік* атпен *жүрді* дара, Айдаһар болып қапты *екі* пара	*Екі жендет салт* атпен *келді* дара, Айдаһар болып қапты *пара*-пара
Мақтанып жұртқа *тегіс* хабар салды	Мақтанып жұртқа *енді* хабар салды.
Бір *қышқырып* қояды анда-санда	Бір *айғайлап* қояды анда-санда
Беті айдай болғанда, жүзі қандай	*Жүзі* айдай болғанда, кірпік қандай
Сені біз құрметтедік *қадір көріп*	Сізді біз құрметтедік *жолға кіріп*
Керуен бірлән барысқан	*Керуенменен* барысқан
Құмғаны жерге төгілді	*Құйғаны* жерге төгілді
Болайын құрбан *лағың*	Болайын құрбан *жолына*
Өлтірген *екен* жөнекей	Өлтірген *жол*-жөнекей
Іші-бауыры елжіреп *оттай* жанып	Іші-бауыры елжіреп *кетті* жанып
Патшаға тоқтау *қып* сөз айтады	Патшаға тоқтау *етіп* сөз айтады
Сорағытып көзінен ағыпты жас	*Сарғайып көздерінен* ағыпты жас
Не көрген бейнетін бәрін *теріп*	Не көрген бейнетін бәрін *айтып*
Болмас іске *барысқан*	Болмас іске *қарысқан*
Өртеніп, күйіп болдым *шоқ*	Өртеніп, күйіп болдым *зар*
Өзім қойды *сойғыштап қорбаңдадым*	Өзім қойды *сойдым да даярладым*
Бәрін де соған *төкті* ұмар-жұмар	Бәрін де соған *берді* ұмар-жұмар
Екі би жалынып тұр қолын *тұтып*,	Екі би жалынып тұр қолын *жайып*,
Падиша зар еңіреді қайғы *жұтып*.	*Патша да* зар еңіреді қайғы *ұлғайып*.
Тез *өтірмей* аз ғана азап қылып, Екі бидің төрт көзін алды *сылып*.	Көп *отырмай* аз ғана азап қылып, Екі бидің төрт көзін алды *ойып*.
Тобан тері, құйқасы шымырлады	*Төбесінің* құйқасы шымырлады
Ісім ақ боп, көңілім *шабар* ма екен.	Ісім ақ боп, көңілім *шат болар* ма екен.
Мені ап шығар кісі жоқ *омыраулап*	Мені алып шығар кісі жоқ *арашалап*
Әдеп *бірлән ол тұрып* сәлем берді	Әдеп*пенен ол тұрып* сәлем берді
Екі адам *дереу* шапты *жалбыр* қағып	Екі адам *ұша* шапты *шылбыр* қағып
Мейманым, *сөзлеңіздер* кім едіңіз	Мейманым, *өздеріңіз* кім едіңіз

Қатты келер қамшылап
Ақ қағазға *салыпсың*
Келіп *жұпты* болғанда
Не-*дүр* деп тергесе
Кең дүние *кенерілді*
Бұрынғының *арты* едім
Қайғыдан *бүтін* аман жоқ
Ерсі-қарсы *көрісіп жапырласты*
Біз де мұнда ел *тұтып* адам болдық
Сүріндің деп көңілге алып тұрмыз, т.б.

Қасында келер қамшылап
Ақ қағазға *жазыпсың*
Келіп *жүкті* болғанда
Не *айтар* деп тергесе
Кең дүние *тарылды*
Бұрынғының *ары* едім
Қайғыдан *бөтен* аман жоқ
Ерсілі-қарсылы *келіп амандасты*
Біз де мұнда ел *ұстап* адам болдық
Сыры не деп көңілге алып тұрмыз, т.б.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1915 жылғы басылымнан еш түзетусіз түпнұсқаға сәйкес дайындалды.

ҚИССА ШАҢ ҒАББАС ҰҒЛЫ ИРАНҒАЙЫП

Бұл шығармаға әкесі жоқта туылған баланың ержетіп әкесін іздеп тауып көріскенін баяндайтын сюжет арқау болған. Көне эпостарда бірін-бірі танымаған бала мен әке аты-жөнін, тегін сұрамастан бірден ұстасып кетеді. Бұл өте көне мотивтердің бірі. Ғылымда ол «әке мен баланың айқасы» [бой отца с сыном] деп аталады. А.Н.Веселовский көрсеткендей, мұндай шайқастың нәтижесі көбіне трагедиялық болып келеді, яғни баланың қазасымен аяқталады[16].

Ал хикаялық [новеллалық] шығармаларда бұл сюжет басқаша дамиды. Мысалы, талқыланып отырған дастанда әкесі шаһ Ғаббасты іздеген Иранғайып ұзақ сапар шегіп, бөтен бір елге кез болады. Әкесі сол елдің патшасы екен. Бала қиын жағдайға ұшырайды: оған нақақтан-нақақ жала жабылып, жендеттердің қолына түседі, өлім жазасына кесіледі. Дарға асылғалы тұрған Иранғайып өз тарихын баяндап, ішкі мұң-шерін тарқатуға рұқсат сұрайды. Сонда алдында жазаланғалы тұрған өзінің ержеткен баласы екенін түсінген патша есінен танып тағынан құлайды. Дәл осы уақытта баланың анасы мен атасы келіп үлгереді, бәрі қауышады. Әкесі баласын таққа отырғызады. Дастан ұлан-асыр тоймен аяқталады.

---

[16] Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Под редакцией В.М.Жирмунского. — Л., 1940. — С.546-570.

Дастанда біраз мотивтер қамтылған. Мысалы, болашақ кейіпкер әкесі алыста жүргенде дүниеге келу керек. Сондықтан шығармаға, көбіне, ھарон Рашид халифа есімімен байланыстырылатын киім ауыстырып, ел аралау мотиві енгізілген. Бір өзіне он мың шаھар қараған шаھ Ғаббас патша елінің бейбіт өмір сүруін армандайды. Сондықтан уәзірі Алдабергенді ертіп, қарапайым киініп, елін аралап халықтың тұрмысын бақылайды. Елдің бір шетіне келеді. Бір қонар үй таба алмайды. Тек қала шетінде жалғыз қызы бар сиыршы шал қонуға рұқсат береді. Шалдың қызын ұнатып оған үйленеді. Бес айдан соң әйелін тастап шаھарына оралады. Біраз уақыт өткеннен кейін бала дүниеге келеді... Ер жеткен бала әкесінің хабарын естіп шыққан сапарында азап шегеді, біраз қиындықтарға тап болады. Алайда ол эпос, я ертегі [қиял-ғажайып, батырлық] кейіпкері тәрізді сан мың әскер, айдаھар, я пері, жындармен соғыспайды. Демек, Иранғайып өң мен түстің арасындай уақиғаларға кездеседі. Мысалы, сайрағанда дүниені теңселткен екі құсты көреді, олардың әмірімен алдындағы жібек пердені ашады — ысылдаған айдаھар шыға келеді. Қатты қорқып кетеді. Құстар сайрап жібергенде әлгі айдаھарлар сымтас болып құлап түседі...

Осындай көрініс үш мәрте қайталанады. Талып қалған Иранғайып бір кезде көзін ашса, өзін суға кеткен кеменің тақтайы үстінде сумен ағып келе жатқанын көреді. Біраздан соң бір қала шетіне ілінеді. Әбден қалжырап, оқшау тұрған моланың ішіне кіріп ұйықтап қалады. Таң ата айналасына қараса, жерден бұрышы шығып жатқан сандық көреді. Сандықтың аузын ашса, өне-бойы қанға боялған шала-жансар қыз жатыр. Ол — түсінде көріп ғашық болған Шәмсібану сұлу екен... Демек, кейіпкердің басынан кешкен оқиғалары хикаялық сипатта.

Дастан «Мың бір түн» топтамасынан алынған ертегі желісімен жырланған. Сондай-ақ осы мазмұнды сюжет басқа да фольклорлық жинақтарда кездеседі.

Дастанның құрылымына келетін болсақ, мұнда «рамалық композицияның» негізгі принципі сақталған. Ол — төніп тұрған өлімді, кесілген жазаны кешеуілдету мақсатымен сан алуан әңгіме, хикаяттың айтылуы. Жоғарыда айтылғандай, Иранғайып дәл дарға асылар алдында патшадан бір қызық әңгіме айтып беруге рұқсат алады. Ол әңгімесі — өзінің өмір тарихы болып шығады.

Бұл дастан 1907 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жарияланған. Жырлаушысы — Өндірбайұлы Мұхаммедғали. Кітаптың көшірмелері қолжазба қорларында сақтаулы:

Иранғайып шаһ Ғаббас. ОҒК, Ш. 922, 1-дәп., 51 бет, араб әрпінде. 1935 жылы Мағзым Әбдірахманұғлы қағазға түсіріп, тапсырған. 1907 жылғы Қазан басылымынан сюжетінде өзгеріс жоқ, тек кейбір жеке сөздер мен сөйлемдерде айырма бар.

Иранғайып. ОҒК, Ш. 923. 27-дәп., 22 бет, араб әрпінде. Жинаушысы — Қошанов. 1930 жылдары көшірілген. Бұл қолжазба 1907 жылғы Қазан басылымының 3-бетінен басталып, соңы 1688-өлең жолымен аяқталған.

«Иранғайып, шаһ Ғаббас» дастаны 1995 жылы «Батырлық дастандар» атты фольклорлық жинақта кирилл әрпінде жарияланды. Жинақты құрастырып, алғы сөз, түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина.

Өкінішке орай, мәтін біраз өзгерістер, жөнсіз түзетулермен редакцияланып жарияланған. Дәлірек айтқанда, көптеген сөздер, сөз тіркестері, жеке жолдары дұрыс танылмай қате жазылған, мысалы: әуелі *жад етемін* Тәңірім атын — *жат етемін* деп берілген, *қисса қылайын — қисса жазайын* деп берілген; *ерур — еді* деп, *қонақ болар — қонақ етер* деп, *мінезін — дәстүрін* деп, *тәрбиелеп — қошеметтеп* деп, *қалайша деп кетесіз — қалайша тастамақсыз* деп, *келгенде — толғанда* боп, *жөнін — жолын* боп, *қалендердің — жолаушының* деп, *жиылысқа — жиналғанға* деп, *нұрына — түріне* деп, *құрмет әйлап — күліп-ойнап* деп, *бір сұхбатта — сол сағатта* деп, *орын — өзін, жүрелік — құралық* деп, *отырды екі ғаріп тамаша әйлап — түні бойы сейілсе де ішіп-ойнап* деп, *жатамын деп — жатпақшы боп, далаға хан-падиша жұртын жиды — майданға шақыртты шаһ тамам елді* деп, *шауып — соғып, сауал әйлап — тамашалап* деп, *бара алмадым — кіре алмадым* деп, *асыл тасым — асыл затым* деп, *халайықтан — әрбір жақтан, үшбулардың — осылардың* деп өзгертілген. Мұндай мысалдар өте көп.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1907 жылғы кітаптан еш түзетусіз дайындалды.

ҚИССА ҺАМРА, ХҰСРАУ ПАТША

«Қисса Һамра, Хұсрау патша» — қазақ, түрікпен, өзбек, қарақалпақ елдерінде белгілі, кең тараған дастандардың бірі. Дастанның алғаш баспа бетін көргендері — қазақ нұсқалары. Біреуін XIX ғасырдың 50-жылдарында В.В.Радлов ел аузынан жазып алып, 1870 жылы кирилл әрпінде жариялаған[17]. 1881 жылы дастанның тағы бір нұсқасы Қазан қаласында араб әрпінде жеке кітап болып жарық көрді. 1898, 1905 жылдары осы мәтін қайта басылып шықты. Ал В.В.Радлов нұсқасы 1994 жылы «Ел қазынасы — ескі сөз» атты жинақта басылды[18].

Дастан оқиғасы өте шытырман, қызықты, фабуласы күрделі. Мұнда көптеген қиял-ғажайып ертегілік, көне эпикалық және хикаялық сюжеттер мен мотивтер көрініс тапқан. Жалпы дастан мазмұны екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімдегі сарындар төмендегідей: перзентсіздік; әулие, әнбиелерге жалбарынып балалы болу; тағдырға [жазмышқа] қарсылық; Шын-Машын халқын аштықтан құтқарғандықтан Алла Тағаланың мейірімі түсіп өзі қысқа ғұмыр берген балалардың өмірін ұзартуы; балалардың салтанатты түрде үйіне қайтуы. Екінші бөлімдегі сарындар: Хұсрау патшаның түсінде көрген ғажайып құсқа ғашық болуы; үш баласының құсты іздеп алыс сапарға шығуы; үш жолдың қиылысы; қыз бейнесіне түсетін 40 кептер көрінісі; Һамра түсінде солардың ең сұлуы Қорлығаға ғашық болып, кенеттен келген шаһариарлардың оларды некелеп қосуы; Һамраның әкесі ғашық болған бұлбұл құсты Қорлығаның тауып беруі; Қорлығаның апасы Хорзағыпыранның Һамраға ғашық болып онымен қосылу үшін жасаған әрекеттері; Һамра жүдеп-жадап жүрген екі ағасын құлдықтан құтқаруы; екі ағасының қызғанып, Һамраның көзін ойып, құдыққа тастап кетуі; ата-анасының қайғы-зары; Қорлығаның Һамраны құдықтан шығаруы; Һамраның Қорлығамен қосылып екі елге — Ирамбақ пен Мысырға падиша болуы.

---

[17] Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. – Санкт-Петербург, 1870, Ч.III. – С.518-596; ұйғыр тіліндегі қарасөз нұсқасын В.В.Радлов 1886 ж. жариялаған: Аталған еңбек. Ч.IV. – С.114-131.

[18] Ел қазынасы — ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). — Алматы: Ғылым, 1994. — 297-346-б.

Осы сарындардың біразы эпикалық канондарға сәйкес жырланса, кейбіреулері дәстүрлі қалыптан едәуір ауытқиды.

Перзентсіздік мотивін қарастырған эпос зерттеушісі Ш.Ыбыраев: «... бұл мотивтің көне түрі — ұрпақсыздарды жиын-тойда салтқа байланысты қудалау — «Қобыланды» [екінші версиясы] мен оғыз эпосындағы бірінші жырда сақталған. «Қобыланды» жырының екінші версиясына жататын нұсқаларының көбінде... Ақшаханның тойына барған Тоқтарбайды «қубас» атандырып, «бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ» деп жәбірлейді. Ал оғыз эпосындағы Дерсе хан ұлы Бұқаш хан туралы «жырда мұндай мотивтің ырыми салттық көріністері басым», — дей келіп, «баласыздарды қудалау — ерте дәуірдегі ырым, салттармен тікелей байланысты деп қарауымызға негіз бар», — деп тұжырымдайды[19].

«Қисса Һамра, Хұсрау патша» дастанында бұл мотив былай берілген: «Ұлы барға ат мінгізіп, қызы барға шапан берді»; «Баласы жоқ кісіні мазақ қылып, Беліне қыстырды қызыл жілікті»; «Ұлсызға орын, қызсызға қызық жоқ деп, Хұсраудың беліне қыстырыпты қу жілікті», т.б. Демек, дастанда аталмыш мотивтің көне түрі сақталған. Ал осы мотивтің шешімі кейінгі дәуірлер, нақтылап айтқанда ислам рухында: баласыздық қайғысын тартқан патшаның түсіне архаикалық тұлғалардың бірі — Қызыр баба еніп, оны төрт шаһариардан [Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли] жәрдем сұра деп үйретеді.

Тағдырға, жазмышқа қарсылық мотиві «Бабалар сөзі» сериясының бірінші томында жарияланған «Сыршы молда» дастанында кездескен. Онда да, талқыланып отырған мәтінде де көп жалбарынып сұрап алған баланың өмірін Алла Тағала өте қысқа етеді. «Сыршы молдада» баланың әкесі бірнеше жыл бойы үздіксіз той жасап, мал-мүлкін таратады. Соған разы болған халықтың тілегі Алла Тағалаға жетіп, ол баланың өмірін ұзартады. Ал «Қисса Һамра, Хұсрау патшада» кейіпкердің өзі аштыққа кез болған Шын-Машын халқын қоректендіріп, ажалдан құтқарады. Сонда көп жұрт мінәжат етіп Құдайдан баланың өмірін ұзартуды сұрайды. Көптің тілегі қабыл болады. Дәстүрлі эпикалық шығармаларда кездеспейтін бұл мотив дін

[19] Ыбыраев Ш. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981. – 271-б.

ықпалымен пайда болған; оның негізгі мақсаты — мейірімділік, рақымдылық, кедей-кепшіктерге қамқорлық етудің пайдасы зор екенін көрсету.

«Үш жолдың қиылысы» туралы мотив ертегі, көне эпостарда жиі кездеседі. Әдеттегідей «барса келмес» жолға кіші бала аттанады. Ол ең қиын сапарға шығып ағалары орындай алмаған тапсырманы орындап, қалың жауды жеңеді. Дастан кейіпкері ертегілік, эпикалық кейіпкер сынды барса келмес, мәтінде «Ғұмырында тіпті келмес жол» делінетін жолға түседі. Бірақ ол қалың жаумен соғыспайды, яғни еш ерлік көрсетпейді, шынтуайтқа келгенде еш қиындық та көрмейді. Классикалық хикаялық дастандардағыдай бұлбұл құс оның қолына Қорлығаның айла-әрекетінің арқасында түседі.

Ал іші тар екі ағасының Һамраның көзін ойып, өзін құдыққа тастауы — Інжіл, Құран Кәрімнің 12-сүресінде, кейін сол аңызды негіз етіп жырланған Жүсіп пен Зылихаға арналған көптеген дастан, поэмаларды еске түсіреді. Дастанда кездесетін мотивтердің бірі — кейіпкердің түсіне кірген қызға ғашық болып, соған қосылуы. Бірақ кейіпкер батырлық, ғашықтық дастандардың кейіпкері сияқты ерлік көрсетпейді, қайғы-қасірет шегіп, мехнат тартпайды, айла, қулыққа бармайды. Төрт шаһариардың көмегімен тез уақытта ғашығына қосылады. Қорыта айтқанда, «Қисса Һамра, Хұсрау патша» дастанының жанрын хикаялық, дәлірек айтқанда, ертегілік-хикаялық [сказочно-новеллистический] деп жіктеуге болады. Жоғарыда көрсетілген сан алуан тақырып, мотив пен сюжеттердің бірігіп, кейде дәстүрлі канондарға сай, кейде олардан алшақтап жырлануы жалпы дастан жанрына тән құбылыс.

Дастанның тағы бір ерекшелігі — мұнда кейіпкерлердің ішкі дүниесі, қайғы-мұңы мен қуаныш сезімдері ашылып көрсетілген; олар, көбіне, монолог, диалог арқылы суреттеледі.

Дастанның барлық түркітілдес нұсқаларының мазмұны бірдей.

Жоғарыда дастан мазмұны ертегілік сюжеттерге негізделгені айтылды. Мысалы, дастанның екінші бөлімін құрайтын негізгі сюжет — патшаның түсінде көрген ғажайып құсты үш баласы іздеуі — таза ертегілік сюжеттердің бірі[20]. Түркі

[20] Андреев Н.П. Указатель сказочных сюжетов по системе Аарне. — Л., 1929. — № № 550, 551.

халықтарының көбінде, сондай-ақ қазақтарда да, ғажайып құсты тапқан кіші баланың ерліктерін, оның екі ағасының жауыздығын баяндайтын ертегілер бар[21]. Біздің ойымызша, сол ертегілердің негізінде прозалық қисса жазылған. Ол түркі халықтарына кең таралған. Қиссаның мазмұнын арқау етіп, әрбір халық өзінің эпикалық дәстүріне сай жырлап, төл дастан туындатқан. Сондықтан болар, түрікпен нұсқасында қара сөз бен өлең аралас, ал қазақ нұсқасы басынан аяғына дейін түгел жыр үлгісінде жырланған.

Кейбір зерттеушілердің[22] айтуынша, түрікпен нұсқасын жырлаған Керсеид ақын. Қазақ нұсқасын кім жырлағаны әзірше белгісіз. Әлбетте, бұл әлі зерттелетін мәселе. Бізде дастанның екі нұсқасы бар екенін және қазақ нұсқалары ең алғаш басылғанын есте сақтаған лазым.

Жоғарыда осы дастанның екі қазақ нұсқасы бар деп көрсетілді. Олардың көлемі әр түрлі. Қазанда басылған мәтіннің [1905 ж.] көлемі — 1997 жол, В.В.Радлов жариялаған мәтіннің көлемі — 1758 жол, бұл мәтін аяқталмаған. Екі нұсқаның сюжеті бір, бірақ Қазан мәтінінің 1-892-жолдары мен Радлов мәтінінің 1-1386-жолдарының стилі, сөз саптау мәнері екі бөлек. Сонымен бірге Қазан мәтінінің 893-1362-жолдары мен Радлов мәтінінің 1387-1758-жолдары бірдей деуге болады. Тек кейбір шумақтардың, жолдардың орны ауысқан, кейбір өлең сөздері, сөз тіркестері өзгерген.

Мысалы:

В.В.Радлов нұсқасы:	Қазан басылымы:
Һамра көп бейнет көрді дейді, Ақыры Құдай тілеу*ін* берді дейді. Қарны аш*ып,* қалжырап ер Һамра, Аспазшының үйіне *келіп* кірді.	Һамра көп*те* бейнет көрді дейді, Ақыры Құдай тіле*гін* берді дейді. Қарны аш*қан соң* қалжырап ер Һамра Аспазшының үйіне кірді *дейді*.
Оғын *шанышқан* жеріне келді дейді, Үш оғы шан*ышылғанын* көрді дейді. Оғы *мен* бұлбұл *құсты* алып *тұрып*, Ол үшеуі *жолына* жүрді дейді.	*Үшеуі сөз байласқан* жеріне келді дейді, Үш оғы шан*шулы күйі тұр,* көрді дейді. *Көміп қойған үш* оғын, бұлбұл*ды* алып, Ол үшеуі *жөніне* жүрді дейді.

[21] Қасқабасов С.А. Казахская волшебная сказка. — Алматы, 1972. — С. 27-46; 127-184.

[22] Мирбадалева А.С. Туркменский романический эпос // Хурлукга и Хемра. Саят и Хемра. – М., 1971. – С.9

Сақтаған тоғыз ай, он күн мені іш*ке*,
Емізген *бізді* тұрып *ерте-кешке*.
Көптен көп дұғай сәлем *шешекеме*,
Көре алмай шешемді мұңдық істе.

Сақтаған тоғыз ай, он күн мені іш*те,*
Емізген *сахар* тұрып *ҺәрбірКеште*.
Көптен-көп дұғай сәлем *анашыма*,
Ақ сүтін риза болып кешсін депті.

Сондай-ақ В.В.Радлов мәтініндегі бірнеше мағынасы көмескі сөздер Қазан мәтіні арқылы танылды.

Осыдан аталмыш екі мәтін ортақ бір нұсқадан тараған деп болжауға болады. Ол нұсқа ауызша айтылып та, XIX ғ. бірінші жартысында қағазға түсіп үлгеруі де ықтимал. Оны В.В.Радлов қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға арналған экспедицияның бірінде жинап, 1870 жылы аталмыш кітабында жариялаған. Ол нұсқа, жоғарыда айтылғандай, аяқталмаған.

Ал 1881-жылғы толық, Радлов мәтінінен айтарлықтай айырмашылықтары бар мәтін басқа жыршы, ақыннан жазылып алынған. В.В.Радлов жариялаған нұсқа «Һамра» деп аталады, ал Қазанда басылып шыққан кітаптың аты «Қисса Һамра, Хұсрау патша». В.В.Радлов осы сынды шығармалар туралы кезінде былай деген: «Бозжігіт», «Һамра», «Сейфүлмәлік», «Сақыпжамал», «Киік», «Шарияр» сияқты үлкенді-кішілі аңыздар халық рухына жақындастырылған, онда діни сарын аздау»[23].

Дастанның Қазан басылымы негізінде жырланған «Қысрау патша қиссасы» атты нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы. Мәтін 1957 жылы қағазға түскен. 2004 жылы тапсырған Ислам Жеменей.

Томға енген мәтін 1905 жылғы басылымнан еш түзетусіз дайындалып, кирилл әрпінде алғаш рет жарияланып отыр.

ҚИССА МӘЛІК ХАСЕН

Бұл дастанның мазмұны «Қисса Һамра, Хұсрау патша» дастанымен бірдей. Бірақ баласыздық мотиві, әулие, әнбиелерге жалбарынып балалы болу; тағдырға [жазмышқа] қарсылық; Шын-Машын халқын аштықтан құтқарғандықтан, оған Алла Тағаланың мейірімі түсіп, өзі қысқа ғұмыр берген балалардың өмірін ұзартуы; қаһарманның зор салтанатпен үйіне оралуы, ата-анасының қуанышын баяндайтын эпизодтар мұнда

[23] Ел қазынасы — ескі сөз. — Алматы: Ғылым, 1994. — 36-б.

жоқ. Дастан патшаның түсінде керемет сұлу құс көріп, соған ғашық болғанынан басталып кетеді. Дәлірек айтқанда, мұнда «Қисса Һамра, Хұсрау патша» дастанының екінші бөліміндегі сюжеттің жалпы сырт көрінісі мен қаңқасы сақталған, дегенмен айтарлықтай айырмашылықтары бар. Кейіпкерлердің есімдері басқаша: патшаның аты — Сұлтанмахмұт, кіші баланың есімі — Хасен, ағаларының аты Асан, Үсен, қыздың есімі Гүлбаһрам, ал ғажайып құстың аты — Нұрғазарын, т.б. «Қисса мәлік Хасен» сюжетінде «Қисса Һамра, Хұсрау патша» дастанында кездеспеген мотивтер мен кейіпкерлер көрініс тапқан, олар: залым жаду кемпір, қастықпен киік бейнесіне түскен кінәсіз адамдар, Гүлбаһрамның көріпкелдігі, Самұрық құс, оның балапандарын жейтін айдаһар, Хасеннің айдаһарды өлтіруі, т.б. және бұл дастанда ғажайып құстың сипаты, Ирамбақтың бұлақтары мен гүлдері, әйел кейіпкерлердің сұлулығы, т.б. тәптіштеп баяндалған. «Қисса Һамра, Хұсрау патшаға» жазылған түсініктемеде дастанға арқау болған сюжет түркі халықтарының фольклорында кездесетіні айтылған. Сондай-ақ ол «1001 түн» топтамасында да бар. Таңғажайып оқиғаларға толы ертегілік сюжеттің негізінде халық көркем, қызықты шығарма тудырған.

Бұл дастан 1995 жылы «Батырлық дастандар» атты әдеби басылымда «Мәлік Хасен» деген атпен жарық көрген. Жинақты құрастырып, түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. «Мәлік Хасенге» жазған түсініктемеде құрастырушы былай дейді: «Мәлік Хасен» сюжеті арабтың «Мың бір түн» және киял-ғажайып ертегілерінен алынып, қиссаға айналдырылған, «Қисса мәлік Хасен» деген тақырыппен Қазан қаласында бірнеше рет жеке кітап болып шықты. Бастырған Ш.Құсайынов. 1883, 1888, 1890 жылдары Чирков мұрагерлері баспасынан, 1894 жылы Университет баспасынан, 1902, 1912 жылдары Домбровский баспасынан, 1916 жылы Мұғариф баспасынан жарық көрді. И.Сәбитовтың көрсеткішінде 1909 жылғы басылымы туралы дерек берілген. Дастанның басылып шыққан нұсқаларымен қатар, қолжазбалары да тараған. 1934 жылы Құрманбайұлы Ахмет жинаған нұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми

кітапхана қорында сақтаулы тұр (ОҒК, Ш. 922,)»[24]. Айта кететін жайт — Құрманбайұлы Ахмет жинаған мәтін осы дастанның 1916 жылғы Қазан басылымының көшірмесі.

Бұдан басқа да Қазан басылымының көшірмелері ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы:

Мәлік Хасен қиссасы. ӘӨИ, Ш.1105, 1-дәп., 93 бет, араб әрпінде. Жинаушысы — Мәулен Тайұлы. Қолжазбаны 1987 жылы Сырбай Мәуленов Сәрсенбі Дәуітов арқылы тапсырған.

Марғұзар немесе мәлік Хасен. ӘӨИ, Ш.1000, 23-42 бет, араб әрпінде, ҚР Мемлекеттік архивінен (фонд 929, 3-тізім) фотокөшірме. Жинаушысы — Фазыл Жүсіпов. 1890 жылдары Баянауыл маңайында жазылған.

Қисса-и мәлік Хасен. ӘӨИ, Ш.1052, 72 бет. Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбаларының фотокөшірмесінен машинкаға басылған.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1916 жылғы түпнұсқадан еш түзетусіз әзірленді.

Б. Әзібаева

[24] Батырлық дастандар. – Алматы, 1995. – 369-б.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаh)— бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, ендібіреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (ә.с.)** — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді), т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаhу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилләhи, Сұбхан Алла сөздерін

---

* Құран Кәрім. 112-“Ихлас” сүресі.

** Ә.С. — әлейhиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз.

отыз үш реттен айтып, тасбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата, Хауа ана — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Әбубәкір — Мұхаммед (ә.с.) қайтыс болғаннан кейін сайланған алғашқы халифа. Ол Құрайыш руынан шыққан Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (ә.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серік, жолдастарының бірі. Мұхаммед (ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әзірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Бибі Фатима (635 ж. ө.) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасан мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана **«Фатиманың қолы» деген** атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Әли — Оспаннан кейін **билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы.** Мұсылман елдерінің **ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, қырылып қалатын** болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», **«қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады.** Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына **«Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп** отырады. Әлидің астындағы аты Дұлдұл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Жақып — пайғамбар, Жүсіптің әкесі, Інжілдегі Иаков. Құран Кәрімде Ыбраһым ұрпағы ретінде Ысқақпен қатар аталады. Оның тақуалығы мен болжау қабілеті Алла Тағаланың бүкіл Ыбраһым (Авраам) руына ризашылығын білдіру ретінде суреттелген. Құран Кәрімде Жақыптың екінші есімі — Ысрайыл. Ал оның ұрпағы бәни Ысрайыл деп аталады.

Иса — Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құранда Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда, ислам қағидасы бойынша, Иса (ә.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шариғат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Қызыр — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне

архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба **[Қыдыр] — ел аралап** жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Лұқпан — ол туралы исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Лұқпанға 31-сүре арналған. Мұнда Лұқпан «бір Құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Лұқпанның арабша аты — Лұқман әл-Хаким, яғни хәкім Лұқпан. Лұқпан — ақыл иесі, көріпкел, емші делініп, оның есімі көптеген Шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Лұқпан хәкім айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

Мәриям — Құрандағы кей**іпкер, күнәсіз, пәк адам. Иса** пайғамбардың анасы.

Мекайыл — Аллаға жақын, Адам (ә.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Ислам аңыздары бойынша, Мұхаммед (ә.с.) Миғражға* көтерілгенде көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болған.

Мұсылмандардың магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл періштенің есімі кеңінен қолданылған.

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар. Інжіл бойынша, Моисей. Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі.

Аңыз бойынша, Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші Пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып кө**рінеді. Оны перғауынға (фараон — Мысыр патшасының** атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израильдіктер сол жолмен өтіп шығады.

* Миғраж — көкке көтерілу.

Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (ә.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Омар — Әбубәкір **өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман** қауымына басшылық жасаған екінші **әділетті халифа. Ол** — исламның алғашқы кезеңіндегі **ірі діни қайраткерлердің бірі.**

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң ислам дінін одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет халифа болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Оспан — Оспан ибн Аффан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Рұқияға, ол қайтыс болған соң, Расулдың екінші қызы — Үммү-л-Гүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зу-н-Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Самұрық — мифтік аңыз, әңгімелерде, ертегі мен жырларда кездесетін, көбіне Қап тауын мекендейтін алып құс; кейде ол Аңқа деп аталады.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Төрт жар — шаһариарлар [шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Һабил (Қабыл) — мұсылман аңыздарының кейіпкері, Адам атаның ұлы, Таураттағы Каин.

Ыбраһым —Құран Кәрім мен басқа да көптеген аңыздарда ол «Алланың бірлігін танып, оның досы саналатын» алғашқы пайғамбар. Ыбраһым өзінің сүйікті ұлы Ысмайылды Алла Тағаланың әмірімен оған құрбандыққа арнап шалмақшы болады, сонда Ыбраһымға разы болған Алла Тағала Ысмайылдың орнына көктен ай мүйізді қошқар түсіреді. Ыбраһым (ә.с.) мен оның ұлы Ысмайылдың өмірі араб әлемімен, әсіресе, Мекке, Қағба төңірегімен тығыз байланысты әңгімеленеді. Бұл жайында Құран Кәрімде де арнайы (сурат-ул Ыбраһым) сүре бар. Онда Ыбраһым пайғамбар мен оның баласы Ысмайылдың Қағбаны тұрғызғаны айтылған.

Мұсылмандардың Меккедегі қасиетті Қағба мен оның маңындағы Мина, Арафа тауларында өткізілетін жыл сайынғы дәстүрлі қажылық рәсімдері (шарттары) де осы Ыбраһым пайғамбардың «үлгісін» толықтай қайталайды.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Таураттағы Исмаил. Оның есімі Құранда Алла аян берген, адамдарға ғибадат етуді үйреткен пайғамбарлардың бірі ретінде аталады. Ол Алланың әмірімен әкесі Ыбраһым екеуі Қағбаны тазартып, құрылысын бітірген.

Аңыздарда Ысмайыл Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы егжей-тегжейлі сипатталады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығып, алыстан көгал жерді көреді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Араб шежірелері бойынша, солтүстік арабиялық тайпалардың барлығы да Ысмайылдан тараған.

Ілияс — көне иудей, христиан аңыздарында Ілиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Ілияс пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Ілиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Ілияс» деп те атала береді. Кейде

оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қызыр **[Қыдыр] әулие** (ақсақал) түрінде көрініп, әр түрлі қиындықтардан қорғайды. Кейде Ілиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Олар ғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе, батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді.

СӨЗДІК*

Адас қылу—адасу, абдырау, сасқалақтау

Азим /а/ — ұлы, құдіретті

Айы өту — ділгір болу, зәру болу

Ақырет, ахирет /а/ — ақырет күні. Бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Алақа /а/ — баға, құн

Алқа — алғыс айту, бата беру, разы болу

Арду уа самауат /а/ — жер мен көк

Асан /а/ — жеңіл

Асы, гасы /а/ — күнәһар

Атау беру — атой салу, ұран тастау

Афтан /а/ — түсіну, ұғыну

Ая — есе

Әзел /а/ — мәңгілік, бақилық; әуелде, баяғыда, бұрыннан

Әйлау /т/ — жасау, істеу

Әйуһа нас /а/ — уа, халайық

Әлхал заман /а/ — заман жайы

Әлхамдулилла /а/ — Даңқтың бәрі Аллаға! Бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Әпсүн /а/ — дуа, сиқыр, арбау

Әулие /а/ — қамқоршы, уәли сөзінің көпше түрі

Әууәл билла /а/ — әуелі Алламен

Балаған — сырық ағаштардың басын біріктіріп, үсті шөппен жабылған уақытша баспана

---

* Мәтінде басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Базаңдау /тат/ — шешімге келу

Батил /а/ — мереке, думан

Батин /а/ — ішкі, жасырын, киелі; күллі жан иесінің ішкі дүниесін сезіп білуші; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Баһауи /а/ — әдемі, жылтырақ

Бәд /п/ — жаман

Бәйіт /а/ — қос тармақты өлең шумағы

Бек /т/ — өте, тым; феодал, ел билеуші бай

Биғаят /п, а/ — шексіз

Бисмилла /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игіісті, әрекетті осы сөзбен бастайды

Биһүш /п/ — көңілсіз; ессіз болу, естен танып қалу

Биязар /п/ — момын, залалсыз

Бірлән, бірлә /т/—мен, пен, бен, менен, бенен (көмектес септігінің жалғауы)

Ғайни кауан /а/ — ғарыш жанары

Ғам /а/ — қайғы, уайым

Ғамкін /п/ — көңілсіз, жабырқау, қайғылы, дертті

Ғарасат майданы — о дүниеде адамдарды жазалайтын күні жиналатын орын

Ғаріп, кәріп /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Ғауға /а/ — айқай, шу

Ғиззат /а/ — қадір-құрмет; ізет; сый; даңқ

Ғинаят /а/ — Құдай мейірімі, жарылқау, мейірімділік

Ғишрат /а/ — сауық-сайран

Ғұзыр /а/—өтініш, тілек; мұң, мұқтаж

Ғұлман /а/ — жас жігіт, бозбала; діни ұғым бойынша, жұмақта қызмет көрсетуші мәңгі жас, сұлу жігіт; бозбалалар

Дағуалы /а/ — шақырылған

Дада /т/ — әке

Дақтан /п/ — бақылау

Дишуар /п/ — қиын, ауыр, азапты

Дүр — інжу, гауһар; зор, атақты, әйгілі

Ділдә, тіллә — алтын ақша

Ершу /тат/ — иілу, еңкею

Есім ағзам /а/ — Ұлы есім; Алла Тағаланың 99 есімін түгел атап, өз қалауын тілейтін дұға

Есім шариф—маңызды, құрметті, қадірлі; ұлық есім

Жаду /а/ — жәдігөй, залым, сұрқия; сиқыршы

Жаллад /а/ — жендет, бас алғыш

Жаппар /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жасық — семіз емес, өте арық ет

Жаһыт /а/ — ыждағат, ынта

Жетіру /т/ — соңына дейін жеткізу, аяқтау; мәтінде құрту, жою мағынасында қолданылған.

Жұбап /а/ — жауап

Жұда /а/ — жоқ болу

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Жұмлә /а/ — бәрі, барлығы, түгел

Зақұм /а/ — тозақ ағашы

Зарурат /а/ — қиын жағдай

Заһыр /а/ — ашық, айқын, анық

Зәңгі — зор, үлкен; қара түсті адам; дастандық шығармаларда жиі кездесетін қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер зәңгі аталады.

Зүбәржат /п/ — жасыл түсті асыл тас

Зүлжаллал /а/ — мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Илән, илә /т/ — мен, пен, бен, менен, бенен (көмектес септігінің жалғауы)

Иләһ /а/ — Құдай

Инғам /а/ — тарту, сыйлық

Иншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла қаласа (ин — егер, шаа — қалау)

Ихсан /а/ — қайырымдылық, қайыр-садақа

Кәлам Алла /а/ — Алланың сөзі

Кәпі /п/ — ұйқылы-ояу

Кәр — ашу, ыза

Кәрім /а/ — мейірбандық

Кәт ету — тең көру

Кәф, нун — араб әріптері

Кеп, гәп, кәп /п/ — әңгіме; оқиға; хикая

Кізлеу /тат/ — сақтау, күзету, бақылау

Кінеге /о/ — кітап

Күнәһ — күнә

Қадим /а/ — келген, келіп жеткен

Қадір /а/ — **құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі**

Қалендер — бастапқыда Орта Азиялық Календарийе туыстығының мүшесі, соған берілген адам деген мағынада қолданылған. Кейінгі ортағасырлықта кез келген ел аралап жүретін тақуа жанды осылай атайтын болған; дәруіш, диуана; алба-жұлба

Қалпе — ислам **діниндегі хазіреттен кейінгі атақ**

Қалу иннə лиллаһи уа иннə илəйһи рəжиун /а/ — делінген: Бәріміз Алладанбыз және Оған қайтып барамыз

Қасад, хасад /п/ — **дұшпандық, зиянкестік, жаулық, қастық**

Қасиб /а/ — өлшеу

Қиматты /п/ — қымбатты

Құдайдат /п/ — Құдай берген

Құдай, Құда /п/ — **бүкіл ғаламды жаратушы, Алла Тағала,** Құдірет

Құдауанда /п/ — Құдай, Тәңірі

Құдірет /а/ — керемет күш, ғажайып қасиет; Құдай, Алла, Жаратушы, Тәңірі

Құйы — **өзінен су шықпайтын, суды қолдан құйып толтыратын** құдық

Құран /а/ — мұсылмандардың ұғымы бойынша, Алла Тағаланың сөзі **жазылған, Ислам дінінің негізгі ереже,** уағыздары толық көрініс **тапқан мұсылмандардың ең басты** қасиетті **кітабы.**

Лақат /а/ — қабірдің **мүрде қойылатын** қуысы

Ләпке /о/ — дүңгіршек, лавка

Ләтиф /а/ — қайырым, мейірім

Мағазин /о/ — дүкен

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Мазлұм /а/ — **әділетсіздікке тап болған, қиянатқа ұшыраған**

Мас— мәтіндерде **көбінесе бірдемеге қуанып, я қайғырып,** есінен **айырылу, естен тану деген мағынада қолданылған.**

Махалла /а/ — квартал; орын, жер

Махбұс /а/ — тұтқында болу

Махкам /а/ — бекем, берік

Махшар /а/ — діни **ұғым бойынша, дүние салған адамның** күнәсі **тексерілетін кезең; ақырет**

Мәлік /а/ — патша

Мәнжам, мүнәжімші /а/ — жұлдызша, астролог

Мәтша—үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты белағаш

Мидал /о/ — медаль

Мүгым /а/ — қайғырушы, мұңды

Мүмін /а/ — ислам дініндегі адам, мұсылман

Мүскі /п/ — мускус (бірқатар жануарлардың ұрық безінен шығатын хош иісті зат)

Мүттәм /а/ — толық, кәміл

Мүһайла /а/ — туған-туыс, отбасы

Налыс /т/ — қайғы-қасірет, мұң-шер

Нәзір /а/ — Құдай жолына берілетін садақа, қайыр

Нәшір /а/ — баспашы

Нәумез—өкпелі, қапалы.

Нияз /п/ — керектік, қажеттік; өтініш, тілек; сый, тарту

Нығмет /а/ — шапағат; тағам

Пайтақ /а/ — астана, орталық

Памдат /п/ — таңғы уақыт; таң намазы

Панар /о/ — фонарь, шам

Парахот /о/ — параход, кеме

Патын /а/ — түйсік, ақыл

Пәкизат /п/ — асыл текті

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек; қазақ фольклоры мен әдебиетінде ауыспалы мағынада қолданылады — пәруана болды: біреудің жолына құрбан болды, садақа болды, жанын үзді

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, құдіретті Құдай

Пәшкүм /о/ — жаяу жүру

Пешат /о/ — мөр; мөр басу, мөрлеу

Расулалла /а/ — Алланың елшісі; негізінен Мұхаммед (ә.с.) пайғамбарға айтылады

Рахмат /а/ — қайырым, мейірім

Руза /п/ — ораза

Салих /а/ — жақсы, мейірімді, қайырымды

Сахар /а/ — сәресі, таң атып келе жатқан мезгіл

Сәна /а/ — жыл (уақыт өлшемі); қайғы; қапа; алғыс, мадақ; тілек-өтініш білдіретін — шы, -ші орнына қолданылатын жұрнақ: бар-сәна (баршы).

Сәргардан /п/ — сергелдең

Сәруар /п/ — басшы, көсем, қожайын

Сейір /а/ — сейілдеу; көңіл көтеріс, қыдыру

Сет /а/ — сенбі

Сұбхан /а/ — мадақтау, мақтау, дәріптеу

Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Талаш /тат/ — ұрыс-керіс, жанжал

Тамға — таңба

Тариқ /а/ — жол, әдіс, тәсіл

Тасбиқ /а/ — діни адамның Құдайға сиынып, Алланы жад еткенде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ тізбектері

Таурат — Тора. Мұсаның Бестармақты кітабы, діни ұғым бойынша Құдайдан түскен қасиетті жазба

Таһарат /а/ — су құйыну, дәрет алу, тазалану

Тәңір /т/ — Құдай

Тоғанақ — үлкен етіп буылған жүк, тең

Тұғры — тура

Тұту — билік жүргізу, басқару

Уа /а/ — және

Уа ғайри /а/ — және басқа

Уәкіл /а/ — сенуші; үміт күткен

Уәсіф /а/ — қызметші; бозбала

Ұнытылу — ұмытылу

Үммет /а/ — ел, қауым, жамағат, жол; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар

Үшбу /т/ — осы, бұл

Фариад, парияд /п/ — жылау, айқай

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің 1-сүресі; мәтінде бата мағынасында

Фаһимдау /а/ — түсіну

Хазір /а/ — келу, дайын болу

Хазірет /а/ — жоғары мәртебелі; пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын атақ

Хайран /а/ — қайыр, жақсылық

Хаким /а/ — дәрігер, оқымысты, ғұлама

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алланың 99 есімінің бірі. *Хақ Тағала* [Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алланың 99 есімінің бірі] — ең жоғары мәртебелі, Ұлық Алла Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Халал, алал /а/ — шариғат бойынша ұлықсат берілген; заңды; некелеп алған; таза; адал; жарамды

Халас /а/ — құтылу, бос болу; құтқару, тыю

Халифа /а/ — орта ғасырлардағы мұсылман елдердің мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы; патша, сұлтан

Хал-қадар /а/ — жағдайынша, әл-құдіретінше

Халық /а/ — жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хамил /а/ — іштегі бала; жүк

Хамле болу /а/ — жүкті болу, аяғы ауыр болу

Хараб /а/ — қирау, быт-шыт болу

Харам /а/ — шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]; таза емес, заңсыз

Хасыл /а/ — нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету; хасыл болды — тілегі орындалды

Хатым /а/ — бітіру, аяқтау; жомарт

Хикаят /а/ — алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма

Хилаф /а/ — өтірік, теріс; қарама-қайшылық, келіспеушілік; бүлдіру, бұзу

Хор қызы — діни наным бойынша, жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыздар

Хүкім /а/ — үкім, бұйрық

Һәлак /а/ — өлу, өлім; күйреу, құрып біту

Һәмма, һәммасы — барлығы

Һәмма /п/ — бәрі, барлық

Һүш /п/ — ақыл-ес

Шариғат /а/ — заң; исламның негізгі заңдар жинағы

Шаһарияр — [шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа болып, тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі.

Шаһид /а/ — шейіт. Алла жолында құрбан болған адамды шаһид деп атаған. Құран Кәрім бойынша, шаһид о дүниеде жұмақтың төріне барады.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Асмания—Осман империясы, сұлтандар билеген Түркияның ресми атауы. XV-XVI ғасырларда түріктердің Азиядағы, Еуропа мен Африкадағы басқыншылығы нәтижесінде пайда болды. 1258-1324 ж.ж. өмір сүрген түрік сұлтаны Осман I негізін салған. Осман I басқарған түріктің Қайы тайпасын, кейінірек Осман мемлекетінде билік құрған халықты құрайтын басқа түріктерді де «османдар», дәлірек айтқанда «османдықтар» деп атаған. Бұл мемлекет 1924 жылы 3 наурызға дейін өмір сүрді.

Бұқар (санскритше вихара — монастырь) — б.д. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Жызақ — Өзбекстандағы қала, аудан орталығы. Самарқан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 113 шақырым жерде орналасқан.

Ирамбағы—шығыс классикалық әдебиеті мен фольклорында керемет ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — Оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға

алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Қарқаралы— Қазақстанның солтүстігіндегі байырғы қалалардың бірі. Қарағандыдан оңтүстік-шығысқа қарай 220 шақырым жерде.

Мекке—мұсылмандардың Хижаздағы басты қасиетті қаласы. Мұхаммед пайғамбар осы қалада туып, өмір сүрді және өзінің уағызын айта бастайды. Мұхаммед Меккедегі исламға дейінгі пұтқа табынушылардың ғибадатханасы болып келген Қағбаны исламның ең қастерлісі деп жариялап, оған барлық мұсылмандардың қажылыққа баруын өсиет етті. Қағба Меккедегі Мәсжид Харам деп аталатын бас мешітте орналасқан. Жыл сайын Меккеге қажылыққа әлемнің әр түпкірінен миллиондаған адам келеді.

Мысыр— Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл—Африкадағы ірі өзен.

Үргеніш— қала, Өзбекстандағы Хорезм облысының орталығы. Б.д.д. 1 ғасырда Юегянь деген атпен белгілі болған. Үргеніш туралы алғашқы мәлімет 10-ғасырдың жазба деректерінде кездеседі.

Шын—Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл — б.д.д. 221-жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы.

Машын— Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайдың оңтүстік уәлаяттарын, Шығыс Түркістанды осылай атаған.

Кейбір шығармаларда осы екі атау (Шын, Машын) бір қаланың, бір мемлекеттің атауы ретінде қолданылады.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жанұзақ ақын — Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай өңірінде туып-өскен. Ақын Ержан Ахметовтың (1879-1967) мәліметі бойынша, Жанұзақ ақын — Жұмық Дәулетбай батырдың немересі. Ал Дәулетбай Қаракерей Қабанбай батырмен тұстас, серіктес болған. Жанұзақ ақынның өзі өмір сүрген заманы, ел-жұрты туралы өлеңдері сақталған (ОҒК, Ш.13-17, ӘӨИ, Ш.324). «Бақтияр» дастанын кітап етіп бастырған Бектуған Сиқымбайұлы кітаптың мұқабасында дастанның жыршысы ретінде Жанұзақ ақынды көрсеткен.

Өндірбайұлы Мұхаммедғали — Қарқаралы өңірінен шыққан ақын. «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып» дастанын жырлаған, кітап етіп бастыруға дайындаған. Дастанның соңында өзі туралы келтірген дерекке қарағанда, әкесі — Өндір қалпе, өзінің лақап аты — Мүтәлі.

Радлов Василий Васильевич (1837-1918) — ірі шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты — неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан (1859-1871) бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді.

1870 жылдары В.В.Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана
ҚҚ — Қолжазба қоры
Ш — шифр
дәп — дәптер
/а/ — араб
Л — Ленинград
М — Мәскеу
/о/ — орыс
/п/ — парсы
/т/ — түркі
/тат/ — татар

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Бақтияр қиссасы. — Уфа, 1916.
2. Қисса мәлік Хасен. — Қазан, 1916.
3. Қисса Шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып. — Қазан, 1907.
4. Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары. — Қазан, 1915.
5. Қисса Һамра, Хұсрау патша. — Қазан, 1905.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Азибаева Б.* Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
2. *Андреев Н. П.* Указатель сказочных сюжетов по системе Аарне. — Л., 1929.
3. Бабалар сөзі. 2,4,5-томдарды құрастырып ғылыми қосымшаларын дайындаған *Б. Әзібаева.* — Астана: Фолиант, 2004.
4. Батырлық дастандар. Құрастырған *Ү.Сұбханбердина.* — Алматы: Ғылым, 1995.
5. *Брагинский И. С.* Из истории таджикской и персидской литератур. — М.,1972.
6. *Веселовский А. Н.* Историческая поэтика. Под редакцией *В. М. Жирмунского.* — Л., 1940.
7. *Гринцер П. А.* Древнеиндийская проза [обрамленная повесть], — М., 1963.
8. Ел қазынасы — ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Жинақты баспаға әзірлеп, құрас-

тырғандар: *Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Қ.Матыжанов.* — Алматы: Ғылым, 1994.

9. История всемирной литературы. Т.I. — М., 1983.

10. *Керім З.* Қолжазба дастандар («Бақтияр және оның қырық бұтағы бойынша»). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферагы. — Түркістан, 2000.

11. *Қасқабасов С. А.* Казахская волшебная сказка. — Алматы: Ғылым, 1972.

12. *Қасқабасов С.А.* Жаназық. Таңдамалы. — Астана: Аударма, 2002.

13. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. — Мәдине, Сауд Арабиясы, 1991.

14. *Пропп. В. Я.* Русский героический эпос. — Л., 1955.

15. *Радлов В. В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Ч.III-IV. — Санкт-Петербург, 1870.

16. Средневековая персидская проза. Переводы с персидского. Составление *Н. Ю. Чалисовой*. Предисловие *Н. Б. Кондыревой*. — М., 1986.

17. Хурлукга и Хемра. Саят и Хемра. Эпос народов СССР. Составитель тома, автор исследования и комментариев *А.С.Мирбадалева*. — М., 1971.

18. Шеризат — Гүлшат. Томды құрастырып, кіріспе мақала мен ғылыми түсініктемелерін жазған *Б. Әзібаева.* — Алматы, 2001.

19. *Ыбыраев Ш*. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.

20. *Ыбыраев Ш*. Эпос әлемі. — Алматы, 1993.

21. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов* — М., 1968.

22. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.

23. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10-том. — Алматы: Ғылым, 1974-1986.

24. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке и публикации очередных томов многотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках Государственной программы «Мәдени мұра».

Девятый том, как и предыдущие, включает в себя дастаны новеллистические. Им завершается публикация материалов указанного жанра. Десятый том будет посвящен дастанам религиозно-нравственного содержания, коих будет подготовлено и опубликовано семь томов.

Данный том включает в себя следующие произведения: «Бақтияр қиссасы», «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Ғашым балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып», «Қисса Ғамра, Хұсрау патша», «Қисса мәлік Хасен».

Тематика новеллистических дастанов, составляющих значительный во всех отношениях пласт национального дастанного эпоса, чрезвычайно разнообразна и разнохарактерна. Сюжетно-структурную основу подавляющего большинства их составляют, наряду с исконно казахскими сюжетами и мотивами, общевосточное фольклорное наследие, древняя и средневековая литература Востока, мусульманские мифы, предания и т.д.

В составе новеллистических дастанов немало произведений «о вреде поспешных решений». Такими в данном томе являются «Бақтияр қиссасы», «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Ғашым балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып».

«Бақтияр қиссасы» сложен по мотивам средневекового прозаического персидского романа «Бахтияр-наме», написанного в начале XIII в. [не позднее 1211 г.]. Дастан полностью следует сюжету оригинала, однако в нем отсутствуют девять встав-

ных хикаятов, которые рассказывает Бахтияр с целью отсрочки собственной казни. Казахский сказитель, который, по всей видимости, был хорошо знаком с первоисточником, искусно соединил первый и последний рассказы оригинала и создал логически завершенный и композиционно стройный дастан. «Бақтияр қиссасы», также как и другие произведения данного тома, был сложен во второй половине XIX в.

Такую же цель — показать вредность поспешных решений, учить жизни, давать мудрые наставления и советы, воспитывать на примерах из прошлого и настоящего преследуют дастаны **«Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым** балалары», «Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып». Эти дастаны включают в себя множество архаических сказочно-эпических и новеллистических мотивов. Например дастан «Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары» включает в себя: мотив запретной любви мачехи к пасынку (мотив **«Федры — Ипполита»), который по мнению ученых впервые был письменно** зафиксирован в 125-главе древнеегипетской **«Книги мертвых» [XVII-VIII в. до н.э.]; мотив «Змееборства» — один из самых рас**пространенных сюжетов мирового фольклора» [В.Я.Пропп]; мотив найденной в сундуке ослепительной красавицы, со встречи с которой начинается новый виток странствий и приключений героя; мотив смерти и воскрешения героя, основанный на древних фольклорно-вегетационных мотивах умирания и возрождения растительных богов и т.д. Дастан этот впервые был опубликован в 1840 году и в период до 1917 г. выдержал четырнадцать изданий.

Дастан «Қисса Һамра, Хұсрау патша» является казахской версией известного у среднеазиатских народов дастана «Хурлукга и Хемра». У туркмен, узбеков и каракалпаков это романический дастан. Жанр казахского дастана скорее новеллистический, нежели романический. Из всех национальных версий первыми были опубликованы казахские тексты; один из них был издан В.В.Радловым в 1870 году в «Образцах народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи». В 1881 г. в Казани был опубликован еще один казахский вариант дастана. Надо отметить, в целом сюжет и фабула казахских и среднеазиатских версий очень близки. Но при этом казахский текст с первой до последней строки сказы-

вается в стихотворной форме, а в среднеазиатских текстах проза перемежается со стихами.

Сюжетную основу казахского дастана «Қисса Һамра, Хұсрау патша» также как и других национальных версий его составляет широко известная у многих народов сказка о чудесной птице, которую добывают три брата для своего отца. Но в отличие от сказки дастан обогащен такими мотивами как: бездетность, страдания бездетных родителей, вымаливание детей, богоборческие мотивы [несогласие с тем, что долгожданным, вымоленным детям судьбой предначертана очень короткая жизнь], эпизоды голода в Чин-мачине, спасение голодающих, торжественное возвращение домой и т.д.

Дастан «Қисса мәлік Хасен», также как и предыдущий, создан по мотивам названной сказки, однако в нем отсутствуют вышеуказанные эпические мотивы, привнесенные сказителями в дастан «Қисса Һамра, Хұсрау патша».

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные о исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все дастаны, публикуемые в данном томе подготовлены с первоисточников, адекватно оригиналу.

Объем тома — 24,75 п.л.

SUMMARY

M.O.Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of multi-volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura».

The ninth volume as the previous ones includes novelistic dastans. This volume is concluding the publication of the materials of the mentioned genre. The tenth volume will be devoted to the religious-ethic dastans that will be included and published in seven volumes.

This volume includes the following works: «Baktiyar kissasi», «Kissa Shakir, Shakirat padisha Hashim balalari», «Kissa shah Gabbas ugli Irangayip», «Kissa Hamra, Husrau patsha», «Kissa malik Hasen».

The theme and the plot of the novelistic dastans that is a significant layer of national dastan epos is very diverse and varied. The plot and structure of most of them is based on the Kazakh plots and motives as well as on the general Oriental folklore heritage, ancient and medieval literature of the Orient, Moslem myths, legends etc.

There are many works «about the hurried solutions» such as «Baktiyar kissasi», «Kissa Shakir, Shakirat padisha Hashim balalari», «Kissa shah gabbas ugli Irangayip».

«Baktiyar kissasi» is created based on the motives of the medieval prosaic Persian novel «Bakhtiyar name» written in the beginning of the XIIIth century (not later than 1211). Kazakh narrator knew the original source very well. Dastan completely follows the plot of the original, however it misses nine inserted hikayats that are narrated by Bakhtyar aiming at the delay of his

execution. «Baktiyar kissasi» and other works included in this volume were created in the second half of the XIXth century.

The aim of the dastans «Kissa Shakir, Shakirat padisha Hashim balalari», «Kissa shah Gabbas ugli Irangayip» is to reveal the harmfulness of the hurried solutions, give wise advise how to live, raise on the examples of the past and present. Those dastans include many archaic tale-epic and novelistic motives. For example, dastan «Kissa Shakir, Shakirat padisha Hashim balalari» includes the motive of the forbidden love of the stepmother to the stepson (motive «Fedra-Ippolit) that according to the researchers opinion was first recorded in 125th chapter of the old Egypt «Book of the dead» (XVII- VII c. B.C.); motive «Snake fighting» — is one of the most widely spread plots of the world folklore (V.Y. Propp); motive of the beauty found in the box and adventures and journeys of the hero; motive of the death and revival of the hero based on the archaic folklore-vegetation motive of death and revival of the vegetation Gods etc.

Dastan «Kissa Hamra, Husrau patsha» is the Kazakh version of the well known in Central Asia dastan «Hurlukga and Hemra». It is interesting that Kazakh texts were published first; one of them was published by V.V.Radlov in 1870 in «Patterns of folklore literature of Turkic tribes living in South Sybiria and Djungar steppe». In 1881 in Kazan one more Kazakh version of dastan was published. It should be noted that in whole, the plot of the Kazakh and Turkmen version are very similar. But Kazakh text from the beginning to the end is given in verse form and in Turkmen version prose is combined with verse.

The plot of the Kazakh dastan «Kissa Hamra, Husrau patsha» and other national versions is based on the well known tale about miraculous bird that three brothers have brought for their father. But in comparison with the tale, dastan is enriched with such motives as: childlessness, sufferings of the childless parents, praying for children, God motives (disagreement that expected for a long time children have very short life), episodes of famine in Chin-machin, rescue of the starving people, ceremonial return home etc.

Dastan «Kissa malik Hasen» and «Kissa Hamra, Husrau patsha» are based on the motives of the mentioned tale, however it misses

abovementioned epic motives that are included by the narrators into the dastan «Kissa Hamra, Husrau patsha».

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

All dastans published in this volume are prepared adequately to the original.

The volume consists of 24,75 printed pages.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер
Бақтияр қиссасы 9
Қисса Шәкір, Шәкірат падиша Һашым балалары 68
Қисса шаһ Ғаббас ұғлы Иранғайып 161
Қисса Һамра, Хұсрау патша 215
Қисса мәлік Хасен 278

Ғылыми қосымшалар
Томға енген мәтіндерге түсініктеме 345
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 367
Сөздік 376
Жер-су атаулары 383
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушылар туралы мәлімет 385
Шартты қысқартулар 386
Пайдаланылған әдебиеттер 387
Резюме 389
Summary 392

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

9 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Г. Тұрлықожаева*
Компьютерде беттеген *М. Ногайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**
ИБ № 1764

Теруге 20.10.04 жіберілді. Басуға 29.11.04 қол қойылды. Пішіні 60x90 1/16.
Қаріп түрі **«Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**
Шартты баспа табағы 24,75. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №446.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1